

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Б.С.Асанова

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІТАПХАНА
ІСІНІҢ ТАРИХЫ**

(көне дәуірден 1990 жылдың басына дейін)

Оқу құралы

Алматы, 2014
«Қыздар университеті» баспасы

УДК
ББК
А

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
Редакциялық баспа кеңесі ұсынып мақұлдаған*

*Пікір жазғандар: **М.Б. Мұқашева** – педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент;
А.А. Шортанова – педагогика ғылымдарының
кандидаты*

Б.С.Асанова. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы:
[Мәтін] оқу құралы./ Б.С.Асанова. – Алматы: «Қыздар
университеті» баспасы, 2014. – 300 б.

ISBN

Оқу құралында көне заманнан Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанға дейінгі кітапхана ісінің тарихы кезең-кезеңімен баяндалады.

Бұрын-соңды жарық көрген негізгі тарихи еңбектер мен кітапхана ісінің тарихында қалыптасып жатқан көзқарастарға сүйене отырып жазылған оқу құралы жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларына, магистранттарына және кітапхана қызметкерлеріне арналған.

ISBN

УДК
ББК

© Б.С.Асанова, 2014

© «Қыздар университеті» баспасы, 2014

КІРІСПЕ

Білім бар жерде жерде кітап көбейеді. Кітап бар жерде білім өркендейді. Қазірге дейін кітапханаларға болған көзқарас, сол қоғам мүшелерінің білімге деген көзқарасының өлшеуі болып саналады. Кітап – білім байлығы ғана емес, рухты оятатын, ой-сананы өсіретін қымбат қазына, кітапхана сол қазынаның алтын діңгегі. Халқымыздың рухани, мәдени ой-санасының қалыптасуы мен дамуында кітапхананың атқарар ролі ерекше.

Кітапхана экономикалық потенциалдың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға адамдардың, әсіресе жастардың, ой-өрісін, ішкі дүниесін қалыптастыруға пәрменді ықпалы бар фактор екенін өмір көрсетіп отыр.

Қазақстанда кітапхана ісінің дамуы еліміздегі мәдени құрылыстың жарқын беттерінің бірі болып табылады. Олай дегеніміз, кітапхана аз ғана тарихи уақыт ішінде айтарлықтай табысқа жетті.

Қазіргі күнде де кітапханалардың өрістеуі шарықтамаса, толастаған емес. Бұның айғағы ретінде де тәуелсіздігіміздің туы қолымызда желбірегеннен бері, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың назарынан да тыс қалмады. Соның айғағы, халқымыздың рухани тыныс тіршілігіне тың серпін әкелген игілікті іс ретінде зор бағаға ие болып отырған Қазақстан Республикасының Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген 2004–2006 жылдарға арналған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарламадағы мәдени мұраны сақтау мен өркендетудің бағыттарында: ТМД елдері мен шетелдік мұрағаттарындағы Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды, қолжазбаларды, сирек кездесетін кітаптарды алдыру, көшірмесін жасаттыру; ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздің бай мұрасын зерттеп, жүйелеп, көп томдықтар түрінде басып шығару еді. Осы “Мәдени мұра” бағдарламасы іс-шаралары бойынша қазіргі күнде біраз жұмыстар атқарылып жатыр. Оған кітапханалардың қосып жатқан үлесі мол.

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. Халықтың білім бұлағы болып саналатын кітапханалар жаңа талапқа сай жұмыс

істей бастады. Кітапханалардың қалыптасуы, кітапхана қызметкерлерін дайындау, олардың әлеуметтік ахуалы ХХ ғасыр басында қазақ қоғамының өтпелі кезеңінде болды, оның таңдаулы үлгілерінің, ізденістері мен тәжірибесінің Қазақстандағы бүгінгі мәдени процестер үшін де маңызы бар.

Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы курсы оқу ба-рысында болашақ маман – әлемге әйгілі Александрия және Отырар кітапханасынан бастау алып, Қазақстанның партия-кеңес органдарының кітапханаларды құрудағы және дамыту-дағы қызметін, кітапханалардың жалпы жүйесінің қалыптасуын және дамуын, оның жұмысының мазмұны мен түрлерін, әдіс-тәсілдерін, мамандар даярлаудың ерекшеліктерін оқып, үйренеді.

Бүгінде кітапхананың тарихын студенттердің зердесіне құйып, оларды осы тағылыммен таныстырып, тарихи санасын қалыптастырудың маңызы зор. Жастар заманымыздың болаша-ғы десек те, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында кітапха ісі тарихы бойынша ана тілінде оқып үйренуіне мүмкіндік беретін оқулықтар мен көмекші оқу құралдары жеткіліксіз болып жатыр. Осындай зәрулікке байланысты жастардың оқып-білуіне септігін тигізе ме деген үмітпен осы еңбекті ұсынып отырмын. Оқу құралының тақырыптары кітапханалар тарихы-ның белгілі кезеңдеріне байланысты алынды.

Оқу құралын құрастыруда республикамыздың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар жинақталып, қорытылып көрсетіледі. Сонымен қатар, Қазақстан және Ресей авторларының кітапханатану және библиография саласындағы ғылыми жұмыстары мен кітапхана ісінің тарихы жайындағы жарияланымдарымен толықтырылды.

АЛҒАШҚЫ КӨНЕ ЗАМАНҒЫ КІТАПХАНАЛАР

Александрия кітапханасы

Ескі замандардың өзінде кітап ерекше бағаланған екен. Адамзат баласы кітапхананың пайдасын бірден түсінді, сол себепті де, ең алғашқы кітапхана осыдан сегіз мың жыл бұрын пайда болды.

Ежелгі Месопотамия тұрғындары жазуды саздан жасалынған тақтайшаларға жазған. Сондай мыңдаған тақтайшалар ежелгі сарайларда сақталып келді және тақырыптары бойынша сұрыпталды. Ежелгі египеттіктер жазуды әуелі шиыршықталып, сосын түтік сияқты оралған папирус қағаздарға жазды.

Біздің эрамызға дейінгі 332 жылы Александр Македонский негізін қалаған, Египеттегі атақты Александрия кітапханасында осындай мыңдаған қағаздар сақталып келген. Б.э. IV ғасырында Римде көпшілікке арналған 28 кітапхана жұмыс істеген.

Ал орта ғасырларда кітапханалар монастырлар мен университеттердің жанынан ашылған. Ұрлық-қарлықты болдырмас үшін ол уақытта кітаптарды қабырғаларға шынжырмен бұғаулап тастайтын болған.

«Мәңгілік ел» идеясына негізделген Ұлы даланың руханияты қадам заманнан тамыр тартады. Тұжырым мен құбылысы ерекше түркілік таным мен тарихи көркем құндылықтар адамзаттың өркениет кеңістігіне өз үлесін қосты. Ежелгі Эллада мен көне Қытай жылнамаларындағы жазба мұралар соны толық растайды. Дуньхан мен Дунай арасындағы сақ, скиф, ғұн, түрік, оғыз, қыпшақ дәуіріне қатысты Пазырық, Берел, Ертіс, Есік, Талас, Орхон-Енисей, Селенгі, Бұғыты, Отырар, Бату Сарай мен Сарай Берке, Сығанақ, Күлтөбе қорымдарынан табылған қазба айғақтар мен тұңғыш әліпбилік жазулар түркі өркениетінің даму деңгейінің ежелден ақ жоғары болғандығын танытады.

Ұлы дала арқылы өткен «Ұлы жібек жолы» шығыс пен батысты ұштастырған өркениеттің көпірі болды. Тек экономикалық қана емес мәдени қарым қатынастарға да жол ашып,

жалпы адамзаттың рухани-мәдени және жағрафиялық дүниетанымының кеңеюіне арна салды. Еуразия кеңістігін мекендеген түркі қағанаттары олардың өзара алаңсыз араласуына кепілдік берді, сөйтіп, Батыс пен Шығыс өркениетінің алтын арқауы дәнекеріне айналды, жалпы адамзаттық өркениеттің ұштаса дамуына тікелей себепкер, әрі жауапкер мемлекет болды. Батыс пен Шығыстан өздері де үйренді, өзгелерге де үлгі көрсетті. Алтын мен күміс пайзілерге, қайың тозы мен «мәңгілік тастарға» өгіз терісіне, қағазға басылған жазулар, теңгелердегі таңбалар соның айғағы. Мұны Геродот пен Страбоннан (б.з.д.V-III ғ.). Сыма-цян мен Бань-Гуден (б.д.д II-I ғ.). Ат-Табариден (IX ғ.) бастап Дулатиға (XV-XVI ғ.) дейінгі тарихшылардың жазбалары толық растайды.

Сондай асыл қазыналарды күлтөбелер мен қорғандарға айналған «Даналық үйлерінің» үйіндісін заманалар бойы бауырына басып сақтап келген Ұлы Даланың өзі де табиғи кітапхананың міндетін атқарды. «Шығыстың гүлдену» дәуірі тұсында христиан уағыздаушылары мен тақуалары өртеген «Александрия кітапханасын» қайта түлету мақсатында араб халифтары Харун Әр-Рашид (786-809) пен Мамун (813-833) «Даналық үйін» (Байт Әл-Хикма) ашып, оны аса бай кітапханамен обсерваториямен қамтамасыз етті. Дүние ықылымның барлық саласына арналған кітаптарды бір орталыққа шоғырландырып, ғылыми-зерттеу аударма, кітап шығару жұмыстарымен белсене айналысты. Еуропаның гүлденуіне жол ашқан ұлы ілім иесі деңгейіне көтерілді.

Ол ықылым замандардың өзінде-ақ көбінесе территориясының кеңдігі, байлығының қисапсыз молдығы, әскери қуаттылығының күштілігімен ғана емес, қандай мәдениетті еншілегендігімен де айқындалған. Соның бір белгісі білім ғылымның қанат жаюы. Көне замандардағы ғылым мен білімнің қайнар көзі – кітап болғандығына ешкім күмән келтіре қоймас. Сондықтан болар әлем өркениетінде жұмыр басты пенде біткенді таңтамаша қалдырған талай-талай оқиғалар, тіпті тұтас бір өркениеттің өзі адамзат жадынан ұмытылған кездер аз болмаған. Әлемнің сегізінші кереметі ретінде әлі күнге дейін кейде аңыз, кейде ақиқат ретінде бүгінгі күнге дейін жеткен мәдениет кере-

меттерінің бірі – Александрия кітапханасы Александрия музейоны деп аталған антикалық дүниедегі ғылым мен мәдениеттің аса үлкен орталығының ажырамас бөлігі болған. Оның негізін әйгілі Аристотельдің шәкірті Деметрий Фалерский біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда қалапты. Музейонның ел тарихындағы бет бедерінің күштілігі соншалық оны басшысын рим жаугершілігіне дейін Птоломейдің өзі, ал кейіннен Рим императорлары тағайындаған. Ұлы мәдениет қана ұлы тұлғаларды туғызатынын осы Александрия музейонының тарихы айқын дәлелдеді. Сондықтан онда ұлы математиктер Архимед, Евклид, астроном Аристарх Самосский, философтар Филон мен Плотин, ақындар Калимах пен Феокриттер өзінің ғасырларды қойып, мыңжылдықтарды артқа тастап, бүгінгі күнге жеткен ұлы туындыларын дүниеге әкеледі.

Міне, осы музейонның атын әлемге әйгілеген мәдениет қызметтерінің бірі- оның атақты кітапханасы. Бұл кітапханада сол заманның өзінде 100 мыңнан 700 мыңға дейін кітаптар болған. Александрия кітапханасы біздің дәуіріміздегі 47 жылғы Александрия соғысында өртеніп кеткеніне қарамастан, араға біраз уақыт салып Перғама кітапханасының кітаптары негізінде қайта түледі. Арада тағы үш жарым ғасыр уақыт өткенде император I Феодосийдің тұсында сол ұлы кітапхана христиан-фанатиктерінің қолымен тағы да өртке оранды. Александрия кітапханасының бар ақиқаты осы. Ал оның феномендігі өз заманындағы ұлы перғауындар мен императорлардың бәрін артқа тастап, күні бүгінге дейін жетуі. Ұлы жаугершілік замандарда талай ұсақ мемлекеттер ірілердің табанында тапталып, тарих сахнасынан біржола жойылып кеткен кезеңдерде кітапхана сияқты құтхананың мемлекеттер тарихынан да, адамзат жадынан да өшпей қалуы Александрия кітапханасының ұлт, мемлекет сияқты ұғымдардың шеңберінде қалып қалмай, жалпы адамзаттық құндылық - феномен дәрежесіне көтерілгендігінің белгісі.

Қазір батыстың бірқатар тарихшылары гүлденген Александрия кітапханасын екінші халифа болған Омардың (р.а.) тікелей нұсқауымен мұсылмандар қиратты деген аңызды айтып жүр. XX ғасыр басында Ресейде жарық көрген «Брокгауз бен

Ефронның Кіші энциклопедиялық сөздігінде» былай дейді: «Александрия кітапханасы негізін Александрия қаласында II Птолемей қалаған, қорында 500 мың том кітап болған. Кітапхананың бір бөлігі б.э.д. 48 жылы Юлий Цезарьдің Александрияны қоршауға алған кезінде өртеніп кеткен. Қалған бөлігін 391 жылы христиан табынушылары құртып жіберген».

Ал «Үлкен Совет энциклопедиясында»: «Ежелгі дәуірдің ең әйгілі Александрия кітапханасы б.э.д. III ғасырда алғашқы Птолемейлер кезінде Александрия қаласында негізі қаланған. Оны Эратосфен, Зенодот, Аристарх, Калиммах есімді ірі ғалымдар басқарған. Сол заманғы оқымыстылар онда 100 мыңнан 700 мың томға дейін кітап қоры болғанын жазады. Кітапхана қорының негізін ежелгі грек әдебиеті мен ғылымынан тұратын шығармалар құрағанымен, мұнда шығыс халықтары тілдеріндегі кітаптар да көп болған. Александрия кітапханасы жанында көшірмешілер штаты жұмыс істеп, олар кітаптарды көшіріп жазып, данасын көбейтіп отырған. Калиммахтың жетекшілігімен кітапхана каталогы жасалынып, сол жүйе негізінде кітап қоры толықтырылып тұрған.

Александрия кітапханасының бір бөлігі б.э.д. 47 жылы Александрия соғысы кезінде жойылды, алайда, кейін Пергама кітапханасының қоры есебінен толықтырылып, қайта қалпына келтірілді. 391 жылы I Фердосияның императорлығы уақытында Серапис храмында болған кітапхананың үлкен бөлігі христиан табынушылары шабуылымен тып-типыл етілді», деп жазады. Қарап отырсақ, осы және басқа да көптеген көне дерек көздері Александрия кітапханасын «мұсылмандар қиратты» деген мәлімет айтпайды. «Осыған орай, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жақын серіктерінің бірі, кейін мұсылман мемлекетіне халифа болған Омардың (р.а.) мойнына таңылған әлемдік мәдениет алдындағы бұл ауыр күнәні алып тастаған жөн»,– дейді көптеген ислам ғалымдары. Батыстың көпшілік елдерінде осы аңыз нақты тарихи дерек ретінде оқытылып жүр. Тіпті, олар «Омар (р.а.): «Бұл кітаптар Құранға қайшы келмейтін болса да, олардың керегі шамалы, өйткені, Құранда білімнің бәрі айтылып қойған. Ал егер қайшы келсе, бәрін сөзсіз құрту керек», деп айтқан жалған деректі келтіреді. Алайда, арабтардың Египетке

келуі жөнінде көп жазған Иоанн Никиуский де, Исламға қырын қарайтын бір де бір христиан тарихшысы да кітапхананың мұсылмандар қолымен өртелгені туралы айтқан емес. Кейбір ғалымдардың пікірінше, ислам діні пайда болған кезде аталмыш кітапхана болмаған да сияқты. Ол жаңа дәуір басталған тұста христиандардың пұтқа табынушылар ғылымымен күресі кезінде-ақ тарих сахнасынан жоғалған. Александрия кітапханасының бар ақиқаты осы. Ал оның феномендігі өз заманындағы ұлы перғауындар мен императорлардың бәрін артқа тастап, күні бүгінге дейін жетуі. Ұлы жаугершілік замандарда талай ұсақ мемлекеттер ірілердің табанында тапталып, тарих сахнасынан біржола жойылып кеткен кезеңдерде кітапхана сияқты құтхананың мемлекеттер тарихынан да, адамзат жадынан да өшпей қалуы.

Бұл Ислам ықпалына көшкен Орта Азиядағы Мары, Хорезм, Бұқара, Самарқан, Отырар шаһарына да тікелей әсерін тигізді. Халифтердің пәрменіен әр қаланың өз «Даналық үйі» дүниеге келді. «Жібек жолы бойымен» кіре тартқан көпестер ең құнды сыйлық ретінде Отырар әкіміне кітап сыйлауды дәстүрге айналдырды, тіпті, бұл мемлекеттік рәсім ретінде қабылданып, ресми сипат алды. Бұқаралық ғұлама Рузбехан: «Отырар кітапханасындағы қолжазба кітаптарды тек қала тұрғындары ғана емес, шалғайдағы Сығанақ қаласының тұрғындар да пайдаланып отырды», деп жазады.

Отырар кітапханасы

Александрия кітапханасынан кейінгі «екінші Даналық үйі» атанған Отырар кітапханасының күлге айналуы ұлтымыздың рухани өміріндегі орны толмас өкініш. Отырар шамамен V ғасырда белгілі бола бастаған. Екінші жағынан Таразға 2000 жыл, Сайрамға 3000 деп есептесек, Отырар сол шамалас болар, яғни кемі екі мың жыл. Себебі, Отырар ең қолайлы жерде, Арыстың Сырдария өзенінен құяр жерде орналасқан. Ол кітапхана бар болса, ондағы кітаптар - Вавилонның қыштан күйдірілген тас кітаптарынан бастап, түрік Парсы және Қытай тіліндегі кітаптар болуы мүмкін. Арабтар мұсылмандықпен қа-

тар, араб тіліндегі кітаптарды ала келген. Қытай тіліндегі кітаптарды ғұндар оқи алған және ғұндардың өздері де ежелгі түрік, яғни ғұндардың тілінде кітап жазып, географиялық карта сызған. Соңғы ғылыми жаңалықтарға сүйенсек, қаңлылардың өз жазуы болған және алғашқыда оларды қышқа жазып күйдіріп сақтаған. Бұларға сақтарды қосыңыз, олар түрікше және парсыша білген.

М. Шоқай Отырар кітапханасына қатысты былай дейді: «Сонымен атақты Александрия кітапханасы 391 жылы өртелген болса, ал Отырарды Шыңғысхан 1220 жылы қиратқаны белгілі. Отырар кітапханасы өртенбесе де тағдыры жан ашырлық. Халықтың кітапхананы жақсы көргендігіне танданбасқа болмайды. Бастарына қатер төніп тұрғанына қарамастан, кітаптарды жер астында орналасқан кұпия үңгір қалашыққа (катакомба) тыққандары - тарих алдында жасаған үлкен ерлік, ұрпақтың келешегіне деген риясыз қамқорлық. Фирдоусидің «Шахнама» кітабында батырдың жер астындағы үңгірлермен қоршалған қаладан шығып кеткені жазылады. Тіпті Гередотта, Парсылардың патшасы Кир Орта Азия қалаларын басып алғанда халық сондай үңгірлер арқылы құтылып кететін, байлықтарын тығып қоятын», - деп жазған.

Тарихшы Уахит Шәлекеновтың пікірінше, қазақтардың басым көпшілігі отырықшы болған және қалаларда тұрған. Сонымен ертедегі қазақтар кітап жазған, көп жазғаны соншалық, жазуға арналған материалдарды ойлап табуға тура келген. Бұрын негізінен теріге жазатын. Ондай кітаптар ауырлау келеді. Бұған біздің дәуіріміздің басында Қазақстанның Оңтүстігінде, Таразда қағаздың ойлап табылғандығы дәлел бола алады. Шамасы қағазды әлемдегі ең ірі кітапхана орналасқан Отырар қаласына жақындау жерде жасаған болар. Сондай-ақ VI ғасырда Арал теңізінің Солтүстігіндегі ел билеген сақтардың патшайымы Аққағаз туралы да мәлімет бар. Ақ қағаз қазақ тілінде «ақ қағаз» деген ұғымды білдіреді. Олай болса қазақтар қолданғандықтан оларға таныс болып тұр ғой! Ақ қағаз бен қатар көк, сары, яғни түрлі-түсті қағазда дайындаған болар. Балаға есімді ата-анасы немесе рудың үлкендері қоятындығын ескерсек, қазақтар III-V ғасырда қағазды білген болып шығады.

Сақтар патшайымы Аққағаз туралы қытай дереккөздерімен танысқан, танымал француз ғалымы - Э. Шаван жазған. Әрине, кітаптар негізінен Жібек жолының көмегімен жиналған.

Әлемнің екінші үлкен білім бұлағы – Отырар кітапханасы Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде жоғалып кетті. Бұрын Фараб аталған бұл қаладан тек ислам әлеміне емес, күллі дүние жүзіне аты мәшһүр, әлемдік ғылымға сүбелі үлес қосқан оқымыстылар шыққанды. Солардың ішіндегі ең атақтысы – біздің ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ол әлемнің екінші ірі кітапханасында білім нәрінен сусындап өсті. Мұнда ежелгі сына жазуымен жазылған туындылар мен папирус орама қағаздарынан бастап, ортағасырлық Еуропа, араб және Қытай ғалым-оқымыстыларының шығармаларына дейін жинақталған. Міне, осындай кітап қоры өте бай кітапхана пұтқа табынушы шапқыншылардың аяғына тапталады. Бұл – 1218 жыл болатын.

Алайда, моңғол әскерінің Отырарды 6 ай бойы қоршауы кезінде кітапхана құпия түрде жер астына жасырылған дейтін дерек бар. Бірақ та, оның нақты қай жерге жасырылғаны жөнінде бүгінгі күні ешкім білмейді. Отырар кітапханасын табу үшін археологиялық қазба жұмыстары әлі де жүргізіліп жатыр.

Орта ғасырдан жеткен бір аңызда былай дейді: бір аңшы түлкіні қуып келе жатқанда, түлкі бір апанға кіріп кетеді. Аңшы апанды қаза бастағанда, қолына папирус қағазы ілігеді. Сөйтсе, апан дегені – үңгірге кіретін есік екен. Сырттан түскен жарықпен жігіт үңгірде қатар-қатар тізілген көне кітап үйінділерін көріп қалады. Алайда, сол сәтте түлкі екінші бір жерден атып шығып, соның артынан қуып кеткен аңшы кейін бұл апанды қайта таба алмай қалған көрінеді. Болжам бойынша, аңшының сол көргені – Отырар кітапханасының жер астына жасырылған кітаптары болуы ғажап емес.

Сонымен қатар, дала данышпандары мен абыздары халық мұрасының қадірін біліп, оларды үрім бұтағына аманатқа қалдырып кетті. Жыл қайыруымыздың бұрынғы VII-VI ғасырында өмір сүрген Алып Ер Тоңа-Афрасиал туралы әфсана мен «әлемдегі жеті ғұламаның» бірі атанған Анақарыс шешеннің философиялық, шешендік билік тәмсілдері, ұзын саны 16 мыңнан

асатын байырғы түркі ескеркіштері мен жазбалары, «Тариат», арман харпінде қағазға түскен қыпшақ тілінің грамматикасы, «Кодекс куманикус» сөздігі, Әл-Фарбидің 60-тан астам еңбегі, Ж. Баласағұнның «Құтты білік», М. Қашқаридың «Түркі тілі сөздігі», Қ. Иассауидің «Хикметі», Қ. Жалаиридің «Түркі шежіресі», М. Дулатидың «Тарих-и ад-Рашидиі», Бабырдың «Бабырнамасы» сондай-ақ, Есіктен, Таластан, Ертістен, Сайрамнан, Отырардан, Түркістаннан, Бату Сарай мен Сарай Беркеден табылған жазулар, Шам, Бабыл, Александрия, Бағдат, Каир, Техран, Рим, Париж, Лондон, Санкт-Петербург, Брюссел, Копенгаген, Гамбург, Стамбул, т.б. қалалардағы Ұлы Дала туралы көне мұрағаттар тәуелсіз Қазақстанның рухани-мәдени тарихының тікелей шежіресі екендігі де кәміл.

Сонымен қатар, қазақ хандығы құрылғаннан бергі және бодандық пен кеңесті мұраларымызда өте бай. Жалаиридін, Оразмұхаммедтің, Абайдың, Шәкәрімнің, Сәдуақас Шорманұлының, Мәшһүр Жүсіптің бұдан басқа бүгінгі күндері мыңдап табылып жатқан кітаптарды сақтаған медреселер мен мешіттердің бай кітапханалары соған дәлел. Алайда тарихи себептерге байланысты оларды толық іздестіріп, бір орталыққа шоғырландырып, жинақтаудың, сақтаудың мүмкіндігі болмады. Алаш ардагерлерінің мұрағаттары да талан-таражға ұшырады. Тіпті, таяу жылдары өмір сүрген дара тұлғаларымыздың қолжазбалары мен мемориалдық коллекциялық кітапханалары соңғы кезде кездейсоқ адамдардың қолына түсіп, ізін жоғалта бастады, барының өзі қараусыз қалып барады.

Отырар Александрия кітапханасынан да үлкен болды деген пайымдар да бар. Атақты Александрия кітапханасын, Египеттегі Александрия қаласын, Македонскийдің бұйрығымен атақты Птоломей II б.з.д. III ғасырда салды. Ол да себепсіз емес. Зұлқарнайын Орта Азияны жаулап алғанында кітапханаларды көрген шығар!? Олай дейтінім, алғашқы кітапхананы шумерлерді 600 жыл билеген біздің даладан шыққан көшпенділер – Касситтер (қассаттар) ойлап тапқан. Отырар шамамен V ғасырда белгілі бола бастаған. Ол кітапхана бар болса, ондағы кітаптар – вавилонның қыштан күйдірілген тас кітап-

тарынан бастап, түрік парсы және қытай тіліндегі кітаптар болуы мүмкін.

Арабтар мұсылмандықпен қатар, араб тіліндегі кітаптарды ала келген. Қытай тіліндегі кітаптарды ғұндар оқи алған және ғұндардың өздері де ежелгі түрік, яғни ғұндардың тілінде кітап жазып, географиялық карта сызған. Сонымен, Отырар кітапханасы 1220 жылы көмілсе, ал Александрия кітапханасы 391 жылы өртелген болса, осы екі аралықта (830 жыл) үлкен кітапхана Отырарда болғаны.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, біздің жыл санауымыздың басынан бастап Отырар қаласы да кітапханасы да көтеріле бастаған. Жарайды, 341 жылға дейін кітапхана кішкентай болған шығар деп есептейік, екінші орында болған шығар. Бірақ, әлдекімнің сол кітаптарды салыстырды дегеннің өзі күмәнді. Александрия кітапханасы 391 жылы өртелген болса, Отырар кітапханасы сол жылдан бастап бері қарай, яғни 830 жылдай әлемдегі ең үлкен кітапхана болып тұрған. Ал енді тым батыл шешім айтар болсақ, Александрия кітапханасының басым бөлігінің өртелуі б.д.д. 47 жылға тиесілі екенін ескерсек, өрттен аман қалған кітаптары бар болған күннің өзінде Отырар кітапханасының қорынан аз болуы мүмкін. Олай болса, Отырар кітапханасы 1000-1200 жыл шамасындай уақыт дүние жүзіндегі ең үлкен кітапхана болған! Мың жыл деген аз уақыт емес, Рим империясынан да үлкен.

Кітап – халықтық қазына. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлттық Тәуелсіздіктің 10 жылдығына орай белгілеп берген нысаналы бағдарламасына сәйкес, Еуразия кеңістігіндегі мәдени-рухани сабақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетті жанынан «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы ұйымдастырылды. Мұндағы басты идея «Александрия кітапханасы» (б.д.д. IIIғ.б.д.д.IV ғ.) адамзаттың ежелгі кеңістігін Еуразия кеңістігіне тарату. «Шығыстың дәуірлеу» заманында өмір сүрген «Отырар кітапханасы» (VIII-XIII ғ.ғ.) сол идеяны одан әрі жалғастырып, Еуразия кеңістігіндегі орналасқан және еуразиялық саяси, мемлекеттік, экономикалық, мәдениеттік,

руханияттық ынтымақтастықты басты даму бағыты ретінде, ұстанып отырған Қазақстан Республикасының Астанасында құрылып отырған «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы – сол үзіліп қалған дәстүрді қайта жаңғыртып, Еуразия кеңістігіндегі өркениеттің өткені мен бүгінін кемел келешекке жалғастыратын білім ордасы болады, – деген сындарлы мақсатқа негізделген.

2001 жылғы 27 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) арасында көне Отырар қалашығын сақтау, әрі консервациялау жобасы бойынша келісімге қол қойылды. Келешекте Ұлы Жібек жолының батыс пен шығыс әлемдері тоғысар тұсында ғылым мен мәдениет орталығына айналған көне шаһардың бүгінгі орнын шетелдік қонақтар үшін туризм орнына айналдыру көзделіп отыр.

Көзсіз зорлық ғасырынан,
Надандықтың тасырынан,
Жер астына жасырылған
Дара тұлға бабалардың
ұшқыр ойы, санасы.
Ұяттыны толғандырған,
Қанаттыны заңғар қылған,
Күллі әлемді таң қалдырған,
Рухыңмен қолда бізді
Отырардың ұлы кітапханасы! – деп қазақтың ақиық ақыны
Мұхтар Шаханов ағамыз жырлағандай, әйгілі Отырар кітапханасы ата-бабамыз мекен еткен алып аймақта ілім дәнін сепкен киелі жер болғаны ақиқат.

Бақылау сұрақтары:

1. Александрия кітапханасының негізін қалаған кім?
2. Александрия кітапханасын кімдер өртеді?
3. Отырар кітапханасы Александрия кітапханасынан үлкен болды ма?
4. Қай жылы Отырар кітапханасы жойылды?

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІТАПХАНА ІСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы кітапхана істерінің жағдайы (1838-1916 жж.)

XX ғасырдың басында революциялық қозғалыстың күшейе түсуі Ресейдің билеуші топтары арасында әжептәуір үрей туғызды, содан барып, прогрессивті бағыттағы мәдени мекемелерге қарсы қуғындаудың жаңа толқыны туды. Жұмысшылар мен шаруалардың самодержавияға қарсы саяси және революциялық күресін бәсеңдетіп, тіпті басқа жаққа бұрып кету мақсатымен үкімет реакциялық ниеттегі «Халықтық салауаттылық қамқорлық қоғамдарына» сүйеніп, «қаражүздік» ағарту ұйымдарын күштеп кіргізе бастады. Революцияға дейінгі Қазақстанның барлық облыстарында дерлік және уездік орталықтардың көпшілігі өз комитеттерін құрған. «Халықтық салауаттық қамқорлық қоғамының» жұмыстары барған сайын жандандырыла түсіп, шалғайдағы елді пункттерге дейін жетті. Бұл ұйымдар жұртшылықтың арақ-шарапты тым көп қолдануына қарсы күресеміз деген бүркемелеумен іс жүзінде халық арасында патша мен отанға деген сенімді сезімдерді барған сайын күшейте түсіп «патриоттық-монархиялық тәрбие беру бағытында жұмыс істеді.

Сонымен, Қазақстанда мәдени өмірдің қайнар көзі XX ғасырдың басындағы революцияға дейінгі кезенді атауға болады. XX ғасырдың басында Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы, Қазақстанда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, ақпан революциясы мен қазан төңкерісі болды. Уақиғалар аймақтағы елдің сана-сезімінің қалыптасуына әсер етті. Қалаларда, облыс орталықтарында мектеп, гимназиялар, мұғалім семинарлары, қалалық училищелері жұмыс істеді. Ауылдық жерлердегі қазақ елдерінде мектептер ашыла бастады. Бұл процесстер қазақ халқының және қоныс аударған деревнядағы орыстар арасында сауаттылық деңгейін көтерді. Осы құбылыстар Қазақстан республикасында мәдениеттің дамуына айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Халық өкілдері өлкенің әр

уездерінде ағарту жеке бағдарламаларын жасап, онда журналистика, медицина және т.б. ғылым салаларына арналған өткір әлеуметтік мәселелермен айналысты. Сонымен, ағарту ісінің дамуы - кітап және мерзімді баспа басылымдарының дамуын талап етті. Ал бұл байлықтардың жиналған жері кітапханалар болды.

Кітапхана ісі саласындағы қазақ ағартушылары

Қазақ жерінде алғашқы кітапханалардың құрылуы орыс ағарту ісі мен мәдениетінің тарауымен тікелей байланысты. Орыс мәдениеті Қазақстанға әртүрлі жолдармен ене бастады. Соның бір негізгі жолы - алдыңғы қатарлы орыс интеллигенция өкілдері және оның әдебиеті.

Ресейде кітапхана ісінің дамуына ықпалын тигізген белгілі қайраткерлер – В.И. Соболевский, В.В. Стасов болса, ал Қазақстанда кітапхана ісінің мектеп пен училище кітапханаларын алғаш ұйымдастырушы, кітапхана ісінің негізін қалаушы педагог – Ыбырай Алтынсарин еді. Ол мектеп кітапханаларын ашуға тікелей араласып балалардың сауатын ашып, оқуға үйретумен қатар, олардың кітап оқуына жетекшілік жасау, келешекте мамандығына байланысты кітап байлығын пайдалана білуге үйретуіміз қажет деп санады.

Ы. Алтынсарин мектеп кітапханаларын қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің ошағына айналдыруға тырысты. Ыбырай Алтынсарин мектеп пен училище кітапханаларының негізгі міндетіне көңіл бөле отырып, сол кітапханаларды мүмкіндігінше жалпы көпшілік халықтың пайдалануына жағдай жасай отырып, өзі кітаптарды, оқу құралдарын кітапханаларға жинақтайды. Кітап қорын толықтыру мақсатында орыс жазушылары мен ағартушылардың шығармаларын қазақша аударды. Оларды орыс-қазақ мектептерінде оқулықтар, қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынады.

Ы. Алтынсарин аудармалары, мектеп кітапханаларында кітап қорының негізін құрады. Олар: И.А.Крылов, Л.Н. Толстой, К.Д.Ушинскийдің т.б. жазушылардың шығармалары еді. 1879

жылы Қазақстандағы мектеп кітапханаларына Ыбырай Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» деген бірінші кітабы қазақ тілінде берілді. Бұл тек оқу құралы ретінде ғана пайдаланып қоймай, көпшіліктің оқитын кітабына айналған «Қырғыз хрестоматиясы» 2 мың данамен басылып шығады. Ы.Алтынсарин мектеп пен училище кітапханалары үшін кітаптарды және оларды әрбір мектепке бөліп жеткізу ісіне көңіл бөліп, көп еңбек етеді. Өзі Петербург, Мәскеу, Орынбор және т.б. қалалардың кітап саудагерлерінен кітаптарды арнайы жаздырып алып отырған. Мысалы, 1882 жылдың 15 қыркүйегіндегі И.И. Ильменскийге жазған хатында былай дейді: «Торғай облысының училищелерінде оқытушы және оқушыларға кітапхана ұйымдастыру үшін 700 сом ақша жинадым. Кітапхана құрудағы негізгі мақсат – кітапты оқушылар мен оқытушылар ғана қолданып қоймай, курсты бітірген сауатты адамдарға өздігінен білімін толықтыруға көмектесу. Мен 2-3 кластық оқу орнын және курсты бітірушілердің түсінігіне жақын кітаптарды әсіресе білім салалары бойынша кітаптарды іріктеуде қиыншылықтарды кездестіремін».

Ы. Алтынсарин оқытушылардың рухани дамуына күнделікті қамқорлық жасай отырып, олардың мәдени дәрежесінің өсуіне, әдістемелік даярлықтарының жақсаруына жағдай жасауға тырысты. Осы мақсатта Алтынсариннің бастауымен мектептерде «оқытушылар кітапханалары» құрыла бастады. Ы.Алтынсарин мектептер мен кітапханаларды қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің ошағына айналдыруға тырысты. Оның басшылығымен көптеген оқу орындарында кітапхана қорын оқу-тәрбие жұмыстарында дұрыс пайдалана білу жөнінде жақсы дәстүрлер қалыптаса бастайды. Торғай облысындағы мектептер мен училищелер кітапханалары оқытушылар мен оқушыларға және оқу мен көрнекті құралдарға арналған үш бөлімнен тұрды. 2 кластық облыстық мектептерде орталық кітапханалар болып, олар шет жерлердегі мектептердің оқытушыларын, көшпелі кітапхана арқылы, әдебиеттер мен сондай-ақ оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіп отырды. Ы.Алтынсариннің мектептер мен училищелер кітапханаларын ұйымдастыру бағытындағы қызметі прогрессивті сипатта бо-

лып, кітапханаларды демократияландыруға тікелей көмектесті. Алтынсариннің пікірінше, кітапханалар - барлық халықтарға бірдей қызмет етуге тиіс. Осылай алғаш рет қазақ даласында кітапханалардың халық ағарту саласындағы қызметінің маңыздылығы байқалынды. Олардың жұмысын ұйымдастыру, атап айтқанда каталогтар құрастыру, кітап қорын толықтырып, оны сақтау, оқырмандарға қызмет ету жөніндегі мәселелер арнайы қаралып, ерекше көңіл бөліне бастайды.

Осындай қазақ мәдениетіне өз септігін тигізген ойшылдардың бірі - Шоқан Уәлиханов (1835-1865 жж.) озық мәдениетті игеріп, қабылдаған, өз заманының алдыңғы қатарлы ойшылдарының деңгейіне көтерілген алғашқы қазақ ғалымы еді. Н.Потаниннің естеліктерінде Шоқанның кітап оқуы оның әр нәрсеге сынай қарайтұғын қабілетін одан әрі дамытып, мінезқұлық мәселелерінде, шығыс филология саласында таңқаларлықтай нәтижелерге жеткендігі көрсетілген. Ол: «Егер Шоқан қырғыз халқының ішінде оқырман ортаға тап болса, ол өз халқының данышпанына айналып, өз туыстарының әдеби қайта өрлеуінің негізін қалаған болар еді», -деп ерекше атап өтеді.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде қолданылған оқу орындарының жарғысы бойынша гимназия мен уездік училище кітапханаларының слеті ұйымдастырылады. Оқушылар кітапханаларын аша отырып, өкімет оған ең алдымен өзінің самодержавиялық-крепостниктік идеологиясын енгізіп, полицейлік бюрократтық аппараттың сенімді шен иелерін дайындау үшін пайдалануды мақсат етеді.

Сол кездегі оқушы кітапханаларының қоры мен іздеген кітаптарын табуға ниеттенген оқырмандардың жағдайын көз алдыңызға келтіру үшін тағы да Потаниннің естеліктеріне жүгінейік: «Біздің кітап оқуымыз кедей болатын, оқушылар кітапханасы түгелдей дерлік тек орыс генералдарының өмірбаяндары мен әртүрлі соғыстардың сипаттамаларынан құралған еді. Ең қызық кітап балаларға арнап өңделген «Дюман Дервилдің саяхаты», «Маншлейннің жазбалары», «Карамзиннің тарихы» болатын. Тіпті бұл кітаптардың өзі біздің қолымызға қиыншылықпен түсетін. Шоқанға басшылардың іргелі кітапханалардан кітап алуға рұқсат бергені мен үшін бақыт еді. Шоқан қол

жеткен кітап қоймасынан «Палластың саяхатын» және «Рычковтың күнделікті жазбаларын» әкелген біздің өсіп дамуымыздың бүтіндей бір дәуірі еді. Ш. Уәлиханов: «Халықтың қалыпты өсуі мен дамуы үшін ең алдымен бостандық пен білім қажет. Демек, ең алдымен оқып үйрену қажет», деп жазады.

Бұл тілек қоғамдық майданға Абай Құнанбаевтың келуімен жүзеге асады. Ұлы ақын және ағартушы демократ Семей қаласында діни білім алады, парсы, араб тілін үйреніп, Фирдоуси, Сағди, Омар Хайям шығармаларының түп нұсқасын оқиды. Орта Азия мен Қазақстанның мәдениет қайраткерлері өздерінің естеліктерінде рухани байлықты медреседе оқудан гөрі, жасырын түрде кітап оқу арқылы толықтырғанын көрсетеді.

Абай орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетімен Семейдегі Н.В. Гоголь атындағы кітапханадан кітап оқу арқылы танысады. Осы кітапханада ол саяси айдаудағы Е.Н.Михаэлиспен танысады. Орыс зиялыларының ішінен Абайды ерекше бағалап сүйген - П.Е.Михаэлис еді. Абай Михаэлистің ұсынуы бойынша Пушкин, Лермонтов, Крылов т.б. классиктердің шығармаларын оқиды. Семейдегі мұражай мен кітапхана П. Е.Михаэлистің күш салуымен ұйымдастырылады.

1885 ж. Америка тілшісі Семейдегі мұражаймен, Абай кітапханасымен танысады, ондағы Сиенсер, Бокль, Милль, Стендаль шығармаларын, В. Скотт, Диккенс, Мариэтта, Троллер, т.б. романдары мен повестерін көріп таң қалады. „Мұндай кітаптардың жинақталуы және пайдалануы, интеллигенция үшін абырой, бұл кітаптар Семей туралы бұған дейін көргенім мен естелігімнен де жоғары пікір қалдырды», деп Семей қаласындағы өткізген күндері туралы өзінің «Сібір және жер аудару» атты кітабында жазады.

Егер Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» қазақ тіліндегі алғашқы әдеби қадам болса, Абай шығармалары қазақ халқының мәдени өмірінде жаңа дәуірді ашты, жалпы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай арқылы қазақ мәдениеті жаңа сатыға көтерілді. Орыс халқы мен қазақ халқының арасындағы мәдени қатынастардың нығаюы кітапхана ісінің дамуының алғашқы баспалдағы болды.

Орал облысының кітапханалары

Казан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы кітапханалардың бірі – Орал әскери кітапханасы. 1870 жылы қараша айында Орал казак әскерінің генерал-лейтенанты Вревкин Орынбор генерал-губернаторына Орал әскери көпшілік кітапханасын ашу туралы өтініш етеді. Бұл шара-гимназия, юнкер училищелерін бітірген жастардың жоғары және арнаулы оқу орындарына түсуге даярлануына, жалпы барлық қоғамның Оралда және Орал облысының алыс жерлерінде тұратындардың жалпы білім алуына мүмкіндік береді», деп санаған. 1871 жылы 24-ші қазанда Орынбор генерал-губернаторының берген рұқсатымен, Орал әскери кітапханасы тұрғылықты елдерге қызмет көрсете бастады. Кітапхана бірінші күннен бастап Орал қаласының тұрғындарына кітапты ақысыз оқу залында пайдалануға, ақы төлегендерге үйге алып оқуына рұқсат етеді. Әскери кітапхананы ашарда, кітап қорында кітап саны 4750 дана болса, оның орыс тілінде 1560 дана, шет тілінде 1370 дана кітаптар және 1820 журналдар болған. Кейінгі жылдары кітапхана қарқынды түрде жаңа әдебиеттермен толықтырыла түскен. Кітапты Мәскеу, Петербург, Саратов қалаларынан жаздырып алып отырды. Кітапханада 3 адам жұмыс істеді: онда кітапхана меңгерушісі, кітапханашы және көмекшісі болды. Кітапхана оқырмандарға күн сайын 5 сағат қызмет көрсетіп, әр жыл сайын 500-дей оқырмандар ақы төлеп, абонемент арқылы кітап алып пайдаланды. Оқырмандары: офицерлер мен олардың отбасылары, жергілікті дворяндар мен чиновниктер, мұғалімдер т.б. интеллигенция өкілдері болды. Ал, 1894 жылғы сәуір айында Мәскеу сауаттандыру комитетінің жәрдемдесуімен Оралда қала тұрғындарына арнап халықтық кітапхана-оқу залы ашылады. Үш жылдан кейін кітапхана 1896 жылы құрылған «Орал бастауыш казак әскерінде бастауыш білім беру қамқорлық қоғамы» қарамағына берілді. Кітапханаға қаражаты жеке адамдардың жәрдем беруі, концерттерден, қойылымдардан, қоғам мүшелерінің ақылы лекция оқуларынан, мерзімді шығармаларға жаздыру, конверттер сату т.б. арқылы толықтырылып отырған. Халықтық кітапхананың жұмысына қоғамшыл-белсенділері күнделікті қатысып, халық

ағарту ісіне ақысыз қызмет етуге тырысқан. 1871 жылдан 1910 жылдар аралығында кітапхана қоры екі есеге өсті, яғни 300 мың данаға есептелінген. Кітапхана қорын ұйымдастыруда, кітаптарды әр бөлім бойынша орналастырудың өз принципі болды. Ең ірі бөлімдер өнер, көркем әдебиет, қолжазбалар, тарих, шығыс тілдерінде сирек кездесетін кітап бөлімдері болған. Кітапханада каталог болмады, сол себепті кітаптарды осылай орналастыру, оқырман сұранысын әр сала бойынша сұраған сұрақтарын қанағаттандырып отыруға жеңіл болды. Кітапхана ертеңгі 9-дан кешкі 5-ке дейін, ал қыс уақыттарында күн өз ұясына кіргенге дейін ашық болды. Аптасына бір рет, сағат 11-ден кешкі 20.00-ге дейін істеді. Оқу залы ертеңгі уақыттарда 3 сағаттай жұмыс істеді. Кітапхана алғаш қызмет көрсете бастаған кезде 200 оқырман жазылып, 860 кітап оқуға берілген. Әскери кітапхана ісінің энтузиасы (ықылас білдіруші) Виктор Никитович Голованов (1856-1911) болды. Ол өз туған жері Оралдағы Қазақ университетінің физика-математика факультетін бітіріп, 80-шы жылдары Оралда ерлер гимназиясында математика және физикадан сабақ береді. 1898 жылдан бастап Орал әскери кітапханасында кітапханашы қызметін атқарды. Соның арқасында кітапхана жұмысы жандана түседі. Бірақ денсаулығының нашарлығы, оның белсенді жұмыс істеуіне мүмкіндік бермеді. 1907 жылы ол театр директоры, сосын «Орал әскери» ведомствосының редакторы қызметтерін атқарды. Келесі халық сауатын ашуға өз ықпалын тигізген мәдениет орталығы - Орал халықтық кітапхана оқу залы 1895 жылғы сәуірде Москва комитетінің жеке қаражатына ашылады. Оралдағы халықтық кітапхана-оқу үйінің маңызы зор болған. Халықтық кітапхана қаржысы жеке жәрдем берушілерден, қойылымдардан, концерттерден және ақылы лекциялардан, мерзімді басылымға жазылғандардың есебінен қаржыландырылып отырады. Жыл сайын осындай табыстар 270 сомнан 600 сомға дейінгі материалдық шығындарды өтеді. 1895 жылдың басында кітапхана қорында 1420 кітап болды, ал 1900 жылдары 2765 томға дейін өсті. Жыл сайын 12 әдеби-көркем және ғылыми журналдар жаздыртып алып отырды. Олар: «Вокруг света», «Детское чтение», «Нива» және т.б. «Уралец» журналы кітапханаға редакциядан сыйға тарту етіліп

отырды. «Новое поколение», «Саратовский листок» газеттері шыға салысымен әскери ұйымға берілді. Ал кітапхана жұмысындағы белсенділер қолжазба каталогын ұйымдастырып, оқу залындағы оқырмандармен әңгіме жүргізіп отырады.

Ауылдағы халықтық кітапхана оқырмандары шаруалар болды, ал қалада ұсақ қызметкерлер, оқушылар, қолөнершілер болды. Оралдағы оқу үйінде жұмысшы оқырмандардың қатынауы 2 пайыздай ғана болған. Халықтық кітапханалар кітапхана қорының аздығына қарамастан көпшілік кітапханаларға қарағанда қарқынды қолданады. Осы тұста Орал халықтық кітапхана өмірінде үлкен жаңалық болды, ол абонемент, оқу залдарының жеке бөлмелерге иелік етуі. Кітапханаға 8224 адам қатынайды. 1898 жылдары кітапханаға үш ай мерзім ішінде оқырмандардың қатынауы 14400 адамға өссе, кітап берілімі 15 мың экземплярды құрайды. 1899 жылдары кітапханаға 21634 оқырман қатынап, соның 13484-і үйге әдебиеттерді алып, ал қалғандары жаңа түскен газеттерді, журналдарды оқуға келіп, оқу залында лекция, әңгімелер тыңдайды. Демалыс және мейрам күндері кітапханаға қатынаған оқырман саны 32, ал жай күндері 57, жылына шаққанда орта есеппен күніне 77 адам қатынап отырған, оның 51%-ы балалар, 85 %-ы еркектер, 15%-ы әйелдер болды. Халықтық кітапхана оқырмандар ұйымы комиссиясымен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан, оқу залында ақысыз лекция және оқулар өткізулеріне бөлмелер ұсынып отырған. Бұның өзі жаңа оқырмандардың көптеп келуіне себебін тигізді. Халықтық кітапхананың жұмысына қоғамшыл-белсенділер күнделікті қатысып, халық ағарту ісіне ақысыз қызмет етуге тырысқан. Олардың көмегімен кітапхана қорының қолжазба түрінде каталогы жасалынады. Алғашқы жылдардан бастап-ақ 15-20 шақты жергілікті жас интеллигенция өкілдері оқу залында кезекшілік етіп, оқырмандарға кітап ұсынып, кітап туралы әңгіме өткізіп отырған. „Бастауыш білім беру қамқорлық қоғамы“ қарамағындағы Халықтық кітап оқу комиссиясымен бірлесіп кітапхана жұмыстарын тығыз ұштастырып, оқу залында көпшілікке ақысыз лекция, кітап оқуларын ұйымдастырады. Орал қаласы–мәдени орталықтардың біреуіне айналады.

Орал серіктестер кітапханасы. 1901 жылы жергілікті интеллигенция өкілдері «Серіктестер» кітапханасын ұйымдастырып, бұл кітапхана 1914 жылдың аяғына дейін жұмыс істеген. Кітапхана үйге кітап бергені үшін оқырманға әр жеке кітапты үйге 50 тиыннан беріп отырады. Жинақталған ақшаға кітапхана кітап қорын толықтыруға жұмсап отырды. Әрине кітап қорының көбеюі оқырмандар санының көбеюін жоғарылата түсті. Кітапхана қаражатының қоры жәрдемнен жиналғанмен де толықтырылды. 1903 жылдың аяғында кітапхана қорында 12 477 дана кітаптар болса, оның орыс тілінде 11 622, ал шет тілінде 1125 данасы және журналдар кірді. Кітапхана жыл сайын 33 журналдар жаздыртып алып отырады.

Семей облысының кітапханалары

Семей қоғамдық кітапханасы. Революцияға дейінгі Қазақстанда өзінің қызметі бойынша бірден бір үлкен кітапхананың бірі - Семей қоғамдық кітапханасы 1883 жылғы 22 қыркүйекте ашылады. Семей қоғамдық кітапхананы ұйымдастыруды қолдаушы, генералгубернатор А.П. Проценко кітапханаға көлемді ғылыми және көркем әдебиеттерді сыйлыққа беріп, кітапхананың материалдық жағдайын жақсартуға тұрақты қамқорлық жасап отырған. Сонымен бірге кітапхана тағдырына алаңдатушылық білдірген статистикалық комитеттің мүшелері - П.Е. Маковецкий, Н.И. Петухов, Н.Г. Чернышевскийдің шәкірті, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың досы - П.Е. Михаэлис араласып, көмектесіп отырады. Қоғамдық кітапхана қаражаты статистикалық комитеттің қаржы есебінен, жәрдем берушілердің, жеке адамдардың көмегімен толықтырылып отырды. Мысалы, далалық өлкесінің генерал-губернаторы кітапхана қорына 1500 сом қаржы бөлді. Сол бөлінген қаржыға кітап қорына Ч. Дарвиннің шығармаларымен толықтырды. 1883 жылғы 1 желтоқсанда кітапхананың алғашқы каталогы ұйымдастырылады. Каталог мазмұнында 272 данадан тұратын 174 атаулы әртүрлі шығармалар мен 45 атаулы мерзімді шығармалар енгізілінеді. Бір жылдан кейін қоғамдық кітапхана қызметкері - А.И. Зверев екінші жүйеленген каталог даярлап баспаға өткізеді. Бұл ка-

талогта 602 атаулы 944 кітап пен 54 газет, журналдар берілді. Қоғамдық кітапхананың құрылуына бір жыл толғанда ақылы жазылушылардың саны 130 оқырмандар болса, ал ақысыз қызмет көрсететін оқу залдарында бос орын болмады. Семей қоғамдық кітапхананың қаржысы жыл сайын облыстық статистикалық комитеттен, қалалық дума, кештерден, концерттерден, кітапханаға жазылушылардан, сауда төлемдерінен, жеке адамдардан бөлінген қаржы есебінен толықтырылып отырды. 1896 жылғы кітапханаға келіп түскен қаржы есебінен мысал келтіруге болады: қала басқармасынан 200 сом, үйге кітап алу және қолданушылардан түскен 502 сом, жеке адамдардың ұйымдастыруынан түскен жәрдемінен 512 сом, қойылымдардан, концерттерден, әдеби-музыкалық кештерден түскен 363 сом, 24 тиын болған. Семей қоғамдық кітапхананың жеке мекеме етіп салынуына түскен қорына Брезанск сыйапаты 500 сомды құрады, ал жалпы барлығы 2079 сом 75 тиын қоры жинақталды. 1888 жылдың аяғында, құрылғанына 5 жыл мерзім ішінде кітап қоры 1742 данаға өсіп, оқу залы 32 тақырыпта журналдар жаздыртып алып отырды. 1895 жылы 1 шілдеден бастап қоғамдық кітапхана «бастауыш білімнің қоғамдық кеңесінің» қамқорлығына табыс етіледі. Жылдан-жылға қоғамдық кітапхананың материалдық жағдайы нашарлай берді. Жеке жәрдем берушілердің саны мүлде қысқартылады. Қосымша ақша көзін табу мүмкін болмады. 1898 жылы Семей қоғамдық кітапхана жанынан жергілікті үкіметтің рұқсатымен қала мекемелері мен азаматтарының газет, журналдарға жазылуы есебінен түскен қаржыға кітапхананы қамтамасыз ету «Хабарландыру бюросы» ұйымдастырылады. 1901 жылы осы шаралардан кітапханаға 170 сом пайда келеді. 1901 жылы қоғамдық кітапхана «бастауыш білім беру қамқорлық қоғамының» құрамына өтеді. Семей қоғамдық кітапхананы басқару - қоғамдық кеңесінің мүшесі Ф.К.Зобнинаға тапсырылады. Оның өзіне төрт көмекші бөлінеді. Енді қоғамдық кітапхананың өркендеуі жергілікті үкіметке тәуелді болады. Семей қоғамдық кітапхана бірінші жылдары бастауыш білімінің қамқорлық қоғамының қаражатынан қамтамасыз етілген. 1903 жылы Семей қоғамдық кітапхананы толығымен қамтамасыз етуге 1700 сом қаражат қажет болса,

кітапхана қорында тек қана 600 сом ғана қаражаты болады. Сол себепті жетпеген қаржыны қайырымдылық және қоғамдық қорларынан және «бастауыш білім беру жәрдем қоғамының кеңесінен» сұрауға тура келеді. Жәрдем көрсетілгендерден жиналған әдебиеттердің арасында шетел философтарының және экономистерінің аударған кітаптары, Ч. Дарвин шығармалары, шетел жазушыларының көркем шығармалары, Шекспир, Диккенс, Вольтер, Шиллердің шығармалары болған. 1903 жылғы Семей қоғамдық кітапханасының 20 жылдығына орай жазылған есептерінде былай деп көрсетіледі: соңғы уақытта кітапхана қоғамдық мекеменің ғана емес, жеке адамдардың көмегінен айырылды. Осы кезде кітапхана қорында 5025 данадан тұратын 2920 атаулы кітаптар мен 3443 дана журналдар ғана болды. Кітап қоры 8468 болса, ал 1904 жылы 9136 болды. Осы тұста кітапхана қорын толықтыруда, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетін жақтаушы саяси жер аударылғандар мен жергілікті интеллигенция өкілдерінің көмегі зор болды. Олардың игілікті істерін сыйлыққа берілген кітаптардың мазмұнынан-ақ көруге болады. Тарих, саяси-экономика, жаратылыстану бөлімдері дұрыс жинақталды. Кітаптардың дұрыс іріктелуіне орай жаңа оқырмандар саны көбейді. Кітапханаға үнемі келушілердің бірі, кітапхананың негізгі оқырманы, қазақ халқының ұлы ақыны - Абай Құнанбаев орыс әдебиеті мен философиясын құштарлықпен оқып зерттеді. Абай саяси жер аударылғандармен кездесіп, әртүрлі бағытта кеңестер алып отырды. Кітаптардың көптігі жаңа оқырмандардың санын көбейтті. Келген оқырмандарды кітапханаға сыйдыру мүмкін болмады. Семей облысының ескі тұрғындары, өлке зерттеушілердің, мұғалімдердің естеліктерінен, кітапхана қоғамдық прогрессивті топтарымен тығыз қатынаста болып, халық арасында білім тарату, ағарту саласындағы орны ерекшеленіп, көпшілік оқырманның көңілінен шығып отырған.

Н.В.Гоголь атындағы ақысыз кітапхана

Н.В. Гогольдің қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты Семейдегі бастауыш білім беру қоғамы қалада ақысыз

пайдаланатын халықтық оқу залын ашуды және жазушының атын беруді ұйғарылады. 1902 жылдың 3 сәуірінде Семей қалалық думасының қаулысы бойынша ұлы жазушы Н.В. Гогольді есте қалдыру құрметіне байланысты қала қаражатынан жылына 120 сом кітапханаға бөлгендігін хабарлайды. Халықтық кітапхананың жарғысын 1902 жылы желтоқсан айынан бастап әскери губернатор бекіткеннен кейін, кітапхана қала тұрғындарына қызмет ете бастайды. Алғашқы қызмет істеген айында кітапхананың 695 оқырмандарына 1615 кітап берілген.

1903 жылы 1 қаңтарда кітапхана қорында 1256 кітаптар болса, оның көпшілігі көркем шығармалар, 15,5 пайызы дінге арналған, 6 пайызы тарих, 12 пайызы география, 7 пайызы ауыл шаруашылығы мен жаратылыстану, 2 пайызы медицина тақырыбындағы кітаптардан құралған. 1903 жылы Н.В. Гоголь атындағы ақысыз кітапханаға, Семей қоғамдық кітапханасы 300-дей дана кітап жібереді.

1905 жылы Н.В. Гоголь атындағы халықтық кітапхананың еңбекші халық арасында кеңінен таралуының дәлелі- жыл басында оқырмандар саны 468 болса, жыл аяғында 747-ге жетті. Бір жыл ішінде үйге 20814 кітаптар берілген. Алғашқы кезде Н.В. Гоголь атындағы халықтық кітапхана өз алдына жеке мекеме болып, кейін оған Семей қоғамдық кітапханасы қосылып, Н.В. Гоголь атындағы кітапхана деп аталады.

Өскемен, Павлодар қалаларындағы кітапханалар

Семей облысының уездік қалаларында да кітапханалар ісі үлкен табыспен дами бастады. 1838 жылы Өскеменде 3 кластық қалалық училищеде ағарту министрлігі тәртібімен бекіткен ережесі бойынша қоғамдық кітапхана ашылады. Кітапхананың құрылғанына 5 жыл толса да кітапхананың материалдық жағдайы нашар болды, кітап қорында 68 данадан тұратын 268 том кітаптары және журналдары болды. Тұрғылықты елдер оның қызметімен қолдана алмады, кітапхана мектеп кітапханасымен қосылып педагогикалық ұжымға, мектеп оқушыларына ғана қызмет көрсетеді. Республика бойынша облыс кітапханалары-

ның ішінде 1838 жылы Өскеменде 3 кластық қалалық училищеде ағарту министрлігінің бекіткен ережесі бойынша А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан қоғамдық кітапханасы ашылады. Халық кітапханасының қоры қала зиялыларымен және саяси жер аударылғандардың жеке кітаптарымен толықтырылып және олар кітапханаға ақшалай көмектесіп отырды. Кітапханаға ақысыз келіп оқитын оқырмандармен қатар 500 адамнан артық ақы төлеп оқитындар болған.

1891 жылы Павлодар қаласында 3 кластық училищеде қоғамдық кітапхана ашылды. Кітапхананы басқару ісі училищенің педагогикалық кеңесіне тапсырылды. Ол кітапхананың қорын толықтыруға, материалдық жағдайының жақсарылуына ешқандай ынта көрсетпеді, кітапханада небары 28 атаулы 102 данадан тұратын кітап қоры болды. Сол себепті, қоғамдық кітапхананы мектеп кітапханасына қосады.

1892 жылы Қалалық дума Павлодар қалалық көпшілік кітапханасын ашады. Кітапхана жағдайы жақсы болды. Өз алдына жеке үй беріліп, жеке бөлімдері және оқу залы жұмыс істеп отырған. Жыл сайын кітапхананы қамтамасыз етуде қалалық, қоғамдық басқармадан, жеке адамдардан ақшалай жәрдем көрсетіліп және әдебиеттермен қамтамасыз етіледі. 1894 жылы осы қоғамнан шаруашылық мұқтаждықтарына және кітапхана қызметкерлерінің еңбек ақыларына 443 сом 67 тиын, ал кітап алуға және мерзімді басылымдар жаздыртуға 350 сом 43 тиын жұмсалады. Кітапхана қорындағы 835 дана кітаптар және журналдар ақылы түрде беріліп отырды. Оқырмандар саны 75 болса, бір жылда 983 дана кітаптар және 1525 журналдар, барлығы 2509 дана кітаптар беріледі.

1892 жылы қоғамдық кітапханалар Қарқаралы қаласында және 1896 жылы Зайсан қаласында ашылып, 1896 жылы «Бастауыш білім беру қамқорлық қоғамы» Өскеменде «Қалалық қоғамдық кітапхана» ұйымдастырады. Кітапхана қорының біраз бөлігі қала интеллигенттері мен саяси жер аударылғандардың сыйлыққа тарту еткен қорларымен толықтырылады. Олар кітапханаға қаржылай көмектесіп отырды. Кітапхана жұртшылықтың көмегі арқасында айтарлықтай табыстарға жетті. Революциялық қозғалыстың өсуіне байланысты кітапханаларға цензуралық

тиым мен бақылау көбейе түседі. Осыған байланысты кітап қоры, оқырмандар саны, кітап беру саны да азая түскен. Семей облысының 1897 жылғы есебінде: кітапхана жұмысына 40 сом, мерзімді басылымдар жаздыртып алуға және кітап сатып алуға 196 сом, 95 тиын қаржы жұмсалынды. Кітапхана қорында 662 дана кітаптар мерзімді басылымдар 11, оқырмандар саны 480—ді құрады. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында кітапханада кітап қорында 2000 дана кітаптар болса, ал оқырмандар тобы шектеулі болды, себебі кітапханада әр оқырман әдебиетті қолданғаны үшін ақылы түрде 50 тиын төлеп отырған.

Торғай облысының кітапханалары

Торғай облысында, Қостанай, Ақтөбе уездеріндегі қоныстанушылары арасында жергілікті халықтар арасында ағарту жұмысымен негізінен „Бастауыш білім беру“ қоғамы шұғылданды. 1892 жылы „Бастауыш білім беру“ қоғамы Қостанай қаласында ақысыз кітап беретін халықтық оқу залын ашады. Осы жылы кітапхананың кітап қорында бастауыш білімнің таралуына көшіп келген орыстар себепші болды. 1894 жылдары күнделікті кітапханаға 50-ден 100-ге дейін оқырмандар қатынап отырады. Кітапханада кітап қоры 467 атаулы 1120 дана кітаптар болды. Кітапхана қызметкерлері оқырмандарға кітап беріп қана қоймай, оқулар жүргізіп отырады. Оқу залдарында оқырмандарға кітаптар ақысыз беріле бастайды. 1896 жылдары Қостанай қаласында қоғамдық ақылы және ақысыз халықтық кітапхана, оқу залы қызмет көрсете бастайды.

1897 жылы Ақтөбеде қалалық қоғамдық кітапхана ақысыз кітап беретін оқу залымен жұмыс істеді, ал келесі жылы қалалық буржуазиялық қоғамның кітапханасы құрылды. Соңғысында кітапхана каталогы болып, кітапхана ережесі бекітіледі. 1897 жылы Ақмола қаласында 50-дей кітапхана ашылып, ал 1913 жылы Қостанай қаласында 3 мың дана қоры бар қоғамдық кітапхана қызмет көрсете бастайды. Кітапханаға Торғайдағы «бастауыш білім беру қамқорлық қоғамы» 1913 жылы 1320 сом 63 тиын, ал 1914 жылы 1342 сом, 32 тиын қаражат бөледі.

Жетісу кітапханалары

Жетісу облысының мекемесінде 1867-1868 жылдары 2 кластық училище және 12 ауыл мектептері болды. 1868 жылдың екінші жартысынан кітапханалар жұмыс істей бастайды. XX ғасырдың басында Верный қаласында бірнеше кітапханалар болды, олардың өз жеке кітап қорлары болған. Олар мұғалім семинариясында, ерлер және әйелдер гимназиясында, әскери госпитальдарда, қалалық ауруханаларда, мектептерде болады.

1886 жылғы 15 наурыздағы Жетісу облыстық ақпарат беттерінде Жетісу облысының әскери губернаторының мақаласы жарық көреді. Ол: «Жалпы Орта Азия мемлекеті бойынша Түркістан иелігі жайында зерттелген ғылыми жұмысқа қажетті кітаптарды тек Ташкенттегі кітапханадан ғана табуға болады. Басқа уезд, облыстық кітапханаларда жалпы Түркістанға келген саяхатшылар үшін де өлке жайында маңызды деректер жоқ. Осындай келеңсіз жағдайларды болдырмай, алдын алу үшін Верный қаласында кітапхана құрып ондағы жинақталған кітап қоры Орталық Азия мемлекетіне қатысты болуы тиіс», деп жазады. Осындай талаптарға орай 1898 жылы Жетісу облыстық статистикалық комитеті жанынан кітапхана ашылады. Жетісу облыстық статистикалық комитеті және оның мүшелері кітапхана арқылы үлкен қоғамдық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізді. Кітапхананың ашылуы - Верный, Жетісу қалалары жалпы барлық Қазақстан үшін мәдениет тарихында ең маңызды бет болады. Кітапхана қорына жүйелі түрде Жетісу өлкесіне, оның табиғат байлықтарына арналған әдебиеттер толықтырылып отырады. СОСК кітапханасының өзегі – Кульджинск кеңсесі жанында орналасқан Орталық Азия кітапханасының кітаптары болған. 1871-1881 жылғы аралықтағы орыс-қытай соғысы кезінде, 1879 жылы Кульджинск кеңсесінің кітапханасы 1878 жылы Жетісу облыстық статистикалық комитеті болып құрылған Жетісу облыстық басқармасына сақтауға өткізілінеді, кейіннен 1887 жылғы жер сілкінісінен кейін көптеген кітаптары жоғалып кетеді. Жетісу облыстық статистикалық комитеті жанындағы кітапхананы ұйымдастырушылар қалған кітаптарды тек сақтап қана қоймай, одан әрі толықтыруға барлық мүмкін-

діктерін жасайды. Олар әр-түрлі ғылыми-мәдени орталықтарға және Ресейге комитет кітапханасын толықтыруға өтініштер жазып жіберіп отырады. Осындай Жетісу облыстық статистикалық комитеті мүшелерінің жүргізген жұмыстары барысында кітапхана қоры жылдан-жылға көбейе бастайды. Кітапханаға түсіп жатқан кітаптар тек университет кітапханаларымен қатар, басқарма және қоғамдық мекемелерден және жәрдем берушілерден жинақталды. Жәрдем берушілер:

1. Ботаникалық бақ императорынан – 53,
2. Санкт-Петербург университетінің шет тілдері факультетінен – 23,
3. Николаев атындағы физика обсерваториясынан – 17
4. Профессор В.В. Сапожниковтан-2
5. Доктор М. Фридрихсен -1-у болды. Мерзімді басылымдарды Жетісу облыстық статистикалық комитетінің кітапханасы ғылыми қоғамдардан және Ресейдің жоғары оқу орындарынан: Орыс географиялық қоғамы, Түркістан, Орынбор, және Семей қоғамдары, Қазан, Харьков, Киев университеттерінен алады.

1905 жылғы Жетісу облыстық статистикалық комитетінің есебі бойынша кітап сатып алуға 30 сом 62 тиын жұмсаған. Оның ішінде: Кожевниковтың «Тарихи-жаратылыстану коллекциясын құрастыруға басшылық», «Ресей құстары» және т.б. Сонымен қатар 162 сом 30 тиынға 45 томнан 82 томға дейін, кітапханада бар 45 томға жалғастырылып Брокгауз және Эфронның энциклопедиялық сөздігі болды. 1906-1907 жылдар ішінде кітапханаға 714 кітаптар түскен. Жетісу облыстық статистикалық комитетінің кітапханасы жылдан-жылға өсе түсті. Егер 1902 жылғы қаңтар бойынша кітапхана қорында 1.435 тақырыпта дана кітаптар, 2.693 түптелінген кітаптар болса, 1906 жылғы қаңтарда кітапхана қорында 2.321 тақырыпта дана кітаптар және 3 681 түптелінген кітаптар болды. Сонымен соңғы төрт жыл ішінде кітапхана қоры 876 тақырып дана және 988 түптелінген кітаппен толықтырылады. 1912 жылғы қаңтар айы бойынша кітапхананың кітап қоры 6 000 құраса, оның 3.500 тақырыптық даналарды құраған, ал, кітапхана қоры өскен сайын, оларды орналастыру мүмкін болмаған. Жетісу облыстық статистикалық комитеті мүшелері кітапхана қорын сақтау үшін ше-

неулік Сапожниковтің 6 бөлмелі үйін жалға жылына 300 сомға алады. Бірақ та бір жалға алған жерден екінші жалға алған жерге көшуде көптеген кітаптар белгісіз себептерден жоғалып жатады. Жетісу облыстық статистикалық комитеті мүшелері жинақталған бағалы байлықты сақтау барысында Ресейдің ішкі істер министрлігіне кітапханаға жаңадан мекеме құрылысын бастауға рұқсат етуге өтініш жазады. Бұл өтініштің жауабы 1908-1913 жылдар аралығына дейін созылады. 1911 жылғы 8 ақпанда Ресей қаржы министрлігінің орынбасары Покровский әскери министрлікке жазған хатында: Қауіпті жерге құрылыс жүргізу, оған бағалы коллекцияларды және кітапхананы орналастыру мүмкін емес. Верный қаласында жер сілкінісі кезінде талқандалған ғимарат өте қауіпті орында болғандықтан құрылыс жүргізу өте орынсыз, деп жауап жазады.

Кітапхана қорын Жетісу облыстық статистикалық комитеті мүшелері, Жетісу өлкесіне қатысты зерттеумен шұғылдандындар ғана қолданып басқа оқырмандардың кітапханадағы басқа кітаптарды қолдануға рұқсат етілмейді. Осыған байланысты Верный қалалық басқармасы Жетісу облыстық губернаторының алдына «1910 жылдың екінші жартысынан бастап Верный қаласында жергілікті тұрғындар арасында мәдени-ағарту қызметін өткізетін қоғамдық кітапхана ашу қажеттілігі туындап отырғанын және оның жанынан оқу залын ашып оған «қалалық кітапхана» деп аталуын ұсынады. 1911 жылғы 26 ақпанда қалалық басқарма Я.С. Щепкиннің басшылығымен Верный қалалық кітапхана комитетінің мәжілісі өтеді. Мәжілісте комитет, Л.Н. Толстойдың өліміне байланысты қалалық кітапхана ашып, оған жазушының есімін беруге шешім қабылдап, ашылу күнін 6 наурыз, сағат 12-ге белгілейді. Кітапхананың ашылуына дейін «Қалалық кітапхананың және оқу залының пайдалану ережесі» құрылады. Ереже бірнеше пункттерден тұрды.

1. Верный қалалық кітапхана қорында барлық салалар бойынша әдебиеттер және мерзімді басылымдар жинақталған.

2. Кітапхана қорын Верный қаласының барлық тұрғындары пайдалана алады.

3. Қалалық кітапхана кітаптарын ақылы пайдалану айына тағайындалады. Түптелген 2 кітапты алу 1 ретке – 15 тиын, 3

кітап – 20 тиын, 4 кітап – 25 тиын. Бағалы кітаптар үйге берілмейді.

4. Кітаптар үйге екі аптаға ал, ағымдағы мерзімді басылымдар бір аптаға ғана беріледі.

5. 8 күннен өтіп ұсталынған бағасы 5 сомдық кітапқа 1 күнге 5 тиын айып тағайындалып, 5 сомнан жоғары кітаптарға 10 тиын айып салынып отырды.

6. Верный қалалық кітапханасы жанынан қаланың барлық тұрғындары ақысыз кітаптарды, мерзімді басылымдарды пайдалана алатын оқу залы болады.

Л.Н. Толстой атындағы Верный қалалық кітапханасындағы кітап қоры арнаулы дүкендерден сатып алудан, жеке адамдардың жәрдем көрсетуінен, әртүрлі ғылыми және басқа ұйымдардан айырбас жасаудан толықтырылды. 1912 жылдары кітапханада 6000 томды құрайтын 3500 тақырыпта кітап қоры және Жетісу өлкесіне арналған ғылыми еңбектер, сирек кездесетін кітаптар болды. Кітапхана Қопал көшесінің (қазіргі Д.А.Қонаев көшесі) мұражай жанында орналасты. 1914 жылғы тексеріс кезінде кітапхананың кітап қорынан К.Маркс, А.Серафимов, Б.Тана, П.Кропаткина шығармалары шығарылды. Осы кезде патшалық құрылыс өлкеге революциялық әдебиеттердің енуіне қарсы күреседі.

Кітапхана Жетісу қаласының ғылым және мәдениеттің орталығы болды. Осы кезге дейін кітапхана меңгерушісі Б.Пономаревтің құрастыруымен жасалған каталог 1913-1915 жылдардағы қордағы кітаптардың мазмұнын талдауға мүмкіндік береді. Кітапханадағы кітап қоры 4,590 дана кітаптар және журналдардың 50 пайызы көркем шығармалар және балалар әдебиеті, 28 пайызы журналдар, 10 пайызы дін әдебиеті, тек 12 пайызы әр салалар бойынша жинақталған әдебиеттермен толықтырылады.

XX ғасырдың басында Жетісу облысының уездік орталықтарында Қопалда, Аягөзде, кітапханалар ашыла бастайды. 1900 жылы Лепсинскіде ақысыз кітапхана-оқу үйі ашылады.

Верный қаласында тұрғылықты мұсылман халқына білім беру және ағарту мақсатында рухани-өнегелі қанағаттануына басқарушылардың рұқсатымен ұйымдастырушылар 1907 жылы

ақылы және ақысыз мұсылман оқу залын ашты. Бас кезінде санаулы ғана кітап болса, уақыт өткен сайын басқармалардың күш салуының арқасында 1913 жыл аяғында кітап саны қазақ тілінде 920 дана, орыс тілінде 734 дана, қазақ тілінде газеттер 7, журналдар 12-ге дейін, орыс тілінде газеттер 5, журналдар 2 данаға дейін өсті. Алдыңғы жылдары оқу залын 2500 қазақ оқырманы, 1500 орыс оқырманы қолданса, соңғы жылдары қазақтар 7000 адамға және орыстар 4000 адамға өскен. Әрине, білімге деген ерекше ұмтылыстың кеңеюі қуанышты еді. Өсіп жатқан қымбатшылыққа қарамай халықтың рухани аштықты жеңуге ұмтылуы мұсылман кітапханаларының көптеп ашылуына кедергі болмады. Кітапхана-оқу залының ашылуы және қамтамасыз етілуі қойылымдардан, концерттерден өз еркімен жәрдем берушілерден түскен қаржыға ашылып қамтамасыз етіліп отырды. Жиналған қаржылар бір-бірін бүтіндеуге әрең жетіп отырған. 1913 жылдары жарналардан түскен 125 сом жылдық жарықтандыруға ғана емес, ал оның арасында кітап және қазіргі заман басылымдарды жаздыртып алу, тұрған мекемені жылытуға, кітапханашы еңбегіне, күзетшіге, ғимараттың тазалығын сақтауға адам жалдауға жетпеді. Верный мұсылман кітапхана оқу үйі басқармасының председателі - З.Т.Тазитдинов 1913 жылғы 25 қарашада Верный қалалық думасына, мұсылман кітапхана-оқу залына жыл сайын жәрдем ақша бөліп тұруына өтініш білдірді. Өтінішпен қоса 1907 жылы 27 қаңтар айында құрған Верный мұсылман кітапхана-оқу залының ережесін жіберді. Верный мұсылман кітапхана-оқу залы Верный қалалық қоғамымен құрылды және төмендегідей мақсаттан тұрады:

- Тұрмысы төмен мұсылмандарға кітапты тегін пайдалануға мүмкіндік беру, ал қалған мұсылмандарға аз ғана көлемде ақылы кітап, журнал, газеттерді, арнаулы басқа басылымдары қолдануға мүмкіншілік тудыру;

- Кітапхана-оқу залы екі бөлімнен тұрады: ақылы кітапхана-оқу залы, ақысыз кітапхана-оқу залы. Екі бөлімде бір ғимаратта орналасқан, бірақ әр қабатта, жеке бөлмелерде. Екеуіне бір Верный мұсылман кітапхана-оқу залы атауы берілген.

Кітапхана-оқу залының қаражаты:

- ұйымдастырушылар және жарна төлеушілерден,
- қалалық басқарма мекемелерінен,
- жеке адамдар мен әр-түрлі мекемелерден,
- қойылымдардан, концерттерден,
- лекциялардан, ыстық шай сатумен, жаз уақыттарында қымыз сатудан түскен қаржымен қамтамасыз етіледі.

Кітапхана-оқу залының басқарылуы:

1. Кітапхана-оқу залының жұмысы кітапхана кеңесінің мүшелерімен басқарылады. Мүшелікке кіретіндер бірден 50 сом немесе жыл сайын 5 сом жарна төлеуге міндетті. Кітапхана-оқу залы мүшелігіне алғашқы құрушылардан, кітапхана кеңесімен қабылданды;

2. Кітапхана-оқу залын меңгерушілікке оның мүшелері жыл сайын өз орталарынан қамқоршыны сайлайды;

3. Кітапхана-оқу залы қамқоршысы үкіметтің алдында кітапхана-оқу залының белгіленген ережесіне және үкіметтің жарлықтарын бақылауға жауапты болады;

4. Кеңес мүшелерінің құрамы кітапхана-оқу залының отырыстарында анықталады;

5. Түсіп жатқан барлық қаржы көмектер кітапхананың мұқтаждығына немесе қаланың басқа бөлімдерінде оқу залын ашуға жұмсалынады;

6. Кітапхана-оқу залына кеткен шығын есептерінің тәртібі кеңес мүшелерімен анықталады;

7. Жыл сайын кітапхана істері мен есептерін тексеру үшін оның мүшелері өз орталарынан сенімге кірген адамды сайлайды;

8. Кітапхана-оқу залының кітапханашысы кеңестің тағайындауымен оның мүшелерінің отырыстарында анықталады және жұмыстан шығарылады;

9. Кітапханашы кеңес мүшесінің ішінде есептелінеді және оның іс-қағаздарын басшылыққа ала отырып оның инвентарлық кітабы және басқа кітаптарын жүргізе отырып жыл сайын кітапхана-оқу залы қызметінің есебін жасайды;

10. Кітапханашының жасаған есебі кітапхана-оқу залы мүшелерінің отырыстарында талқыланады;

11. Кітапты жаздыртуға қаржыны табу, оның тізімін құру, кітапхана-оқу залының кеңесінің міндетіне кіреді;

12. Кітапхана-оқу залында кітап оқу кеңестің белгіленген бір уақыты бойынша аптасына бір рет ашылады. Кеңес сонымен бірге кітапты үйге беру күні мен уақытын тағайындайды;

13. Кітапхана-оқу залы кеңесінің тәртібі және уставындағы өзгерістер мен толықтырулары облыстағы іскери губернаторға ұсынылады.

Ақысыз кітапхана-оқу залының тәртібі:

1. Кітапхана-оқу залының кітап қоры, жыл сайын ереже бойынша халық кітапханаларынан жіберілген кітаптар және мерзімді басылымдармен толықтырылады;

2. Ақысыз кітапхана-оқу залын Верный қаласының жергілікті мұсылмандары пайдалана алады;

3. Верный қаласында және жақын маңда уақытша тұратындар кітапхана-оқу залын қолдауға ақшамен немесе кітаппен жәрдемдескенде ғана пайдалана алады;

4. Кеңес мүшелерінің отырыстарында бекітілген «кітапты оқу және үйге алу» ережесі кітапхана-оқу залының көрнекті жерлерінде ілініп тұрады;

5. Үйге берілген кітаптар белгіленген ереже уақыты бойынша қайтарылады;

6. Мерзімінен өтіп кеткен немесе кітапты бүлдіргеніне айыпты кеңестің белгіленген сомасымен өндіріледі;

7. Кітапхана-оқу залы тәртібін бұзғандар кеңестің белгіленген мерзімі бойынша кітапты пайдаланудан айырылады.

Ақылы кітапхана-оқу залының ережесі:

1. Кітапхана-оқу залын қаланың және уездің мұсылмандары қолдана алады;

2. Мемлекеттік мекеменің бақылауындағы баспа басылымдарының 179-шы бөлімінің ережесіне орай кітапхана жыл сайын журнал, газет және басқа арнаулы басылымдарды жаздыртып, толықтырады;

3. Кітапхана-оқу залында кітап оқу және үйге кітап алу және ашылуы, кеңестің белгілеген күні мен уақытысы бойынша жүргізілінеді;

4. Кеңеспен тағайындалған оқу залында кітап оқу жылына 2 сом, айына 20 тиын, күніне 5 тиынға есептелінген;

5. Үйге кітап алу айына бір кітапқа 25 тиын, жылына 3 сом, ал екі кітапқа айына 35 тиын, жылына 4 сом, үш кітапқа айына 50 тиын, жылына 6 сом тағайындалады;

6. Кітапхана-оқу залына жазылушылар жылына бір рет қабылданып, әрқайсына төленген сомасының квитанциясы беріледі. Жазылуға төленетін ақша алдын-ала төленеді;

7. Кітапхана-оқу залының жаңадан алған кітаптарының тізімі көрінетін жерге хабарламамен ілініп, газет, журналдар кітапханашы кабинеті столының үстінде орналастырады;

8. Жазылушылардың кітап, газет, журналдарды пайдалану уақыты кеңестің белгілеген уақыты бойынша қолданылады.

Қоғамдық кітапханалар

Қазақстанның басқа да қалаларында, Омбыда 1893 жылы, Қазалы, Арал, Әулие Атада 1900 жылдан бастап қоғамдық басқарманың кітапханалары жұмыс істей бастайды[19]. 1900 жылы Атбасарда, Маңғышлақтағы Александровск фортында кітапхана ашылады. 1902 жылы Көкшетау уездінің Владимирск ауылының тұрғындары оқу үйін ашуды өтінеді. Ақмола, Павлодар, Петропавловск, Көкшетауда бірнеше ауылшаруашылық кітапханалары орналасты. 1902 жылы Петропавлда бірінші кітапхана-оқу залы ашылып, ол пішен базарында орналасады. Оның кітапханашысы Герман Иванович Мазик тағайындалады. Кітапханада 1905 жылы кітапхана оқырмандары 2859–ды құрады. Кітапхана оқырмандарына 476 оқулар, жаңа қойылымдар өткізіп отырды. Кітапханада жыл сайын 13 тақырыпта мерзімді басылымдарды жаздыртып алып отырды: «Ремесленная газета», «Вестник знаний», «Деревня», «Журнал для всех» және т.б.. Кітапхана жыл бойында демалыс, мейрам күндерін қоспағанда таңғы 9-дан кешкі 8-ге дейін жұмыс істеді. Кітапханаға күнделікті 70-80 оқырмандар қатынап отырды. Бірақта оқу залында бәрі ойдағыдай болмады. Кітапхананың жазып қалдырған естеліктері бойынша: кітапхананың орналасу жері өте көптеген

келеңсіз жағдайлар туындатты. Кітапхана-оқу үйінің орналасқан ғимаратының панасыздар үйіне жақын орналасуы, олардың теріс әрекеттері кітапхана жұмысына кедергі тигізіп отырды. Кітапхана-оқу үйіне келетін оқырмандар панасыздардың мас күйінде келіп ұрыс шығарып, олардың былапыт сөздерін амалсыз тыңдауға мәжбүр болатын. Оқырмандар абонемент бөлімінде кітап таңдап жүрген кезде, олардың сырттағы аяқ-киімдері ұрланып отырады.

1903 жылы Көкшетау қаласында кітапхана, оқу үйлері ашыла бастады. Көкшетау кітапхана-оқу үйінің кітапханашысы - В. Семенюк тағайындалды. 1905 жылдары оқырмандардың 5271 әдебиетке сұранысы болса, кітапханаға жазылушылар саны - 7360 болды. Кітапхана қоры 655 данаға өседі.

1905-1907 жылдардағы орыс революциясы Қазақстанның еңбекші халқына үлкен саяси тәрбие берді. Патша мен буржуазияға қарсы өлкеде демократияның қайта құрылуы, революциялық пролетарлық күреске большевиктік партияның басшылық етуі - елдің экономикалық, мәдени өмірінде жаңалықтар әкелді. Революция - кітапхана қызметкерлерінің қоғамдық саяси өмірінде қарқынды қатысуларына мүмкіндік туғызды. Революция - елдің қоғамдық-саяси әдебиеттерді оқуға талабын оятып, қоғамдық көпшілік кітапханаларда жұмыстың жандандырылуына әсерін тигізді. Оқырмандар саны көбейіп, халық арасында ағарту жұмыстары жандандырылды. Орталық комитет жергілікті партия комитеттеріне кітапхана жүйелерін көбейтуге, оларды тек қана аудандық комитет жанынан ғана емес, фабрика, заводтар ашуға міндеттеді.

1905 жылы Зерен селосында, Павловскіде, Преображенскіде, Каменскіде, Кривдерскіде кітапханалар ашылды. Осы тұста Қазақстанның солтүстік уездерінде оқырмандарға қызмет көрсетудің бір түрі - жылжымалы кітапханалар қызметі тарай бастайды. 1907 жылы олардың саны бірнеше есеге өсті. Петропавл уезінде 35, Көкшетауда 42, Ақмолада 11, Атбасарда 10-ға жетті. Осындай кітапханалардың жұмысын ұйымдастырушылардың бірінің жазған естелігінде: “Шет жердегі елді мекендердегі оқырмандар үшін қаржы тапшылығы үлкен кітапхана ашуға мүмкіндік болмағандықтан «жылжымалы

кітапханалардың» рөлі зор болды. Жылжымалы кітапханалар 63 елді мекенге қызмет көрсетті”, - делінген.

1905-1907 жылдардағы революция нәтижесінде қоғам өміріндегі өзгерістер қалада ғана емес, ауылдық жерлерде де болады. Бұл кітапхананың дамуына әсер етеді. Ауыл кітапханалары байлар мен шаруалардың сыйға берген кітаптары есебінен, Омск және Петропавловск қалаларының кітап дүкендерінен, кітап дүңгіршектерінен, базарлардан сатып алынған кітаптармен толықтырылды. 1905-1907 жылдары Урдада мұғалімдер ұйымының жасырын кітапханасы ұйымдастырылып, кітапхана қызметкері - Қазақстандағы кеңес өкіметіне белсенді қатысушы мұғалім - С.М. Мендешев болады.

1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалыс кезінде Петропавл уезінде 47 кітапхана болды. Петропавл қалалық кітапханасы маңызды жұмыстар жүргізеді. Оған жеке бөлме бөлініп, абонемент бөлімі жұмыс істеп, шайхананың жалпы залында кітап оқуға рұқсат етіледі. Келушілер осы жерден газет, журнал, кітаптар қарап, оқиды. Абонемент күнделікті жұмыс істеді, ал оқу залдары шайханамен біріге отырып жұмыс істейді. Үйге кітап алушыларға ақысыз қызмет көрсетіп, кітапхана меңгерушісі Г.И. Мазим шайхананың касса меңгерушілігін бірге атқарады.

Орынборда шығатын «Степь» газетінде 1906 жылы 30 қыркүйектегі 120-ы нөмірінде «Қостанайда төменгі білім беру қамқорлық орталығы және қалалық басқарма жанынан 1899 жылғы 1 маусымда ақысыз кітапхана құрылып, жиналған 17 сом көлемдегі қаржыға кітапхананы кітаптармен толықтырылғаны жайында» мақала жарық көреді.

1907 жылы наурыз айында Қостанай қаласының тұрғындары сенім берген адамдары Торғай облыстық әскери губернаторына кітапхана ашу туралы өтініш жазады. Бұл өтініш «Халық үйіндегі кітапхана», „Бастауыш білім беру қамқорлық кітапханасы“, „Қалалық басқарма кітапханасы“ жергілікті халықтардың кітапқа, журналға деген талабын қанағаттандыруға тиіс, екенін ескертеді. Бірақ, Қостанай уезі бастығы: „кітапхананы ұйымдастырушылардың саяси сенімсіз адамдар екенін айта келіп, олардың негізгі ойы халықтардың арасында ре-

волюциялық бағыттағы кітап пен брошюраларды кеңінен тарату, сондықтан да ол адамдарға ашуға рұқсат беруден, тек зияннан басқа ештеңе күтуге болмайды“, деп жазады әскери губернаторға.

Осы келтірілген материалдарға қарағанда көпшілік, қоғамдық, халықтық кітапханалардың халықтар арасында білімді тарату мен олардың мәдениетін көтерудегі орны ерекше болғанын, бірақ патша жағдайында, олардың мүмкіндігі де өлшеулі және мардымсыз еді. Мемлекеттен ешқандай материалдық көмек болмағандықтан, қоғамдық және халықтық кітапханалар жеке адамдардың және қоғамдық мекемелердің жәрдем беруінен түскен қаржыға тікелей байланысты болды. Сондықтан да, кітапханалар қажетті қаражаты болмағандықтан, керегінше жаңа әдебиеттерді сатып ала алмай, кітапхана штатын көбейте алмайды.

1907 жылы қалалық басқарманың шешімі бойынша Торғай қаласында қалалық қоғамдық кітапхана және оқу үйін ашу шешімі ереже қабылдайды. Бекіткен ереже бойынша: біріншіден, орыстың ұлы жазушысы Н.В. Гогольдің құрметіне атау, екіншіден кітапхана қорында оның толық шығармаларының болуын қадағалауды міндеттейді.

1907 жылы Торғай облысының өкілдері үкіметке халық үшін кітапхана ашу мақсатында өтініш білдіргенде, Қостанай уезінің басшылығы: Қостанайдағы «Халық үйі жанындағы ақысыз оқу залы», «Бастауыш білім беру қамқорлығы», «Қалалық басқарма» жанындағы кітапханалар, осылардың бәрі халықтың кітап және газетке оқуға сұранысын қанағаттандырады және кітапхана құрушылар саяси сенімсіз адамдардан құралған, олар халық арасында революциялық бағытта кітап және кітапшаларды таратушы. Сондықтан кітапхана ашуға рұқсат бермейміз, олардан тек қана зиян күтуге болады», деп көрсетеді. Осындай тұрғыда өтініш Көкшетау, Атбасар, Ақмола, және губерниялар мен уездерден келіп жатты. Олар үкіметке қарсылық білдіре отырып, бар ұмтылыстарымен халықтық кітапханалардың қоғамдық және мәдени маңызын қанағаттандыруға ұмтылады. XX ғасырдың басындағы революциялық қозғалыстар және қоғам өміріндегі өркендеу, әр түрлі кітапхананың ашылуы-

на әкелді Патша үкіметінің саясатына халық ағарту саласы бойынша революциялық-демократиялық қоғамдар күреседі. Олар халық кітапханалары және мәдени ағарту мекемелері арқылы көпшілікке революциялық қозғалыстарды насихаттайды. Үлкен насихат жұмыстары «халық кітапханаларында» және Орал, Петропавловск, Семей және басқа да қалаларда жасырын үйірмелер ұйымдастырылады. Осы тұста діни көзқарастардың өрістеу кезеңі болды. Мұсылман дін басылары халық арасында ислам сенімдерін қазақ тілінде насихаттап, мазмұнын бағыштайды. Әсіресе, патша өкіметі халық арасында өз қызметтерін көбейтеді. Олар монархиялық және діни әдебиеттерді таратып, ішкі істер министрлігі кітапхана мен оқу үйлеріндегі кітаптардың құрылымын тексеріп, арнайы бұйрықтар шығарып оны толықтырды. Бұйрықтардағы мәліметтерде, кітапхана және оқу үйлеріне, халыққа діни-ағарту және патриоттық оқулар ұйымдастыруды міндеттеді. Қамқорлық қоғамдары белсенді түрде алыстағы жеке елді мекендерде өз қызметтерін жүргізеді. 1910 жылдары үкімет мешіттерді көбейтуде мемлекеттен қаржы бөліп, діни ағарту мекеме қоғамдарын құра бастады. Мешіттер және дін басыларының ашқан кітапханаларында діни кітаптардың кең түрде таралымы болды. Кітапханалар оқу ведомствосына беріледі. Губерниялық, уездік және қалалық мекемелер кітапханаға басшылық жасаудан шеттетіліп тек қана қаржы жағына көмектесіп отырды. Орыс капиталистері ағарту мекемелеріне буржуазиялық идеологияны енгізуге, көпшілікті революциялық күрестен шеттетуге қолдауды көздеді. Сол себепті олар жұмысшылар үшін өлкеде кәсіп өндірісінде кітапханалар ашады. Бұл кітапханалар белгілі бір маңызды рөл атқарды. Кітапханалар оқырмандарды кітаппен қамтамасыз етуде болды, бірақ олардың қорында дін әдебиеттері ғана болғандықтан, еңбекшілердің білімге, кітапқа деген талабын орындай алмады. Өлкелерде кітапхана жүйесінің прогрессивті өсуінің мәні - мәдени-ағарту қоғамдарының өз қызметін, тек Верныйда, Көкшетауда, Ташкентте, ғана емес, сонымен бірге губерниялық және уездік өлкелерде құрылды. В.И. Лениннің басшылығымен большевиктік партия - мәдениет және халық ағарту саласының демократиялық қайта құрылуы үшін күресті.

Бірінші революция жылдары большевиктер халық ағарту жүйесінің реакциялық жойылуына қарсы күресті. Большевиктер халыққа патша самодержавиясының халық жауы екендігін, экономика, саясат, мәдениет өмірінде зиян келтіргендігін түсіндіреді. Большевиктік комитеттердің шығарған листовкаларында: полиция, жоғарғы басшылықтағылар, армия үкіметке тек халықты қараңғылықта және надандықта ұстау үшін кітапханаларды жауып, жиналыстарды болдырмай, мағынасыз кітаптарды ұстатқаны жазылады.

1908-1909 жылы Оралда В. Шапошникованың және Донскіде социал-демократ С. Шалявинаның жеке кітапханаларын тексеру кезінде кітапханада 3 мыңнан аса рұқсат етілмеген кітаптар және брошюралар табылады. Іздестіру кезінде, кітапхананың біреуі теңдік кезінде құрылған үйірмеге жататынын, онда жасырын әдебиеттер болғаны анықталады. Оның бір бөлігі кітапханға, ал бір бөлігі өз білімін жетілдіру үйірмесіне қарайды. Мұрағат құжаттары бойынша кітапхана социал-демократтардікі болады. Кітапхана қорын В.И. Ленин, К. Маркс шығармалары да толықтырады. Осындай жасырын кітапханалар жұмысшы және Орал темір жол станциясының қызметкерлерінің үйінде табылады. Патша басшылығының ареске жабу, құрту қатаң шешімдері материалдық қаржыландыруды шектеген болса да, кітапхана қызметкерлері марксизм-ленинизм шығармаларын белсенді түрде насихаттайды. Патша үкіметі бар күш-жігерін жұмсаса да, кітапхана жүйесінің өсуі толастамайды. Кітапханалар мен оқу үйлерінде революциялық мазмұндағы брошюралардың халық арасында кең таралуын көре отырып, патша үкіметі, кітапханаларда тексеруді күшейтіп, кітаптарды шығарып тастауды бұйырады. 1908 жылы «Союз» одағы өзінің жеке бөлімдеріне ауылдарға прогрессивтік газеттерді жібермеуге бір шешім қабылдауға бұйрық береді. Түркістан өлкесінде патша үкіметінің қорғаушылары «Союз русского народа», «Союз туркестанских офицеров» одақтары Ақтөбе өлкесіндегі қалған кітапханалардың кітап қорын толықтыруға, оқырмандардың газет және журналдарға жазылуына, оларды көпшілік оқырмандарға жеткізу міндеттерін қойды. Материалдық базаның жетіспеушілігі кітапхана ісінің дамуын

тоқтатып отырады. Осындай қиыншылықтарға байланысты мәдени-ағарту жүйесіндегі мемлекеттік бюджеттен алынып және жергілікті бюджетке ауыстырылып, әсіресе ауыл-село аудандарда өте мардымсыз болады. Шаруашылық есепке көшуі көптеген бірқатар оқу үйін және басқа саяси мекемелердің жабылуына соқтырды. 1908 жылдарда Қостанайда бірнеше кітапхана болады. Соның бірі халық үйінде 2 кластық орыс-қазақ училищесінің кітапханасы. 1912 жылы Ырғыз қаласында татар және қазақ тұрғындары кітапхана-оқу залын ұйымдастырады. Ұйымдастырушылардың бірі - Ғаббасов Ниғматулла, Файзуллин Адам Телазетдин, Чистополь уездінен Мағдиев Ахмет-Шариф.

1913 жылы Лепсіде қоғамдық басқарманың кітапханасы жұмыс істеді. Ал Атбасар уезінде бірнеше кітапхана болады. Ауыл кітапханалары Ново-Александровск, Маринск, Покровск қалаларында болды. Арын-Балық, Балкамена станцияларында кітапханалар құрылады. 1914 жылы тағы бір топ адамдар - А. Исмағұлов, Н.Г. Ғаббасов, А. Якубов, А. Сүндыков және т.б. Ырғыз қаласындағы халықтық кітапхана оқу залын ашуға, оған жауапты саудагер Ияцкойды тағайындау рұқсат қағазын жазады. Осы жылы Ақмола облысында 44 ауылдық кітапхана, ал Семей облысында 89 кітапхана ашылады.

1914 жылы қаңтардағы статистикалық құжаттардағы тиісті деректер бойынша Қазақстанда барлығы 139 кітапхана (бұған мектеп, ғылыми және арнайы кітапханалар кірмейді) жұмыс істеген, оның 44-і қалалық, 95-і селолық кітапханалар. Ондағы кітап қоры 98 мың данаға жетті. Кітап қорлары Қалалық кітапханалар үлесіндегі кітап қорлары 530044 болса, ал селолық кітапханалар қорында 47700 дана кітаптар болған, бұлардың арасында қазақ тілінде мүлдем кітаптар болмайды.

1916 жылы Ақтөбе уезінің Қынбай ауылында ақысыз кітапхана - оқу залы ашылады. Оны ұйымдастырушылар: Мирон, Кольченко, Захарий, Богадей, Анатолий Валенкин болды. Сонымен қатар, Сырдария облысында және қалаларда кітапханалар біртіндеп ашыла бастайды. Осы кезең ұлтазаттық революциялық қозғалыстың өлкеде дамуымен тап келеді. Көпшілік кітапханалар мен халықтық оқу үйлеріндегі кітапхана жағдай-

ларынан, оның жұмыс нәтижелерінен төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Қазақстандағы кітапхана жүйелерінің өсуі қоғамның және халық бұқарасының өз әрекетінің жемісі болды;

2. Кітапхананы қаржыландырудың көздері қоғамның өз еркімен жәрдем берушілерден, жарна төлеуден түскен қаржымен қаржыландырылды;

3. Қоғам кітапханалары өлкенің басшылығынсыз еш көмегінсіз ашылды;

4. Революцияға дейінгі кітапханалар Қазақстанда көп жылдан бері жинақталған қормен толықтырылады.

Қазақ және орыс интеллигенциясы жергілікті халықтың білімінің дамуына, сауаттылығын көтеруге көп күш жұмсайды. Халықтың кітапқа деген қызығушылығы, қажеттілігі туындады. Осындай жағдайлар Қазақстанның көптеген аймақтарында орын алады. Кітапханалардың пайда болуы, дамуы, қаржылық жағдайының реттелуі, Қазақстанның әлеуметтік жағдайының мәдениетінің дамуының деңгейінің көтерілгендігін айқындайды.

Бақылау сұрақтары:

Қазақстанда мәдени өмірдің қайнар көзіне қай кезенді атауға болады?

Қазақстандағы кітапхана ісіне септігін тигізген ойшылдар кімдер?

Қазақстандағы кітапхана жүйелері кімдердің көмегімен өсті?

Кітапханаларды қаржыландыру қалай жүзеге асты?

Қоғам кітапханалары қалай ашылды?

Революцияға дейінгі кітапханалар қоры немен толықтырылды?

КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІТАПХАНА ІСІ (1917-1920 ЖЖ.)

Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі кітапханалардың қалыптасу ерекшеліктері

Елде азамат соғысы аяқталғаннан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіруге үлкен күш керек болды.

Қазақстан Кеңестік социалистік республикасында халық шаруашылығымен бірге мәдени-ағарту жұмыстары белсенді түрде дами бастайды. Кеңес үкіметі жылдарында қазақ халқының мәдениет деңгейі және саяси көзқарасы өсеі. Ұлы Қазан төңкерісінен кейін қоғамның әлеуметтік қайта құрылуы, ағарту саласында қайта жаңа адам тәрбиелеуде үлкен жұмыстар талап етіледі. Коммунистік партия және Кеңес өкіметі жұмысшылар мен шаруаларға болып жатқан жаңалықтарға саналы түрде түсініктерінің қалыптасуына үлкен көңіл бөлді. Халықтың саналы көзқарастарының пайда болуына мемлекет күшінің, пролетариат диктатурасының күші мығым болады.

Халық арасында Қазан төңкерісі қазақ халқының мәдени өміріне үлкен өзгерістер әкеледі.

Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда кітапхана ісінің қалыптасуы қиын жағдайда өтті. Бұған көптеген қозғаушы факторлар әсер етті. Соның ішінде: біріншіден, республика аумағында ұзақ уақыт соғыстардың әсерінен кітапханалар жойылды. Екіншіден, кітапхана білімінің дамуы өте баяу өсті, кітапхана мамандары жоқтың қасы болды, сондықтан кітапхана жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыруға мүмкіндік болмады. Үшіншіден, революцияға дейін кітапхана мамандарын даярлайтын және мамандығын көтеретін ешқандай жоғары оқу орындары болмады. Кітапхана жұмысын халық мектептердегі мұғалімдер қосымша жүргізіп отырады.

Осы кезеңде кітапхана ісінің даму қарқыны өте әлсіз болды, себебі, көптеген қызметкерлердің материалдық жағдайының нашарлығынан кадрлардың жұмыстан кетуі себеп болды. Кітапханашылардың материалдық жағдайы туралы мәселелер сол жылдары баспа беттерінде, конференцияларда, съездерде, мәжі-

лістерде көтерілініп отырды. Кітапхана жұмысы сауатсыздықты жоюдың негізгі каналы ретінде болғандықтан, мектеп қызметкерлері кітапханаларда, оқу залдарында қосымша қызмет істейді.

Халық комиссарлары бекіткен «РСФСР-да кітапхана ісін орталықтандыру» декретінде В.И. Лениннің «Халық ағарту комиссары жұмысы» мақаласында: «Елде 50 мың кітапхана құру мәселесін көтерді». Лениннің бұл тапсырысын орындауға үлкен ұйымдастырушылық жұмыстары талап етілді, ең алдымен жоғары және орта сатыда кітапхана-библиографиялық кадрларын даярлау. Декретке орай, кітапхана жүйелерінде мамандандырылған кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында, қысқа мерзім ішінде даярлаудың әр түрлері қолданылады.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қалаларда, өндіріс орталықтарында тәрбие орталықтары: кітапханалар, жұмысшы клубтары, оқу үйлері, қызыл отаулар қызмет көрсетті. Олардың міндеті - көпшілікке саяси ағарту ұйымдарын құру керек болды. Азамат соғысы аяқталып, кеңес елі бейбіт құрылысқа көшкен кезде халық арасында жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарының маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Бұл істі басқаратын бір-ыңғай орталық құрудың қажеттілігі айқын сезіле бастады. Қазақ өлкелік комитеті шешімінде кітапхана желісін жетілдіру мақсатында, облыс орталықтарында кітапханалар ұйымдастыру қажеттілігі көрсетіліп, саяси-ағарту орындарының кітапханаларының кітап қорының сапасын, мазмұнын жақсартуға, ескірген, төмен идеялы кітаптарды анықтап, т.с.с. жұмыстарға көмек көрсетуін міндеттеді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында республикада мәдени құрылыс жоспарын іске асыруға қажетті материалдық жағдайдың жоқтығы, ауылдардың бір-бірінен алшақтығы, оқыған және саяси даярлығы мол мамандардың жетікіліксіздігі, азамат соғысы, тағысын тағылар көп кедергі келтірді. Кеңес өкіметі орнасымен-ақ республикадағы кітапхана ісі мемлекеттік сипатқа ие болды. Басты мақсат барлық еңбекшілердің мәдени мұқтаж-дығын толығымен қанғаттандыра алатын кітапхана желісін құру. Осы кезеңде кітапхана жүйелерінен гөрі оқу үйлері дами бастайды.

Кеңес өкіметінің бірінші жылдары кітапхана желісін құруда оқу үйлерінің дамуы қарқынды жүргізілінді. Жалпы сауатсыздықты жою барысында халықтың білімі мен мәдениетін көтеруде жергілікті ауылдарда оқу үйлерінің маңызы зор болды. Кейінірек елде қайта құру кезінде жаңа талаптарды орындауға оқу үйлері әлсіз болды. Себебі, республиканың басшы ұйымдары оқу үйлерінің дамуына мән бермеді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында кітапхана мәселесі жайындағы саясат қалыптасып, оның мақсаттары мен міндеттері анықталып, халыққа кітап беру қызметінің мазмұны мен әдістері айқындалды. Республикадағы кітапхана ісі мемлекеттік сипатқа ие болды. Басты мақсат барлық еңбекшілердің мәдени мұқтажыдығын толығымен қанағаттандыра алатын кітапхана желісін құру болды. Қазақ халқының тарихи қалыптасқан шаруашылық түрлерінің ерекшеліктері, өмір сүру сипаты жалпы көпшілікпен істелетін мәдени-саяси ағарту жұмыстарында ерекше формалар мен әдістерді қажет етті. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда және қазақ ауылдарында мәдениеттің басты ошағы көшпелі - қызыл отаулар болды. Қызыл отаулар мен оқу үйлері саяси-ағарту жұмыстарымен қатар, күнделікті кітаптар мен мерзімді басылымдарды берумен айналысты. Кеңес өкіметі нығая түскен сайын кітапхана желісі де кеңінен тарала бастады.

Коммунистік партияның мәдени-ағарту және кітапхана жұмысындағы міндеті мен рөлі

Қазан төңкерісінен кейін білім және ағарту жүйесіндегі басшылықты партия өз қолына алды. Қоғамдағы өзгерістерге орай кітапханашыларды қайта даярлау міндеті талап етілді. Елдегі мәдениет пен білімінің өсуі, кітапхана жүйелерінің дамуы, кітапхана мамандарын жоғары дәрежеде дайындау міндетін қойды. Соғысқа дейінгі кезеңде мәдени-ағарту қызметкерлерін саяси және кәсіптік оқытуда икемді және тез дайындау түрі – курстық жүйе болды. Орта және қысқа мерзімді уақыт ішінде кәсіби білім беруге мүмкіндік болды. Кадрлар даярлауда, «курстық жүйенің» негізгі кемшіліктері: оқу жоспарының және бағдарламаның болмауы, маман мұғалімдердің жетіспеушілігі және

оқитын топтардың бірыңғай еместігі көп кедергі келтірді. Бұл жұмыс нәтижесінің төмендеуіне әкелді. Курстық жұмыстың кітапханаларға әдістемелік көмек көрсетуде маңызы болды. Әдістемелік кабинеттер, кітапхана бұрышы құрылды, онда арнаулы әдебиеттер жиналып, мамандандырылған қызметкерлер бөлінді. Ауыл кітапханаларына әдістемелік көмекті аудан жанындағы кітапханалар көрсетеді.

1918 жылғы 8 шілдедегі «Заря свободы» газетінде «Семиречинск облыстарындағы кітапханаларды мемлекет меншігіне айналдыру» ақпараты жарық көреді. Бұл ақпаратта ағарту комиссарының қолы қойылған, оларды халық игілігі ретінде жариялап, барлық кітапханаларды ұлттықтандыру қаулысы шығарылғаны хабарланған. 1918 жылғы наурыз және маусым айларында Жетісу облысының халық комиссарлары Кеңесі Верный қаласындағы барлық баспаханаларды және кітапханаларды мемлекет меншігіне айналдырып, оларды халық игілігі деп жариялады. Революциялық комитет, жергілікті кеңестер кітапханаларды әдебиетпен қамтамасыз етіп, керекті қаржыны табуда шараларды іске асыра бастады. 1918 жылғы сәуірде Торғай облыстық шаруалар съезі кеңес құрылысына қатысты мәселелерін, арнайы мектептен тыс білім беру мәселелерін талқылап, үлкендерге арналған кітапхана-оқу үйін ашып, оларға халық оқуларын жүргізу шешімін қабылдады. Кітапханалар, оқу үйлерін ашу шешімі әр өткізілініп отырған жиналыстарда, конференцияларда қабылданып отырады.

Жас Кеңес өкіметі кітапхана ісіне ерекше маңыз берді. Кеңес өкіметінің қабылдаған қаулылары мен декреттері кітапхана ісі мен қызметкерлерінің қалыптасып, дамуында үлкен маңызы болды. Мысалы, Халық Комиссарлары Кеңесінің «Кітапхана ісін жолға қою туралы» 1918 жылғы 7 маусымдағы қаулысы; Халық Комиссарлары Кеңесінің «Кітапханалар мен кітап қоймаларын қорғау туралы» 1918 жылғы 17 шілдедегі декреті; 1919 жылғы 14 қаңтардағы Халық Комиссарлары Кеңесінің «Кітапхана ісін дұрыс жолға қою» қаулылары. Осы қаулылар барысында курстар, үйірме шараларымен қатар, Қазақстан аумағында алдыңғы тәжірибелі мектеп ретінде, үлгілі тәжірибелі кітапханалар ұйымдастырылды. Соның бірі - Орынбор ха-

лықтық кітапханасы. 1919 жылдары тәжірибелі кітапханашылардан құрылған кітапхана кеңесі ай сайын кітапхана жұмыстарына арналған сабақтар, курстар ұйымдастырып, жаңа үйреніп жүрген кітапхана қызметкерлеріне алғашқы әдістемелік оқу құралдарын құрастырды. Кеңес мүшелері айына 1 рет жиналып отырды. Кеңес мүшелері кітапханалар жүйесін ұйымдастыру, кітаптармен жұмыс істеу әдістері туралы мәселелері талқыланып, кітапхана жұмысы туралы ереже, нұсқауларын, кітапхана курстарының бағдарламаларын құрастырып отырды. 1919 жылғы тамыз, қыркүйек айларында Алматы уезінде орналасқан Мерке, Чалдовардағы байлардың, көпестердің үйлеріндегі кітапханаларды уақытша революциялық комитет өз қарамағына алады.

Барлық елде, соның ішінде Қазақстанда әр түрлі сауаттандыру мектептері, курстар, үйірмелер, сауатсыздықты жою пункттері ұйымдастырылды. Ұлттық ерекшелікті және тұрмыстық жағдайларды, әдет-ғұрыпты тереңірек сіңіру мақсатында үйде жеке оқыту кең көлемде дами бастады. Көшпелі халықтың жылжымалы мектептері, сауатсыздықты жою пункттерін қамтығанда оқытудың әр-түрлі формалары қолданылды. РСДЖП, (Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы) Қазақстан Республикасының кітапханаларын көрнекті құралдармен, жылжымалы және „стационарлық сауатсыздықты жою“ пункттеріне арналған инвентар кітапшалармен толықтырды. Мәдениет және халық ағарту салалары бойынша, оның ішінде кітапхана ісінің міндеттерін анықтауда партияның жаңа бағдарламасы және РК(б)П 1919 жылғы наурыз айындағы VII съезд шешімінің маңызы зор болды. Бағдарлама ережесінде: „Кітапхана – ұрпақты тәрбиелеуде ықпал етіп қана қоймай, коммунизмді орнатуда оқырманның қабілеттерін арттыруы тиіс“, деп мәлімдеді. Бағдарламада - өздігінен білім алуға, шаруа, жұмысшыларына көмектесуге, мектептен тыс білім алу мекемелер жүйесін құруға, мектеп кітапханаларында, халық үйлерінде, университеттерде курстар, лекциялар өткізу міндеттелді. Съезд селоларда көпшілік оқудың ұйымдастырылуын, халық арасында бағалы қоғамдық-саяси, ғылыми әдебиеттердің және маңыздылығы бар коммунистік рухта тәрбиелеуге арналған газеттердің таралуына

көңіл бөлді. Сонымен қатар, әр мектепте және селолардағы халық үйлерінде кітапхана-оқу залын ашуды міндеттейді.

Ауылдардағы әлеуметтік-экономикалық қайта құру, әдебиеттердің таралуы, шаруаларды саясатқа, мәдениетке тәрбиелеудегі жоспарлы жұмыстың күшейтілуі - Қазақстандағы кітапхана ісінің даму келешегіне үлкен мүмкіндіктер құрылды. Кітапханаларды Коммунистік партия және Кеңес өкіметінің қамқорлыққа алуы тарихта бірінші рет мемлекет жағынан маңызға ие болды. Республикада кітапхана ісінің дамуы және қалыптасуы, Ресейдегі осы сала құрылысымен бірге жүзеге асырылып, кітапхана ісі дамуындағы жалпы заңдылықтарымен байланысты болды. В.И. Ленин еңбектері, баяндамалары және РК(б)П Орталық Комитетінің қаулы-қарарлары, шешімдері - кітапхана саясатына негізделіп жүргізілінді. Бұл еңбектер және шешімдердің маңызы, біріншіден, саяси-идеялық мазмұны жағынан ұқсас болса, екіншіден, кітапхана жұмысына партиялық бағытына жөн сілтеді. В.И. Ленин еңбектері - бірыңғай кітапхана жүйесін ұйымдастыруда, кітапханалардағы кітап байлығын халық игілігіне айналдыруда, көпшілікті кітапхана құрылысына белсенді қатыстырудағы кітапхана құрылысының бастаушысы болды. Кітапхана құрылысындағы қайта құрудағы В.И.Лениннің пікірі, РКФСР үкіметінің кітапхана ісіне арналған декреттері, қаулылары арқылы жүзеге асып жатты. Мәдени-ағарту мекемелері, соның ішінде кітапханаларды әдебиетпен, қаражатпен қамтамасыз ету мемлекеттің көмегі арқылы жүргізілінді. Көпшілік қолданатын барлық кітапханалар ақысыз қызмет көрсетті. Кітапхананы қаржыландыру, мемлекеттің құрған сметасында жоспарланып отырды. Социалистік құрылысқа тезірек араластыру мақсатында революцияға дейін қиын жағдайларда болған шығыс облыстары мен аудандарындағы кітапханаларға көбірек көңіл бөлінді. Азамат соғысы кезіндегі асқан қиыншылықтарға қарамай, Кеңес өкіметінің бірінші жылдардағы күйзелісіне Коммунистік партия және В.И.Ленин Қазақстан және Орта Азия халықтарының мәдени деңгейін көтеруге ерекше мән береді.

1919 жылы 26 желтоқсанда В.И. Ленин «РКФСР халқы арасында сауатсыздықты жою» туралы Халық Комиссарлар Кеңесінің заңына қол қойды. Бұл құжат бойынша 8 жастан 50

жасқа дейінгі оқи, жаза білмейтін барлық еңбекші халық ана тілінде немесе қалауы бойынша орыс тілінде сауатын ашуға міндетті болды. Кеңес өкіметінің осы заңы негізінде Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1921 жылғы тамызда «16 жастан 50 жасқа дейінгі сауаты бар, көңіл көзі ашық адамдарды сауатсыздықты жою жөніндегі жұмысқа тарту туралы» қаулысын шығарады. Дегенмен сауатты адамдардың аздығы, қазақ тілінде оқу құралдарының жеткіліксіздігі, жергілікті бюджет кірістерінің халық шаруашылығы мен мәдениетті дамытудың қажеттерін өтей алмауы, бұл жұмысты кең өрістетуге мүмкіндік бермеді. 1919 жылдары азамат соғысының қиындықтарына қарамай облыстарда, өлкелерде, уезд орталықтарында кітапханалар ұйымдастырылды. Мысалы, наурыз айында 1919 жылы «Яйцкая правда» газетінде Орал қаласындағы кітапханалардың құрылуы жайындағы хабар жарыққа шығады. Соның біреуі мұсылман кітапханасы болды. Осы жылы Орынбор қаласында 24 кітапхана болса, соның 2-уі мұсылман, 5-уі оқу орындары жанынан, 1-уі ауылшаруашылық саласы жанынан, ал 54-і ауылдық жерлерде құрылады.

1919 жылдары жалпы Қазақстан Республикасы бойынша аудан кітапханалары 67, кітапхана жұмысшылары 144 адам, кітап қоры 69000, оқырмандар саны 92400, оқу үйлері 54, оның 54-і кітапхана жұмысшылары, кітап қоры 10620, оқырмандар саны 88800 адамды құрайды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында азамат соғысы және шетел интервенциясы жағдайындағы революцияның тағдыры шешіліп жатқанда, халық арасында саяси-ағарту жұмыстарының өрістеуінің үлкен маңызы болды. Оларға білімді, мәдениетті меңгеруге, жұмысшы табымен одақты нығайтуға көңіл бөлді. Кітапханалар - азамат соғысы және өте күшті тап күресі жағдайында бұқараға насихаттаудың басымды орталығы, Кеңес өкіметі жағына тартуға және оларды жауларына қарсы қою құралы болды. Баяндау хаттарында кеңес кітаптары, газеттері нашар таратылған жерлерде Кеңес өкіметіне жаулардың ықпал етуі басым болғанын көңіл аудара айтылады. Кітапханалар – халық арасында сауатсыздықты жоюға, еңбекшілерге білім беруге қажет болды.

Революциядан кейінгі жылдары Кеңес өкіметі кітапханаларды жаңа әдебиеттермен толықтыру мақсатында алдымен марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын және маңызды саяси әдебиеттермен толықтыруды жоспарлады. Бірақта, Қазақстанда Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында кітап шығару өте қиын жағдайда болды. Ешқандай баспа басылымы болмады. Бірнеше ескі жеке баспаханалар ғана болып, олардың тозығы жеткен құрал-сайманмен қатар, араб жазуы болмады. Жергілікті тілді білетін баспа мамандары аз болды. Осының бәрі кітап, газет, журнал шығару мүмкіндігін және кітапхана ұйымдастыруды тежеді. Осындай жағдай кезінде Мәскеуде болған Шығыс халқының «Орталық коммунистік ұйымының бюросы» ұлттық тілдегі саяси әдебиеттерді шығаруды қолға алды. 1919 жылдың басында 7 млн. дана газет, брошюраларды (кітапша) шығарады. Сөйтіп, баспа жұмыстарын «Шығыс халық комиссарлары» дамыта бастады. Олар 1918 жылдан 1919 жылғы қаңтарға дейін 6 млн. дана брошюралар мен өзбек, қазақ, татар және басқа тілдерде газеттер шығарады.

Барлық жерлердегі әскери бөлімдер клубтар, кітапханалар, ауылдарда оқу үйлерін жергілікті халыққа ұйымдастырып отырғанын мұрағат құжаттары дәлелдейді. 1919 жылғы қазанда 5-ші әскери 26-шы атқыштар дивизиясы саяси бөлімнің шаруалар секциясы Қостанай уезі аумағын 1000 данаға дейін әдебиеттермен толықтырады. 1919 жылғы маусым-желтоқсанда шығыс майданындағы 4-ші әскери саяси бөлімнің шаруалар нұсқаушылары Букеев және Орал облыстарында 13 әскери үйірме, 14 кітапхана және ауылдық жерлерде оқу үйін, 5 халық үйлерін құрады. Қазақстанда кітапхана құрылысы тез қарқынды түрде іске асырылып жатты. Сақталған мұрағат деректеріндегі құжаттардағы фактілер бойынша, сол жылдары кітаптарды көпшілікке насихаттау кеңінен дамымады. Кітапты насихаттаудың әртүрлі формалары, көбіне ірі губерния кітапханаларында ғана жүргізілді. Мысалы, Жетісу, Семей, Ақтөбе губернияларының кітапханаларында 1919 жылдары көрмелер қойылып, лекциялар, баяндамалар өткізілініп отырды. Көпшілік жұмыстар елді саяси өмірімен тығыз байланыстырды. Кітапхана жанынан сауатсыздықты жою курстары, үлкендер үшін саяси сауаттылыққа үйре-

ту үйірмелері ашылды. Оның оқырмандары жастардан, әйелдерден құралған қазақ халқы болды.

Петропавл уезінде 1920 жылы қыркүйекте 21 кітапханалар, 19 оқу-үйлері, 8 клуб жұмыс істеді. 1920 жылы жалпы республикада 199 көпшілік кітапханалар, 1478 оқу-үйлері қызмет көрсетті. Әлеуметтік мәдениеттің дамуына осы ошақтар қызметі жалпы халыққа үлкен көмек болды. Елдің жаңа экономикалық саясатқа көшуіне байланысты, халық шаруашылығын қалпына келтіруге және мәдениет құрылысына бөлінген қаржы қысқартылды. РКФСР саяси-ағарту комитетінің председателі Н.К.Крупскаяның жазған хатында: “Мемлекеттегі қаржының жетіспеушілігі саяси-ағарту мекеме жүйелерінің қысқаруына әкелді”, – деп көрсетеді. 1920 жылдың басында, мектептен тыс кеңес жұмысшылары және шаруалар депутаты бөлімдерінің құрамынан кітапхана секциясы бөлініп шығады. Солардың басшылығымен 1920 жылдың аяғында Қазақстанның көптеген облыстарында кітапхана жүйесін құру жобасы өңделінеді. Мектептен тыс бөлімдердің қызметкерлері Ресей тәжірибесінен бағалы мағлұматтарды алып отырды. Бұл жергілікті кітапхана қызметкерлеріне кітапхана жұмысының міндетін дұрыс анықтауға, ұйымдастырушылық жұмыстарын шешуге, жіберілген қателіктерден үйренуге көмектесті.

РКФСР Халық Ағарту Комиссариаты Қазақстанның мәдениет талаптарына үлкен көңіл бөліп, жаңа типтегі халықтық кітапханалардың жалпы демократиялық принциптерінің негізгі бағыттарын ұсынды:

– кітапханаларды тегін пайдалану;

– кітапхана жүйесін ұйымдастыру;

– халықты кітапхана ісіне кеңінен тарту болды. Кітапхана ісіндегі белгіленген принциптерінің Қазақстандағы кітапхана құрылысына енуі, Қазақстанда кітапхана жұмысының мазмұны жалпы кеңес кітапхана ісімен қалыптасты. Мектептен тыс кеңес жұмысшылары және шаруалар депутаты бөлімдерінің алдында бұрынғы бұқаралық қоғамдық, халықтық кітапханаларды қайта құру, оларды қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен толықтыру, халық арасында насихат жұмыстарын жүргізу міндеттері тұрды. Осы

тұста Семей губерниялық “ағарту бөлімінің секциясы” ерекше жұмыс атқарды. Ол көптеген уезд кітапханаларын тексеріп, олардың жұмысын қайта құруға жәрдемдесіп, кітапхана жүйесін құруға жоспар құрады. Ал, Қазақстан губернияларындағы кітапханалардың орналасуы әкімшілік, аумақ принципіне негізделді: орталық губерниялық, уездік, аудандық, болыстық кітапханалар және оқу-үйлері. Орталық губерниялық кітапханалардың құрылуы өлкедегі елдерге қызмет көрсетуді ұйымдастырудың жаңа бастамасы болды. Ол өз аумақтарында орналасқан кітапханаларға әдістемелік басшылық органы болып табылды. Көптеген Орал, Семей, Орынбор, Сырдария, Жетісу губерниялары мен болыстық елді мекендерінде жылжымалы кітапханалар ашылды. 1920 жылғы жазда Түркістан Халық Ағарту Комиссариаты бөлімінің кітапхана меңгерушісі – Е. Бетгер және Түркістан халықтық кітапханасының меңгерушісі – И. Крупинск Түркістан республикасында жылжымалы кітапханаларды ұйымдастыру жоспарын жасады. Олардың ұсынысы – барлық ауыл, қыстақтарда кітапхана ұйымын құру еді.

1920 жылғы 19 тамызда Түркістан халық ағарту комиссариаты, Ресейдің “Мектептен тыс халық ағарту комиссариаты” бөліміне республика бойынша жұмыс істеп жатқан 42 кітапханалар мен оқу-үйлерін кітаптармен, мерзімді басылымдармен толықтыруға өтініш білдіреді.

Елдегі ауыр экономикалық жағдайға қарамай, кеңес мемлекеті селоларда кітапханалар, оқу-үйлерін ашуда, ондағы ұйымдастырушылар кітап қорын жинақтауда әртүрлі амалдар қолданды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысындағы Усть-Букони ауылында тұрғылықты халықтан 50 кітап, 53 кітап көрші татар ауылдарынан алынып, жиналған кітаптармен кітапхана ашады. Осындай игі істер басқа губерния, уездерде де жүргізілініп жатты. Мысалы, 1920 жылғы қараша айындағы Атбасар уездік халық ағарту бөлімінің есебі бойынша: 1 орталық, 5 аудандық кітапханалар мен оқу-үйлері, 4 халық үйлері болғанын хабарлайды. Орал губерниясының уездерінде 1920 жылдың аяғында жалпы саны 23-тен тұратын уездік, аудандық, болыстық кітапханалар қызмет көрсеткен. Кітап қорындағы, кітаптардың 21 572 орыс тілінде, ал 6185 қазақ және татар әдебиеттермен

толықтырылған 6 ауылдық кітапханалары болды, ондағы оқырмандар саны – 2223 құрады. Ал, Ақтөбе уезінің Орынбор, Торғай, Семей, Қостанай, Орал, Ақтөбе облыстарында 37 кітапханалар қызмет жасады. Осылардың ішінде кітапхана жұмысы жақсы дамыған Орынбор губерниясы еді. Орынбор облысының уездерінде, аудандарында 1920 жылы 69 мың дана қордан тұратын 67 кітапханалары болды. Негізінен, губерниялардағы, уездердегі тұрақты кітапханалар жүйесін – жылжымалы кітапханалар, оқу-үйлері және кітап беру пункттері толықтырды. Халық үйлері, клубтар, қызыл бұрыштар жанынан құрылған жылжымалы кітапханалар жеке мекеме ретінде есептелінбеді. Сол себепті, статистикалық есепті ұдайы, дұрыс жүргізбегендіктен кітапханалардың санының өсуі жайындағы мағлұматтар жеткілікті түрде толық берілмеген. Сонымен, Оңтүстік Қазақстан аумағында арнаулы жылжымалы кітапханалар құрылса, көшпелі ауылдардағы халыққа «қызыл арбалар» қызмет көрсетті. Қызыл арбалардың міндеті – газеттерді бөлу және оқу, басқа да қызыл үйлер, жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылғаны жайында үндеулерді тарату болды. Верный уезінің партия ұйымы 1920 жылы оқу-үйін ұйымдастырды. Әр оқу-үйінің кітапханаларында 50-60-қа жуық кітаптары болды. Олар халық арасында сұранымы көп “Беднота”, “Известия”, “Советская” газеттерін жаздыртып алып отырды. Бұл әр пункттерде кітапхана жүйесін кеңейтуге, адамдарға кітапты жеткізудің дұрыс жолы болды. 1920 жылғы сәуірде Каскул болыстық кеңесі әр ауылда кітапхана, оқу-үйлерін ашу шешімін қабылдап, айдың аяғында кітапхана, оқу-үйлері өз қызметтерін бастады. Осы кезде Қара-Төбе, Жамбетте кітапханалар құрыла бастады. Осы жылдың маусым айында В.И.Ленин қазақ делегациясын қабылдап, ұсыныстарын ықыласпен тыңдаған ол мемлекеттік баспа басқармасы – В.В. Воровский және В.П.Милютинге хат жазады. Хатта: «Қырғыз жолдастар шрифті құятын баспахана және қағаз жағынан қамтамасыз етуге көмек сұрайды. Сіздерден өтінерім, оларға көмек көрсетулеріңізді сұраймын», делінген. Осындай жұмыстар Коммунистік партия және Кеңес өкіметінің Қазақстан аумағында кітапхана ісінің негізін құруды ұйымдастыру әрекетін талқылауға мүмкіндік берді. Кітапханаларды құруда

эртүрлі мемлекеттік ұйымдар, халық комиссарлар Кеңесі, ҚАКСР Орталық Атқару Комитеті де атсалысты. Бұлардың алға қойған міндеті: Қазақстан аумағындағы қалың көпшілікті кітаппен қамтамасыз ету болды.

Республикада кітапхана жүйелерінің халыққа қызмет көрсету түрі – сол уақыттарда көп жақты әр түрлілігімен ерекшеленді. Тұрақты кітапханалармен қатар, халық үйлері, клубтар, қызыл бұрыштар жанынан жылжымалы кітапханалар жұмыс істеді. Бірақ олар жеке кітапхана болып есептелінбеді. Жүйелі түрде есеп жүргізілінбегендіктен, кітапхана санының өсуінің анық мәліметі болмады. ҚазАКСР саяси-ағарту басқармасының жылжымалы кітапханалар құрудағы 1920 жылғы 23 қаңтар айындағы жазған хатында: “Қазақстанда кітапханалардың өсуі өте баяу болды, себебі, қазақ тіліндегі әдебиеттер саны, сапасы мардымсыз болғандықтан, қазақ кітапханаларын құру бірінші жоспарға жылжыды”. Осы жылдар барлық қалаларда, ауылдарда стационарлық кітапханаларында арнаулы қазақ кітапханалары құрылады.

Бірақта толық емес мағлұматтардың өзі Қазақстанда кітапхана ісінің дамуы кітапхана құрылысының алға қойған мақсатымен және тез өсу шапшаңдығымен іске асырылды. Мұрағат қорларында және әдебиет көздерінде сақталған материалдар өте жеткіліксіз түрде фактілерді мәлімдейді, сол жылдары кітапты көпшілікке насихаттау кең түрде дамымағаны көрсетіледі. Кітапхана есептеріндегі оқырмандар арасында қандай ағарту жұмыстары жүргізілді, – деген сауалдарға ешқандай жауап ала алмадық. Жинақтаған мәліметтерді бір арнаға тоғыстырғанда ғана, кітаптарды насихаттау түрі тек ірі губерния кітапханаларында ғана іске асырылған. Мысалы, 1920 жылдары үнемі көрмелер, лекциялар және баяндамалар өткізілінген. Өткізілінген көпшілік жұмыстар халықты ел өмірінің саяси жаңалықтарымен байланыстырды. Жоғарыдағы келтірілген материалдар, құжаттар 1920 жылдарда кітапхана ісінің қалпына келтірілуінің ерекшеліктерін сипаттайды. Осы кезеңде мемлекеттік және жергілікті ұйымдардың күнделікті кітапхана ісіне басшылығы қалыптаса бастайды. Сонымен бірге, халыққа арналған көпшілік қолданатын кітапханалардың құрылуы, халыққа қызмет көрсету

шараларының түрлерін ұйымдастыру, кітапханалар жүйесін құрудың жобасын өңдеу сипатталады. Кітапхана ісіндегі мемлекеттік басшылықтың негізін құру бастамасы кітапханалардың маңызды екендігін мойындағанын көрсетті. Кітапхана – көпшіліктің мәдениет орталығына айналды.

Кітапхана мамандарын даярлауды ұйымдастыру

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда кітапхана құрылысындағы негізгі қиындық кітапхана кадрларының жетіспеушілігі болды. Кітапхана қызметкерлерін даярлау міндеті - қысқа мерзімді кітапхана курстарын ұйымдастыру болды. 1919-1921 жылдар аралығында Түркістандағы, Қырғыз автономиялы республикасының мектептен тыс халық комиссарлары бөлімі“ Ташкентте, Орынборда, Верныйда, Семейде бірқатар қысқа мерзімді кітапхана курстарын ашты. Сабақ жүргізуге тәжірибелі кітапхана қызметкерлері шақырылды. Кітапхана қызметкерлері: Е.К.Бетгер, И.Ш.Буров, А.А.Мегленков, Е.Д.Еловиков, Е.О.Стеклова және т.б. сабақ жүргізді. Бұл курстарға жұмысшылар, шаруалар, диқандар, кітапхана жұмысына қызығушылық білдірген қоғамда өздерін белсенділігі жағынан көрсеткен комсомолдар, коммунистерден іріктелініп алынды. Ташкентте бірінші кітапхана курстары 1919 жылғы тамыз-қыркүйекте басталды. Курсты 27 кітапханашы бітіріп шықты.

Көптеген елді мекендердегі кітапхана, оқу үйлеріне қызыл әскер бөлімдері жан-жақты материалдық көмек көрсетті. Бұл тұрғыда 1919 жылғы 19 қыркүйектегі «Беднота» газетінде мақала жарияланды. Олар кітапхана, оқу үйлерінің ғимараттарын жөндеуден өткізіп, отынмен қамтамасыз етіп, кітапханаларды әдебиеттермен толықтырды. Халық ағарту комиссары кітапханаларға үлкен материалдық көмек көрсетті. Ұзын-ағаш, Илийск кітапханаларының жұмысы әскери бөлімнің келуімен жандана түсті. Олар келісімен кітапхана, оқу үйлері жаңа газеттермен, саяси әдебиеттермен толықтырылып отырды. 1919 жылы Ақтөбе, Темір, Гурьев, Өскемен уездерінде кітапханалар ашылады. Қостанай уезінің өзінде 1919 жылдың аяғында 129 орталық аудандық, болыстық кітапхана, 285 оқу үйлері, жыл-

жымалы кітапханалар ашылды. Азамат соғысы аяқталып, кеңес елі бейбіт құрылысқа көшкен кезде халық арасында жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарының маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Бұл істі басқаратын бірыңғай орталық құрудың қажеттілігі айқын сезіле басталды. Қазақ өлкелік партия комитеті шешімінде кітапхана желісін жетілдіру мақсатында, облыс орталықтарында кітапханалар ұйымдастыру қажеттілігі көрсетіліп, саяси-ағарту орындарындағы кітапханалардың кітап қорының сапасын, мазмұнын жақсартуға, ескірген, төмен идеялы кітаптарды анықтап, т.с.с. жұмыстарға көмек көрсетуін міндеттеді.

Республикада мәдени құрылыс жоспарын іске асыруға қажетті материалдық жағдайдың жоқтығы, ауылдардың бір-бірінен алшақтығы, оқыған және саяси даярлығы бар мамандардың жеткіліксіздігі көп қиыншылық туғызды. Басты мақсат – барлық еңбекшілердің мәдени мұқтаждығын толығымен қанағаттандыра алатын кітапхана желісін құру болды. Тарихи қалыптасқан шаруашылық формаларының, қазақ халқының өмір салты мен тұрмысының ерекшеліктері, бұқараны мәдени-саяси жағынан ағартудың да ерекше формалары мен әдістерін талап етті. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда және қазақ ауылдарында мәдениеттің басты ошағы - көшпелі қызыл отаулар болды. Қызыл отаулар мен оқу-үйлері саяси-ағарту жұмыстарымен қатар, күнделікті кітаптар мен мерзімді басылымдарды берумен айналысты.

Елдегі мәдениет пен білімінің өсуі, кітапхана жүйелерінің дамуы, жалпы қоғамдағы өзгерістерге орай, білім және ағарту жүйесіндегі басшылықты өз қолына алған партия – кітапхана мамандарын жоғары дәрежеде дайындау міндетін қойды. Соғысқа дейінгі кезеңде мәдени-ағарту қызметкерлерін саяси және кәсіптік оқытудағы икемді де, тез даярлау түрі – курстық жүйе болды. Курстық жүйе орта және қысқа мерзімді уақыт ішінде кәсіби білім беруге жол ашты. Кітапханаларға әдістемелік көмек көрсетуде курстық жұмыстың маңызы болды. Әдістемелік кабинеттер, кітапхана бұрышы құрылды, онда арнаулы әдебиеттер жиналып, мамандандырылған қызметкерлер бөлінді. Ауыл кітапханаларына әдістемелік көмекті аудан жанындағы кітап-

ханалар көрсетті. Мамандар даярлауда, «курстық жүйенің» негізгі кемшіліктері: оқу жоспарының және бағдарламаның болмауы, маман мұғалімдердің жетіспеушілігі және оқитын топтардың бірыңғай еместігі көп кедергі келтірді. Бұл жұмыс нәтижесінің төмендеуіне әкелді.

Кітапханалар, оқу-үйлерін ашу шешімі әр өткізіліп отырған жиналыстарда, конференция бағдарламаларында қабылданып отырды. Бағдарламаларда өздігінен білім алуға, шаруаларға, жұмысшыларға көмектесуге, мектептен тыс білім алу мекемелер жүйесін құруға, мектеп кітапханаларында, халық үйлерінде, университеттерде курстар, лекциялар өткізу, селоларда көпшілік оқудың ұйымдастырылуына, халық арасында бағалы қоғамдық-саяси, ғылыми әдебиеттердің және маңыздылығы бар коммунистік рухта тәрбиелеуге арналған газеттердің таралуына көп көңіл бөлінді. Сонымен қатар, әр мектепте және селолардағы халық үйлерінде кітапхана-оқу залын ашуды міндеттеді.

Көптеген елді мекендердегі кітапханалар мен оқу-үйлеріне қызыл әскер бөлімдері жан-жақты материалдық көмек көрсетіп жатты. Солардың бірі –Түркістан атқыштар дивизиясы 3-ші бригадасының, 3-ші саяси бөлімі 1920 жылдың басында Талдықорған облысының Гавриловка ауылында бір орыс, екі мұсылман кітапханасын ашуға көмектесті. Ақтөбе ауданының саяси бөлімінің жұмысшылары 1920 жылдың алғашқы үш айында халықтар арасында 125 жиналыс, 147 митинг өткізіп, 17 қойылым, 30 жылжымалы кітапхана ұйымдастырып, көптеген әдебиеттер бөлді.

1920 жылғы ақпанда Түркістан майданындағы саяси басқарма бастамасымен айлық курстар ашыла бастайды. Курстар 32 курсанттарға есептелініп екі рет курсқа қабылданады. Жергілікті кеңестер қоғамдық ұйымдармен құрылған кітапханалар мен оқу-үйлеріне үлкен қамқорлықпен қарады. Оларды әдебиеттермен қамтамасыз етіп, керекті қаражат бөліп, ғимараттар салу және жөндеу жұмыстарын жүргізуге шешім қабылдап отырды. Мемлекеттен жіберіп отырған қаржы көмектер төңкеріс кезінде де елдің мәдени өмірінде жеткіліксіз болды. Шығынның көбін еңбекші халық өзі толықтырып отырды. Ал, ауылдарда бұл қаржы жәрдем берушілерден, алым жинаудан түсіп отырды.

Мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыруда мәдени-ағарту үйірмелері, оның мүшелері үлкен жұмыстар жүргізді. Олар кітапханалар, оқу-үйлерін құрып оқулар өткізді. Верный қаласында 1920 жылғы 23 наурызда шыққан “Правда” газеті санында Верный уезінің Шелек ұйғыр ауылында кітапхана, оқу-үйін ашқан “мәдени-ағарту” үйірмесі ұйымдастырылғаны жазылады. Ал, Семей уезінің Стеклен селосында ашылған мәдени-ағарту үйірмесі алдымен кітапхана, сосын оқу-үйін құруды қолға алған. Осындай мәдени-ағарту орталықтары Қазақстанның аумағында, уездерінде құрыла бастайды.

Халықтардың кітапқа деген қызығушылығы күннен-күнге өсе түсті. Республиканың алыс аймақтарындағы еңбекші халық кітапхана, оқу-үйін ашуға партиялық газеттерді, журналдарды, қоғамдық-саяси әдебиеттерді жіберу турасында хаттар жазып отырды. Қызыл әскерилерден кітапхана мамандарын даярлау, Түркістан республикасының Халық Ағарту Комиссариатымен тығыз байланыста жүргізілді. 1920 жылы маусым айында Түркістан майданының саяси бөлімінің бұйрығында өткізілген курстың бағдарламасы, құрамы, ережесі жарияланады. Курстың құрамы қызыл әскерлерден, халық-ағарту комиссариаты кітапхана бөлімінен жіберілгендермен толықтырылады. Саяси басқарманың қаражатымен курста оқитындарға 100 орынды интернат құрылды.

1920 жылғы маусым айында Ташкентте Түркістан халық ағарту комиссариаты жанынан үш айлық өлкелік кітапхана курстары ұйымдастырылады. Курсанттар саны 100 адамды құрады, оның 75 пайызы жергілікті қазақтар болды. Негізгі бағдарлама бойынша кітапхана пәндерін оқытуға көп көңіл бөлініп, кітапханатану сабағын өткізгенде кітапханашылардың тәжірибелік сабақтарына көңіл бөлді. Бөлінген сағаттар: кітапханатану сабағына 156 сағат, оның 167 сағаты теорияға, 289 сағаты практикаға бөлінді. Осы жылы (1920 ж.) Орынбор қаласында 6 апталық кітапхана курсын бітіретін 64 адам аяқтап шықты. Көптеген курсанттар бітіргеннен кейін уездік кітапханаларда жұмыс істеді. Кітапхана қызметкерлерін даярлау жұмысы Қызыл әскерлер арасында да айрықша жүргізілді. 1920 жылғы Түркістандағы саяси қызметкерлерінің І-ші съезінің “Саяси-ағарту жұмысы”

туралы қарарында: Әскери бөлімдер арасында кітапхана курстарын ұйымдастырып, оларды кітапхана жұмыстарына жіберу міндеттелінді, - делінген.

Бақылау сұрақтары:

1. Халық комиссарлары бекіткен «РСФСР-да кітапхана ісін орталықтандыру» декретінде қандай мәселе көтерілді?
2. Кеңес өкіметінің кітапхана ісі мен қызметкерлерінің қалыптасып, дамуына үлкен маңызы болған қандай қаулылары мен декреттері болды?
3. РКФСР Халық Ағарту Комиссариаты Қазақстанның жаңа типтегі халықтық кітапханалардың жалпы демократиялық принциптерінің қандай бағыттарын ұсынды?
4. 1920 жылғы Түркістандағы саяси қызметкерлерінің І-ші съезінің “Саяси-ағарту жұмысы” туралы қарарында қандай міндеттер қаралды?

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КІТАПХАНА ІСІ (1921-1929 ЖЖ.)

Кітапхана жүйесін нығайту және одан әрі дамыту барысындағы шаралар

Коммунистік партия, кеңес үкіметі, кеңес ұйымдары мен халық ағарту бөлімдері кітапхана ісін ұйымдастыруда, кітапханаларда қызмет көрсетудің жүйесінің дамуының негізін салуға ықпал ете отырып, кітапханалар желісін қамтамасыз етуге көп күш-жігер жұмсады. Кітапханалар қоры “жеке меншік кітапханаларды ұлттықтандыру нәтижесінде” кітап саудагерлері және кітап дүкендеріндегі кітаптарды есепке алу арқылы толықтырылды. Кітапханаларды орталықтандыру тәртібіне орай кітапханаларды толықтырудың маңызды көзі – Халық ағарту комиссариаты ұйымдары және Орталық баспа агенттігінен кітаптар алу болды. Мәселен, 1920 жылы Орал уезінің 9 селосы

мен деревнясы Орталық баспа агенттігінен кітапханаларды толықтыруға 2 мың дана саяси, ғылыми және көркем әдебиеттер мен 2250 данадан газеттер алды. Мұндай фактілерді басқа да губерниялық кітапханалар есебінен келтіруге болады. Мысалы, ҚазАКСР саяси-ағарту Бас басқармасы барлығы 67 кітаптар бөлетін болғандықтан, ал Семей губерниялық атқару комитеті губерниялық кітапханаға 3500 сом мөлшерінде жәрдемақы бөледі. Бөлінген қаржымен жәрдемақы есебінен орыс тілінде 300 том, қазақ тілінде 340 том кітаптар сатып алынып, 2500 кітаптар қайта түптеліп, 73 атауда мерзімді басылымдарға жазылған.

Кітапқа деген қажеттіліктің барған сайын орасан зор өсе түсуіне байланысты Халық Комиссарлары Кеңесі 1920 жылы 3 қараша айында “ РКФСР-да кітапхана ісін орталықтандыру туралы” декретін қабылдайды. Онда:

1. Халық ағарту комиссариатының қарамағындағы, сондай-ақ басқа да барлық ведомстволардың, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бүкіл кітапханалары жалпы көпшіліктің пайдалануына болады деп жарияланып, РКФСР біртұтас кітапхана жүйесіне біріктіріледі, сөйтіп Халық ағарту комиссариатының қарамағына (Бас саяси-ағарту комитетіне) берілсін.

2. Біртұтас кітапхана жүйесін іс жүзіне асыру және жұмыстарды реттеп отыру үшін Халық ағарту комиссариатының саяси-ағарту комитеті жанынан мына құрамда Орталық ведомствоаралық кітапхана комиссиясы құрылады: Халық ағарту комиссариатынан 4 адам (Саяси-ағарту бөлімі, мектеп және ғылыми секторлар және кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі Бас комитет), Бүкілресейлік Кәсіподақтарының Орталық Кеңесінен 2 адам, Республиканың Революциялық соғыс кеңесі саяси басқармасынан 1 адам.

Ескерту: Комиссия мүшелерін Халық ағарту комиссариаты бекітеді.

3. Комиссияның қарауына мыналар жатады: а) кітапханалардың түрлерін белгілеу және өзгерту; б) кітап қорларын қайта бөлудің жоспарларын жасау және бекіту; в) басқа ведомстволардың кітапханаларын Халық ағарту комиссариатының қарамағына көшіру тәртібін белгілеу; г) кітапхана жүйелерін ұлғайту; д) арнаулы техникалық сипаттағы кітапханаларды пайдалану

тәртібін белгілеу және мүдделі ведомстволармен келісім бойынша оларды толықтыру; е) мектеп кітапханаларын пайдалану тәртібін белгілеу және балалардың кітап оқуын ұйымдастыру.

4. Жергілікті комиссиялар мемлекеттік баспаның жергілікті бөлімдерінің жанынан ұйымдастырылады, оның құрамында: Саяси-ағарту бөлімінің, Соғыс комиссариатының, Халық ағарту бөлімінің және кәсіподақтарының жергілікті бірлестігінің өкілдері болады.

5. Біртұтас кітапхана жүйесіне кіретін барлық кітапханалар (арнауларынан басқасы) Мемлекеттік баспа жанындағы орталық бөлу комиссиясынан кітаптар алып отыратын жергілікті есеп бөлу комиссиясы арқылы жабдықталады.

6. Орталықта кітапхана бөлімшесінің жанынан Орталық кітапхана коллекторы ұйымдастырылады, ол жаңадан ұйымдастырылатын әр түрлі кітапханалар үшін уездік халық ағарту бөлімдерін кітап қорымен жабдықтайды.

7. Саяси-ағарту комитетінің кітапханалар секциялары жанынан кітапхана коллекторлары (кітап бөлушілері) ұйымдастырылады, оның штатында кітапханаларды кітаппен жабдықтау жөніндегі бүкіл жұмыстарды атқаратын нұсқаушылар болады.

Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы - В.Ульянов (Ленин); Халық Комиссарлары Кеңесінің Іс басқарушысы - В.Бонч-Бруевич; Хатшысы – Л. Фотиева.

1920 жылғы 3 қарашадағы “РКФСР–да кітапхана ісін орталықтандыру” декретіне сүйене отырып, 1921 жылы 2 ақпанда Қазақ АКСР саяси-ағарту ұйымы жанынан кітапхана бөлімшесі құрылды. Аудандардағы орталық комитет коммунистерінің мәдениет құрылысындағы жауынгерлік бағдарламасының бірі “Шығыс халықтары арасындағы жұмыс” деп аталатын хаты болды. Онда орталық комитет жергілікті партия ұйымдарының негізгі міндеті: шаруаларды – партия, кәсіподақ, кеңес ұйымдарының қатарына тарту болды. Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариаты өз кезегінде 1921 жылы 19 сәуірде “Қазақ АКСР-да кітапхана ісін орталықтандыру” декретін қабылдайды. Халық Ағарту Комиссариатының алқасы Қазақ АКСР комиссарлары Кеңесінің бекіткен декретінің жобасына 1921 жылы сәуір айында “Кітап қорын ұлтшылдықтандыру” ережесін енгізді.

Декретке орай, барлық кітапханалар көпшілік қолданатын болып жарияланып, Қазақ АКСР Халық Комиссариаты саяси-ағарту басқармасы және жергілікті жерлердегі ұйымдары кітапханаларды басшылыққа алады. Осы декретке негіздеме ретінде Қазақстан Республикасының оңтүстік облысында 1921 жылғы 26 қарашада “Түркістан Республикаларында кітапхана ісін орталықтандыру” декреті қабылданады.

Декреттің ішіне кітапханаларға арналған бірнеше ережелерді, нұсқауларды бекітеді:

1. “Арнаулы кітапханалар” ережесі (1921, 27 шілде). Бұл кітапханалар оқу залдарына қызмет көрсетеді. “Клуб кітапханалары” қаулысы (1921, 13 қыркүйек). Клуб кітапханалар бірыңғай кітапхана жүйесіне қосу. Аудандарда және басқа кітапханалардың филиалдарын ұйымдастыру, оларды әдебиеттермен жабдықтау.

2. “Кітаптарды оқырмандарға беру тәртібі” қаулысы (1921, 5 мамыр) – оқу залдарында және үйге кітаптарды ақысыз беру бірыңғай тәртіпті орнату.

3. “Балалар және жасөспірім кітапханаларындағы жұмыс ережесі” (1921 ж., қазан). Бұл ережеде балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсету түрлері белгіленді. Орталық және аудандық кітапханалар жанынан балалар бөлімін ұйымдастыру.

4. “Мектеп кітапханаларын ұйымдастыру” нұсқауы (1921 ж., 19 маусым). Мектеп кітапханаларында оқу және оқу-көмекші құралдары болуы тиіс.

5. “Мектеп кітапханаларының негізін қайта қалыптастыру” қаулысы (1921 ж. 13 қыркүйек). Қаулыда ғылыми кітапханаларға қандай кітапханалар жататындығы және оларды қалай толықтырылуы тиіс турасында анықтама беріледі.

1921 жылдың басында кітапхана ісі еселенген қарқынмен дамып, қалаларда жаңа кітапханалар ашылып, селоларда қызыл бұрыштар мен оқу-үйлері құрылып жатты. Халық кітаптарды, әсіресе, күнделікті ағымдағы газеттерді, көбірек талап етті. Жас Кеңес өкіметі кітапхана ісіне ерекше мән берді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қабылданған аса маңызды заңдардың ішінен осы мәселе жөнінде өкіметтің көптеген жарлықтарын табуға болады. Әсіресе, жоғарыда көрсетілген 1920 жылғы 3

қараша айындағы “РКФСР-да кітапхана ісін орталықтандыру” туралы декретінің маңызы ерекше болды. Осыған орай, Қазақстан аумағындағы барлық кітапханаларда есепке алу жұмысы жүргізіле басталды. Республикада ауыл-селолық жерлерде мәдени-ағарту жұмысының орталығы – оқу-үйлері болды. Оқу-үйлері – көпшілікті саяси тәрбиелеуде ұзақ уақыт қызмет көрсеткен негізгі мәдени ошақтың бірі болды. Алайда, өкімет пен партияның қамқорлық көрсетуіне қарамастан, кітапхана ісін ұйымдастырып, дамытуда үлкен қиыншылықтар кездесіп отырды. Жергілікті атқару комитеттері кітапхана ісін екінші кезектегі іс деп қарады. Селолық жерлердегі оқу-үйлері жиі-жиі отынсыз және керосинсіз қалып қоятын, қаражат өте аз бөлінетін және соның өзі де кешіктіріліп төленетін. Осылардың салдарынан кейбір жерлерде кітапханалар жабылып та қалды. Есеп жұмысының дұрыс жолға қойылмауы салдарынан саяси ағартушылар нақты жағдайды ұдайы біліп отыра алмады.

Орталық баспа арқылы қамтамасыз етілетін қалалық кітапханалардың кітаптармен нашар жабдықталуы және селолық кітапханалардың кітаптармен мүлдем жабдықталмауы жұмыстағы ең үлкен кедергі болды.

1921 жылы шілде айында Ресей коммунистік одағы қазақ облыстық комитеті мен Қазақ АКСР-ның саяси-ағарту бас басқармасымен бірігіп, Ресей жастар коммунистік одағының губерниялық кабинеті және губерниялық саяси-ағарту бас басқармасына жазған хатында бірыңғай кітапхана жүйесін жүргізу жұмыстарында бір-бірімен тығыз байланыс орнатуды ұсынды. Осы нұсқау барысында республика комсомолдары барлық ведомстволардағы кітапханаларды есепке алып, олардың қорларын бөлуде, жылжымалы кітапханалардың жүйесін ұйымдастыруда белсене қатысты.

Халық комиссарлары бекіткен “РКФСР-да кітапхана ісін орталықтандыру” декретіндегі В.И. Лениннің “Халық ағарту комиссары жұмысы” мақаласындағы: “Елде 50 мың кітапхана құру” мәселесі 1-ші орынға қойылды. Лениннің бұл тапсырысын орындауға үлкен ұйымдастырушылық жұмыстары талап етілді. Ең алдымен жоғары және орта сатыда кітапхана-библиографиялық мамандарын даярлау міндеті тұрды. Мәдени-ағарту ме-

кемелері, соның ішінде кітапханаларды әдебиетпен, қаражатпен қамтамасыз ету, мемлекеттің көмегі арқылы іске асып жатты. Көпшілік қолданатын барлық кітапханалар ақысыз қызмет көрсетіп, кітапхананы қаржыландыру, мемлекеттің құрған сметасында жоспарланып отырды.

Социалистік құрылысқа тезірек араластыру мақсатында төңкеріске дейін қиын жағдайларда болған шығыс облыстары мен аудандарындағы кітапханаларға көбірек көңіл бөлінді. Республикада кітапхана құрылысына қатысты барлық мәселелерді Қазақ АКСР саяси-ағарту мекемесі мен кітапхана әкімшілігі қарады. Күнделікті жұмыстарға кітапхана бөлімі басшылық жасап отырды. Оған мына міндеттер тапсырылды: Бірыңғай кітапхана жүйесін ұйымдастыру, жергілікті орындарда кітапхана жұмысын жүргізетін органдарға басшылық ету, оқу құралдарын шығару, кітапхана ісіне басшылықты жүргізу, жергілікті орындарда кітапхана коллекторын ұйымдастыру, кітапханаға байланысты әдебиеттерді бөлу. Осыған орай, әдістеме-ұйымдастырушылық жұмыстарында, кітапханаларды әдебиетпен жабдықтау және толықтыру мақсатында арнайы секторлар құрылады.

1920 жылдың аяғы 1921 жылдың басындағы партия және кеңестік ұйымдардың мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесін дамытудағы бірқатар шаралары, соның ішінде, алдымен, кітапхана, оқу-үйлері халық арасындағы жұмыс әдістері мен формаларының жақсаруы, олардың қызметінің жандануына, саяси-тәрбиелік жұмыстарының деңгейінің жоғарылауына, оның жүйелерінің тұрақтануына мүмкіндік туғызды. Әсіресе, кітапханалар жүйесі және кітап қоры селоларда сауатсыздықты жою міндетін шешуде айтарлықтай дамыды. Қалаларға қарағанда, ауылдық жерлерде кітапханалар саны өсе бастады. Идеологиялық мекеменің қатарында орын алған, республиканың халық шаруашылығының міндетін шешуге белсенді мүмкіндік туғызған кеңес кітапханалары құрылды.

Республиканың кітапханалар құрылысына байланысты мәселелерді кітапхана алқасында қаралып, саяси ағарту мекемесімен бекітілді. Күнделікті жұмысты кітапхана бөлімі басқарды. Оған: бірыңғай кітапханалар жүйесін ұйымдастыру, органдарға басшылық жасау, оқу құралдарын шығару, кітапхана коллек-

торын ұйымдастыру, кітапханаларға әдебиеттерді бөлу міндеттері жүктелді. Сол үшін арнаулы секторлар құрыла бастады.

1921 жылғы мамыр-маусым айларында республика бойынша саяси-ағарту басқармасы барлық кітапханаларға “Кітапхана жүйесін ұйымдастыру”, “Кітапхананың бірыңғай жүйесін өткізу бойынша нұсқауы”, “Кітапхана түрлері туралы ережесі” бекітіліп, жан-жаққа жібере отырып, кітапхананың түрлерін белгілеп берді:

1. Губерниялық және уездік, қалалық, орталық кітапханалар;

2. Аудандық, қалалық кітапханаларға – қаланың ішкі аудандарына қызмет көрсететін кітапханалар. Бұл кітапханаларға: фабрика, зауыт жатады. Бұл кітапханалар, клубтар, мектептер, өндіріс ұйымдарына жылжымалы кітапханаларды ұйымдастыру жүктелінді;

3. Болыстық кітапханалар – селолық аудан кітапханаларына қызмет көрсететін және де селолардағы жылжымалы кітапханалардың базасы болды;

4. Әр пункттердегі оқу-үйлері – бұлар ауылдардағы ағарту жұмысының

5. Алғашқы ұйымдары болды;

6. Жылжымалы кітапханалар – аудан және болыстық кітапханаларға

7. Бекітілген және барлық халыққа қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

Жылжымалы кітапханалар әр аудан немесе болыстық кітапханаларды әр оқырмандардың сұраныстарына орай кітап қорларымен жекелей толықтырылып отырды. Елді мекендерде және аудандардағы тұрғылықты халықтары – қазақтар тұрған жерде қазақ кітапханаларын ашып, ал басқа кітапханаларда қазақ әдебиеті бөлімін ашу ұсынылды.

Республиканың кітапханаларына арнап бірнеше қатар әдістемелік нұсқау материалдарын: “Кітапхана кеңесі туралы ереже”, “Жалпы жүйеге клуб кітапханаларын қосу” қаулысы (13 қыркүйек, 1921 ж.), “Балалармен және жасөспірімдермен кітапханалық жұмыс ережесі” (3 қыркүйек, 1921 ж.), “Орталық және аудан кітапханалары жанынан балалар бөлімін ұйымдастыру” (13 қазан, 1921), “Кітап беру тәртібі”, “Мектеп кітапханаларын

ұйымдастыру” (5 мамыр, 1921) шығарады. Келтірілген материалдар республикадағы кітапхана ісінің дамуында үлкен маңызы болды.

Қазақстандағы барлық саяси-ағарту басқармасының қызметі РКФСР саяси-ағарту басқармасының басшылығымен жүргізілініп отырды. Әсіресе, саяси-ағарту басқармасы “Қазақ АКСР-да кітапхана ісін орталықтандыру” декретінің жүзеге асуына көңіл бөліп, осы мақсатта 1921 жылғы 27 маусымда РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің хатшысы, Саяси-ағарту басқармасы, Орталық кітапхана әріптестігі төрағасының қолы қойылған “Барлық кітапханалары бар ұйымдарға бірыңғай кітапхана жүйесін құрудағы жұмыстарын өткізуге тығыз байланыс орнату” міндетін қабылдайды. Осы жылы жалпы республика бойынша кітапхана қызметкерлерінің құрамы – 232, кітап қоры – 295232 құраған, оқырмандар саны – 3211800 қамтитын 156 аудан кітапханалары және 26300 тұратын кітап қоры бар 162 оқу-үйлері қызмет көрсетіп жатты.

1921 жылғы 16 мамыр айындағы Қазақ АКСР-ның төрағасының баяндамасында: “Қазақстан республикасында кітаптардың жетіспеушілігі өте қиынға соқтырды. Кітаптар басылып шығарылмады. Мамандардың жетіспеушілігі кітапхана жұмысының ілгері жылжуына әсерін тигізді”, – деп жазды. Осы жылдың екінші жартыжылдығында кітапханалар жағдайы біртіндеп нашарлай түсті. Себебі, аштық барлық губернияны жаулады. Кітапхана жұмысшылары жалақы алмады, кітапхананы тастап, басқа қызметке ауысып жатты. Көлік пен қаржының жоқтығынан газеттермен толықтыру мүмкін болмады. 1921 жылы саяси-ағарту басшылығының жазған хатында: “Саяси-ағарту жұмысы тоқырауда тұр, селодан қалаға дейінгі саяси артта қалушылықты болдырмауда тезірек оқу-үйлерін ұйымдастыру керек”, – деп белгіледі.

1921 жылы 27 маусымда РК(б)П Қырғыз (Қазақ) облыстық комитеті және Қазақ АКСР-ның ағарту комитеті “Бірыңғай кітапхана жүйесін құру” туралы жолдаған хатында: Партия ұйымдары жанынан жылжымалы кітапханаларды ұйымдастыру көпшілікке жақындастыруға мүмкіндік береді, – деп жазады.

Мәдени-ағарту мекемелері, соның ішінде, кітапханалардың жүйесін нығайту және дамыту барысындағы партиялық кеңес органдарының шараларының іске асуы, халық арасында жұмыстарының әдістері мен түрлерінің жақсаруы оның қызметінің жандануына, саяси-ағарту жұмысының деңгейінің көтерілуіне ықпалын тигізді. Партия ұйымдарының басшылығымен қаладағы және ауылдағы интеллигенция үлкен ынтамен саяси және мәдени-ағарту жұмыстарына белсенді араласты. Олардың бастамасымен клубтар, кітапханалар, оқу-үйлері, халық үйлері құрыла бастады. Бұл саяси-ағарту мекемелері коммунистік партияның идеологиялық саясатын және ескі қоғамдық құрылыстағы қанаушылықты әшкерелеудегі маңызын түсіндірудегі насихаттау пункттері болды.

Қазақ халық ағарту комиссариатының 1921 жылғы есебінде: Кітапхана ісін орталықтандырудағы негізгі мәселелерін реттеу барысында, жалпы күш біріктіру нәтижесінде, осы жылдың қыркүйек-қазан айларында “Кітапхана ісін орталықтандырудың” мәселесі ретке келтіріліп, аяқталды, – деп көрсетілген. Сонымен, 1921 жылдың аяғында республикада 420 көпшілік, оның 309 болыстық, 111 қалалардағы кітапханалар болды. Ал, ауыл тұрғындарына 1256 оқу-үйлері қызмет көрсетті. Көріп отырғанымыздай өсу жағынан, ауылдағы елдің қалың көпшілігіне қызмет көрсеткен, мәдени-ағарту мекемесінің ішінде оқу-үйлері болды. Көрсеткіш бойынша оқу-үйлерінің санының өскені байқалады. Қала кітапханалары да қалыс қалмады. Орынбордың өзінде 1921 жылдың аяғында қалалалық жүйе бойынша кітап қоры 168 328 құраған, 42 372 оқырмандары бар 44 кітапханалар қызмет көрсетті.

Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) жағдайындағы кітапханалардың жұмысы

1921 жылдың аяғында кітапханалар жағдайы нашарлай түсті. Оған себеп, мысалы, 1921 жылы Өскемендегі кітапханалардың жалдап тұрған жері өте суық, кітапханаға келушілер саны азайды, оқуларға, лекцияларға қаржы аз бөлінді, кітапхана қызметкерлері айлап жалақыларын алмады. 1920 жылы

басталған 3 айлық клуб, кітапхана курстары өз сабақтарын 20 қаңтарда бастап, 1921 жылы аяқтады. Бітірген 32 адамның бір бөлігін қалаға, 6-ын уездерге жіберді. Көктемде 2 айлық жылжымалы кітапханаларға арналған курстар басталды. Оны жиырма төрт адам аяқтап шығады.

Жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу Республикадағы кітапхана ісінің жағдайына әсер етті. Шектелген қаржы аясындағы жаңа жұмыс жағдайында саяси-ағарту жұмысының маңызын өзгерткеннің өзінде сол уақыттарда өздігінше саяси-ағарту және олардың кітапхана секциялары жойылып, кітапхана мекемелері қысқара бастады. Осыған байланысты бірнеше мысалдар келтіруге болады. “Наука и просвещение” журналындағы мақалаларының бірінде: Көптеген саяси-ағарту мекемелері жойылып жатыр. 179 кітапханалардан, 1921 жылы соның 66-ы ғана қалды. Ал, Орынбор саяси-ағарту басқармасының 8 ауданының есебінде: 1922 жылы кітапхана жұмыстары төмендей бастады. Жылудың жоқтығы, аштықтың жақындауы, кітапхана қызметкерлерінің жалақы алмау себептері кітапхана қызметкерлерінің басқа жұмыстарға ауысуына әкелінді. Бұл кітапханалар және оқу-үйлеріндегі жұмыстарының тоқтауына да себепші болды, – деп жазылған.

1921 жылғы мамыр айында кітапханашылардың губерниялық конференциялары өтеді. Конференцияда кітапхана жұмысының жағдайы айтыла келе, кітапханадағы қорларды ондық жіктеу жүйесіне көшіруге көңіл аударып, карточкаларды құрастыру, оқырмандарды кітапханаға тіркеуді жүргізу үшін формуляр жүйесін енгізу, берілген әдебиеттерге бірыңғай статистикалық есеп берудің түрін іске асыру міндеттемелерін қойды. Жұмыстың жүзеге асырылуына кітапхана кеңесінің еңбегі зор болды. Кітапхана кеңесі негізінде, ең алдымен, Орынборда 1919 жылы “кітапхана кеңесі” болып құрылып, кейін “кітапхана қоғамы”, сосын “кітапхана одағы”, енді “кітапхананың орталық кеңесі” болып аталды. Кітапхана кеңесінің мүшелері кітапхана жүйелерін жоспарлауға қатысып, кітапхана курстарын ұйымдастырып, кітапхана жұмысының ағымдағы жоспарын қарады. Тәжірибе жинақтаған кітапханашылар кітапхана құралдарын

құрастыруға және жаңадан қызметке тұрған қызметкерлерге кеңестер өткізеді.

ЖЭС жағдайында кітапхана алқасының мүшелері «кітапхана жүйесін құру ережесінде» төмендегідей нұсқаулар енгізіледі:

1) кітапханалардың бірыңғай жүйесіне сауатсыздыққа жол бермеу, он мың тұрғыны бар қалаларда 1 орталық кітапхананы қалдыру, ал аудан кітапханалары жабылуы тиіс,

2) 30–50 тұрғыны бар жерлердегі ірі қалаларда 1 қалалық, аудандық

3) кітапханаларды қалдыру, жергілікті селоларда мемлекеттік жүйеге әр болыстық кітапханаларға 1-ден артық қосу,

4) орталық, қалалық, аудандық және болыстық кітапханалар жанынан жылжымалы кітапханалардың базасын құру,

5) барлық кітапханаларда кітап оқуға және үйге ақылы кітап алуға рұқсат бермеу,

6) барлық кітапханаларды саяси-ағарту мекемесінің есебіне енгізіп, бірыңғай жүйеге қосу,

7) кітапханаларды қосымша қаржыландыру, жергілікті ұйымдастырушылар мен арнаулы өткізген шаралардан табу ұсынылады,

8) аудандық, болыстық және жылжымалы кітапханалар пролетариаттарға және шаруаларға қызмет көрсетуге көңіл бөлуі тиіс, - деп міндеттейді.

Жоғарыда айтылғандай жылудың жоқтығы, аштықтың жақындауы, кітапхана қызметкерлерінің жалақы алмауы көптеген кітапханалардың жабылуына әкелінді. Осы себептерге орай, 1922 жылғы қаңтар айынан бастап Жетісу облыстық комитеті, облыстық саяси-ағарту мекемелері жойылып, біртіндеп мәдени-ағарту мекемелері жабыла бастады. Төменде келтірілген кестелерден 1921–1922 жылдардағы Қазақстан аумағындағы болыстық кітапханалар жүйелерінің қысқарылғанын көруге болады (1 кесте).

1921–1922 жылдардағы кітапханалар көрсеткіші

1-кесте

| Губерниялар | Қалалық және аудандық орталық кітапханалар | | | Болыстық кітапханалар | | Барлығы | |
|------------------------------------------|--------------------------------------------|------------|----|-----------------------|------------|---------------|------------|
| | қыркүйек 1921 | тамыз 1922 | | қыркүйек 1921 | тамыз 1922 | қыркүйек 1921 | тамыз 1922 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | |
| Орынбор | 29 | 11 | 62 | 38 | 91 | 49 | |
| Ақтөбе | 4 | 6 | 6 | 11 | 10 | 17 | |
| Қостанай | 13 | 8 | 44 | 19 | 57 | 27 | |
| Орал | 6 | 8 | 10 | 22 | 16 | 30 | |
| Бөкей | 2 | 1 | 10 | 13 | 12 | 14 | |
| Семей | 18 | 9 | 12 | 64 | 138 | 73 | |
| | | 0 | | | | | |
| Ақмола | 35 | 6 | 54 | 48 | 89 | 54 | |
| Атаевск | 4 | 1 | 3 | 5 | 7 | 6 | |
| Жиынтығы : | 111 | 50 | 30 | 220 | 420 | 270 | |
| Ескерту – берілген дерек мағлұматы [85]. | | | | | | | |

Берілген кесте бойынша 1921 жылға қарағанда 1922 жылдары барлық губерниялардағы кітапханалардың қысқарғанын байқаймыз. Бұған себеп кітапханалардың аштыққа, тонаушылық және т.б. себептерге байланысты болды.

Кейбір губернияларда барлық кітапханалар және оқу-үйлері шетінен жабылып, біраз бөліктері ғана қызмет көрсетті. Бұл туралы Орал губерниясының статистикалық мағлұматынан көруге болады (2 кесте).

1921–1922 жылдар аралығындағы қызмет көрсетіп отырған кітапханалар

2-кесте

| Атаулар | 1 қаңтар, 1921 | | | 1 қаңтар, 1922 | | |
|---------------------|--------------------------|-----------------------|------------------------------|--------------------------|-----------------------|------------------------------|
| | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | кітапханалар, оқу-үйлері | клубтар, халық үйлері | сауатсыздықты жою мектептері | кітапханалар, оқу-үйлері | клубтар, халық үйлері | сауатсыздықты жою мектептері |
| Қалалар | | | | | | |
| Орал | 19 | 8 | 48 | 12 | 4 | 4 |
| Жамбейт | - | - | 12 | - | - | - |
| Илецкий | - | 1 | 4 | 2 | 1 | - |
| Қалмыков | 6 | 2 | 3 | 1 | - | - |
| Қала бойынша жинағы | 25 | 11 | 67 | 15 | 5 | 4 |

| Ауылдық жерлер | | | | | | |
|---------------------------------------------|-----|----|-----|----|---|---|
| Оралдық у. | 98 | 12 | 31 | - | 2 | - |
| Жамбейт у. | 32 | - | - | 14 | - | - |
| Калмыков уезд | 47 | 2 | 4 | - | - | - |
| Илецкий у. | 22 | 4 | 23 | - | - | - |
| У.бойынша жиынтығы | 199 | 18 | 58 | 14 | 2 | - |
| Губерниялар бойынша жиынтығы | 224 | 29 | 125 | 29 | 7 | 4 |
| Ескерту – у-уезд, берілген дерек мағлұматы. | | | | | | |

Кестеден байқағанымыздай, мәдени-ағарту мекемелерінің саны бір жылдың ішінде 378–ден 40-қа, яғни, 9 пайызға дейін қысқартылған. Ал қалалардағы кітапханалар пайыздың жартысына жуық, ал, уездегі кітапханалар 4–5 пайызға қысқартылды. Қалалармен салыстырғандағы ауылдағы кітапханалардың төмендеуі аштыққа, тонаушылық және т.б. себептерге байланысты болды. Әдебиеттермен жабдықтау ісі өте нашар болды. Мысалы, Орынбор кітап қоймасында 1920 жылы 40 000 кітаптар болса, ал 1921 жылдың аяғында 36 000 кітаптар қалды. Барлық республикаларға осы жерден кітаптар таратылды. Кітап қоры таусылып, жойылды. Ақтөбе саяси-ағарту басқармасының төрағасы: “Жалпы губерниялардағы кітапханалар ісінің жағдайы, тек уездердегі және қаладағы орталық кітапханаларды қосқанда б-уы ғана қалды, ал қалғандары жергілікті орталыққа тапсырылды. Мемлекеттік бюджеттен губерниялық, қалалық орталық және уездік кітапханалар қаржыландырылды. Шаруашылық шығындар және қызметкерлердің еңбекақы мөлшерлері жергілікті кеңестерден алатын, жергілікті бюджет орталығынан жүргізілді. Аудандық, болыстық, ауыл кітапханалары, оқу-үйлерін әдебиеттермен жабдықтау жергілікті бюджетке өтті. Ал мемлекеттік жүйеге кірмеген кітапханаларды партия және кәсіподақ ұйымдары қамтамасыз етіп, бірақ оларға басшылықты саяси-ағарту басқармасы жүргізіп отырды. Кітапқа деген талап жоғары болды. Қазақстанның шет аймақтарында еңбекші халық өз бастамаларымен, өз қаражаттарына кітапханалар ашып, оны өз қаржыларымен қамтамасыз етті. Мысалы, 1922 жылғы желтоқ-

сандағы Ақтау уездік саяси-ағарту есебінде: «жергілікті халық өз қаржыларына кітапхана, оқу үйлерін ұйымдастыра бастады, осының нәтижесінде 3 болыстық кітапхана, 4 оқу- үйлері жұмыс істей бастады. Ал қалған жақын ауылдар әдебиеттер жіберіп отырды.

Мына жағдайға көңіл бөлуге болады: Қазақстанның көптеген ауылдық жерлердегі елдеріне 1922 жылға дейін қалаларда, облыстарда, ең негізі ауылдарда, қыстақтарда халыққа қызмет көрсетуде әскери кітапханалар негізгі рөл атқарды. Мұрағат құжаттары бұл себептерді: “халық ағарту бөлімдері жағынан кітапхана жұмысының және саяси-ағарту басшылығының болмауынан, саяси бөлімнің кітапхана бөлімдері және кітапханашылары тек жергілікті жерлерде қызыл әскерге ғана емес, мұсылман халықтарына да орыс, қазақ тілдерінде қызмет көрсетті”, – деп белгілейді.

1922 жылғы 1 қаңтар бойынша республикада 662 кітапханалар болса, оның 420-ы көпшілік кітапханалар, 1286 оқу-үйлері жұмыс істеген: яғни 1914 жылғы қарағанда бес есе көп болған. Осы жылғы шілде айында 30 жылжымалы қазақ кітапханасы құрылып, ауылдарда бір жарым мың оқу залдары және қызыл үйлер жұмыс істеп тұрды. 1922 жылдың 1 тамыз айына қарай республикада көпшілік кітапханалар саны азая бастады, яғни, халыққа 61 қалалық, 89 болыстық кітапханалар ғана қызмет көрсетіп отырды. Сонымен бірге кітапханаларды қаржыландыру тәртібі де өзгерді. Орталық мемлекеттің бюджетіне, тек губерния, қалалық орталық және уездік кітапханалар ғана қаржыландырылды, бірақ кітапханалар толығымен қамтамасыз етілмеді. Бөлінген қаржыға кітапхана қызметкерлерінің еңбек-ақысын және кітап қорын толықтыруға ғана, ал, қалған техникалық қызметкерлерге қаржыны жергілікті бюджеттен, кеңестен алу шешімін шығарды. Орталық мемлекет қаржы жүйесіне кірмеген кітапханалар партияның және кәсіподақ ұйымының, кәсіпорынның шаруашылық есебінің қаржысынан келісім шарттары бойынша берілді. Бұларға басшылықты саяси-ағарту ұйымы жүргізіп отырды. Жабылатын кітапханалардың кітап қорлары орталық кітапханаларға және кітапхана коллекторына өткізілді. Кітапханаларды қаржыландыру мемлекеттік жүйеден тыс

аралас қаржыландырылуға өтуі, үлкен қиындықпен жүргізілініп отырды. 1921 жылғы Орталық Комитеттің РК(б)П арнайы шығарған “Жергілікті қаржыны ағарту мекемелеріне жұмсау” туралы нұсқауына сай, көптеген губерниялар қаражатты жоғарғыдағы мақсатқа жұмсауға ешқандай шаралар қабылдамады. 1922 жылдың бірінші жартысында Ақтөбе саяси ағарту басқармасының жазған есебінде: “Губерниялардағы кітапхана ісінің жағдайы төмен болды, себебі кітапханаға түсіп жатқан әдебиеттер болмады, 1919-1920 жылдардағы түскен кітапхана қорындағы брошюралардан басқа кітаптарды оқырмандар бірнеше қайтара оқып шықты. Мемлекеттің жабдықтауына тек 6 уезді кітапханалары мен қаладағы орталық кітапхананы сақтап қалуға ғана мүмкіндік болды, ал қалғандары жергілікті қаржыға көшірілді. Әдебиеттермен жабдықтау мемлекет жүйесіндегі кітапханаларда да төмен болды. Газеттер, тек Орынбор және орталық кітапханаларға 10 сәуірден ғана түсе бастады, ал мамырдан бастап Губерниялық саяси-ағарту басқармасының қаржысына жазылып алынғандар түсті”, – деп жазылған.

Қысқартулар тек кітапхана жүйелерінде ғана емес, барлық мекемелерге де әсер етті. 1922 жылы уездің саяси-ағарту ұйымдары және кітапхана секциялары жойылды, аяғында әдістемелік жұмыстар уездік қалалардың орталық кітапханаларына жүктелді. 1922 жылы 22 тамызда кітапхана алқасы “Уездердегі кітапхана жұмыстарын біріктіру” туралы ережесін қабылдап, онда орталық кітапханалар келесі міндеттерді атқарды:

- қала көлемінде кітапхана жұмыстарын жүргізу,
- алынып жатқан кітаптарды қала көлемінде тарату,
- уездердің қалалық, аудандық және болыстық кітапханаларының жұмыстарына басшылық жасау,
- кітапхана жұмысының ағымдағы барлық мәселелерін шешу. Уезде кітапхана ісінің орталығы болғандықтан, бұл кітапханалар әдебиеттермен толықтырылып отырды.

Сонымен, 1923 жылдың басында негізгі кітапханалардың жүйесіне 256 кітапханалар кірген, оның 20–сы орталық кітапханалар, 183–і аудандық және болыстық кітапханалар, 32–і жылжымалы кітапханалар, 1–уі Халық ағарту комитетінің ғылыми кітапханасы болды. Бір көпшілік кітапханаға орташа

есеппен 20000 халық қатынап отырды. Стационарлық кітапханалар тек қала халықтарына ғана қызмет көрсетті. Ал, жылжымалы кітапханалар мен оқу-үйлері ауыл-село халықтарын кітаптармен қамтамасыз етті.

1924 жылғы 30 наурызында Қазақ АКСР саяси-ағарту басқармасы Қазақстанның барлық губерниялық және уездік кітапханаларында қазақ бөлімдерін құру қаулысын қабылдады. Әр кітапханаларға 10 данадан қазақ әдебиеті кітаптары және Қазақ және Түркістан баспасынан шыққан қазақ тіліндегі 60 данадан тұратын кітаптары жіберілді. Бұл кітаптарды орталық кітапханалар ауылдарға жылжымалы кітапханалар арқылы жіберіп отырды. 1924 жылғы мамыр айында БК(б)П XIII съезінде кітапхана жұмысына байланысты сұрақтар қаралды. Съездің “Ауылдардағы мәдени жұмыстар” қарарында, ауылдарда кітапханалар жүйесін құру және осыған байланысты уездік бюджет болыстық кітапханашылардың штатына төленетін шығынды қосуына нұсқау берді.

1924 жылғы РКФСР-ғы кітапхана қызметкерлерінің I-ші съезінің кітапхана ісінің дамуына үлкен әсері болды. Съезд кітапхана қызметінің қорытындысын шығарып және одан әрі дамуын белгіледі. Съезд болыстық кітапхана жұмыстарына комсомол ұйымдары, жергілікті интеллигенцияны, әскерден қайтқан қызыл әскерлерді тартып, “Кітап достары”, “Өз білімін көтеру” үйірмелерін ұйымдастыруды міндеттеді. Съезд шешімі одақтас республикаларға, соның ішінде Қазақстандағы кітапхана ісі құрылысының дамуына үлкен ықпалын тигізді.

1924 жылғы қыркүйектегі БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитетінің II пленумында: Оқу-үйлеріндегі жұмыстарды іске асыру, оларды қаржымен қамтамасыз ету және қызметкерлер құрамын анықтау мақсатында “қазақ селоларында оқу-үйлерінің жұмысын күшейту” туралы шешім қабылдады. Кітапхана жүйелерін одан ары ұйымдастыруда осы қаулылардың нұсқаулары ескеріліп отырды. 1924 жылы Семей губерниялық кітапханасы жергілікті жерлерде 30 жылжымалы кітапханалар ашуға тапсырыс алады, бірақ, тек 12-сі ғана қанағаттандырылады. Келесі жылы бұл кітапханалар оқырмандардың көмегімен 18 елді

пункттерге қызмет көрсете бастады, ал, оқырмандарының 6575–і қазақтар болды.

Өкімет пен партияның кітапхана ісін көтерудегі шаралары

Соңғы 1924–1925 жылдары республикада кітапхана құрылысының жағдайы кішкене болса да ілгері жылжи бастады. Шаруашылық-экономикалық жағдайдың нығаюына байланысты Қазақстанның партия және басқару органдарының саяси-ағарту жұмыстарының мәселелеріне көңіл бөлуі күшейтілді. Губерния және қала кітапханалары толығымен мемлекеттік жүйеге қабылданды. Уездік және болыстық кітапханалар жергілікті кеңестердің қаржысына әдебиеттер алды. Бірақта, кітапханалардың жұмыстарына бөлінген қаржы әлі де болса жетіспеді. Сондықтан, 1924 жылы Қазақ АКСР–ның партия және өкімет органдары кітапханалардың түрлеріне қарай бірыңғай мөлшерді қабылдап, жыл сайын кітапхана қорына кететін шығынды қарастырып отырды. Төмендегі кестеден кітапханаларға жұмсалған шығындарды көреміз (3 кесте).

Губерния және уезд кітапханаларының бір жылға кететін шығындары

3- кесте

| Атаулар | Губерния кітапханалары | Уезд кітапханалары |
|--------------------------------|------------------------|--------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| Жаңа кітаптарды алу | 500 сом | 200 сом |
| Мерзімді басылымдарды жаздырту | 100 сом | 75 сом |
| Кітаптарды түптеу | 100 сом | 40 сом |
| Барлығы: | 700 сом | 40 сом |

Ескерту – берілген дерек мағлұматы.

Барлық шығын бойынша губерния кітапханалары жылына 2500–ден 3000 сомға дейін, ал уезд кітапханалары 800–ден 900 сомға дейін алулары тиіс болды.

Осы тұста әр жылдағы кітапханалардың қызмет көрсетіп отырғанын ескеруге болады (4 кесте).

Қайта құру кезеңіндегі көпшілік кітапханалардың жүйесі

4- кесте

| Жылдар | 1923 | 1924 | 1925 | Ескерту |
|-------------------------------------|------|------|------|---------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Барлық кітапханалар | 235 | 214 | 299 | |
| Стационарлық кітапханалар | 217 | 177 | 207 | 2-3 жылжымалы кітапханалар селолық жерлерде болды |
| Қалалық | 102 | 72 | 80 | |
| Селолық | 115 | 105 | 127 | |
| Жылжымалы | 18 | 37 | 92 | |
| Ескерту – берілген дерек мағлұматы. | | | | |

Қазақ АКСР саяси-ағарту бас басқармасының 30 наурыз айындағы 1924 жылғы нұсқауына байланысты, 7 губерния және 2–3 уезд кітапханаларынан қазақ бөлімдері ашылып, ауылдарда алғашқы ретте бірінші қазақ кітапханалары құрыла бастады. Әрине, бұл жергілікті тұрғындардың талабын орындауға жеткіліксіз болды. Саяси-ағарту бас басқармасы кітапханаларды тек қазақ кітаптарымен жабдықтауға шаралар қабылдады. Бірақ, қазақ кітаптарының аз басылып шығуынан, бұл нәтижелер маңызды жетістіктер бермеді. Қазақстанда 1923–24 жылдары барлығы 25 қазақ, 196 орыс оқу-үйлері қызмет көрсетті. Кітапхана жүйесі 61 қалалық, 188 ауыл және 50 жылжымалы кітапханалардан құралды. 1924 жылы қалалық және ауылдық стационарлық кітапханалар жанынан қазақ бөлімдері ұйымдастырыла бастады. Сонымен, Республика аумағындағы қызмет көрсетіп отырған кезеңдегі кітапханалар мен оларға бөлінген қаражатты төмендегі кестелер бойынша нақты есебін көреміз (5–6 кесте).

1923–1924 жылдардағы кітапханалар көрсеткіші

5- кесте

| Губерниялар атаулары | Қала бойынша | | | | Жергілікті жерлерде | | |
|------------------------------------|--------------|-----------|------------|----------|---------------------|-----------|-----------|
| | орта-лық | аудан-дық | жылжы-малы | бар-лығы | болыс-тық | аудан-дық | жылжымалы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Орынбор | 4 | 9 | - | 13 | 29 | - | - |
| Ақмола | 8 | 6 | - | 14 | 21 | 14 | - |
| Орал | 4 | 3 | 7 | 14 | 8 | - | 9 |
| Қостанай | 1 | - | - | 1 | - | 5 | - |
| Семей | 6 | 3 | 22 | 31 | 14 | 7 | - |
| Ақтөбе | 3 | 1 | - | 4 | - | 3 | - |
| Бөкей | 1 | 3 | - | 4 | - | - | - |
| Адай | 1 | - | - | 1 | - | - | - |
| Барлығы | 28 | 25 | 29 | 92 | 72 | 29 | 9 |
| Ескерту- берілген дерек мағлұматы. | | | | | | | |

*1923–1924 жылдары орталық кітапханаларға бөлінген
қаражат көлемі*

6- кесте

| Орталық губерния кітапханалары | Уездік кітапханалар |
|--------------------------------------------|---------------------|
| 1 | 2 |
| Кітап қорын, толықтыруға – 500 с. | 200 с. |
| Кітапты жамауға – 100 с. | 40 с. |
| Газет және журналдарды жаздыру – 100 с. | 25 с. |
| Барлығы: 700 с. | 315 с. |
| Ескерту – берілген дерек мағлұматы. | |

Осы жылдары 30–дай орталық губерниялық және уездік кітапханаларға жылына 12145 сом жіберіледі. Көрсетілген қаржы толығымен қолданылмады, себебі, Қазақ АКСР-ның Халық ағарту комиссариатының ұйғарымымен өлкелік кеңес партия мектептерінің курсанттарының тамақтануына және стипендиясына жіберіліп отырды. Кітапханалардың басқа түрлері белгіленбеген жоспарсыз жергілікті ұйымдардан қаржыландырылып отырды. Кітапханаларға бөлінген қаржының тапшылығынан соңғы жаңа журналдар жеткілікті мөлшерде оқырман сұранысын қанағаттандыра алмады, бұның бір себебі, жылжымалы кітапханалар жұмысы нашар жүргізілінді. Орталық кітапханалардағы кітап қорынан ауылдық кітапханаларға кітаптарды бөлу әрекеті дұрыс шешім бермеді. Бұған бір жағынан орталық, уездік, және аудан кітапханаларындағы кітапхана қызметкерлерін жылжымалы кітапханаларға жіберу, кітапханалардың барлық түрлеріндегі жалпы штаттың аздығынан мүмкін болмады.

1924 жылдарда Халық комиссариаты кітапханаларға жыл сайын қаражат бөліп отырды. Төмендегі кестеден бөлінген қаражаттардың қайда жұмсалынғанын көруге болады (7 кесте).

1924 жылы кеткен шығындар есебі

7- кесте

| Атауы | Уезд кітапханалары бойынша | Губерния кітапханалары бойынша |
|--------------------------------------------|----------------------------|--------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| Кітап қорын толықтыру | 200 сом | 500 сом |
| Кітапты жөндеу | 40 сом | 100 сом |
| Газет және журналдарды жаздыру | 75 сом | 100 сом |
| Барлығы: | 315 сом | 70 сом |
| Ескерту – берілген дерек мағлұматы. | | |

Кететін барлық шығындарға губерния кітапханалары жылына 2500-ден 3000 сомға дейін, ал, уезд кітапханалары 800–ден 900 сомға дейін алуы тиіс болды. Қаржы органдары жергілікті жерлерде барлығы 30 губерниялық және уезд кітапханаларына бөлінген қаржы көлемі қысқартылғанын айтты. Мысалы, Орал губерния кітапханалары кітап қорын толықтыруға бөлінген 700 сомның орнына, тек 254 сом 8 тиын ғана қолданды. Ақтөбе кітапханалары 208 сомды мерзімді баспа жаздыруға және 125 сомға 135 дана кітаптар алады.

1923-1925 жылдар аралығында мәдени-ағарту ұйымдарының басшылығымен кітапханалардың қорларындағы мазмұны жағынан ескірген кітаптардан тазалау жұмысы жүргізілді. Тазартудан кейін жылдан-жылға кітапхана қорлары жаңартылып, маркс-ленин шығармаларымен, қоғамдық-саяси көркем әдебиеттермен толықтырылды. 1925 жылы кітапхана қорларын ауыл шаруашылық әдебиеттермен толықтыруға көңіл бөледі. Оқырмандардың кітапты дер уақытында әкелмегендерге шаралар қолданып отырды. Кітапханаларда ондық жүйені жүргізуге және каталогтарды құруға әдістемелік құралдар мен кітапхана техникасының (ондық жүйелеу таблицасы, каталог карточкалары) жоқтығы кедергі келтіреді.

1925 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақ педагогикалық техникумының кітапханасы алдыңғы қатарда болды. Жылдың аяғында кітапхана қорында 7305 томнан тұратын кітаптар болды, осы жылы техникум кітапханасы 300 оқырмандарға қызмет көрсетіп, 6000 мыңнан аса кітаптар берілген. Кітапхана 14 қоғамдық–саяси және педагогикалық журналдар жаздыртып алды, жеке мекемесінің жоқтығынан оқу залы болмады. Көптеген орта мектептерде мұғалімдердің білімін көтеруде кітапханалар құрыла бастады.

Жалпы, Республикада кітапхана ісінің дамуына партияның XIII съезінің “Селолардағы мәдени жұмыстар” қарары және РК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жылғы 7 қыркүйектегі “Село кітапханаларының жұмысы және кітапхананы жалпыға түсінікті әдебиеттермен жабдықтау” қаулысы үлкен рөл атқарды. Қаулыда селолардағы кітапханалар құрылысының маңыздылығына мән бере отырып, селоның мәдени-ағарту өміріне кітапханалар-

да тірек пункттерін құру және кітапхана жүйесін кеңейтіп, нығайтып, жаңа кітапхана мамандарын даярлау, олардың материалдық жағдайының жақсарылуын және кітапханаларды көпшілік шаруаларға қажетті кітап инвентарымен қамтамасыз ету міндеттері – Орталық Комитетке тапсырылды.

1925 жылдың аяғында көпшілік кітапханалардың кітап қоры 467 мың томды құраса, болыстық, аудандық кітапханалардағы кітап қоры 127 мың, ауылдық кітапханалардағы кітап қорын 366 мың кітаптарды құрады. Осының ішінде қазақ әдебиеттері 15–16 пайыз болды. Кітапханалар есебі бойынша, кітаптардың көп бөлігі орталық губерния кітапханаларында шоғырланды: Қостанайда – 17828, Оралда – 11034, Ақмолада – 10569, Жетісуда – 39430, Семейде – 50000 дана кітаптар, Ақтөбе губерниясында 4634 кітап болса, оның 1217 данасы қазақ тілінде болды. Бұдан байқағанымыз, материалдық қиындықтарға қарамай кітапхана қорлары тез өсе бастады.

Қазақстанға РКФСР үлкен көмек көрсетті. 1925 жылы Республика кеңес өкіметіне және жергілікті ұйымдарға мәдениет пен ағарту ісіне 35 пайыз көлемінде қаржы бөлуін тапсырды. Жинақталған қордан 1925 жылы Қазақстан республикасы 2 миллион сом алып, оның 75 пайызы ағарту ісі мен денсаулық сақтау ісіне бөлінді.

РКФСР–дың облыстарында ағарту саласы бойынша 1924–1925 жылдары кеткен шығын 30 тиынды құраса, ал, Қазақстан бойынша 69,9 тиынды құрады. Бұл артта қалған халықтың мәдениетінің тез өсуіне партия саясатының іске асқанын көреміз. Кітапхана ісінің дамуына республикада жеткен жетістіктері үлкен болды. Осы жылдары Қазақстанда саны 300–ді құрайтын, оның 61–і қалалық, 189–ы ауылдық және 50–і жылжымалы кітапханалар қызмет көрсетті, ондағы кітап қоры 100 мыңнан аса данадан тұрды.

Кітапхана құрылысы “1921–1925 жылдардағы мәдени ағарту және кітапхана жұмысының мәселелері туралы” РК(б)П–ның X, XI, XIII, XIV съездерінің шешімдерінде анықталды. Үлкен жұмысты республиканың жергілікті партия ұйымдары жүргізді. Бұл туралы РК(б)П–ның Қазақ АКСР Орталық Комитет бюросы, РК(б)П Қазақ АКСР облыстық комитеті, РК(б)П–ның

Қазақ АКСР аудандық комитеті, Түркістан коммунистік партиясының деректі құжаттарында айтылады. Бейбітшілік социалистік құрылысқа өтуге байланысты мәдени-ағарту жұмысының алдында жұмыс мазмұнын, түрлерін, әдістерін өзгертіп, тереңдетілген жүйелі түрдегі жұмысқа көшу міндеті тұрды. РК(б)П-ның X-шы съезі саяси-ағарту және кітапхана жұмысындағы ұлттар арасында мәдени-ағарту деңгейін көтеруге көңіл бөле отырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізетін партия органдарына, саяси-ағарту басшыларына ұсақ буржуазиялық контрреволюциямен күресуде үндеу жұмыстарын күшейтуді міндеттеді. Сонымен, РК(б)П-ның X-шы съезінің қарары, саяси-ағарту басшылығына қайта құру кезеңіндегі саяси-ағарту жұмыстарының бағыт-бағдарын анықтап берді. Артта қалған шет қазақтарына мәдени артта қалушылықты жойып, капиталистік шаруашылық формасынан социалистік мәдени құрылысқа шұғыл өзгерту міндеті тұрды.

1925 жылғы қараша бойынша Семей губерниялық кітапханасында 62163 кітап болса, оның 6000 данасы қазақ тілінде болды. Ал, ауданда орналасқан 6 кітапханалардың кітап қорындағы 2750 дана кітаптардың 94 данасы жылжымалы кітапханалар қорында болды. Болыстық кітапхана қорларында 500-ден аспады, ал оқу-үйлерінде 50-ден 100-ге дейін ғана болды.

1921–1925 жылдары мемлекеттік және жергілікті органдардың республикадағы кітапхана ісіне күнделікті басшылық жүргізу нәтижесінде кітапхана жүйесін құрудың бірінші жобасы өңделді. Бұдан басқа арнаулы кітапханалар құрылып, 1925 жылдың аяғында саны 47-ге жетіп, оның 37-і стационарлық, 10-ы жылжымалы кітапханаларды құрады. Ал, қазақ бөлімдері 7 губерния кітапханасында, 23 уездік кітапханалар жанынан құрылды.

1926 жылы стационарлық кітапханалар жүйесі толығымен қалпына келтірілді. Мәдени-саяси жұмыс жүргізген мекемелер жүйесінің өрістеу көлемі мен қарқынын көрсету үшін төмендегі жинақтама мәліметтерін келтірейік: 1929 жылы республикадағы кітапханалардың кітап қоры 389 мың данаға жетті. Екі жылдан соң, (1931 ж.) 700 оқу-үйлер, 267 кітапханалар, 248 қызыл бұ-

рыштар болды. Кітапханалардың кітап қорлары 2 еседен аса артқан.

1929 жылғы 3 қазанда “Селодағы кітапхана ісін дамыту” туралы 1925 жылғы қаулыға қосымша, БК(б)П Орталық Комитетінің “Кітапхана ісін жақсарту туралы” қаулысы шығады. Колхоздағы өскелең талаптарды оқу-үйіндегі шағын кітапхана ісі қанағаттандыра алмады, сондықтан, селолардағы кітапханалар өз алдына жеке мәдени-ағарту мекемесі болып бөлінді.

1929 жылғы 30 қарашада БК(б)П Орталық Комитетінің “Кітапхана жұмысын жақсарту туралы” қаулысы шығады. Қаулыда Орталық Комитет “Еліміздегі кітапхана ісінің қанағаттандырғысыз” екендігін айта келіп, партия ұйымдарына, кәсіподақтар мен одақтас республикалардың Халық Комиссариаттарына кітапхана жұмысын тез арада “қайта құру жұмыстарын қолға алуға” тапсырма береді. Сонымен қатар, қаулыда “кітапхана жүйесінің жан-жақты кеңейтілу қажеттігін, кітапхана қызметкерлерінің нашар даярлығына байланысты жақын арада, яғни 6 ай ішінде олардың білімін тексеруге, кітапхана қызметкерлерін қайта даярлықтан өткізуге және жаңа мамандар даярлап шығаруға” нұсқау беріледі. Сонымен, 1929 жылғы қорытынды бойынша Қазақстан Республикасында 494 оқу залдары, 23 қызыл шайханалар, 74 қызыл отаулар қызмет көрсетіп жатты. Ал, екі жылдан кейін 700 оқу-үйлері, қызыл шайханалар екі есеге көбейіп, қызыл отаулар 100-ге жетеді. Осы кезде ауылдық жерлерде 1747 кітапханалар жұмыс істеді. Бірақ, әлі де болса, бұл жүйенің мәдени-ағарту жұмысы өмір талабына сай емес еді. Кітапханалар мен оқу-үйлері жөнді ғимараты жоқ, қарабайыр жағдайда өмір сүрді. Олардың жұмысын атқарған адамдардың сауаттары да, кәсіптік дәрежесі де төмен еді. Тіпті, қалалардың өздерінде мәдени ошақтарда істейтін адамдардың білім деңгейі төмен болды. Бірақ, білімге, мәдениетке деген халықтың құштарлығы, ынта-ықыласы арқасында, мәдениет ошақтары қарапайым болса да көбейе түсуіне жол ашты.

30-шы жылдары Республикада кітапхана жұмысын жандандыру жолында қарқынды жұмыс басталады. Үкімет пен партия кітапхана қызметкерлерінің білім деңгейлерін көтеру мақ-

сатымен айлық, жылдық курстар, жаңа оқу орындарын ашу ісін қолға алады.

1930 жылы сәуір айындағы Алматы кітапханашыларының жиналысында ҚазАКСР-ның саяси-ағарту бас басқармасының басшысы жолдас Ломакиннің баяндамасында бірінші рет кітапхана жорығының қорытындысы айтылып, онда Алматыда алты аудандық, бір балалар кітапханаларын құруды ұйымдастыру міндеттерін қабылдады.

Осы жылы аудандық ағарту мекемелері инспекторларының өлкелік мәжілісінде “Республикадағы кітапхана жорығының міндеттері және кітапхана құрылысының жағдайы” атты мәселесін талқылағаннан кейін, кітапханалардың қатысуымен жұмыстың маңызы артқандығын ескерді. Мәжілісте төмендегідей шешімдер қабылданды:

1. Кітапханаларды мәдени-саяси орталыққа айналдыру;
2. Барлық аудандарда орталықтанған кітапханалар жүйесінің жоспарын жаңарту;
3. 1931 жыл ішінде Қазақстанның барлық колхоз, совхоздарын жылжымалы кітапханалармен қамтамасыз ету.

Осындай ілгерілеулер барысында Республика аумағында ірі кітапханалар бой көтере бастады. Мәселен, 1930 жылы Республикада бірінші рет ірі техникалық кітапхана – Түркістан-Сібір темір жолының басқармасы жанынан ашылды. Кітапхана қорында 7000 мыңнан асатын кітаптар, 34 тақырыптағы техникалық журналдарды жаздыртып алып отырды. Бірінші жылы кітапхана қызметіне 68 мың сом қаржы жұмсалынған. Осы жылы (1930ж.) ғылыми-зерттеу институтының жанынан Орталық ауыл шаруашылық кітапханасы жұмыс істей бастады. Кейінірек ол, 1933 жылы Ауыл шаруашылық экономикасының институты болып қайта құрылды.

1930 жылғы қараша айында болған Бүкілресейлік кеңесте “Аудан орталықтарында, МТС жанында және ірі колхоз совхоздардың мәдени дамуының жаңа дәрежесіне сай келетін жаңа типтегі кітапханаларды қайта құру туралы” шешімін қабылдайды.

Жоғарыда айтылған жаңа типтегі халықтық кітапханалардың жалпы демократиялық принциптерінің негізгі жолдарын көрсететін бағыттары:

- кітапханаларды тегін пайдалану,

- кітапхана жүйесін ұйымдастыру,

- халықты кітапхана ісіне кеңінен тарту – Республикада мәдени ошақтарының көбеюіне себепші болды. Сонымен, 1931 жылы Алматыда екі ірі кітапханалар ашылады: Қазақ АКСР-ның 10 жылдығына орай Мемлекеттік халықтық кітапхана (бұрынғы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасы) және қалалық орталық кітапхана (А.П.Чехов атындағы қалалық орталық кітапхана). 1932 жылы КСРО ғылым Академиясының Қазақстан базасы жанынан ғылыми кітапхана құрылады. Саяси-ағарту Бас басқармасының стационарлық көпшілік кітапханаларының жүйесі жылдан-жылға өсе түсті: 1926–1928 жылдары 262, 1930 жылы – 290, 1933 жылдың басында жылжымалы кітапханаларды санамағанда, 356 кітапханалар болды.

Ауылдық жерлерде мәдени-ағарту жұмыстарында ең маңызды рөл атқарған кітапханалар болды. Партия, кеңес ұйымдары олардың алдына екі негізгі бағыттағы міндеттерді: біріншіден, оқырмандарды саяси тәрбиелеу; екіншіден, кітапханалардағы діни, патриархалдық, феодалдық, буржуазиялық наным-сенімдерді қалыптастыратын әдебиеттерден тазартуды белгілеп берді. 1932 жылы республиканың ауылдық жерлерінде 267 көпшілік кітапханалар болса, 1934 жылы 547 кітапханаларға дейін өседі.

1935 ж. 20 наурыздағы Өлкелік партия комитетінің III пленумының “Ауылдардағы және селолардағы көпшілік саяси және мәдени жұмыстар” қаулысы, 1935 жылы мамыр айындағы партия және үкіметтің “Қазақ АКСР-ғы кітапхана ісінің жағдайы” нұсқауында Қазақстан кітапхана қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды:

- кітапхана ісінің саяси міндеттерден артта қалмауы;

- кітапхана жұмысының сапасын жақсарту.

1935 жылы сәуір айында Қазақ АКСР мемлекеттік халықтық кітапхана жанынан әдістемелік орталық, Қазақстанның көпшілік кітапханаларына практикалық көмек ретінде жұмыс

тәжірибелерін үйретуге “кітапханатану” кабинеті құрылады. Кітапханашыларға әдістемелік көмек үнемі мәжілістер өткізумен, шақырылған басқа да мәдени ошақтармен тәжірибе алмасу барысында іске асырылады. Бірақта, кітапханаларға дифференциалдық басшылық жасау мүмкін болмады, себебі, штаттағы адамдардың аздығы (4 адам) және мамандардың жоқтығынан қамтамасыз ете алмады. Бірінші кезекте кабинет Алматы қаласы мен Алматы облысындағы кітапханаларға көмектесті, бірте-бірте оның аумағы кеңейді. 1938 жылғы 22–23 қыркүйекте Алматыда саяси-ағарту мекемелерінің Бірінші республикалық мәжілісі болды. Оған облыстан, ауданнан, қалалардан 100–ден аса кітапхана қызметкерлері мен клуб меңгерушілері қатысты. Мәжіліске қатысушылар өз жұмыстарының тәжірибелері туралы пікір алмасты. Мәжіліс кітапханашыларды социалистік жарыстарға белсенді қатысуға, жүйелі түрде еңбекшілердің алдында есеп беруге міндеттеді. 1935 жылдың шілде айында Қазақстан село және ауыл кітапханашылары үшін “Ең жақсы ауыл кітапханасы” атты Бүкілодақтық конкурс жарияланады. Конкурс әр жердегі кітапханалар үшін үлкен қызығушылық танытты. Конкурс барысында жергілікті кеңестердің жұмысы жанданып, олар кітапханаға көп көңіл бөле бастады. Конкурс барысында 7 кітапхана ең жақсы мекемелерге орналасып, 18–і жөндеуден өткізілініп, 14 жаңа кітапханалар ұйымдастырылады. Кітапханалардағы қорлар 85 мың томға, оқырман саны 30500 адамға өсіп, 70 оқырман конференциясы өткізілініп, 30 совхоз кітапханалары ұйымдастырылды. Қазақстан кітапханалары арасында ең үздігі болып “Еңбекші Қазақ аудандық кітапханасы”, С. М. Киров атындағы “Қоғалы” совхозының кітапханалары орын алды. Егер, 30–жылдардың басында мәдени-ағарту жұмысы, көбінесе, көлік үстінде жүргізіліп келсе, енді оларды мәдениеттің тұрақты ошақтары ығыстыра бастады. 1925–1936 жылдар аралығында Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында ғана колхоздардың қаржысына 210 оқу-үйлері салынса, ал, 1939 жылы көпшілік кітапханалардың саны 3933-ке жетіп, кітап қоры 5 млн. данаға көбейеді.

Партия мен өкіметтің назарының арқасында екінші, үшінші бесжылдықтарда кітапхана жұмысында біраз үлкен жетіс-

тіктерге жеткен. Оған дәлел, 1940 жылы көпшілік кітапхана саны 3933–ке, оның қоры 4869 мыңға жеткен. Кітап қорларындағы әдебиеттер орыс, қазақ және басқа да тілдерде болады, оқырмандар саны 552 мыңға өсіп, кітап беру 3875 мың данаға өседі. 1941 жылдың басында Қазақстанда халыққа қызмет көрсетіп жатқан 3959 көпшілік кітапханалар болды. Осылай ауылдардағы әлеуметтік–экономикалық қайта құру, әдебиеттердің таралуы, шаруаларды саясатқа, мәдениетке тәрбиелеудегі жоспарлы жұмыстың күшейтілуі – Қазақстандағы кітапхана ісінің даму келешегіне үлкен мүмкіндіктер құрылды.

Кітапханаларды Коммунистік партия және Кеңес өкіметінің қамқорлыққа алуы тарихта бірінші рет мемлекет жағынан маңызға ие болды. Республикада кітапхана ісінің дамуы және қалыптасуы Ресейдегі кітапхана құрылысымен бірге жүзеге асырылып, оның дамуындағы жалпы заңдылықтарымен байланысты болды.

Еңбекшілерді саяси және мәдени жағынан ағарту жөнінде кітапханаларға маңызды орын берілді. Мәдени-ағарту жұмысының негізгі ошақтарының ішінде кітапханалар адамдардың өздігінен білім алудың бірден-бір көзі болды.

Мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары партияның тікелей басшылығымен іске асып жатты. Социалистік идеологияны кеңес адамдарының сана–сезіміне енгізуде кітапханалар партияның ең негізгі құралына айналды.

Республика еңбекшілерінің рухани өмірінің дамуы оқшауланған сипатта болған жоқ, қазақ халқының және Қазақстанның барлық еңбекшілерінің мәдениеті бүкіл кеңес халқының рухани өміріндегі жетістіктерінің шығармашылық синтезі нәтижесінде байыды. Орыс халқының және еліміздегі басқа халықтардың баға жетпес қалтқысыз жәрдемі Қазақстандағы мәдени революцияның барысына шешулі әсер етті.

Қорыта айтсақ, Кеңес дәуірінде мәдениет экономикалық, әлеуметтік саяси факторларға тәуелді, басқаша айтқанда «қондырма» базистен әрқашан тәуелді болып отырған, – деп түсіндірілді. Қоғам өмірі осындай схема арқылы көрсетілгеннен кейін, сол қоғамның экономикалық укладының қосымшасы ре-

тінде, көп жағдайларда талаптар мен партияның саясаттағы құралы ретінде де бейнеленді.

Республикада халық шаруашылығы міндеттерін шешуде кітапханалар белсенді атсалысып, идеологиялық мекемелердің қатарында басты орын алды. Кітапханалардың қалыптасып дамуын қорытындылай отырып, мыналарды атап көрсетуге болады:

1. Қазан төңкерісі нәтижесінде Кеңес өкіметі жағдайында өзінің дамуына жетті.

2. Қазақстанда кітапханаларды құруда басты назар саяси білім беруге аударылып, қарастырылып отырған кезеңнің нақты міндеттерін анықтады.

3. Жергілікті ұлт өкілдерінің көпшілігінің, әсіресе, әйелдердің өте төмен білім дәрежесі, тез арада қажетті мамандар даярлау мәселесін тежеді.

4. Мәдени-ағарту мекемелерінде жұмыс жүргізуге тартылған мамандар қазақ зиялылары бұл салада көп тұрақтамай, партия-кеңес жұмысына шақырылып, кейбірі басқа жұмысқа ауысып кетті.

5. Жергілікті ұлт тілінде жұмыс жүргізу басты міндет болғанымен, ондай мамандардың аздығы мәдени-ағарту мекемелерінің нашар жұмыс жүргізілуіне әкелді.

Кітапханаларды ашу мен дамытуда бөгет жасаған субъективті факторлар да болды. Бұл кейбір партия және Кеңес органдарының қызметкерлерінің бұл мекемелер мен олардың жұмысының маңызын дұрыс бағаламауынан байқалады. Мәдени-ағарту мекемелері қызметін толық партия комитетінің үгіт-насихат бөліміне аударған жағдайлар да кездесті. Төңкеріске дейін бұл салада ешқандай өзіндік дәстүрі болмаған Қазақстан Республикасында кітапханалар жүйесі құрылып даму жолына түсті. Осылай, кеңес елінің бейбітшілік құрылысқа өту кезеңінде халық арасында кітапхана ісінің маңызы артып және еңбекшілердің саяси және мәдени жағынан дамуына кітапханалардың үлесі зор болғанын қарастырылған кезең айғақтады.

Кітапханалардың материалдық базасын нығайту және кітапхана мамандарын даярлау ісінің қиыншылықтары

БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитеттерінің кітапханалардың материалдық базасын нығайту, қажетті қаржыны көбейту сияқты талаптарды нашар орындалуына байланысты кітапхана ісі бүкіл республика бойынша төменгі деңгейде болды. Мәселен, 1920 жылы Семей облысында 60 кітапханалар мен 125 оқу-үйлері болса, ал 1921 жылғы тамыз айының есебі бойынша қалаларда 6 орталық және 10 қазақ тұрақты кітапханалары, 83 көшпелі және оқу-үйлеріндегі 42 кітапханалар ғана жұмыс істеп тұрды. 1920 жыл кітапхана жұмыстарының құрылуының бірінші сатысы болды.

БК(б)П Қазақстан Өлкелік Комитеті кітапхана мамандарын даярлау мәселесіне де көп назар аудара отырып кітапхана курстарын ұйымдастырып, даярлауды ұсынды. Алты апталық кітапхана мамандарын даярлауда кітапхана курстары ұйымдастырыла бастады. 1920 жылғы тамыз айында Верный қаласында клуб және кітапхана қызметкерлерін даярлайтын курстар ашылса, 1922 жылдың басында Жетісу халықтық кітапханада Халық Ағарту Комиссариаты саяси бөлімімен бірлесіп екі айлық кітапхана курсы ашып, оны 38 адамдармен құрамы толықтырылады. Келтірілген кітапхана курстарының біраз бөлігі үзбей жүргізілініп отырса, өкінішке орай, кейбірі орта жолдан қаржы себептеріне байланысты өз жұмысын тоқтатты. Өткізілінген курстарды ешкім есепке алмады, сол себепті олардың жалпы нақты санын айту мүмкін болмады. Осы жылы біраз жерлерде кітапханалар бой көтере бастады. Мысалы, губерния жанынан 7 кітапханалар, уездік кітапхана жанынан 23 кітапханалар құрылды. Кітапхана мамандарын даярлау курстарында және конференциялар өткізу арқылы губерния кітапханаларында Семейде 28, Қостанайда 13, Петропавлда 70 кітапханашылар аяқтап шықты. Кітапхана мамандарын даярлауда кітапханалардың бірігуі үлкен рөл атқарды, бірақ кітапханалардың материалдық жағдайы өте нашар болды. Саяси-ағарту басқармасының меңгерушісі – Лекеров, хатшысы Мызниковтың естеліктерінде: “Жылға берілген кітапханалардың қаржысы кітапхана

жүйесін сақтауға мүмкіндік бермеді. Кітапханаларды әдебиетпен толықтыру мүмкін болмады”, – деп жазады.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда кітапхана құрылысындағы негізгі қиындық кітапхана мамандарының жетіспеушілігі болды. Кітапхана мамандарын даярлаудың міндеті – қысқа мерзімді кітапхана курстарын ұйымдастыру болды. 1920–1921 жылдар аралығында Түркістандағы Қырғыз Автономиялы Республикасының мектептен тыс халық комиссарлары бөлімі Ташкентте, Орынборда, Верныйда, Семейде бірқатар қысқа мерзімді кітапхана курстарын ашады. Оған сабақ жүргізуге тәжірибелі кітапхана қызметкерлері: Е.К.Бетгер, И.Ш.Буров, А.А.Мегленков, Е.Д.Еловиков, Е.О.Стеклова және т.б. шақырылады. Бұл курстарда жұмысшылар, шаруалар, диқандар және кітапхана жұмысына қызығушылық білдіріп, өздерін қоғамда белсенділігі жағынан көрсеткен комсомолдар, коммунистерден іріктелініп алынады. Курстың оқу жоспары жалпы білім беру, мектептен тыс білім беру және кітапхана-библиографиялық циклдан тұрды. Курста оқушыларға лекциямен қатар кітапханатану пәні бойынша тәжірибе сабақтары жүргізілініп отырды.

1921 жылы қазақ кітапханаларына мамандар даярлауды Алматы саяси-ағарту басқармасы іске асырып, 3 айлық курстар ұйымдастырады. Олар әр уезд облыстарынан 2 орыс және 2 жергілікті қазақ курсанттарын қабылдайды. Бағдарлама курсына кітапхана ісінен қазақ тілінде жүргізу енгізілді. Курстың оқу жоспары жалпы білім беру, мектептен тыс білім беру және кітапхана-библиографиялық циклдан тұрды. 1921 жылғы сәуір айында РК(б)П-ның Орталық Комитеті барлық саяси-ағарту басқармаларына “Саяси-ағарту қызметкерлеріне қысқа мерзімді курстар өткізу” нұсқауын бағыттады. Коммунистік партияның ағарту саласындағы негізгі міндеті – мемлекетке кең көлемде жаңа кітапханашыларды, оқу-үйі меңгерушілерін және халық арасында саяси-ағарту жұмыстарын жүргізе алатын мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлау болатын. Осы нұсқауға орай 1921 жылғы 15 тамыз айында Түркістан саяси-ағарту басқармасы 200 адамға арналған 4 айлық даярлық курстарын ұйымдастырады. Осы жылдары кітапханашыларға көмек ретінде әр-

түрлі оқу құралдары шығарылып, мамыр айында Түркістан саяси-ағарту басқармасы базасында губерниялық кітапханашылар конференциясы өткізілінеді. Конференцияда каталогтарды және қорды ұйымдастыру, оқырмандарға тіркеу формуляр жүйесін жүргізу, статистикалық есеп берудің бірыңғай түрін құру мәселелері талқыланды.

1921 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап кітапханалар жағдайы нашарлай бастайды. Аштық барлық губернияны жаулады. Кітапхана қызметкерлері жалақыларын алмады. Олар шетінен кітапхананы тастап, басқа қызметке кетіп жатты. Кітапханаларды көлік пен қаржының жоқтығынан газеттермен толықтыру мүмкін болмады. 1921 жылы саяси-ағарту басшылығының жазған хатында: “Саяси-ағарту жұмысы тоқырауда тұр, селодан қалаға дейінгі саяси артта қалушылықты болдырмауда тезірек оқу-үйлерін ұйымдастыру керек”, – деп белгілейді. Кітапханалар жағдайлары нашарлады. 1921 жылғы есеп бойынша аудан кітапханалары уездерде 156, кітапхана қызметкерлері 232, кітап қоры 295232, оқырмандар саны 3211800 құрады. Ал, оқу-үйлері 162, қызметкерлері 162, кітап қоры 26300 құрады.

1921-1922 жылдары БКП(б) Орталық Комитеті және Кеңес өкіметі мәдени-ағарту мекемелерін, соның ішінде, кітапханалардың материалдық жағдайын нығайтуға бағытталған бірнеше құжаттар қабылдайды. Соның бірі, 1921 жылғы “Кітапханаларды иеленген ғимараттарынан көшіріп жіберуге тыйым салу” қаулысы болды. Ал, 1922 жылғы наурызда “Мәдени-ағарту және тәрбие мекемелерін ғимараттармен қамтамасыз ету” қаулысы жарияланады.

Бұл шаралар біршама болса да кітапханалар жағдайын жақсартты. Жергілікті партия ұйымдарына кітапханаларға барынша қолдау көрсетуге міндеттеді. Олардың міндеті – кітапханалардың білім алатын қызметін күшейтіп қоймай, коммунизмді саяси насихаттау аппаратына айналдыру еді.

1922 жылғы 1 қаңтар айындағы Ақмола губерниясының халыққа білім беру бөлімінің мектептерінде кітапхана қызметкерлерін қайта даярлау курсы бойынша жазған мәліметтерінде:

1. Сабак 1 қаңтарда аяқталды.

2. Аудан және оқу-үйлеріне меңгерушілер дайындалды.
3. Курста оқушылар жатақханамен қамтамасыз етіліп және түскі астары ақысыз берілді.
4. Айына 900 сом стипендия алып отырды.
5. Лекция барысында барлық курстағылар кітаптармен, кітап құралдарымен қамтамасыз етілді.
6. Тыңдаушылар жасына, мамандығына, ұлтына қарай бөліп оқытылды деп көрсетілген.

1922 жылдың басында Семиречинск халықтық кітапхана, Халық Ағарту Комиссариаты саяси бөліммен бірігіп өз жанынан 2 айлық кітапхана курстарын ашады. Курста оқушылар құрамы 38 адамды құрап, оның 8 әйелдермен толықтырылады. Жоғарыда аталған кітапхана курстарының ішінде біразы үнемі жүргізіліп, көбісі мезгіл-мезгіл ғана жұмыс істейді. Өкінішке орай, өткізілініп отырған курстарға ешкім есеп жүргізбегендіктен олардың жалпы санын анықтау мүмкін болмады. Кітапханашыларды идеялық және кәсіби даярлауда саяси-ағарту басқармасы жарлығы негізінде ұйымдастырылған кітапхана үйірмелері – кітапханашылардың өзін-өзі білімін көтеруге септігін тигізді. Мысалы, Жетісу облыстық халықтық кітапхана жанынан әр айдың 15–де мұсылман кітапхана секциясының отырысы өтіп отырды.

1922 жылы ақпанда өткен губерниялық саяси-ағарту бөлімдері меңгерушілерінің кеңесінде, Саяси-Ағарту Бас басқармасы мен оның жергілікті ұйымдарының қызметкерлеріне төленетін жалақыдан баса, 1922 жылдың сметасы бойынша 5000 млн. сом қаржы бөлінетіндігі айтылады.

1923 жылғы 25 сәуірде Семейдегі губерниялық комитеттің мәжілісінде мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлау туралы мәселе қаралып, барлық уездік комитеттер жанынан мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлауда мектептер ашуды тапсырады. Оларға саяси пәндермен қатар, ауылдағы оқу-үйлері, кітапханаларда кітапхана ісін жүргізу үшін арнайы білім беру міндеттелді. Ал, Петропавл губерниялық кәсіподақтар кеңесі “Мәдени-ағарту мекемелеріне қызметкерлер дайындайтын кешкі курстар ұйымдастыру” туралы шешім қабылдайды. Қабылданған шешімге орай курсты бітіргендер кітапхана және үйірме меңгеру-

шілері болып қызмет атқарады. Жоғары органдар ұлттық мамандар дайындауға үлкен жеңілдіктер жасады. Олар: Республикадағы ұлт өкілдеріне, жоғары оқу орындарына, техникумдар мен жұмысшы факультеттеріне түсу үшін арнайы орын бөлініп және олар таптық тексеруден өткізілмей-ақ тек білім жағынан дайындығы тексеріледі.

Ауылдағы кітапханаларды кітаппен толықтыруда қаражат табуда көптеген қала, уездер “Кітапханаларға көмек апталығын” өткізді. 1923 жылғы 13 тамызда Ақтөбе губерниясы “Кітапханаларды кітаппен және ақшамен көмектесу апталығын” өткізеді. Бұл туралы олар “Киргизская степь” газетінде: “Кітапханаларды кітаппен және ақшамен көмектесу апталығына» барлық азаматтар үн қату керек. Кітап мәдениет үшін күресетін құрал, ал кітапхана үлкен байлықты сақтаушы. Кітап және кітапхана – білімнің негізін нығайтады. Кітапханаға “кітап апталығын” өткізген шараларында ғана емес, басқа уақыттарда да қамқорлыққа алып, көмектесу керек“, – деген үндеулерін жолдады.

Қазақ АКСР-ның Халық ағарту комиссариатының 1923–1924 оқу жылдарындағы кітапхана қызметкерлері жайындағы жылдық есебінде: “Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасында қызмет етуші кітапханашылардың дәрежесі, тек бір ширегі ғана арнаулы кітапхана курсы бітіргендер, ал қалғандары “кітапханалық бірлестігі” жанынан кітапхана жұмысын тәжірибеде жүріп, үйреніп жетілдіруде. Кітапхана бірлестігінің жұмысында губернияның әдістемелік басшылығы айқындалып отырды. Басшылық міндетіне кітапты насихаттау, плакат жұмыстары, көрмелер, кітапхана оқулары және басқа да кітапхана шараларын кеңейту арқылы көрсетілген орындарда, кітапханалардың ықпал етуін қалай кеңейту және тереңдету тұрды. “Кітапхана бірлестігі” кітапхана қызметкерлерін қайта даярлау орталығы болды, онда кітапхана жұмысының жаңа жүйесін өткізу тәжірибелері ұйымдастырылды. Ұжымда саяси тақырыптарға арналған әңгімелердің өткізілінуі, кітапханашылар арасында саяси сауаттылықтарын жоюға мүмкіндік берді. Орынбордағы “Кітапхана бірлестігі” ұйымы жанынан құрылған кітапхана қызметкерлерін қайта даярлау тәжірибесі орталық кітапханада өткізілініп отырды. Сабак 50 кітапханашыларға жүр-

гізілінді, оның 28-і Семей орталық кітапханасының қызметкерлері, 13-і Қостанай орталық кітапханаларының қызметкерлері болды. Бұнымен қатар, Ақмола губерниясындағы 2 апталық кітапхана курстары арқылы барлық кітапхана қызметкерлері қайта даярлықтан өтіп отырды. Көбінесе, қайта даярлауда кітапхана қызметкерлеріне “Красный библиотекарь” журналы көп көмекші болды. Бұл журналдағы мақалалар кітапхана бірлестігінің жиындарында оқып үйреніп және журналдағы ұсынылған шараларды мүмкіндіктеріне орай кітапханашыларымен бірігіп, өткізілініп отырды. Саяси-ағарту басқармасы 1924 жылдың 22 наурызында «Кітапхана жұмысын үйретуде, кітапхана ісін клубтарда, халық үйлерінде және басқа да ағарту мекемелерінде қолдану» мақсатына арналған арнайы сабақ бағдарламасын құрды. Кітапхана ісіне арналған сабақтың оқу жоспарының көлемі үлкен болды. Сабақтар төмендегі тақырыптар бойынша жүргізілді: “Кітапхана техникасы” (42 сағ.), “Кітапхананың ішкі жұмыстары” (12 сағ.), “Оқырмандармен жұмыс” (12 сағ.), “Кітаптармен жұмыс” (8 сағ.), “Кітапхана жүйесінің құрылымы” (2 сағ.) және т.б. Жалпы, барлығына 78 сағат бөлінді деп жазылады. 1924 жылы саяси-ағарту басқармасы Е.В.Стекловтың редакциялық басқаруымен “Кітапхана меңгерушілеріне арналған уақытша нұсқау”, “Кітапхана ісі”, “Кітапханаларға арналған тәжірибелік жетекшілік” туралы жинақтары шығарылды. Кітапхана қызметкерлерінің мамандығын көтеруде Орынбор қаласында шығатын: “Вестник Кирнаркомпроса”, “Политико-просветительное дело”, журналдары үлкен рөл атқарды. Бұл мерзімді басылымдарда кітапхана өмірінен естеліктер, кітаптармен жұмыс істеу әдістері, жаңа кітаптар туралы пікірлер және рецензиялар, көпшілік оқырмандарға арналған әдебиеттердің ұсыныс тізімі жайлы мақалалар басылып отырды. Кітапханашылар үшін әр түрлі нұсқаулар “Кітапханаларда кітап беру тәртібі”, “Бірыңғай кітапхана жүйесі” туралы мақалалар шығып отырды.

Халық Ағарту Комиссариаты кітапханашылар арасында үлкен тәрбиелік жұмыстар өткізеді. Әсіресе, ол Қазақ АКСР Саяси-ағарту Бас Басқармасының 1924 жылғы 27 наурыздағы жарлығынан кейін тіпті жанданды. Аудан және ауыл кітапхана-

ларында әдістемелік оқу құралдарын және әдістемелік көрсеткіштерді жан-жаққа жіберіп, отырыстар, қысқа мерзімді курстар ұйымдастырады. Саяси-ағарту Бас Басқармасының 1924 жылғы 27 наурыздағы нұсқауымен, кітапхана ісі жөніндегі бүкіл әдістемелік жұмыс губерниялық орталық кітапханаларға жүктелді. Ол губерниялық саяси-ағарту бөлімі бақылауында болып, аудандық және уездік кітапханаларға әдістемелік құралдар жіберіп, кітапхана мамандарын қайта дайындықтан өткізіп тұрды. Кітапханашы мамандар Ресей, Ленинград, Харьковтің мемлекеттік кітапхана институттарында, кейіннен Семей мен Көкшетаудағы кітапхана техникумдарында дайындалды. 1924 жылғы 26 маусымда Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты губерниялық және уездік орталық кітапханаларға ауылдар мен селоларда көбірек жылжымалы кітапханалар құруға нұсқау берді. Осы жылы кітапханаларға жергілікті жерлерден жылжымалы кітапханалар ашуды сұраған 30 өтініш түсті. Бірақ, олардың тек 12-ін ғана қанағаттандыруға мүмкіндік болды.

Қазақстанда саяси-ағарту жүйелерінің өсуіне байланысты қызметкерлерге деген сұраныс та өсе түсті. Осыған байланысты, 1924 жылғы шілде айында саяси-ағарту басқармасы “Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлерін қайта даярлау” (№ 1346) қаулысын шығарды. Қаулыда сабақ бағдарламасына мәдени-ағарту, кітапхана жұмыстарынан сұрақтарды енгізу міндеттелді. Болыстық кітапханалардың қызметкерлері, қызыл шайханалар мен оқу-үйлері меңгерушілерінің көп пайызын мұғалімдер құрады.

1924 жылғы 1 шілде айында М.Н. Покровскийдің РКФСР кітапханашыларының I съезінде сөйлеген кіріспе сөзінде: “Саяси санасы оянған пролетариат алдымен кітапқа ұмтылып, кітапханалар ұйымдастыруға кірісті. Бұл Қазан төңкерісінен кейін ғана емес, бүкіл жұмысшы қозғалысымыздың ерекшелігін жоғары дәрежеде танытқан факт болып табылды. Кітаптарды сөреде жатқан бір қажетсіз зат есебінде емес, қалың көпшілік арасында бір қолдан екінші қолға өтіп, бүкіл елімізді шарлап шығатын аса бір зәру нәрсе, – деп қарау, қазіргі “кітапхана ісі” жаңаны ескіден айыратын негізгі бөлігі болып саналады. Ескі кітапханалар өзінің құрамы бойынша жеке адамдардың пайда-

лануына бейімделген. Олар көпшілік халыққа арналмаған. Бізге әрбір пәндер бойынша 20-30 дана оқулық керек. Осындай кітапхана ісіндегі өзгерістер кітаптың қолдан-қолға өтіп, көпшілік бұқараны серпілтетін және рухтандыратын күшке айналуының өзі кітапханашының да маңызын өзгертеді. Кітапты тек сақтап үйренген немесе кітапты аса зәру болып сұрағандарға ғана беріп, басқаларға қарасын да көрсетпеді әдетке айналдырған кітапханашының болашағы жоқ, ол өзін ескі жүйемен бірге құрып бітуге мәжбүр еткен адам. Қазір жаңа тұрпатты кітапханашы қалыптасты. Халықты ғылымға, мәдениетке кітап арқылы үйретіп дағдыландыру, кітапханашының ең қажетті буыны, ең бірінші құрметті орынға қоятын негізгі ағартушы қызметкер болып табылатынын аңғартады. Кітапханашылардың съезі жаңа тұрпатты кітапханашыны анықтап беруі тиіс”, – деп атап өтілді.

1924–1925 жылдары мәдени-ағарту мекемелерінің ішінде оқу-үйлерінің 68,2 пайызы тұрғын халық пен қамқоршылар есебінен, 31 пайызы жергілікті бюджеттен, тек 0,8 пайызы ғана мемлекет есебінен қаржыландырылды.

Кітапхана жұмысын көтеруде 1924–1925 жылы кең құлаш жайған кітапхана бірлестіктері алдына негізгі екі міндетті қойды: олар кітапхана қызметкерлерінің өз мамандығын көтеруіне көмектесу және бұқараға кітапты жақындата отырып, саяси-тәрбие жұмысында кітапханалар рөлін көтеру болды. Кітапханалар бірнеше саяси өмірдегі маңызды оқиғаларға арнап кітап көрмелерін ұйымдастырып және саяси тақырыпқа арналған жеке әдебиеттерді насихаттаумен үн қосты. Кітапханашылар конференцияларды, әдеби кештер, диспуттарды өткізе бастады. Орыс әдебиеті классиктері мен жас ақын-жазушылардың шығармалары бойынша буржуазиялық қоғам кемшіліктерін әшкерелеп әдеби “соттар” ұйымдастырды. Кітапхана бірлестіктері бастамасымен кітапты насихаттаудың жаңа түрлері пайда болды. Кітапхана есігін ашпағандарды кітапханаға тарту үшін “кітап күндері”, “кітап апталығы” және “кітап кештері” өткізілді. Селолардағы кітапханалар жүргізген орасан жұмыстар туралы Өскемен уезінің Катон-Қарағай болыстық кітапханасының қызметкері – А.В. Беляевқа оқуға кетерінде берілген мінездеме

жақсы дерек береді. Ол кітапты насихаттауда әңгімелер мен баяндамалар оқып өткізген. Кітапханалар бұқара арасында азды-көпті саяси-ағарту және мәдени-тәрбиелік жұмысын жүргізе отырып кітап көрмелерін ұйымдастырады.

Кейбір губерния, болыстық орталықтарындағы кітапханаларда оқу-үйлерінің меңгерушілерін даярлайтын арнайы курстар ашылды. Осындай айлық курстар 1925 жылы мамырда Қостанай қаласында ашылды. Бұл туралы «Степной крестьянин» губерниялық газетінде: “Біз 30–40 шақты орналасқан губерниямыздағы оқу-үйлерінде нағыз жұмыс жүргізетін болдық. Ол барлық село, ауылдардағы шаруалар, агрономдар, мұғалімдер, дәрігерлердің басын қосатын мәдени орталық болады”, – деп жазады.

1929 жылы Қазақстан Республикасы бойынша 494 оқу залдары, 23 қызыл шайханалар, 74 қызыл отаулар болды. Екі жылдан кейін 700 оқу-үйлері, қызыл шайханалар екі есе көбейіп, қызыл отаулар 100 – ге жетеді [142]. Ал, ауылдық жерлерде 1747 кітапханалар жұмыс істеді. Бірақ, кітапханалар мен оқу-үйлері жөнді ғимараты жоқ, қарабайыр жағдайда өмір сүрді. Олардың жұмысын сауаттары да, кәсіптік дәрежесі де төмен адамдар атқарды. Тіпті, қалалардың өздерінде мәдени ошақтарда істейтін адамдардың білім деңгейі төмен болды. Бірақ, білімге, мәдениетке деген халықтың құштарлығы, ынта-ықыласы мәдениет ошақтары қаншалықты қарапайым болса да, көбейе түсуіне жол ашты. 1925–1936 жылдар аралығында Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында ғана колхоздардың қаржысымен 210 оқу-үйлері салынды.

Оқу-үйлерінің жұмысы да қиын жағдайда жүрді. Көбінесе, қарапайым шаруаның үйінің бір, кейбір жерде екі бөлмесіне орналасты. Онша жарық емес, әрі жеткіліксіз жылытылған, ең керекті мүліктерсіз оқу-үйлері, аздаған ғана қаражатпен жұмыс істеп жатты. Барлық жерде кітаптар жетіспеді. Оқу-үйі меңгерушілерінің жұмысы өте көп еді, оларды жиі бір орыннан екінші орынға ауыстырды, жалақысы да төмен болды. Кейбір жерлерде, оқу-үйі меңгерушілері мен кітапханашылардың бір өзі 8–10-ға жуықтай партиялық және қоғамдық тапсырмалар орындады. Бұл саяси-ағарту жұмысының сапасын төмендетті.

Оқу-үйлерінің қызметінде қиындықтарды жеңуге жоғары партия кеңес органдары үлкен көмек берді. БК(б)П Орталық комитетінің 1929 жылғы 11 қарашадағы “Оқу-үйлері туралы” қаулысында, бес жыл ішінде мемлекеттен бөлінетін қаржыны көбейтіп, оқу-үйі төңірегінде қоғамдық ұйымдарды жұмылдыру арқылы, олардың материалдық жағдайын кәсіподақтар кооперациясының барлық түрлері совхоздар мен колхоздар, МТС және ақшалай көмегі арқылы жақсарту. Қаулыда әрбір аудандық, ауылдық кеңесте жұмыс істейтін оқу-үйлері болуын қамтамасыз етуді ұсынды. Оқу-үйі меңгерушілері қосымша жұмыстардан босатылады. Негізінен, оқу-үйлердің нашар жұмысының себебі, қызметкерлерінің төмен дайындығы және жиі ауысушылығы әсер етті. Көбінесе, тәжірибелі оқу-үйі меңгерушілері оқуға кетуіне байланысты, олардың орнына мектепті бітірген жастар істеді. Мәдени-ағарту мекемелеріндегі төмен жалақы, тұрмыстағы қиыншылықтар да, осы жиі ауысушылықтан болды. Оқу-үйлеріне әдебиет алуға жылына бөлінетін ақша көлемі 60 сомнан 100 сом мөлшерінде ғана болды.

30-шы жылдары кітапхана ісінің дамуына мәдениет саласындағы қызметкерлердің материалдық жағдайы әсер етті, олардың басқа жұмысқа ауысуы жиілей түсті. Кітапханалардағы, оқу-үйлеріндегі жағдайлар конференцияларда, съездерде, жиналыстарда айтылып отырды. Саяси-ағарту жұмысының ауылдардағы орталығы – кітапханалар, оқу-үйлері болды. Саяси-ағарту жұмыстарына партия және комсомол ұйымдарының хатшылары тартылды. Бірақта жұмысты алып кетуге олардың білімдері болмады.

Төңкерістен кейінгі жылдары компартия және өкіметтің кітапхана ісінің дамуына және мәдени-ағарту мамандарын дайындауға көптеген шешімдер мен қаулылар қабылданды. Бірақ, материалдық базаның әлсіздігінен, қаржының жетіспеушілігінен және мәдени-ағарту ісі жұмысының мәнін жергілікті партия басшылығының түсінбеушілігінен белгіленген шешімдер орындалмай жатты. Сонда да осы қаулылар кітапхананың және оқу-үйлерінің нығаюына, дамуына, қызметкерлердің кәсіпшілік дәрежесінің жоғарылауына әсер етті. Конференция, съездерге қатысу нәтижесінде кітапхана қызметкерлерінің жұмысының

белсенділігі арта түсті. Мәдени-ағарту мекемесіндегі қызметкерлердің өзара тәжірибе алмастырып, жаңа жұмыс түрлерінің пайда болуына дайындық курстардың маңызы зор болды. Осындай курстар халық комиссары және республиканың көптеген қалаларының ұйымдарында құрылды. Тыңдаушы құрамы жұмысшылардан, шаруалардан, жауынгерлерден тұрды. Мәдени-ағарту мекемелеріне мамандар даярлау мәселесі партия және кеңес ұйымдарымен қарастырылып, мәдени төңкерістің лениндік жоспарын жүзеге асыру мақсатында жаңадан шаруаларды, жұмысшыларды даярлау міндеттерін қойды. Осымен қатар, қысқа мерзімді 2, 3, 6 айлық курстар ұйымдастырылып, үш ай жалпы даярлық курстарын, сосын “сауатсыздықты жою” курстарын жүргізді. Курстар уездерде, округтарда жиі өткізілініп, оларға әдістемелік ұсыныстар беріліп, тәжірибемен алмастырылды. Сонымен, жалпы дайындық курстары жыл сайын оқу-үйлерінде, кітапханаларда өткізілініп отырды, бірақта, оқу бағдарламасын құруда оқу жоспарлары, лекциялар бір жүйеде өткізілінеді, әр аяқтаған курста оқыған курсанттардың нәтижелері ескерілмей, ұйымдастырудағы жетіспеушіліктерді көру мүмкін болмады. Көптеген кітапханашылардың білімінің төмендігінен өз алдына жұмыс барысын ұйымдастыра алмай, халыққа қызмет көрсетуді бір жүйеге келтіре алмады. Кітапхана жұмысының орталықтандырылуы мамандардың қалыптасуына зор мүмкіндік берді. Кітапхана жұмыстарының бір қалыпқа түсуі мерзімді баспа басылымдарда талқыланып отырды. Мақалаларда әр түрлі мәселелер қаралып, олардың жұмысының біржүйеге келтірілуі, қызметкерлердің белсенділігінің артуы жазылды. Курстың алдына қойған міндеттері: кітапхана қызметкерлерінің теориялық, тәжірибелік жағынан алға қойған міндеттерін шешу, кітапхананың барлық түрлерінің деңгейін көтеру болды.

Біртіндеп кітапханалар жұмысы бір сарынға түсе бастады. Бірақта мамандардың жетіспеушілігі кітапхана ісінің дамуына әсерін тигізді. Қысқа мерзімді дайындық курсындағы мамандар кітапханалардағы қызметкерлер санын толықтыра алмады. Кітапхана жүйесінде өте үлкен талаптарды өзгертуге тура келді. Соның бірі – Республикада мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарын құру жоспары туындады. Көпшілікке партия

саясатын насихаттауда, мәдени-ағарту саласындағы қызметкерлерін теориялық, практикалық тұрғыда оқыту, алдарына қойған міндеттерін тек қана кәсіби білімге ғана емес, саяси бағытта тәрбиелеуде кітапхана – идеологиялық мекеме болды. Осы жылдары Н.К.Крупскаяның “Қазақ АКСР-да кітапхана білімінің жүйесінің негізін құру” пікірінің маңызы болды. Ол: “Кеңес кітапханашысы маркстік-лениндік рухта тәрбиеленуі, көпшілік оқырмандармен жұмыс істей білуі, кәсіби білімді болып және әдебиеттерді насихаттаудың түрлерін білуі тиіс. Оларға қоғамтану ғылымдарын: марксизм, ленинизм, саяси экономика, диалектикалық материализм ілімдерін оқыту, үйрету керек. Осы пәндерді арнаулы оқу орындарында оқыту – кітапхана мамандарының әлеуметтік құрылысқа дұрыс хабардар болуына көмектеседі. Қоғамтану ғылымдары – кітапхана ісіне арнаулы мамандарды дайындауға бағытталған методологиялық базис болады. Марксизм, Ленинизм саласы бойынша дайындалған кітапханашылар ғана, кітапхана арқылы көпшілікке социализмнің не екенін, кітапхана жұмысын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Кітапханалар – социализм құрылысының ісіне көмектесуші идеологиялық орталық болу керек. Кітапхана саласындағы мамандардың білімін кеңейтіп, оларға әдебиетті насихаттауға көмектесу керек” – деп жазады.

30-шы жылдары Республикада кітапхана жұмысын жандандыру жолында қарқынды жұмыс басталады. Үкімет пен партия кітапхана қызметкерлерінің білім деңгейлерін көтеру мақсатымен айлық, жылдық курстар, жаңа оқу орындарын ашу ісін қолға алады. Осы жылы республика бойынша 299 кітапханаларға 160 қызметкерлер даярланса, олардың бір айлық жалақысы 75 сомды құрады.

Республикада кітапханалардың ашылуына орай, Алматы қаласында кітапхана курстары құрылады. Соның бірі – Мемлекеттік халықтық кітапхана жанынан 1931 жылғы қаңтар айында жұмысын бастайды. Толық 4 айлық курста оқыған қызметкерлерге жалпы саясат және кітапхана саласы бойынша лекциялар өтіледі. Жалпы, курсты 35 кітапхана қызметкерлері аяқтап шығады. Осындай курстарды өткізуге мүмкіндігі бар кітапхана қызметкерлерінің еңбек ақы мөлшері 1931 жылғы 15 нау-

рыз айындағы көрсеткіштер бойынша: Мемлекеттік халықтық кітапхана (қазіргі ҚР Ұлттық кітапханасы) директоры О.Жандосовтың еңбекақы мөлшері – 250 сом, директор орынбасары А.А.Слесаревке – 250 сом, ғылыми секретары Н.М.Косоротовке – 280 сом, бас кітапханашыларға – 250 сом тағайындалды. Кітапхананың ең алғашқы қызметкерлері – Н.М.Косоротов, П.В.Ломакин, Е.Н.Одарченко, Шмелева (бас кітапханашы) болды.

1931 жылдың аяғында Мемлекеттік халықтық кітапханаларда тағы да курстарды ұйымдастыруды өз міндетіне алады. Кітапхана директорының орынбасары - А.Слесарев және курс меңгерушісі – Кедринаның 1931 жылғы 13 қарашадағы жазған естеліктерінде: Кітапхана маман қызметкерлерге мұқтаж, әсіресе, қазақ мамандарына. Мемлекеттік халықтық кітапханалар өз алдына ғылыми кітапханаларға арнап курстар ұйымдастырды. Курстар 40 адамға есептелініп, оның 50 пайызы қазақтар болды. Бірінші кезекте кітапхана қызметкерлері қабылданды. Курс бағдарламасы 6 айға, күніне 2 академиялық сағаттан 6 күнге есептелінді. Бағдарлама 2 циклдан тұрды:

– 1 цикл: Үш ай мерзім ішінде 152 сағатқа есептелінген кітапхана жұмысының барлық саласы бойынша өткізу;

– 2 цикл: Үш ай мерзім ішінде 152 сағатқа есептелінген тарихи материализм және кітапхана тәртібі бойынша мамандыққа үйрету.

1931 жылғы 20 желтоқсан және 1932 жылғы 10 сәуір аралығында кітапхана қызметкерлерін даярлау курстарында екі топ ұйымдастырылды: біріншісі 10 адамнан құралған қазақ тобы, ал келесі орыс тобынан құралған 17 адам даярланып шықты.

Кітапхана қызметкерлерінің білім деңгейінің төмендігі, құрамының тұрақсыздығы, осының бәрі кітапхана жұмысындағы материалдық жетіспеушіліктерден болды. Осындай жағдайлар тек Алматы қаласында ғана емес, республиканың барлық аумақтарында бастан кешіріп отырды.

Екінші бесжылдық кезінде жағдай тұрақталына басталды. Мәдени-ағарту мекемелеріне бөлінген қаржы көлемі ұлғайып, 1933 жылы кеткен қаржы шығыны 3954 сомды құраса, оның 1326 сомы – оқу-үйлері мен қызыл отауларға, 1600 сомы кітап-

ханаларға жұмсалынды. 1937 жылы кеткен шығын 10349 сом болса, оның 5420 сомы оқу-үйлері мен қызыл отауларға, 3393 сомы – кітапханаларға жұмсалынған. Бұл шығындар жыл өткен сайын соғыстың басталуына дейін өсіп отырды. Осы жылдарда мәдени-ағарту мекемелеріне бөлінетін қаражатты барынша дұрыс қолдану мәселесін шешу міндеті тұрды. 1934 жылы оқу-үйлеріне бөлінген қаржының (жылына 1000 сом) аздығынан оқу-үйінің басқарушысына әрең жетіп отырды. Облыстарға бөлінген қаржылар толығымен пайдаланбады. Мысалы, Қарағанды облысында бөлінген қаржының 33 % оқу-үйлері, 7 % қызыл отаулар пайдаланды. Мұның ең басты себебі, әкімшілік-командалық жүйеде болды. Бұл жүйе кітапхана қызметінің маңызын жете түсінбеді және оған немқұрайды қарау орын алды. 1933 жылы мал шаруашылығы аудандарының барлық кітапханаларында кітап қоры 24 588 том дананы құраса, ауылдарда кітаппен толықтыру нашар жүргізілініп отырды. Бұған себеп, 1933 жылы Қазақстан бойынша кітаппен қамтамасыз етуге 46 дүкендер, 24 киоскілер, және 8 тасып тарату жүйелері ғана қызмет көрсетті. Ал, алыс шеттегі және мал шаруашылығы аудандарындағы қазақ елді мекендерінде ешқандай кітап сауда орталықтары болмады, кітаптар жылдар бойы қоймаларда жатты.

Осы жылдың 20 наурыз айынан бастап республика кітапханаларында қайта даярлау курстары өз жұмыстарын бастайды. Оған мысал, Мемлекеттік халықтық кітапханада 25 адам даярланады. Бағдарлама курсында әр білім салалары бойынша 190 сағат бөлініп, кітапхана саласы бойынша 150 сағат бөлінген. Курста оқушылардың 18 орыстар, 13 қазақтар және татарлар құрады. Жалпы, 1932–1933 жылдар бойынша өлкелелерде кітапхана курсында 56 адам даярланса, оның 40-ы қазақтар, 16-сы орыстардан құралды. 1933 жылы Мемлекеттік халықтық кітапхана директоры қызметін - Б.А.Жұмабаев үш жыл мерзімдей атқарады. Кітапхана қызметкерлерінің құрамы 38 адамнан тұрды: директор, директор орынбасары, ғылыми хатшы, 5 бас кітапханашы, 6 бірінші дәрежелі кітапханашылар, 5 екінші дәрежедегі кітапханашылар, 9 кітапхана көмекшілері, және 10 кітапхана техниктерінен құралды. Төменде берілген кестеден

Мемлекеттік халықтық кітапханада қызмет істеген қызметкерлерді анықтауға болады (8 кесте).

Мемлекеттік халықтық кітапханадағы қызметкерлер саны
8- кесте

| Жыл | Кітапхана қызметкерлерінің саны | Қазақ тілін білетін қазақ кітапхана қызметкерлерінің саны | Пайызы (%) |
|------|---------------------------------|-----------------------------------------------------------|------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1931 | 45 | 8 | 17,8 |
| 1932 | 39 | 13 | 33,3 |
| 1933 | 47 | 15 | 31,9 |
| 1934 | 75 | 32 | 42,7 |
| 1935 | 80 | 33 | 41,3 |

Ескерту – берілген дерек мағлұматы.

Жоғары кестеден байқағанымыздай, 1933 жылдың аяғы 1934 жылдар аралығында Мемлекеттік халық кітапханасында 71 қызметкер болса, соның 28 қазақтар, орыстар – 31, украиндар – 7, басшылықтағы қызметкерлер – 10, оның 8 әйелдер және 2 ер адамдар және 8 ғылыми қызметкерлер, 24 орта арнаулы біліммен, БК(б)П мүшесі 3 адам, БК(б)П–ның мүшесіне кандидат – 1, БЛКЖО мүшесіне кандидат 7 болды. Кітапхананы материалдық қаржыландыру, партия және кеңес өкіметінің басшылығымен шешіліп отырды. Қазақ тілін білетін мамандар мәселесі өте қиын жағдайда болды. Әсіресе, әдебиеттерді іріктеуде байқалып отырды. Олар әр бөлімге түскен әдебиеттерді өңдеуге үлгермей жатты.

1934 жылы республика бойынша 138 кітапханалар, оның 115 аудандық орталық кітапханалар болса, артынан тағы 20 стационарлық кітапханалар ұйымдастырылды. Жаңадан ашылған кітапханаларға жаңа даярланған мамандар талап етілді. Мамандар тек қана орыс, қазақ өкілдері ғана емес, басқа ұлт өкілдеріне де тапшы болды. 1934 жылғы 20 наурызда әр ұлт өкілдерінен мамандар даярлау міндеті қойылды. Республика бойынша төрт айлық мамандар даярлау курсы басталды. Олар оқи жүріп өндірістерде жұмыс істеді. Сабақтар аптасына 3 реттен жүргізілді.

Қазақстан халық комиссары кітапхана басқармасының анықтамасында: “1934 жылдары Қазақ АКСР бойынша кітапхана жұмысы соңғы уақытта біраз жанданды. Кітапхана жүйесі кеңейіп, қаржы өсіп, әдебиеттермен толықтыру көбейді, соның ішінде, қазақ тілінде кітапхана қызметкерлерін даярлау курстарын Алматыдағы қазақ кітапхана техникумында жүргізілініп отырды. Курстың мақсаты – кітапхана қызметкерлері өз білімдерін кітапханада тәжірибе жүзінде тереңдету болды. Курстар кітапхана қызметкерлері үшін жоғары қызметке көтерілуге сеп болды. 25 тыңдаушыларға арналған курс 330 сағатқа есептелінді. Соның ішінде, кітапхана пәндері бойынша 204 сағат, ал 126 сағат жалпы білім беретін пәндер бойынша жүргізілініп, курсанттарды қазақ тілін үйренуге және күнделікті саясат үйірмелеріне қатысуға міндеттеді. Курстар 7 класстық білімі барларға ұйымдастырылды. Курсты тыңдаушыларға төмендегі пәндер:

1. *Ғылыми кітапханаларда жұмысты ұйымдастыру.*
2. *Құжаттандыру және кітап мүліктерін сақтау.*
3. *Кітап жинақтарына сипаттама және алфавиттік каталог.*
4. *Кітап жинақтарын жүйелеу. Жүйелік және пәндік каталог.*
5. *Оқырмандармен жұмыс бойынша жүргізілініп. Курсты оқитындар 1935 жылдың 1 қаңтарында сабақтарын аяқтайды”, – деп көрсетілген.*

1934 жылы Қазақстанда жалпы 2,9 млн. экземпляр қорды құраған 1049 кітапханалар болды. Оның 562 кітапханалары қалада, 487 кітапханалар ауылдық жерлерде, оның 532 көпшілік, 358 балалар және мектеп кітапханалары, 159 ғылыми және арнаулы кітапханалардан тұрды. 1934 жылы ұйымдастырылған 6 айлық курста 45 адам даярланса, оның 28 қазақтар болса, бір айлық курста 61 адамдар даярланып шықса, 38 қазақ ұлтынан құрады. Алматыда қалалық оқу бөлімінде 19 адамдар даярланып, оның 2 қазақ, және 17 орыс азаматтары болды. Жалпы курсы 106 адам бітіріп шығады.

Сонымен, алдағы уақыттарда мамандар мәселесі бойынша КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ АКСР–ның Халық Комиссарлар Кеңесі төмендегі ұсыныстарды шешуді міндет етіп қойды:

1) Екінші бесжылдықтың аяғына дейін кітапхана қызметкерлеріне дайындықты қайта жүргізу;

2) 1934 жылғы 1 қыркүйекке 120 адамнан құралған өлкелік қазақ кітапхана техникумын ұйымдастыруды халық ағарту комиссариатына міндеттелді. Жасалған жобаны 1934 жылдың 1 сәуірден ұсыну;

3) 1934 жылғы курстық шаралар арқылы 65 кітапханашыны, айлық курстар арқылы 70 ауданға кітапхана меңгерушілерін қайта даярлап, мамандығын көтеру үшін қалған кітапханаларда семинарлар ұйымдастыру;

4) 1935 жылдан кітапхана жалақыларын қайта қарап, қазақ тілін білетіндерге жалақыны қосу;

5) № 75 Қазақ АКСР Халық Комиссариатының қаулысына орай, 1934 жылғы 1 қазан айынан бастап кітапхана техникумын қайта ұйымдастыру;

6) Кітапхана техникумында 3 жылдық мерзімде оқуды белгілеу, оның жанынан 1 жылдық дайындық бөлімшелерін ұйымдастыру;

7) Техникумның 1934–1935 оқу жылдарына 90 адамды курсқа қабылдау;

8) техникум студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету және Мемлекеттік халықтық кітапхананың подвалын оқу корпусы үшін пайдалану;

9) 1935 жылдың 15–ші қазанына дейін барлық оқытушылар құрамын толықтырып, оқу құралдарымен қамтамасыз ету;

10) 1935 жылы техникумда қабылдау құрамын 200–ге жеткізу;

11) 1935 жылғы 1 қаңтарда өлкелік қаржыдан 85 мың сомды дайындық курсқа бөлу;

12) Өлке қаржысынан 24,3 мың сомды аудандардағы дайындық курсына дайындалуға бөлу; ал 33,7 мың сомды кітапхана ісінің инспекторларына төлеу;

13) 1935 жылғы өткізілетін кітапхана шараларын жоғары бекітілген қаулыға сай қаржыландыру. Сонымен, КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ АКСР-ның Халық Комиссарлары Кеңесінің 1934 жылғы қарашадағы қаулысы негізінде

Алматыда кітапхана техникумы, Семей мен Орал педагогикалық училищелерінің ішінен кітапхана бөлімдері ашылады.

1935 жылы ҚазАКСР-ның 15 жылдығына орай Мемлекеттік халықтық кітапхана жанынан облыстарда, аудандарда және балалар кітапханаларының жүйесін қалыптастыру міндеті қойылған әдістемелік кабинет ашылды. Алматыда қазақ кітапхана техникумы, Семей және Орал педагогикалық техникумы жанынан кітапхана бөлімі, кейінірек, кітапхана басқармасы жанынан 6 айлық кітапхана курсы, Мемлекеттік халықтық кітапхана жанынан жылдық курстар ашылады. Осы кезеңде Мемлекеттік халықтық кітапхана жанынан, Қазақ кітапхана техникумы құрылады. Жаңадан ашылған жылы студенттерді қабылдау жұмысы қазан айының аяғында басталып, қараша айының 5-де аяқталады. Курсқа 90 адам қабылданады. Сабақ басталысымен оқытушы құрамын іріктеу, оқу бағдарламалары, оқу мекемелері, жатақханалар – осының бәрін тез арада шешу міндеті тұрды, бұның бәрін кейінге қалдыруға немесе айға созуға болмайтын еді. Мемлекеттік халықтық кітапхана директоры – Б. Жұмабаев бір жағынан техникум директоры міндетін атқарды. Техникум директорының бұйрығы бойынша 20 қыркүйек 1934 жылы техникумның оқу ісі меңгерушілік міндетін атқаруға – Анвар Ибрагимов, техникум меңгерушісі – Омар Хаймулдин тағайындалды. Оқу сабақтары басталуына орай жұмысқа оқытушыларды тез қабылдау керек болды. Сондықтан, Мемлекеттік халықтық кітапхана қызметкерлері техникумға қосымша сабақ өткізуге тура келді. Сол кезде қабылданған оқытушылар: Есентай Алкенов – география, политэкономикадан, Минелу Өтегенова – химия, жаратылыстану пәндері бойынша, Мусашева – химия пәнінен және т.б оқытушылар сабақ жүргізеді.

Алғашқы айларда көптеген қиындықтар туындады. Аудитория жетіспеді. Екі ай ішінде (қараша, желтоқсан) ауыртпалықпен жұмыс істеді. Аудиторияға керекті құралдар: парта, класс тақталары, орындықтар болмады. Қыстың күндері жылудың жоқтығынан сабақтар өткізілінебеді. Осындай себептерге байланысты, 1934 жылдың қараша айының 5-ші жұлдызында жұмысын бастаған техникум қалған сабақтарды 1934–1935 оқу жылынан, 1935–1936 жылғы оқу жылына қалдырды.

Техникумның жағдайы туралы Қазақ кітапхана техникумындағы студенттерінің 1935 жылғы 19 ақпан айында Н.К.Крупскаяға жазған хатында:

Құрметті Надежда Константиновна! Біз Алматыдағы Қазақ кітапхана техникумының студенттері, сіздің 5 ақпанда бізге арнап жолдаған хатыңызды 19 ақпандағы жалпы жиналыста үлкен қызығушылықпен оқыдық. Сіз дұрыс жаздыңыз, біздің көбіміз өз болашақ мамандығымызға немқұрайлы қараймыз. Көбіміз сіздің хатты оқымай тұрып, техникумда жұмыс нашар қойылғандықтан оқу жылы біткеннен кейін басқа оқу орнына ауысуды ұйғарғанбыз. Ал жеке басымызға келсек, бізде жұмысымыз жақсы, студенттердің үлгерімі қанағаттанарлық. Техникум бойынша қараша, желтоқсан айларында студенттердің сабаққа қатынасы 98 %, ал қаңтарда 10 шақты пайызға жоғарылады. Студенттердің үлгерімі 93 адамның: қараша-желтоқсан айларында «өте жақсы» – 4,5 %, «жақсы» – 15,80 %, қаңтар айында «өте жақсы» - 6,18 %, «қанағаттанарлықсыз» - 15,80 %, «жақсы» - 26,64 %, «қанағаттанарлық» - 60,33 % болды. Біз кітапхана майданындағы жұмыстың маңыздылығын оқуға түскенге дейін сезбедік. Көпшілігіміз көптеген кітапты өмірімізде бірінші рет көрдік.

Кітапхана майданы Қазақстандағы артта қалған майдан емес, кітаптар бар, бірақ оларды түсіндіріп тарататын ешкім жоқ. Бұны біз жақсы түсінеміз, көпшілігіміз ауылдан келдік. Хатымызды аяқтай келе, алдағы күнде біз бар күшімізді техникумда оқуымызды жалғастырып, жақсы аяқтауға күш жұмсаймыз, делінген. Қазақ кітапхана техникумының студенттері.

Техникумда әр тыңдаушы студенттің жоғары үлгерімге деген қызығушылығын ояту үшін, стипендия 3 категорияға бөлінді. Жоғары стипендия 115 сом, 1 курс және дайындық бөлімдері үшін 110 сом, 1 курс үшін орта оқушыларға 100 сом, ал дайындық курсы үшін және 1 курс нашар оқитындарға 85, 95 сом және 80 сом дайындық курстары үшін тағайындалып отырды. Кітапхана практикасын студенттер Алматы қаласында, облыстарда, аудандарда, Семей қаласында және Қазақстанның басқа қалалары мен облыс, аудандарында өткізеді.

1936 жылғы қаңтардан бастап оқытушылар құрамдары жаңара бастады. Жұмысқа оқытушылар басқа пәндер бойынша қабылданды: кітапхана ісінен – И.Тукфеева, тарих және саяси экономикадан – Габдуллин, географиядан – Оспанова, орыс және неміс тілінен – Смоляков, қазақ тілі және әдебиеттен – Шайхисламов, библиография және неміс тілінен – М.Я.Струминский, физика және математикадан - Сейдазов, жаратылыстанудан – Ажар Размухамедова, әскери істен – Сушунов жұмысқа қабылданды. Жоғары білімі жоқ қосымша сағатпен істеушілер 3 сом, 33 тиын, жоғары білімі бар қосымша сағатпен оқытушылар 7 сом 20 тиын көлемінде жалақы алып оқытады .

1937–1938 оқу жылдары техникум штаты бойынша 3 мұғалім болса, 1938–1939 жылғы оқу жылында техникумда қызмет еткен мұғалімдер саны 13 жетті. Оның 9-ы қосымша жұмыс істеді. Штат оқытушылары ішінде 7-уі адам үймен қамтамасыз етілді. 1938–1939 оқу жылында техникумда 24 оқытушылар болса, оның жоғары біліммен 17 адам, аяқталмаған жоғары біліммен 5, орта біліммен 2, штат қызметкерлері 13 болды. Оқу жылының аяғында жоғары біліммен 4 адам қабылданды. Жалпы, барлығы 26 оқытушылар. Оның жоғары біліммен 22 адам, аяқталмаған жоғары біліммен 2 адам, ұлты бойынша 5 қазақ, 2 татар, 1 өзбек, 12 орыс және басқа ұлттан 5 адам жұмыс істеді. Кешкі сабақтар сағат кешкі 10-ға дейін жүргізілді, ал оқу залы да осыған орай ертеңгі 10–нан, кешкі 10–ға дейін істеді.

1939 жылғы техникум директоры – К. Меликовтың жазған естелігінде: Мемлекет жыл сайын техникум студенттерінің мәдени-тұрмыс жағдайының жақсаруына және оқу-тәрбие жұмысының дұрыс жүргізілуіне жеткілікті түрде қаржы бөліп отырды. Бірақта, шаруашылық және бухгалтерия арасындағы нашар қарым-қатынастың кесірінен, банктегі есеп қағаздары бойынша тек стипендия және еңбекақы ғана алынғаны көрсетілген. Жатақхананың, оқу корпусының құралдары мен кеңсе шығындарын, бұрынғы жетім балаларға көмекті есептемегенде, студенттерді оқу құралдарымен қамтамасыз етуге бөлінген қаражатты бухгалтерия дұрыс бөлмеген. Ақыр соңында көрсетілген мақсатқа кеткен шығындар салдарынан жетім балалар өз уақытында ақшаларын ала-алмай, техникумның оқу корпусына

орындықтар, күнделікті қолданылатын құралдар – қарындаш, қағаздармен уақтысында қамтамасыз етілмеді. Бухгалтерия техникумның күнделікті кететін мұқтажығына кеткен қаржыны дер уақытында есептемей және кеткен шығындарды тексеруді кешіктіріп отырды. Алматы кітапхана техникумында алғашқы оқу жылдарында күндізгі, кешкі және дайындық бөлімдері жұмыс жасады. Техникумның жылдық есептерінде, оның материалдық базасының деңгейінің төмендігін көрсеткен. Мәселен, техникумның өз оқу корпусының болмауы салдарынан сабақ Мемлекеттік көпшілік кітапхананың подвалдарында, 12 мектепте өткізіліndі. Бұл студенттердің сабақ үлгеріміне, тынығуына кесірін тигізіп, оқудан шығушылар саны көбейген еді. Осындай себептермен, техникумнан 1938–1939 оқу жылдары 22 студенттер, 1939–1940 оқу жылдары 71 студент оқудан шығарылды. Сонымен, техникумның алғашқы түлектері 1938 жылы бітіріп шықса, ал 1939 жылы 84, 1940–1941 оқу жылдарында кітапхана техникумын 34 кітапхана түлектері аяқтады.

1940 жылы техникумды бітіргендерге куәлік беріліп және қазақ бөлімінің түлектері – Алматы, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстық оқу бөлімдеріне, орыс бөлімдерінің түлектері – Ақтау, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды, Семей облыстарына жіберілді. Ал, 1941 жылы техникумның кешкі бөлімін 19 кітапхана түлектері аяқтап шығады.

Ұлы Отан соғысының басталуымен техникум өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады. Азғантай уақыт ішінде кітапхана техникумы оқу процесін қамтамасыз етіп, теориялық сабақты тәжірибе жүзінде біріктіріп үлгеріп, оқытушы ұжымын қалыптастырды. Арнаулы пәндерді жүргізуге, жоғары оқу орнын бітірген мамандарды қосады.

1938 жылы Мемлекеттік халықтық кітапхананың мамандар мәселелеріне арналған мәліметтері бойынша: 1938 жылғы қаңтар айының 1–ші жұлдызында қызметкерлер саны 92 құраса, оның 28-і шаруашылық бөлімдегілер, ал 64-і библиографтар мен ғылыми тұлғалар болды. Ұлты бойынша қазақтар – 32, орыстар – 69, татарлар – 7, 4-уі басқа ұлттардан қызмет істеді. Бір жылдан аз істеген – 13, 2 жылдай – 11, ал, 2 жылдан 3 жылға дейін 10 қызметкерлер жұмыс істеген. Кітапхана қызметкерлерін то-

лықтыру барысында дайындық курстары республиканың басқа жерлерінде де жүргізілініп жатты. Айталық, Түркістанда 1937 жылы ұйымдастырылған бір жылдық курсына 264 адам даярланып шықты. Жалпы, Қазақстанның барлық облыстарынан бітірушілерге тапсырыстар түсіп жатты: Семейден – 10, Павлодардан – 24, Шығыс Қазақстаннан – 17, Ақтөбеден – 22. Бітірушілерді үлкен жұмыс орындары күтіп отырды.

1938 жылғы 21 қазандағы Қазақстандағы бірінші республикалық саяси-ағарту қызметкерлерінің мәжілісінде РКФСР Жоғарғы Кеңесі және Қазақ АКСР-ның саяси-ағарту мекемесі сайлау кезінде үлкен үгіт жұмыстарын және саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізді. Кітапханаларда және басқа мекемелерде үйірмелер, оқулар, баяндамалар, лекциялар, әңгімелер ұйымдастырылды.

Республикада көптеген саяси-ағарту мекемелері сайлаудан кейін жұмыс тәжірибелерін, жеткен жетістіктерін бекіте алмады. Себебі, осы кезде көптеген ағарту мекемелері көптеген мамандарын жоғалтып алды. Бұл жергілікті ұйымдардың нақты басшылығының жоқтығы, бір жағынан саяси-ағарту училищелерінің қызметкерлері мен партия, комсомол қызметкерлері байланысының әлсіздігі. Осының бәрі ауыл, селоларда саяси-тәрбие жұмысының әлсіреуіне әкелді. Қазақстан Компартиясының I съезінің іске асуына, саяси-ағарту училищелері төмендегі шараларды іске асыруды ұсынды: Барлық саяси-ағарту училищелеріне партия, комсомол белсенділерін тарта отырып, саяси үйірмелер, әңгімелер, оқулар өткізу, онда БК(б)П Орталық Комитетінің тарихын, КСРО Жоғары Кеңесінің II сессия материалдарымен, көркем әдебиеттерді пайдалана отырып, көрмелер ұйымдастыру міндеттелінді.

1938 жылы Республиканың әр облыстарында мәдени-ағарту жұмыстарының ахуалын тексеру басталады. Халыққа білім беру облыс бөлімдерінің бірқатары бұл жұмысты қарашаның аяғына дейін созады. Бақылау қорытындысы бойынша, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақтау, Алматы, Ақтөбе облыстары жайлы мағлұматтар алынды. Материал қорытындысы бойынша, саяси-ағарту мекемелерінің жұмыстары өз нәтижесін берді. Мысалы, Шығыс Қазақстан облыстарында 67 оқу-үйлері,

8 клуб, 19 қызыл бұрыштар, 4 кітапханалар жаңа мекемелерге көшіріліп, 25 кітапханалар, 186 оқу залдары, 20 қызыл бұрыштар жөндеуден өткізілінеді. Тексеріс саяси-ағарту ұйымдарының қызметкерлер құрамының іріктелуіне әсер етті. Горьковский ауданында 15 оқу-үйлерінде 7 қызметкерлер қызмет жасаса, тексеріс кезінде кітапханаға 8 мамандар жіберіледі. Шығыс Қазақстан облысындағы 79 оқу-үйлеріне 8 кітапханашылар, 24 клуб қызметкерлері бөлінеді. Тексеріс нәтижесінде мекемелерді қаржыландыру жақсара түсті. Екінші кварталда кітапханаға 33,2 пайыз қаржы кетсе, 3 кварталда 55,4 пайызды құраса, ал, оқу-үйлеріне жұмсалған қаржы 35,4 және 53,5 клубтарда 45,0 және 74,6 пайызды құрады. Алдыңғы жылдарға қарағанда саяси-ағарту мекемелері отынмен қамтамасыз етіліп, үгіт жұмыстарын насихаттауды ұйымдастыру жұмысы жақсы шешімін көрсетті. Оның айғағы ретінде төменде әр облыс, аудандарда жүргізілінген жұмыстардан көруге болады. Мысалы, Пресновск ауданында барлық саяси-ағарту қызметкерлері үгіт жұмыстарын жүргізіп, 341 үйірмелер ұйымдастырды. Оқу-үйлерінде, кітапханаларда кітаптар, мерзімді басылымдармен толықтырылды. Жеке сайлаушылар кеңестер жүргізіп отырды. БК(б)П-ның тарихын үйрену үшін, Полудинск ауданындағы Скворцов, Писаревск оқу-үйлеріне радиоқабылдағыштар әкелінсе, Павлодар облысында 20 адам үгіт жұмыстарын жүргізіп, 135 әңгімелер өткізеді. Бесқарағай ауданында саяси ағарту мекемелерінің жұмысшылары 452 жиналыстар, әңгімелер, оқулар өткізді. Барлығы 14191 адамға қызмет көрсетілді. Павлодар облысындағы саяси-ағарту қызметкерлерінің құрамында 372 үгітшілер жұмыс істеді. 1938 жылғы 1 қыркүйек айындағы республикалық жиылыстарда саяси-ағарту қызметкерлері арасында өткізілген шаралар бойынша шығарылған қорытынды нәтижесі бойынша төмендегідей міндеттер:

1) 1938 жылға мамандар арасында есепті қайта жүргізу, дайындығы жоқ, әлсіз мамандарды өз ісін білетін мамандармен ауыстыру, іріктеу;

2) 3-ші бесжылдық ішінде барлық облыстағы мектептерге, ауыл-село кітапханаларына кітапханашыларды, оқу-үйін басқарушыларды дайындау, ұйымдастыру;

3) Заңды түрде қызметкерлердің жұмыстан кетуін, қабылдау тәртібін шығару;

4) Саяси-ағарту мекемелеріндегі қызметкерлердің жа-лақысын көтеру және ауыл-селолардағы саяси-ағарту меке-мелері қызметкерлеріне жеңілдіктер жасау, 1938 жылдың ая-ғына дейін жергілікті кітапханашылар мен оқу-үйін басқару-шыларға 1,52 миллион сом қаржы бөлу;

5) 1939–1940 жыл ішінде саяси-ағарту қызметкерлерін қайта даярлау курсың құру;

6) Облыс, аудандарда өтілетін семинарларда мәдени-ағарту қызметкерлерінің мамандығын көтеру мақсатында тә-жірибеден өткізу ұсынылды. Көптеген кітапханаларда жай қа-рапайым адамдардың өзі кітапхана жұмысын бар ынтасымен атқарып жүрді. Мысалы, Шығыс-Қазақстан облысының, Соколов ауданының, Глубоковск селолық кеңесінің оқу-үйін басқарушы, комсомол мүшесі, колхоз екпіндісі – Лавров Павел Андреевич болды. Ол аз ғана уақыт ішінде 25 сауаты жоқ, 22 сауаты аз адамдарды оқуға тартып, олармен бірге сабақтарды сәтті аяқтап, 16–сы сауаты жоқ, 10–ы сауаты аздарға қосымша сабақ жүргізеді. Макинск ауданы, Городеевск оқу-үйін басқару-шы – Грибанов Иванның жұмыс істегеніне 2 жыл. Оның ұйым-дастыруымен жергілікті халық арасында жүйелі түрде жиі жұ-мыстар өткізілінген. Оқу-үйі жанынан драмалық, музыкалық, әдебиет және саясат үйірмелері жұмыс істеді. 9 ай ішінде (1938 ж.) әдебиет үйірмесі 36 сабақ, саясаттан 44 сабақ өткізді. Оқу залында 56 әңгіме өткізілініп, оған 1712 адамдар қатысса, өткізілінген 20 оқуларға 1671 адамдар қатысты. Ал 14 оқу-ұжымдық радиоқабылдағыштан тыңдалынды. Олар 6 қойы-лымдар, 2 кеш ұйымдастырады. Акимовск ауылдық кеңесінің, Калининск ауданының оқу-үйін басқарушылар – М.Г. Щербатов, оқу-үйі белсенділердің көмегі арқасында партия мен өкіметтің шешімдеріне түсінік беруде жүйелі түрде дінге байланысты 2 қойылым, 2 жиналыс, 6 әңгіме өткізіп, 7 қабырға газетін шыға-рып, бригадаларға 23 листовкалар таратты. Қазалы ауданының Джанкент ауылдық кеңесінің оқу-үйін басқарушы – Салим Алданов ғимаратты жақсы жабдықтап, оқу-үйлерін әдебиеттер-мен қамтамасыз етіп, белсенділердің арасынан 13 адамды ұйым-

дастырып, сайлаудың жағдайы туралы жүйелі түрде түсіндіріп жүрді. Терен-Узякск ауданының 5 ауылдық кеңесінің оқу-үйін басқарушы – Ш. Валиева 20 адамнан құралған белсенділерді ұйымдастырып, РКФСР Конституциясын, сайлау және басқа да маңызды мәселелер жөнінде жұмыстар жүргізді. Терен-Узякск ауданының 5 ауылдық кеңесінің оқу-үйі жақсы мекемемен, кітап қоры 300 даналармен қамтамасыз етілді. Оқу-үйі жанында үйірме жұмыс істеді. Кітапхана қызметкері – Ш. Валиева БК(б)П Орталық Комитетінің тарихын 40 адамдарға үйретіп, жүйелі түрде дін тақырыптарына арналған әңгімелер өткізді. Бос уақыттарында колхозшылар оқу-үйінде радио, патефон тыңдап, дойбы, биллиард ойнады. Шелек ауданындағы Жаңа-Тұрмыс колхозы жанындағы оқу-үйі және басқа да оқу-үйлері ауыл-селодағы саяси-ағарту көпшілік жұмыстарының, яғни партия мен өкіметтің және басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарының шешімдерін шешуші орталығы болды. Шығыс-Қазақстан облысындағы осындай үлкен жұмыстар өткізілінгеннің өзінде 110 саяси-ағарту мекемелері ғимаратпен қамтамасыз етілмеді. Ғимараттардың 32 бидай қоймасы болды. Осындай жағдайлар басқа облыстарда да кездесті. Кейбір аудан, селоларда кітапхана жұмысына салғырт қарағандары анықталды. Мысалы, “Жаңа-ауыл” оқу-үйінде 1940 жылы ақпан, қыркүйек айлары аралығында басшылықты өз қолына алған селолық кеңес, парторг – С.Нұржанов кітапханада ешқандай жұмыс атқармады, кейінірек, ол жұмысқа комбайнер – К.Аленов тағайындалды. Саяси-ағарту жұмыстарында көбіне сауаты аз, 1–4 класстық қана білімі бар адамдар жұмыс істеді. 351 саяси-ағарту қызметкерлерінің ішінде Ақмола облысында 323–нің ғана бастауыш білімі болса, Алматы облысы бойынша 397–нің 273–де, Қызылорда облысында 181–нің 133–де, Семей облысында 256–ның 166–да ғана бастауыш білімдері болған.

1939 жылғы қазан айында Қазақстанда саяси-ағарту қызметкерлерінің I республикалық мәжілісі болып өтеді. Мәжіліс барлық саяси-ағарту мекемелеріне, саяси-ағарту жұмыстарына қатысты жиналыстар, үйірмелер, әңгіме, лекция, баяндамалар ұйымдастыру арқылы халық арасындағы жұмысты күшейтуді тапсырды. Осылайша, халық арасындағы саяси-ағарту

жұмысының барысы жаңа белеске шықты. Біртіндеп кітапхана қызметкерлерінің жағдайы біршама жақсара түсті. Кітапхана мамандарына РКФСР-ның 1934 жылғы 21 қаңтардағы қаулысы мен заңына орай, білімі және жұмыс стажына байланысты еңбек ақы тағайындалды. 1939 жылдары облыстағы кітапхана меңгерушісі 400 сом, қаладағы кітапхана меңгерушісі 220 сом алып отырды, бірақ, баспанамен қамтамасыз етілмеді. 1939 жылы көптеген аудандарда аудан кітапхана меңгерушілері 200–ден 250 сомға дейін алып отырды. Ал, Бұрғыз қаласында кітапхана қызметкерлері 300 сомнан, аудан кітапханашылары және ауыл кітапхана меңгерушілеріне 150 сомнан, бірнешеуі 200 сомнан алды. Мысалы, Павлодар облыстық оқу бөлімі кітапхана меңгерушілігіне орындар ұсынып, жалғысбастыларды баспанамен қамтамасыз етіп, кітапхана меңгерушілігіне 300 сом, қалалық балалар кітапхана меңгерушісіне 300 сом, қалалық комитеті жанындағы ағарту партия әдістемешісіне 300 сом, қатардағы кітапханашыға 200 сом еңбекақы тағайындалады.

Сонымен, 1920–1940 жылдар аралығы кітапхана саласында еңбек ететіндердің кәсіби мамандығын жетілдіруге, олардың әлеуметтік жағдайларын көтеруге бағытталған алғашқы шаралар жүзеге асырылады. Кітапхана қызметкерлерінің қалыптасу қиындықтарының себептері, Кеңес өкіметінің кітапхана жүйесінің талаптарына сай мамандармен қамтамасыз етуге және даярлауға мүмкіндіктері әрқашанда бола бермеді. Әсіресе, ол ЖЭС айқын көрінді. Мемлекетте қаржының бөлінуі қысқартылды. Соғысқа дейінгі кезеңде кітапхана қызметкерлерінің сапалы білімін жетілдіруге және кітапхана мамандығына саяси сауаты бар мамандарды іріктеу мүмкін болмады, себебі, сауаты барлар некен-саяқ болды. Кітапхана мамандарына деген сұраныс өсіп жатты. Оқу-үйлері мен кітапханалардың саны тез өсе бастады. Арнаулы мамандардың жетіспеушілігі, мамандардың тұрақтамауы көп болды. Республиканың облыс кітапханаларында 70 пайыздай кітапхана қызметкерлері жыл сайын ауысып отырды. Бұған себеп, техникумдарда, курстарда білім алған қызметкерлердің партия, кәсіподақ жұмыстарына ауыстырылуы, мәдениет саласындағы қызметкерлердің әлеуметтік жағдайының нашар қамтамасыз етілуі әсер етті. Халық комиссары

есебінде көрсетілгендей: айына алатын 138–140 сом айлықтары күнделікті талаптарын қамтамасыз ете алмай, дайындықтан өткізілінген мамандардың жұмыстан кетуіне әкеліп соқты. Қазақстан кітапханаларының едәуір бөлігінде мұғалімдер ақысыз қызмет істеді.

Сонымен кеңес өкіметі тұсында партия мектептері арқылы мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлау өзін-өзі ақтады, ең бастысы, маманданған оқытушыларды үйретуде даярлайтын базалары болды. Нәтижесінде, кітапханашылар, оқу-үйі меңгерушілерінің сапалық құрамы өзгерді, олардың қатары партия мамандарымен толықтырылып, мәдениет мекемелерінің қатарын күшейтуге маңызды болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы республикадағы ауыр экономикалық жағдайға қарамай, партия және кеңес органдары саяси-ағарту мекемелеріне, соның ішінде, кітапханаларға мамандар даярлауға көп көңіл бөлді.

Саяси-ағарту мекемелері қызметкерлерді даярлаудың алғашқы курстық шаралар өткізудегі жетіспеушіліктеріне қарамай, кітапхана мамандарының қалыптасуына және тәрбиелеуде үлкен рөл атқарды.

Партия және Кеңес өкіметі, ең алдымен, өздерінің жоспарларының табысты іске асуын, мамандарды идеологиялық, кәсіби шеберлікке даярлаумен байланыстырды. Қазақстанда кітапхана ісінің өріс алуы бүкіл мәдени төңкеріс үшін айрықша көрнекті құбылыс болды. „Кітапхана ісінің жағдайы“ халықтың және бүкіл мемлекеттің мәдени дәрежесінің көрсеткіші болды. Кітапхана жүйесін өрістетуге және оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға мемлекеттік қаржыдан басқа, кітапханаларды жабдықтауға және оның кітап қорын молайтуға кәсіподақтар мен колхоздар да қаржы шығарды. Бұдан, бір жағынан, колхоздардың экономикасы нығайғанын, екінші жағынан, колхозшылардың рухани тілегінің өскенін көреміз. Колхозшылар мен жұмысшылар үшін кітапхана білімнің шын мәніндегі сарқылмас қайнар бұлағына айналды.

Кітапхана ісінің әрмен қарай дамуына жалпы білім беретін мектептердің, училищелер мен техникумдардың жоғары оқу орындарының кеңеюі зор мүмкіншілік жасады. Дегенмен,

кітапхана үшін жоғары білімді мамандар даярлау әлі де өмір талабына сай емес еді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қай жылы “Қазақ АКСР–да кітапхана ісін орталықтандыру” декреті қабылданды?
2. ЖЭС жағдайында кітапхана алқасының мүшелері «кітапхана жүйесін құру ережесінде» қандай нұсқауларды енгізді?
3. Республикада кітапхана ісінің дамуына партияның қай съезі мен РК(б)П Орталық Комитетінің қандай қаулысы үлкен рөл атқарды?
4. 1930 жылғы қараша айында болған Бүкілресейлік кеңесте “Аудан орталықтарында, МТС жанында және ірі колхоз совхоздардардың мәдени дамуының жаңа дәрежесіне сай келетін жаңа типтегі кітапханаларды қайта құру туралы” қабылданған шешімінде қандай бағыт жолдарын көрсетті?
5. Қайта даярлауда кітапхана қызметкерлеріне қандай басылым көп көмекші болды?
6. БК(б)П Орталық комитетінің 1929 жылғы 11 қарашадағы “Оқу-үйлері туралы” қаулысында қандай ұсыныстар қабылданды?

САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИ-АҒАРТУ МЕКЕМЕЛЕРІ

Кітапхана қызметкерлерінің халықтың мәдениетін көтеру және сауатсыздықты жою жолындағы қызметі

Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі бейбіт өмірге көшкен кезеңде халық шаруашылығын қалпына келтіру мәселелерін шешумен қатар сауатсыздықты жою, мамандарды даярлау, еңбекші бұқараның мәдени дәрежесін арттыру сияқты мемлекеттік маңызы бар міндеттер алда тұрды. Мәдени құрылыстың алғашқы қадамдары үлкен қиыншылықтармен күресу жағдайында жүзеге асырылды. Көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты, халықтың ұлан-ғайыр аумақта сирек орналасуы, патриархаттық-

феодалдық және клерикалдық институттардың ықпалы, халықтың басым көпшілігінің сауатсыздығы, материалдық базаның әлсіздігі, мамандардың жетіспеушілігі – осының бәрі мәдени құрылыс қарқынын баяулатты. Орасан зор қиыншылықтар мен кертартпалыққа қарамастан қазақ еңбекшілерінің сауатын ашу бағытында жұмыс жүргізілді. Халық бұқарасының санасын оятуда және арттыруда, саяси-ағарту жұмыстары маңызды орын алды. Еңбекшілердің белсенділігін арттыру үшін насихат күндері, апталықтар айлықтар өткізілініп тұрды. Кітапханалар, мұражайлар, жұмысшы үйлері, театрлар, саяси сауат үйірмелері – мәдени-ағарту жұмысының негізгі ошақтары болды.

Елде азамат соғысы аяқталғаннан қысқа мерзім ішінде ақ гвардияшылар және шетел интервенциясы салған жараны жазып, бүлінген экономиканы құруға, мәдениеттің жандануына, халық шаруашылығын қалпына келтіруге үлкен күш керек болды.

Қазақ Кеңестік социалистік республикасында халық шаруашылығымен бірге мәдени-ағарту жұмыстары белсенді түрде дами бастады. Кеңес өкіметі жылдарында қазақ халқының мәдениет деңгейі және саяси көзқарасы өсті. Ұлы Қазан төңкерісінен кейін қоғамның әлеуметтік қайта құрылуы, ағарту саласында қайта жаңа адам тәрбиелеуде үлкен жұмыстар талап етілді.

Коммунистік партия және Кеңес өкіметі жұмысшылар мен шаруаларға болып жатқан жаңалықтарға саналы түрде түсініктерінің қалыптасуына үлкен көңіл бөлді. Осындай халықтың саналы көзқарастарының пайда болуына, саяси-ағарту жұмысында маңызды рөл атқарған – кітапханалар болды.

Бүкілроссиялық мәдени-ағарту қызметкерлерінің II съезінде: “Әрбір адам өзінің оқи-жаза білетінін іс жүзінде пайдаланатындай болу керек, оның қолында газет және насихат кітапшалары болсын. Газет, кітапшалар дұрыс бөлініп, олар жол бойында жоғалып кетпей, халықтың қолына тиетін болсын, өйткені, олардың жартысы ғана оқылады, кеңселерде ол пұлға пайдаланып, халыққа бәлкім төрттен бірі де жетпейтін шығар. Бізде бар сол тапшы нәрсенің өзін пайдалануды үйрену керек. “Саяси ағарту ісі” қалай болған күнде де, мәдениетті арттыруды талап етеді, деген пікірді тынбастан көтеріп отыру керек.

Шаруалар оқи – жаза білуін өзінің шаруашылығына, мемлекетті жақсартуға қолдану мүмкіндігін алатын дәрежеге жету керек”, – деп айтылды.

Кітапханалар - халық арасында сауатсыздықты жоюға, еңбекшілерге білім беруге қажет болды. Кітапханалар – партия мен өкіметтің тарихына қатысты кітап көрмелерін ұйымдастырып, оқырмандарға, жаңа социалистік салтты баяндайтын кітаптарды ұсынды. Білікке қолы жеткен большевиктер капитализмнен социализге өту дәуіріндегі түбегейлі өзгерістерді сауаттылықтың өсуімен тікелей байланыстырды. Алғашқы алты жыл ішінде Халық Комиссариаты Кеңесінің оқу-ағартуға байланысты 200-дей декреттері мен қаулылары дүниеге келді. Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылғы 26 желтоқсанда қабылдаған “РКФСР халықтары арасындағы сауатсыздықты жою туралы” декреті, 8 бен 50 жас арасындағы сауатсыздарды ана тілінде немесе орыс тілінде мемлекеттік мектеп жүйесі арқылы жазу-сызуға үйретуді күн тәртібіне қойды. Бұл жұмыстың мерзімін жергілікті Кеңестер анықтайтын болды. Халық ағарту Комиссариаты мен оның жергілікті органдары сауаты бар азаматтарды сауатсыздықты жоюға қатыстырды.

Қазақстанда бұқараны мәдени-саяси жағынан ағарту міндеттерін бірден жүзеге асыруға ұлттық мамандардың жетіспеушілігі әсерін тигізбей қоймады. Сондықтан, ескі құрылыстан мұраға қалған керексіз әдет-дағдыларды, сауатсыздықты жою үшін, шығармашылық жұмысқа қарапайым халықты кеңінен қатыстыру үшін еңбекті бұқараға білім, тәрбие беру ісіне барлық мәдениет қызметкерлерін тарту керек болды. Мысалы, Семей облыстық революциялық комитеті 1919 жылғы желтоқсанда мәдени-ағарту мекемелерін құрып, жұмысын жандандыру үшін “Мәдениет қызметкерлерін тіркеу” туралы қаулы қабылдады. Онда барлық студенттер, оқушылар, тәрбиешілер, халық-ағарту ісінің қайраткерлері, өнер иелері белгілі бір қызметте болса да, мұндай жұмыста жоқтарды халық-ағарту бөлімінде міндетті түрде тіркеуден өтуі керектігі айтылды. Сонымен қатар, Қазақ облыстық партия комитеті де 1920 жылы қаңтар айында өлкенің барлық интеллигенция күштерін орталықтағы және жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту жұмысына қатыстыру

міндетін қойды. Осыған байланысты, барлық ауылдық, болыстық, уездік және губерниялық комитеттерге тез арада барлық орыс тілінде білім алғандардың және мұсылмандық медреселерді бітіргендердің, сондай-ақ, ауылдық, болыстық мектептер мен курстарда және орыс мектептерінде оқығандардың тізімін жасау тапсырылды.

1920 жылы желтоқсан айында Қазақ бұқарасын мәдени-саяси ағарту міндеттерін жүзеге асыру үшін, А. Байтұрсыновтың Халық ағарту комиссариаты атынан жасаған мәлімдемесінде: “Қазақ еліндегі нақты жағдай жергілікті тұрғын халықтың тілін, психологиясын, тұрмысын білмейінше, жұмыстың жүрмейтіндігін, бұл мәселеде ана тілін білетіндерден мамандар дайындау маңызды іс екенін көрсетіп отыр. Ол үшін қысқа мерзімді курстар ашып, конференция, съездер өткізу, делегаттар жиналысын ұйымдастырып және оларда өтетін әңгіме, пікір-таластар, лекциялар ана тілінде жүруі керек”, – деп жазады.

Елді электрлендіру, шаруаларды ұжымдастыру, мемлекеттік аппарат жұмысын жолға қою, әйелдер мәселесін шешу – бәрі сауатсыздыққа келіп тіреледі, – деп есептелді. Жіберілген қатені арада 9 ай өткен соң Түркістан республикасының Халық Комиссарлар кеңесі тезге салған болды. Ол, 1920 жылы 1 қыркүйекте қабылданған «Халық арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декреті еді. Декретте 8 бен 40 жас арасындағы сауатсыздарды жазу-сызуға үйренуге міндеттеді. Сауатын ашып жүргендердің жұмыс күні бұрынғысынша 2 сағатқа қысқаратын болды. Декреттің орындалу негізі халық ағарту комиссариатына жүктелді. Халық үйлерін, діни үйлерді, клубтарды, жеке меншіктегі үйлерді, фабрикалар мен заводтардағы, кеңес мекемелеріндегі лайықты деген бөлмелерді сауатсыздықты жою ісіне пайдалануға құқық берілді. РК(б)П-ның жергілікті ұялары, коммунистік жастар одағы, әйелдермен жұмыс істеу комиссиялары, т.б. осы науқанға тартылды. Халкомкеңес декреті Орталық Атқару Комитеті қабылдаған декреттен өзгешелеу болып шықты. Біріншіден, сауатын жоюшылардың жасы 8 бен 40 арасын қамтып жатты. Өйткені, 8 бен 17 жас арасындағылар негізінен сауатын ашумен емес, мектепте оқумен айналысады, бұл сауатсыздық ісіне бөлінген ақшаны үнемдеуге мүмкіндік берді. Ал,

50 жастан 40 жасқа шегеру де осы мақсатты көздегені түсінікті. Екіншіден, сауатын ашушылар ана тілінде, жергілікті тілдің бірінде немесе орыс тілінде оқуға ықтияры бар делінген. Алғашқы құжатта қай тілде оқу керектігі мүлде айтылмаған еді. Үшіншіден, Халкомкеңес декретінде репрессиялық шаралар қарастырылмады. Төртіншіден, сауатсыздықты жою мерзімі шектелмеді. Осынысымен ол науқандық сипатқа ие болудан қалды. Қысқасы, алғашқыдағы асығыс әрі декреттің сабақтарынан дұрыс қорытынды шығарылды. Қырғыз басқармасы жөніндегі революциялық комитеті (Қазақ өлкелеріндегі) сауатсыздықты жою қажеті үшін кітапханалардағы барлық кітаптарды есепке қойып, жеке адамдардан, баспалардан оқу құралдарын сатып алды. Баспа ісін жолға қойды. Көп ұзамай “Ұшқын” газеті шыға бастады. Қырғыз басқармасы жөніндегі революциялық комитетінің (Қазақ өлкелеріндегі) сауатсыздықпен күресі 1920 жылы жаңа белеске шықты. Сауатсыздықпен күрес Қазақстан даласында соғыс қимылдарының тоқтауымен үдей түсті. 1920 жылдың бас кезінде Қазақстан территориясында азамат соғысы аяқталып, мәдениет құрылысын бейбіт жағдайда жүргізуге қол жетті. Аласапыран аяқталып, кеңестерге, революциялық комитеттерге большевиктік экспериментті жалғастыру мүмкіндігі кеңейгенде оқу-ағарту міндетін шешу де бұрынғыдан әлдеқайда күрделеніп кетті. Мектептердегі оқуды жолға қою, кітапхана ісін ұйымдастыру, оқулықтар мен кітаптар шығару, мамандарды даярлау, т.б. қыруар жұмыстар сауатсыздықпен күресуге уақыт қалдырмауға айналды. Сауатсыздықты жоюды ұйымдастыруда, оған дер кезінде бағыт-бағдар беріп отыруда арнайы мекеменің қажеттігі айқын сезілді. Сонымен, 1920 жылғы 19 шілдеде Халық комиссариаты кеңесінің шешімімен “сауатсыздықты жою” жөніндегі Бүкілресейлік төтенше комиссия құрылады. Төтенше комиссияның жергілікті құрылымдары Түркістан Республикасында ертерек пайда бола бастады. 1920 жылғы 11 желтоқсанда Түркістан АКСР Халық Комиссарлары кеңесі “сауатсыздықты жою” жөніндегі төтенше комиссия жайлы ережені бекітті. Төтенше комиссияның міндеті – Түркістан Республикасындағы сауатсыздарды тез арада жоспарлы түрде оқыту. Комиссияға: а) тиісті мөлшерде педагогикалық қызметкерлерін даярлауға;

б) оқу құралдарын шығаруға; в) сауатсыздарды оқытуға қабілетті адамдардың есебін жүргізуге; г) сауужой мектептерінің жүйесін ашуға және тезірек “сауатсыздықты жою” қажеті үшін басқа да шараларды жүзеге асыруға құқық берілді.

1921 жылы Қазақстанда 1564 әртүрлі саяси-ағарту мекемелері болды, оның 1256-ы оқу-үйлері, 662-і жеке кітапханалар болды. ҚазАКСР ОАК 1921 жылғы 26 маусымда, “16 жастан 50 жасқа дейінгі жеткілікті білімі бар барлық адамдарды сауатсыздықты жою жөніндегі жұмысқа жұмылдыру туралы” қаулы қабылдады. “Сауатсыздықты жою” мектептерінде партияның, мемлекеттің экономикалық саясаты туралы кеңестік жер заңы т.б. жайында әңгімелер өткізілді. Оны еңбекшілер зор ынтамен оқуға кірісті. Сонымен, 1920–1921 жылдардағы оқу жылында “сауатсыздықты жою” жөніндегі 2412 пункттер жұмыс істеп, оларда 27,3 мың адам оқып шықты. Бірақта, барлық губернияларда сауатсыздықты жоюға қабілетті мамандар жетіспей жатты. Бар, деген оқытушылар, нұсқаушылар, әдістемешілер қиын материалдық жағдайға душар болды. Олар 3–4 ай бойы еңбек ақыларын, тиесілі азық-түліктерін ала алмады. Сауатсыздарға қағаз, қалам, кітап, қарындаш жетіспеді. Халықтың біраз бөлігі аяқ киімнің, жылы киімнің жоқтығынан үйден шыға алмайтын. Оқығысы келген сауатсыздардың енді бір бөлігін әміршіл-әкімшіл жүйенің тиесілі мекемелері астық жинауға, оны бастыруға, темір жолдарды тазартуға ат-арба айдауға міндеттеп, айлап-апталап соған жегіп қойды. Сауатсыздықты жоюды ұйымдастыру орталығы ақсаған соң ол жергілікті жерлерге салқынын тигізді. Саужой пункттеріне келушілер саны күрт азайды. Аштық барлық губернияны жаулады. Кітапханалар жағдайы нашарлады, кітапхана қызметкерлері жалақы алмады, кітапхананы тастап, басқа қызметке ауысып жатты. Көлік пен қаржының жоқтығынан кітапханаларды газеттермен толықтыру мүмкін болмады. 1921 жылы саяси-ағарту басшылығының жазған хатында: саяси-ағарту жұмысы тоқырауда тұр, селодан қалаға дейінгі саяси артта қалушылықты болдырмауда тезірек оқу-үйлерін ұйымдастыру керек, деп белгіледі. 1921 жылы жүргізілген санақ бойынша Қазақстанның қалалық және ауылдық жерлердегі халықтардың 90,9 пайызы орыс тілінде сауатсыз болды.

1921 жылы болған бірінші партия конференциясында: «Қазақтан шыққан жауапты қызметкерлерді мүмкіндігінше саяси-ағарту жұмысына жұмылдыру керектігі» туралы шешім қабылдайды. Қазақ облыстық партия комитеті мен губерниялық комитеттер ауыл мен селоларға тұрақты жұмыс істеуге 582 адам жібереді. Қазақ ұлтынан шыққан мамандар саны өсе бастады. Қазақтар партия-кеңес аппаратында 37 %, ал 6 % құқық органдарында 10 болды. Мұның бәрі бұқара арасында мәдени-ағарту, саяси-тәрбие жұмысын күшейту бағытындағы зор үлес еді. Сонымен қатар, конференцияда Қазақстандағы көшпелі халық арасында жылжымалы кітапхана жұмысына айрықша көңіл бөлу керектігі айтылды. Қызыл арбалар, қызыл керуендер және басқа да жылжымалы орталықтар арқылы көмектесу міндеті қойылды. Республиканың партиялық ұйымдары осы нұсқауларды орындай отырып, жергілікті халықтың өмір сүру жағдайына үйлестіре мекемелер құра бастады. Бұлар, қызыл керуендер, күймелі арбалар, киіз үйлер, шайханалар т.б. Мысалы, 1921 жылғы 19 шілдеде Түркістан уездік саяси-ағарту жанынан уездің еңбекші халық арасында саяси-ағарту жұмысын өткізуде “Қызыл үгіт арбасы” ұйымдастырылды. “Қызыл үгіт арбасы” жанынан салық, кооперация ұғымдарын түсіндіру мақсатында өз оқу залы, шайханасы болды. Үгітшілердің құрамында кітапханашылары болды. Осы сияқты жылжымалы жедел үгіттер Қостанай губерниясында құрылды. Олар Кеңес өкіметі, кооперация және жерге байланысты сұрақтарына арналған көп әдебиеттерді Арқарағай және Кенарал болыстықтарының 16 ауылын аралап шыға отырып таратты. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің қызыл керуені 1922 жылы сәуірде Ә. Жангелдиннің басқаруымен ел аралауға шығады. 9 мамырдан 12 маусымға дейін керуен Орынбор мен Семей аралығындағы 26 болыстың 37 ауылында, сондай-ақ, Екібастұз бен Спасск зауытында болады. Олар 126 жиын, 420 әңгіме өткізді. Керуен Кеңестердің іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді жолға қояды. Мұның өзі ұлттық-мемлекеттік жүйені нығайтуға ықпал етті. Оның құрамына халық комиссарлары, мәдени-ағарту қызметкерлері кірді. Керуен құрамына: лекторлар, үгітшілер, кітапханалар болды. Қызыл керуендер қазақ халықтары арасында көптеген саяси және басқа маз-

мұндағы әдебиеттерді таратты, оның ішінде кітапшалар “Халық шаруашылығын қалыпқа келтіру”, “IX съезіндегі жер сұрақтары”, “Неге мен коммунист болдым”?, “Қазақ тілінде кеңестерді қайта сайлау”, “Шаруашылықты қайта қалпына келтіру”, “Ашаршылықпен күрес” тақырыптарына арналған плакаттар мен ұрандарды таратты. Осы өткізілініп жатқан шаралардан қазақ ұлтының мүддесі айқын сезіліп тұрды.

1922 жылы қала кітапханалары балалар үйірмесін ұйымдастырып, оқулар оқырмандарға экскурсия өткізіп отырды. Қызыл жауынгерлер үшін 6 айлық курстар ұйымдастырылып, оларға қаржы бөлінді. 1922 жылы аудандағы кітапхана меңгерушісі Е.Стекловтың естелігінде: “Аудан бойынша 8 кітапханалар, онда 92 кітапхана қызметкерлері, кітап қоры 166870, оқырмандар саны жарты жылдықта 1866 құрады, ал, оқу-үйлері 12, кітапхана қызметкерлері – 34, кітап қоры 9600, ал оқырмандары – 5000 құрады”, – деп жазады. Ауылдағы ағарту жұмысының негізгі ошақтардың бірі – көшпелі отаулар болды. Ұзақ уақыт осы міндеттерді орындауда қызыл отаулар өте көп болды. Қызыл отаулар ауылдарда көшіп жүріп қызмет атқарды. Кітапханалар және басқа саяси мекемелер болмағанда, олар мәдениет және ағарту ісінің негізгі көзі болып, дәрігерлік көмекке дейін қызмет көрсетеді. Бұқараның бастамасымен көшпелі аудандарда қызыл шайхана, қызыл керуендер құрылды. Саяси және мәдени-ағарту жұмысының көшпенділер арасындағы негізгі жұмыстарын қызыл керуендер атқарды. Олардың қызметі – лениндік және ұлт саясатын түсіндіріп, ауылдардағы және селолардағы жұмысшы ұйымы мен еңбекші шаруаларды ұйымдастыруға жұмыс жасады. Осыған орай, мамыр айында 1922 жылы 260 лекция, 600 митингтер өткізілінген. Қызыл керуендер өз қызметін 1925 жылға дейін жүргізді. Оқу-үйлері – мәдениет және саяси-ағарту партия ұйымдарының және елдегі кеңес өкіметінің негізгі орталығы болды. Сондықтан, оқу-үйлерін ұйымдастыруда, олардың күнделікті жұмысына партия көп көңіл бөлді. 1922 жылы сәуір айында Орынборда 200, Қостанайда 170, Семейде 150, Ақмолада 5 оқу-үйлері ұйымдастырылады.

1922 жылғы қыркүйекте Семейде қалалық орталық Гоголь атындағы кітапхана ашылады. Кітапхана құрамын дайындау,

саяси міндеттерді орындау мақсатында ашылған кітапхана жағдайы төмен болды. Кітапхана қызметкерлері өз міндеттерін дұрыс жүргізбеді, яғни оқырмандарға шаралар өткізу т.с.с. Кейбір кітапханаларда кітапхана қорын толықтыруға, өңдеуге, есепке алуға мүмкіншіліктер болмады, каталогтар жоқтың қасы, осы жетіспеушіліктерге қоса кітапхана мамандарының білімі жоқ болды. Саяси-ағарту жұмысының құрамы қанағаттанарлықсыз, мамандардың тұрақсыздығы көп болды. Саяси-ағарту мекемелеріндегі қызметкерлерді іріктеуде іскерлік, саяси принцип бұзылды. Саяси-ағарту мекемелеріндегі қызметкерлердің білім дәрежесі төмен, дайындалмаған, ұйымдастыру қабілеті өте нашар болды.

Коммунистік партия халықты кітаппен қамтамасыз етудегі қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырудың бағытын анықтап берді. Кітапхана жұмысын ұйымдастыруда тұрғылықты халықты қазақ тіліндегі әдебиеттермен толықтыру қиынға соқты. Кітапхана және басқа да ағарту мекемелері (оқу-үйлері, қызыл керуендер, қызыл отаулар, клубтар) идеологиялық күрестің бір бөлігі болып, партия және кеңес ұйымдары кітапхананы басшылыққа ала отырып, оған қолдан келген көмегін көрсету шешімін қабылдады. Ұйымдар болыстық, ауыл кітапханалары, оқу-үйлері қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсетіп, осыған байланысты жақын аудандарда кітапхана жұмысын үйренуге, әдістемелік кеңестер өткізуді ұйымдастырып, семинарларға қатысуға кітапхана қызметкерлерін шақырды. Кітапхананың бар түрлеріне ведомстволық тиістілігіне қарамай, әдістемелік кеңестер кітапхананың бірігуіне мүмкіндік туғызды. Кітапханалар және оқу-үйлері ұзақ уақыт көпшілікті саяси тәрбиелеудегі негізгі жалғыз мекеме болды, әсіресе, селоларда жауапкершіліктері жоғары болды. 1922 жылы Орынбор қаласының өзінде 24 кітапханалар қызмет көрсеті. Соның 16-сы көпшілік қолданатын, 2-і мұсылман, 5-і оқу орындары жанындағы кітапханалар және 1-уі ауыл шаруашылық саласына арналған кітапхана болды. Кітапхана қызметкерлерінің саны 57, кітапхана қорлары 92842, оқырмандары 22477 құрады. Кітапханалар жанынан оқу-үйлері жұмыс істеп, олар отынмен жылытылып, газет, журналдар жаздыртып алып отырды. Кітапхана қызметкерлері оқулар,

әңгімелер ұйымдастырып өткізді. Оқырмандардың көп пайызын жұмысшылар құрады. Кітапханаларда әр тақырыптарға арналған көрмелер ұйымдастырылып, ұсыныс тізімдері жасалынды. Қала кітапханаларында “кітапханалық кеңес” ұйымдастырылып, басында “кітапхана қоғамы” болып, 1922 жылы “кітапхана ұйымы” болып аталды. Ұйым мүшелері айына бір рет жиналып кітапхана ісі бойынша баяндамалар өткізіп, барлық кітапханашыларды кітапхана басшылығымен таныстырып, нұсқаулар өңдеп, кітапхана тәртібін құрастырып, ай сайын мәдени-ағарту жұмысының жоспарына басшылық жасады. 1922 жылдың көктемінде республикада 221 оқу-үйлері, 33 халық үйлері болды. Көшпелі аудандарда қызыл отау, қызыл шайхана, қызыл керуендер құрылды. Олар көбінесе, бұқараның бастамасымен құрылып жатты. Оқу-үйлері өзінің бүкіл саяси-ағарту жұмысымен кедейлердің де, орташалардың да белсенділігін көтерді. Шаруалардың орта және кедей топтары оқу-үйлерін құрып жатқанда, бай шаруалар олардың қызметіне бөгет жасап, үйді бүлдіруге тырысты. Олар оқу-үйлерінің белсенді мүшелерін қуғындап, оқу-үйлерін өртеп, оқу-үйі меңгерушілеріне қарулы шабуылдар жасауы жиі кездесті. Бұл жылдарда оқу-үйінде қызыл әскерлер, коммунистер, комсомолдар, яғни өзін біржолата ауылдағы саяси-ағарту жұмысына бағытталғандар жұмыс істеді. Көптеген оқу-үйінің меңгерушілері өз жұмысын өте ауыр жағдайда бастады. Оқу-үйіне лайықсыз үйлерде ешқандай жалақы алмай, барлық мұқтаждыққа төзіп, барлық уақыттарын, күш-жігерлерін жұмсады. Олар кітапты жан-жақтан әзер жинап, өз үйлерінің бір бөлігін оқу-үйіне айналдырды. Саяси-ағарту бас басқармасының кітапхана ісі саласындағы басты міндеттерінің бірі – бұқаралық кітапханалардың кітап құрамын тексеру, олардың идеялық тиімділігіне назар аударып, кітап қорларын жаңа басылымдармен толықтыру еді. Осы жылы (1922 ж.) жылжымалы кітапхана жұмысы да кең құлаш жая бастады. Мұндай жылжымалы кітапхана уездік және болыстық кітапханаларда жабдықталды және тікелей ауыл-селоларға, жұмысшы поселкаларына, жекелеген завод-фабрикаларға жіберілді. Оқу-үйлері, қызыл отаулар селода және ауылда ағарту жұмысының негізгі жетекшісі болды.

1923 жыл сауужой ісіне жаңа леп әкелінді. Біріншіден, шаруашылық құрылысында жандану көзге түсті. Бұл Қазақстан кеңестерінің IV съезінде көрсетілгендей: экономикадағы азды-көпті табыстар оқу-ағарту ісінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға және ашаршылықтың зардабын жоюға жол ашылды, екіншіден, елдегі сауатсыздықты жоюға бағытталған жалпыхалықтық көзқарас туындады.

1923 жылдың көктемінен бастап, кітапхана жағдайы өзгере бастады. Қазақ пролетариаты және ауыл еңбекшілері арасында жұмыстардың жандануына 1923 жылғы 12–22 наурыз аралығында өткен III Қазақстан облыстық партиясының конференциясы болды. Конференция – ауылдағы мәдени-ағарту жұмыстарына көп көңіл бөлді. Осы мәселе туралы РК(б)П-ның XII съезі шаруаларға сауатсыздандыру мектептерін қайта ашу жұмыстарын жүргізуді белгілеп берді. Саяси-ағарту мекемелерінің жұмыстары, оқу-үйлері ауыл шаруашылық өндірістерімен және шаруалардың күнделікті қажеттерімен байланысты болды. Шаруашылық құрылысқа қажетті қаржының жетіспеушілігіне қарамай, съезд “Ауылдардағы оқу-үйлеріне, мектептерге, кітапханаларға қажетті қаржыны жіберу” туралы қаулысын қабылдады. Ауылдық жерлердегі кітапхана ісі халық арасында кеңес өкіметіндегі социализм үшін күрес орталығы болады.

1923 жылғы мамыр айында өткен “сауатсыздықты жою” жөніндегі II Бүкілресейлік съезде, сауатсыздықты жоюдың 5 жылдық жоспары құрылып талқылаудан өтіп, одан кейін ілешала өткен сауужой төтенше комиссиясы мәжілісіне Қазақстанның да өкілі қатысады. Осы жылдың жазында халық ағарту комиссиялары инспекторларының III Бүкілтүркістандық съезі, Түркістан Республикасы саяси-ағарту ұйымының II съезі шақырылды. Съезде: “Сауатсыздық жоюға қаражат бірінші жұмсалуды қажет”, – деген шешім қабылданды. 1923 жылдың 14 тамызында Бүкілодақтық орталық атқару комитеті және Халық Комиссарлары Кеңесінің “сауатсыздықты жою туралы” декреті қабылданады. Декретте: қазан айының 10 жылдығына орай, 35 жасқа дейінгі ересектер арасындағы хат танымаушылық жойылуға

тиіс, – деп міндеттелінді. Сонымен, Бүкілхалықтық сауаттылық жолындағы қозғалыс ұйымдық шешімін тапты.

1923 жылдың күзінде “Сауатсыздық жойылсын” қоғамы дүниеге келеді. Сауатсыздықты жоюдағы насихат жұмыстарына кітапханашылар, оқу-үйі меңгерушілері белсенді қатысты. Кітапханашылар сауатын ашушыларды керекті әдебиеттермен жабдықтап, сауалдарына қосымша ақпараттар өткізіп отырды. Үлкендер арасында сауаттылыққа үйретуде оқудың тиімді түрлері мен әдістері насихатталды.

1924 жылғы шілде айында өткен сауатсыздықты жоюға арналған І-ші Түркістан съезінде: “Кітапханалар мен қызыл шайханалардың сауатсыздықты жоюдағы жолдары бір-біріне байланысты болды. Егер бір-бірімен байланысты болмаса, саяси-ағарту жұмысында жақсы нәтижелер бермес еді”.

Съезд сауатсыздықты жоюда үлкен рөл атқарған кітапханалардың атқарған жұмысын және олардың сауатсыздықты жоюмен қатар, халықтың ақыл-ойының дамуына көмектескенін, сауаты аздарға оқуды дағдыға айналдыру үшін, газет, кітапты оқу қажеттігін түсіндірген жұмыстары жайлы ерекше атап өтті.

1924 жылғы 1 шілдедегі М.Н.Покровскийдің РКФСР кітапханашыларының І-ші съезіндегі сөйлеген сөзінде: “Қазір жаңа тұрпатты кітапханашы қалыптасты. Ол нағыз ағартушы қызметкер. Ол халықты ғылыммен, мәдениетпен байланыстыратын ең қажетті буын, – деп айтар едім. Осыдан 200–300 жыл өткенде техниканың не беретінін айту қиын, ал бұқара халық мәдениетті кітап арқылы үйреніп дағдылануы тиіс, сондықтан бұл жерде кітапханашы ең қажетті буын, ең бірінші құрметті орынға қоятын негізгі ағартушы қызметкер болып табылады. Біздің заманымыздағы кітапханашының қызметіне осындай көзқарас тұрғысынан қарауымыз керек. Кітапханашылардың төңкерістен кейінгі бірінші съезі жаңа тұрпатты кітапханашыны анықтап беруі тиіс. Осы съезде ол өзінің жарқын, айқын, бейнесімен көзге түседі, – деп сенеміз. Тіпті, біздің академиялық кітапханашыларымыздың өздері төңкерістің қандай бағытпен, қалай қарай ұмтылып бара жатқанын алдымен түсініп, бізге бірінші болып қол ұшын берді. РКФСР-ғы академиялық кітапханашылардың алғашқы мәжіліс менің есімде, онда кітапхана-

шылар ескі құрылыстың артта қалып қойғанын алдымен түсініп, біздің ісімізді қолданғанын мақтаныш сезіммен айтуға болады. Кітапханашылар тек кітаптарды сақтаушылар ғана емес, алдыңғы қатарлы ағарту қызметкерлері. Олар пролетариатты кітаппен байланыстырып отыратын қажетті буын болып саналатынын түсініп, жаңа көзқарасқа көшу керек екенін ұқты”, – дейді.

1924 жылғы межелеу шараларының барысында, бұрын Түркістан Республикасының құрамында болған Жетісу және Сырдария облыстары Қазақ АКСР–на қосылады. Қазақ халқының қос автономияда жарысып тұруы, оның саяси және экономикалық тұрғыда дамуын, мәдени өркендеуін кешеуілдетіп, ұлттық мемлекеттілігінің қалыптасуын тежеген еді. Осы ахуалда ұлттық құралы салыстырмалы түрде біртекті, экономикалық потенциалы мол оңтүстік аумақты Қазақ республикаға біріктірудің маңызы зор еді. Оңтүстік екі облыстың Қазақстанға қосылуының территориялық және ұлттық-этикалық маңызы экономика саласынан кем болған жоқ. Қазақ АКСР-ның территориясы 600 мың шаршы километрге Республикадағы қазақ ұлтының саны бір жарып миллионға жуық өсті.

Астана қазағы қалың жаңа өңір – Қызылордаға көшірілді. Міне, бұл саяси оқиға республикада мәдени ошақтардың жұмыстарын өрістете түсуге міндеттеді. 1928 жылы 3 қаңтарда Қызылорда қаласында Қазақ АКСР–ның саяси ағартушылардың І өлкелік кеңесі өтеді. Кеңесте жасаған баяндамасында О. Жандосов саяси-ағарту саласындағы жетістіктермен қатар, орын алып отырған кемшіліктерге тоқталып, әсіресе, бұл жұмыстың ауыл мен селоның жандануын, мамандарды іріктеуге ерекше көңіл бөлуіне назар аударды .

1924 жылдың жазында “сауатсыздықты жою” жөніндегі І Бүкілқазақстандық създ өтеді. Онда “Сауатсыздық жойылсын” қоғамы туралы, сауужой жөніндегі Түркістандық төтенше комиссия қызметі және ауыл мен қышлақтағы жұмыс туралы, оқытудың кешенді жүйесі туралы, т.б. мәселелер қаралады. Съезд “Сауатсыздық жойылсын” қоғамын құру Түркістан үшін мейлінше қажет, – деп тауып, сауужойдың кезекті міндеттерін белгіледі. 1924 жылдың ортасында Түркістан Республикасында 470

саужой мектептері жұмыс істеп, оларда 13,6 мың адамдар оқиды.

1924-1925 жылдар оқу жылына тиісінше 6677 пункттерде 1721 мың адам сауатын ашады, ал ауылдағы сауатты қазақтардың ара салмағы 1920 жылғы 2,9 пайыздан 1926 жылы 10 пайызға жуықтады. Алайда атқарылатын жұмыс әлі көп еді, өйткені 1,7 млн. қазақ сауатсыз күйінде қалып қойды [199]. 1925–1926 оқу жылы “Сауатсыздық жойылсын” қоғамына, оның жұмысын ұйымдастыруға үлкен мән берген жыл болып қала берді. Мамыр айының соңында РК(б)П Орталық Комитетінің қоғам жұмысы жайлы қаулысы шығып, басты күшті ауыл-селоға бөлу, шефтік көмекті күшейту, – деп көрсетті.

Кітапханаларда оқырмандар арасында мәдени шаралар ұйымдастыру үзбей жалғасып отырды. 1926 жылы Алматы уезінің қызыл отау жанынан құрылған “сауатсыздықты жою” үйірмесі денсаулық сақтау саласы бойынша әңгімелер ұйымдастырып, газет, журнал, кітаптардан дауыстап оқулар өткізіп отырды. Олар өз оқырмандарына Кеңес өкіметінің және партияның саясатымен таныстырып, сауатын ашуға, белсенділік қабілетінің оянуына түрткі болып, қазақ әйелдерін конференцияларға, делегат жиналыстарының жұмыстарына тартты. Кітапхана жүйелері және олардың қорлары мәдени жағынан артта қалған ауылдардағы “сауатсыздықты жою” міндеттерімен дамыды.

Сауатсыздықты жою жолындағы қызыл отаулардың қызметі

1925 жылғы 30 шілдеде қазақ саяси-ағарту басқармасының, өлкелік партия комитетімен бірлесіп “Ауыл әйелдеріне арнайы қызмет ететін қызыл отаулар ұйымдастыру” туралы қаулысын шығарады. Қаулыда қызыл отаулардың жалпы ережесі бекітіліп, оларды ұйымдастыру жұмысы жергілікті партия, комсомол, кәсіподақтың “Қосшы” одағына міндеттелінеді. Қызыл отаулар әйелдер арасындағы сауатсыздықты жоюдағы негізгі күш болды. Бұл әмбебап мәдени-ағарту мекемесі клубтардың да, оқу-үйлерінің де, кітапханалардың да әртүрлі мәселе-

лерге анықтама түсінік беретін “кеңес орталығы” қызметін атқарды. Орталық шығып жатқан деректердің мәнін түсіндіріп, әйелдерге бас бостандығы үшін күресуге көмектесіп, әйелдерді қоғам өміріне белсене қатыстырды. Ел ішінде қызыл отаулар ұйымдастырудың мән мағынасы осында болды. Қарқарада ашылған қызыл отаудың жұмысы туралы оның меңгерушісі – Күлебаеваның жазған мәліметінде: “1925 жылы 5 желтоқсанда қызыл отау үшін үй сатып алып, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізе бастадым. Қызыл отау жанынан шеберханалар ұйымдастырып, 77 сом таба бастадық. Комсомол жастар ауыл тұрғындарына қойылымдар көрсетіп, әйелдер қызыл отаудың жұмысына белсене қатысты”, – дейді.

Қызыл отау жұмысын насихаттау үшін әйелдер мәселесін жан-жақты сөз ететін баспасөз ұйымдары “Теңдік” газеті 1925 жылғы мамырдан, “Әйел теңдігі” журналы 1926 жылғы қаңтар айынан бастап жарық көре бастады. Оның алғашқы редакторы – Сара Есова болды. Қызыл отаулар сауатсыздықты жоюмен қатар, әйелдер артелін, қолөнер, іс тігу, сүт тарту т.б. ұйымдастырып, хор үйірмесін ашты. Дауыстап газет, журнал, кітаптар оқу жұмысын жүргізіп, шағын кітапханалар ұйымдастырады. Көптеген қазақ қыздары мен әйелдері съездер мен курстарда білім алып, қызметке араласа бастайды. 1925 жылы алғаш рет үш апталық практикум өткізілініп, онда 30 адамдай оқып шығады.

1926 жылғы Алматы уезінің қызыл отау жанынан құрылған “сауатсыздықты жою” үйірмесі денсаулық сақтау саласы бойынша әңгімелер ұйымдастырып, газет, журнал, кітаптардан дауыстап оқулар өткізіп отырды. Олар өз келушілеріне, Кеңес өкіметінің және партияның саясатымен таныстырып, сауатын ашуға, белсенділік қабілетінің оянуына түрткі болып, қазақ әйелдерін конференцияларға, делегат жиналыстарының жұмыстарына тартады. Кеше ғана қоғамда және отбасында правосыз болған әйелдерді, әсіресе, қазақ әйелдерін социалистік құрылысқа тарту үшін, білімі мен мәдениетін көтеру жолында әйелдер бөлімдерімен бірге, қызыл отаулар үлкен еңбек сіңіріп, өте көп жұмыс жүргізіп жатты.

“Губерниялық қызыл отаулар қызметінің жағдайы туралы” арнайы шешімінде (1926 ж. қараша): Қызыл отауларды ұйымдастыру кезеңінде осы саланың басшылықтары жергілікті халықтың, қазақ әйелдерінің тұрмыс жағдайларымен, өзіндік ерекшелігін жете білмеуі және қызыл отау жұмысы туралы нақты нұсқау, ереженің жоқтығы, сондай-ақ, бұл жұмыста тәжірибенің болмауы біраз сәтсіздіктерге әкеп соқтырды. Қызыл отауларда “сауатсыздықты жою” жұмысы толық және жан-жақты жүргізілмеді, қаржы мен құрал дұрыс жолға қойылмады. Қызыл отаудың жұмысының басты ұйымдастырушысы, әрі қатысушы күш, ұлты орыс әйелдері мен комсомол ұйымдары болды. Олардың орналасқан жерлері де кейде дұрыс таңдап алынбады, бұқаралық көпшілік жұмыс элементтері аз болды. Сондықтан, қызыл отаулардың жұмысын жақсарту үшін, «қызыл отау туралы» жаңа ереже бойынша барлық отау үйлерін губерниялық саяси-ағарту бөлімінің қарамағына беріп, уездік қалаларда орналасқан қызыл отауларды жайлауларға, ауылдарға жіберу жоспарланды. Өз қарамағында бірнеше көшпелі кітап жинақтары, плакаттар мен газеттері бар қызыл отаулар ауылдарда саяси-көпшілік және мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін мәдени-ағарту мекемелерінің тиімді түріне айналды. Қызыл отаулар жекелеген адамдарды да және сауатсыз адамдар тобының сауатын ашып, еңбек заңдылығы туралы т.б. жайында анықтамалар беріп отырды. Тұрғындар қызыл отаудың жұмысына сенім арта қарап, белсене қатысты. Өзіне қажетті анықтамалар алу үшін бірнеше шақырым жерден кедейлер мен малайлар келіп жатты. Қызыл отаулар әр ауылда 10–15 күндей болып, келесі ауылдарға кетерде қызыл отауды бүкіл ауыл болып шығарып салып жүрді. Олардың саны 1926–1927 жылдары 63–ке жетті. Кейінгі жылдарда да алыстағы қазақ ауылдарында қызыл отаулардың жұмысы жалғастырылып, олардың саны арта түсті.

Халықтың мәдени білім-деңгейін көтеретін кітапханалар, клубтар, оқу- үйлері, қызыл отаулар жүйесі төңкерістен бұрынғы жылдармен салыстырғанда бірнеше есе өскенмен, қалың көпшіліктің қиналмастан бара қоятын мекеніне айналмады. Әсіресе, көшпелі өмір салтынан қол үзбеген қазақ халықтары мәдени-

ағарту мекемелерінің тапшылығын тартты. Кейбір елді мекендерде кітапты пайдаланғаны үшін кітапханалар ақы алуды тәртіпке айналдырған. Бұл адамдардың оқу-білімге ынтасын басқаны сөзсіз еді. 1927 жылы өлкенің ауыл-селолық жерлерінде 1500—ге жуық, оқу-үйлері, шаруа үйлері, халық үйлері, қызыл отаулар жұмыс істеп тұрды. Ауыл-селолардағы 6 мыңға жуық тұрғындарға 1,5 мың мәдени мекеме мүлде аз болды.

1927 жылдан 1928 жылдар аралығында партияның Өлкелік комитеті Қызыл отауларға нақты міндеттерді тапсырады. Онда жаппай саяси жұмысты ұйымдастыру, лекция, әңгіме жүргізу, газет, журналдарды дауыстап оқу, драмалық және қолөнер, саяси үйірмелерді құру, заң жөнінен кеңес беру, қабырға газеттерін шығару жөнінде міндеттеме берді. 1928 жылғы 3 қаңтарда Қызылорда қаласында Қазақ АКСР саяси ағартушылардың I Өлкелік мәжілісі өтеді. Мәжіліске РКФСР саяси-ағарту өкілі жолдас – Чичеров қатысты. Қаралған мәселелер республикадағы кезекті саяси-ағарту жұмыстарының міндеттері, оны ұйымдастырушылық, сауатсыздық, қаладағы және ауылдағы саяси-ағарту жұмыстарына арналған мәселелер қаралады. Мәжілісте О.Жандосовтың жасаған баяндамасында істелінген істерді және кемшіліктері аталып өтеді. Мәжіліс ауылдарда, селолардағы ағарту жұмыстарына ерекше көңіл бөле отырып, ауылдардағы жұмыстарға комсомолдарды, кәсіподақтарды және жергілікті ауыл мұғалімдерін тартуды міндеттейді.

Егер 20 жылдардың аяғына дейін экономика мен мәдениеттің әр саласын жоспарлы басқаруға ұмтылыс орын алса, енді халық шаруашылығын тұтастай жоспарлы негізге көшіру күн тәртібіне қойылғанда, саужой ісі де жоспарланып жатты. Қазаткомның қаулысымен 16–50 жас аралығындағы өнеркәсіп және ауыл шаруашылық жұмысшыларын және 16-35 жас аралығындағы басқа да еңбекші топтарына, (кедейлер, орта шаруалар, ұсақ кәсіпкерлер, т.с.с.) 1932 жылдың 1—ші қазанына дейін хат танытып шығару жоспарланады. Мақсатқа тез жету ниетімен асыра сілтеуге ұрыну да байқалмай қалмады. Өнеркәсіп жұмысшылары мен совхоз жұмысшыларының сауатсыздығын 1930 жылдың 4 қазанына қарай, басқа мекемелердегі жұмысшылардың сауатсыздығын 1931 жылдың 1 қазанына

дейін жою, мұның артында Қазақстанның он жылдық мерекесіне коммунистер мен комсомолдардың, колхозшылардың, әскерге шақырылатындардың хат танымаушылығын біржолата құрту жоспарланды.

Сауатсыздықты жою жолындағы мәдени жорық қызметі

Әйткенмен, сауатсыздықты жоюда үлкен маңызы болған 20-шы жылдардың аяғына қарай Кеңестер елінде қалыптасқан ахуал – капиталистік елдерді жау көру, социализмнің артықшылықтарына қалың бұқараны қалтқысыз сендіру, жастарды әрқашан алдыңғы шептерден көрінуге итермелеу, идеологиялық психоз, т.б. – еңбек адамдарының мәдени байлықтан сусындауға шынайы ұмтылуы – бәрі қосылып келіп сауажой ісіне айтарлықтай жаңа леп әкелді. Ол жаңа лептің аты комсомолдардың бастауымен туған “Мәдени жорық” болатын. Сауатсыздықты жою жұмысының көптеген мәселелеріне жан-жақты көмек көрсету мақсатымен 1928 жылы 3 шілдеде республиканың комсомолдар мен еңбекші жастарының басқаруымен мәдени жорық ұйымдастыру жайлы қаулы бекітілді.

Мәдени жорық еліміздің қоғамдық өміріндегі зор өрлеуді көрсетті. Сауатсыздықты жою пункттері сауат ашудан басқа, бұқара арасында жан-жақты саяси-көпшілік мәдени-ағарту жұмысын жүргізді: үйірмелерге, мұражайларға, көрмелерге экскурсиялар ұйымдастыру, газет-журналдар оқу, пікірлесу кештерін өткізу т.с.с. жұмыстармен айналысты. Мәдени жорық күнделікті бұқаралық үгітпен жалғасты. Кең түсіндіру жұмысынан басқа баспасөз және радиохабарларын тарату мен баяндамалар оқу, митингілермен жиналыстар өткізу үндеулер мен плакаттар қолданылды. Қазақстанның комсомол ұйымдары ауыл мен селоларға мәдени жорық жасап, олар халықтың мәдениетін, сауатын көтеріп, әділетті өмір үшін, маскүнемділікке, қараңғылық-тұрпайылыққа, ескіліктің қалдығына қарсы және жеке бастың да қоғамдық орынның да тазалығы үшін күресті.

Мәдени жорықты бастауға түрткі болған фактілер де осал емес еді. Айналып келгенде мәдени жорық елдің ішкі қажеттілі-

гінен туған құбылыс еді. Мәдени жорықтың басталуына комсомолдар түрткі болды. Мәдени жорық бірінші жылы – ақ өз нәтижесін берді. Егер 1927–1928 оқу жылында өлкеде 4,4 мың адам хат танып шықса, 1928-1929 оқу жылында олардың саны 140 мыңға жетті. Осының арқасында сауатсыздық үлесі қазақтар арасында 91,3 % – дан 89,5 % – ға, өзбектер арасында 95,6 % – дан 92 % – ға, ұйғырлар арасында 89,0 % -дан, 85,0 % -ға, орыстар мен басқа этностар арасында 50,0 % - дан 49,0 %-ға төмендеген. Мәдени жорықтың кейінгі тағдырына 1929 жылғы 17 мамырда қабылданған БК(б)П Орталық комитетінің «Сауатсыздықты жою жұмысы туралы» қаулысы айтарлықтай әсер етті. Мәдени жорық дүниеге әкеліп, өзінің өміршендігін көрсеткен жұмыс түрлері қатарында мыналар көрсетілді:

а) сауатсыздықты жоюға мүшелерін тартып, қаладағы және ауыл-селоардағы интеллигенцияның басқа да топтарын пайдалану, олардың жұмысына дәйекті басшылық көрсету. Бұл жұмысты партиялық тапсырма деп есептеу;

б) қалалық және ауылдық кеңестер жанынан саужайға қолғабысты тигізетін топтар құру, мектеп жұмысына қоғамдық байқаулар ұйымдастыру, сауатсыздар мен шала сауаттылар конференцияларын шақыру, сауатты адамның сауатсызға шефтігін бекіту;

в) сауатсыздықты жоюды саяси-ағарту жұмысының барлық түрлерін ұштастыру;

г) оқыту түрлерін, оқу бағдарламалары мен оқу құралдарын қаладағы және ауыл-селоардағы сауатсыздардың еңбек және тұрмыс жағдайына бейімдеу.

Қаулы индустриялық жұмысшылардың сауатсыздығын бір жыл ішінде, совхоз жұмысшылары мен колхозшылардың сауатсыздығын екі жыл ішінде жоюды міндетке артты. Ұлт аймақтарында бірінші кезекте партия, комсомол мүшелері, жұмысшылар, кеңес және кооперация белсенділері хат танитын болсын дей келе, әйелдердің сауатын ашуға үлкен мән берді. Мәдени жорық сәтті аяқталып, біраз ілгерілеуге қол жеткен соң бұл науқанды партия мекемелері өз қарауына алады. 1929 жылдың шілдесінде БК(б)П қазақ өлкелік комитеті ауылға мәдени жорықты бастауға бұйрық берді. Жорық қазақ жұмысшыларын

тұтастай саужайға тартуға бағыттады. Партиялық бұйрықта кәсіподақтардың, комсомолдың, «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының, басқа құрылымдарының арқалар жүгі, атқарар ісі анықталды. Мәдени жорықтың екінші жылында өлке комсомолдары 40 мың адамның сауатын ашуға міндет қойды. Қазақ ауылдарының шашыраңқы орналасуына байланысты, мәдени-саяси ағарту жұмысына халықты тұтастай тартуда көптеген кедергілер кездесті. Әрбір ауыл, селода кешенді бір мәдени-ағарту мекемесін құруға қаржы тапшылығы, мамандардың аздығы, материалдың жетіспеушілігі үлкен бөгет жасады. Осындай жағдайда «мәдени жорық» халықты мәдени-ағарту жұмысына тарту, қатыстырудың жаңа, неғұрлым ықпалды түрі болып және сауаттылық пен мәдениеттілік үшін бүкілхалықтық күресті едәуір кеңейтті.

Кітапхана жүйесінің одан әрі тез дамып, жұмысын жақсартуда, қоғамдық ұйымдарды кітапхана қызметіне тарту үшін 1929 жылы жазда саяси-ағарту Бас басқармасының шешімі бойынша, мәдени жорықтың құрамдас бөлігі ретінде «Кітапхана жорығы» басталады. Кітапхана жорығы “кітапты – бұқараға” үндеумен өтті. Оның нақты міндеттері: Кітапхана жұмысын шаруашылық науқандарын жүзеге асыруға халықты жұмылдыру және жалған сенімдер мен нанымдарға қарсы күресуге бағыттау арқылы кітапхананың мәдени-саяси ағарту ісінде маңызын көтеру болды.

1929 жылы Ресейден қызыл отау меңгерушілеріне құрал ретінде БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауымен А. Нұхраттың “Көшпелі отаулар” (Юрты –кочевики) атты кітапшасы баспадан шығады. Бұл кітапшада А.Нұхрат, қызыл отаудың міндеті – әйелдер бұқарасын ұжымшарға тарту үшін олардың арасында кең түрде үгітті күшейту, – деп атап көрсетеді. Қызыл отаудың атқарған жұмыстарына терең үнілер болсақ, онда олар тек саяси-ағарту және мәдени жұмыстарымен айналысып қана қоймай, жазғы уақыттарда партия мен кеңес өкіметінің астық дайындау, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, өзара салық, шаруаларды бірлестіру сияқты іс-шараларына да қатысқанын байқаймыз. Ал, кеңес өкіметі әйелдердің күшімен елдегі саяси шаруашылық науқандарын іске асыра бастады.

Сауаттылықты жоюдағы кітапханалардың рөлін В. И. Ленин қалдырған жазбаларынан Надежда Константиновна оның зор әдеби мұрасын үздіксіз зерттей отырып, 1929 жылы ол “Лениннің кітапхана ісі жайында жазғандары мен айтқандары” деген кітапша шығарады. Кітаптың алғы сөзінде Крупская Надежда Константиновна: “Ильичтің кітапхана ісі жөніндегі айтқандарын қазір қайталап оқып отырсаң, оның сөздерінің қаншалықты маңызды және өміршең екендігін айқын сезінесің. Жаңа фабрикалар мен заводтардың салынуы, колхоздар мен совхоздардың жедел қарқынмен дамып, елде сауатсыздықты жоюдың табыстары, қала мен село халқының мәдениет жағынан өсуі, білімге деген құштарлықты мейлінше күшейтті. Оқырмандар қауымы кітапханаға лек-легімен келе бастады, бірақ, оқитындай кітаптар өте аз, кітапхана жүйелері тым мардымсыз еді. Сондықтан, кітапхана ісін неғұрлым тез дамыту мәселесі қазір барынша алға қойылып отыр. Кітапхана ісін тезірек дамыту – сауатсыздықты жоюмен пара-пар келетін аса маңызды іс. Бұл істе де көпшілік халық өз қолына алып “сауатсыздықты жою” ісіндегі мәдени жорыққа көңіл бөлгеніндей бұған да ерекше назар аударулары керек. Сондықтан кітапхана үшін жорыққа шығар алдында Ильичтің бұл мәселе жөнінде жазғандары және айтқандарымен танысып алу қажет”, – деп жазды.

1930 жылғы 11 қаңтарда Қазақ АКСР ОАК “Сауатсыздықты міндетті түрде жою” туралы декрет қабылданады. Декрет міндеттеріне орай “сауатсыздықты жою” пункттерінің желісі кеңейіп, әліппе мен оқу құралдарын шығаруға және тұрақты сауат ашу мектептерін ұстауға 2 млн. сомға жуық қаржы бөлінді. “Мәдени жорық” сауатсыздықпен күреске көптен бері жетпей жатқан екі үлкен өзгерісті әкелді: бірі – оқу-ағартуға қаражаттың молырақ бөлінуі, екіншісі – мұғалім мамандарының құрамындағы ілгерілеулер.

Мәдени жорықтың өлкелік штабы бастауымен 1930 жылғы ақпан айында Қазаткомның Республика халқы арасындағы “Сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы” қаулысы дүниеге келеді. Қаулының талаптары:

– бесжылдық соңына қарай өлкедегі сауатсыздықты толық жою,

– коммунистер мен комсомолдар арасындағы хат танымаушылықты Қазақ АКСР–ның 10 жылдығына қарай жою болды. Осы талаптар өлке коммунистерінің 1930 жылғы 30 мамыр айындағы VII-ші конференция шешімдерінде тағы қайталанды. Қазақстан кәсіподақтарының президиумы 15 мың сауатты кәсіподақ мүшесін мәдени жорыққа қатыстыруды ұйғарды. Олар үшін қысқа мерзімді курстар ашылып, бұдан басқа жүздеген мәдени-ағарту ошақтары 71 қызыл бұрыш, 18 кітапхана қызметкерлерінің сауатын ашуға көмектеседі.

1930 жылдың 26 маусым – 13 шілде аралығында өткен БК(б)П Орталық Комитетінің XVI съезі: бастауыш оқу мен сауатсыздықты жою таяу кезеңдегі маңызды міндет, – деп анықтады. Съезд жұмысы аяқталған екі аптаға толар-толмас уақыт өткенде, БК(б)П - ның Орталық Комитеті, тура бір ай өткенде, Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халкомкеңесінің жалпыға бірдей міндеті – бастауыш оқуды 1930-1931 оқу жылынан барлық жерде бастауға қаулы алды.

1930 жылы республикадағы әкімшілік қайта құрылғаннан кейін айналадағы орталық, аудандық кітапханалар қайта құрылды. Аудан кітапханаларында ереже құру басшылығын әдістемелік бөлімдер қолға алды. Негізгі міндетіне, әдістемелік ұсыныстар шығару, картотека құрастыру, тәжірибелер алмастыру, курстар, семинарлар өткізу кірді. Библиографиялық құралдарды таратуда “Большевик” журналын қолданды, ол арнаулы библиографиялық бюллетень болып шығып отырды. Кітапханаларда әртүрлі үйірмелерге тартылған белсенділер құрылды. Кейбір селолық кітапхана оқырмандарынан кітапхана кеңесі құрылып, белсенді кітап таратушылар тобы қалыптасты. Таратушылар жұмыс орындарына кітап жеткізіп қана қоймай, оқырмандар арасында саяси тәрбие беруге бағытталған қызу да үлкен жұмыстарды жүргізді. Кітапты дауыстап оқуды ұйымдастыру, әдебиеттер тарату жұмыстарын жасады. Олар “сауатсыздықты жою” пункттерінде өз жұмыстарын шеткері қалдырмады. Кітап таратушылар маңында қызу әңгімелер пікір-таластар өткізіп отырды. Колхоздар кітапхана қорына едәуір қаржы аударды. Мысалы, 1931 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Полудин ауданының 20 колхозы кітап сатып алуға 60 мың сом қаржы бөлсе,

Өскемен уезінің ауыл шаруашылық артелдері 75 мың сомға кітап сатып алды. Оқу залдарына оқитын жастарды, белсенді жұмысшылар мен колхозшыларды тарту үшін өндіріске, оқу орындарына шығу керек болды. Жоғарыда айтқандай біртіндеп саяси жұмысқа тартылған қазақ әйелдердің қатары өсе бастады. 1930–1931 жылдары олардың саны 98578–ге жетті.

Республикадағы жағдайдың ауыртпалығынан, әрі аштық жылдары жарияланған “Мәдени жорық” пен “Сауатсыздарды жаппай оқыту” шешімдерінің шала-шарпы орындалғанын голошекиндік басшылық өзінше қорытынды жасады. Олар жиырма-сыншы жылдардың тәжірибесін сауатсыздықты жоюдың бір-күндігі тәрізді жұмыс тәсілін қолданбақшы болды. БК(б)П Өлкелік Комитетінің қаулысымен 1933 жылғы қаңтардың соңғы күнін “Жаппай сауаттылық үшін”, – деп жариялады. Мұндағы мақсат партия, кәсіподақ комсомол ұжымдарын, барлық еңбекшілерді сауужой ісіне қарату және тоқтап қалған оқуды бастап кету еді. Сауатсыздықпен күрестегі кітапханалардың негізгі жұмысының бірі – көпшілік жұмыстар болды. Мысалы, А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік халықтық кітапхананың оқу залында 1933 жылы 13 кітап көрмесі ұйымдастырылса, 1934 жылы 29 кітап көрмелері және 697 оқырмандары қатысқан үш кештер өткізілген.

Өкімет пен партияның сауатсыздықты жою жолындағы шаралары

Кітапхана құрылысында да біраз кемшіліктер ашылып, жұмысын жақсартуға нақты шаралар жүргізілді. 1934 жылдың 22 наурызында кітапханалар жұмысы жайлы Қазақ өлкелік партия комитетінің қаулысы қабылданып, барлық аудандарда орталық кітапхана құрылатын тәртіп енгізілді. Қаулыда кітаптарды цехтарға, бригадаларға, жатақханаларға, пәтерлерге апару практикаға енгізілсін делінген.

Кітапханалар өз жұмысында сауужой талабын ескеріп отырды. Әсіресе, аз халықтардың оқу-біліммен сусындауы үшін бұл өте қажет еді. 1935 жылдары Жаркент, Еңбекшіқазақ,

Шелек, Ұйғыр аудандарын мекендеген ұйғырларға қажетті кітапты тауып беруде кітапханалар, оқу-үйлері, қызыл бұрыштар, клубтар біршама іскерлік танытты. Шелек аудандық оқу бөлімі ұйғыр тілінде шыққан кітаптарды сатып алып, оны 18 қызыл бұрышқа таратып берсе, Жаркент аудандық кітапханасының қорындағы кітаптардың 500 ұйғыр тілінде болды. Еңбекші қазақ аудандағы кітапханаларында 3 мыңға жуық ұйғыр әдебиеті жинақталыпты. Бірақ, осыншама кітапты оқуға жұртшылықтың келе бермейтіні де байқалды. Бір ғана Еңбекшіқазақ аудандық кітапханасына жазылған 740 оқырманның 50 ұйғыр ұлтынан болды. Ал, Жаркент аудандық кітапханасына тіркелген 496 оқырмандардың 70-і ғана ұйғырлардан құралған.

10 жыл көлемі ішінде 1925–1936 жылдары Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында ғана колхоздардың қаржысымен 210 оқу-үйлері салынды. Оқу-үйлерінің жұмысы да қиын жағдайда жүрді. Көбінесе, қарапайым шаруаның үйінің бір, кейбір жерде екі бөлмесіне орналасты. Онша жарық емес, әрі жеткіліксіз жылытылған, ең керекті мүліктерсіз оқу-үйлері аздаған ғана қаражатпен жұмыс істеп жатты. Барлық жерде кітаптар жетіспеді. Оқу-үйі меңгерушілерінің жұмысы өте көп болды және оларды бір орыннан екінші орынға партия, қоғамдық жұмыстарына жиі ауыстырып отырды, алатын жалақылары да төмен болды. Кейбір жерлерде, оқу-үйі меңгерушілері мен кітапханашылардың бір өзі 8–10 жуық партиялық және қоғамдық тапсырмалар орындады, бұл әрине, саяси-ағарту жұмысының сапасын төмендетті. Оқу-үйлерінің қызметінде қиындықтарды жеңуге жоғары партия кеңес органдары үлкен көмек берді. БК(б)П Орталық Комитетінің 1929 жылғы 11 қарашадағы “Оқу-үйлері туралы” қаулысында бес жыл ішінде мемлекеттен бөлінетін қаржыны көбейту, оқу-үйі төңірегінде қоғамдық ұйымдарды жұмылдыру арқылы және олардың материалдық жағдайын, кәсіподақтар кооперациясының барлық түрлері совхоздар мен колхоздар, МТС және ақшалай көмегі арқылы жақсарту жолымен, әрбір аудандық, ауылдық кеңесте жұмыс істейтін оқу-үйлері болуын қамтамасыз етуді ұсынды. Оқу-үйі меңгерушілері қосымша жұмыстардан босатылды. Оқу-білуге

жағдай жасалып жатқанда оны тиімді пайдаланбаған әлеуметтік топтар көзге түсті. 1937 жылдың қызыл қырғыны салдарынан мәдениет жасақтары мен оқытушыларға уақтылы еңбекақы төлемеу, оқулықтардың жетіспеушілігі, т.б. сауатсыздықты жоюды артқа ығыстырып тастады. Бұл жылы республикада 263 адам хат танып шықты. Соғыстың қарсаңындағы 3,5 жыл “сауатсыздықты жою” тарихына қол жеткен табыстарды байыту кезеңі ретінде енді. Атқарылған жұмыстардың ауқымын анықтау және кезек күттірмейтін міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен 1938 жылы “Сауатсыздықты жою қызметкерлерінің” республикалық бірінші кеңесі өтеді, ал 1939–1940 жылдары БК(б)П Орталық Комитеті және Халық комиссарлары кеңесі “Сауатсыздар мен шала сауаттыларды оқыту барысы” жайлы қаулылар қабылдайды. 1940 жылы саяси-ағарту мекемелеріне арнаулы орта және жоғары мамандарға деген сұраныстар келіп жатты. Соның ішінде оқу-үйі меңгерушілері 103 клуб, кітапхана меңгерушілері 58, барлығы республикада 308 мамандар жетіспеді.

Партия және өкімет саяси-ағарту жұмыстарына бағытталған жетіспеушілікке шара қолданды. Ол шараның бірі – халық шаруашылығына және сауаттылыққа әйелдерді үйретуге “қызыл үйлердің” құрылуы еді. Нығайту, насихаттау жұмыстарын кеңейтуде, коммунистік тәрбие беруге бағытталған жорық бойынша ұйымдастырылған кітапханаға 24 700 оқырмандар келді. Кітаппен қамтамасыз ету елді мекендерде әр түрлі болды. Петропавл аймақтарында бір кітапты 18, Ақтөбеде 47 оқырман пайдаланса, республика бойынша қазақ тіліндегі бір кітапты 117 оқырман пайдаланды.

Тарихи қысқа мерзім аясында таптық және партиялық принциптерге мейлінше берілген саяси-ағарту мекемелері – клубтар, кітапханалар, оқу-үйлері ашылды. Қосымша 100 көпшілік кітапхана ашылып, кітап қоры 146 мың томға өсті. 1940 жылы Қазақстанда төңкеріс қарсаңындағы 30 еседен көп кітапханалар, кітап шығару ісі 60 еседей, тираж жағынан 1000 еседен аса көбейді, 38 журнал, 336 газет шығып тұрды.

1940 жылдың 10 қараша айында сауатсыздықты жоюға үлкен қиыншылықтар туғызған заң қабылданды. Ол ҚКСР Жоғарғы Кеңесінің “Қазақ жазуын латыншадан орыс алфавитіне

көшіру” туралы заңы болды. Жаңа әліппеге мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар, ішінара газет–журналдар 1941 жылдың ақпанынан, бастауыш класстар 1941 жылдың 1 қыркүйегінен, басқа оқу орындары 1942 жылдың қыркүйегінен, сауатын ашу мектептері 1941 жылдың 1 наурызынан көшу белгіленді. Бірақ, кенеттен басталған соғыс саужойдың 1941 жылғы қорытындыларын шығаруға мүмкіндік бермеді. “Сауатсыздықты жоюдың аяқталуы және халықтың білім деңгейінің көтерілуі” тарауында жазған зерттеуінде Х.Б. Табылдиев: “Біздің топшылауымыз бойынша, үшінші бесжылдық тұсында Қазақстанда жарты миллионнан астам адамның сауаты ашылып, республикадағы сауатсыздық деңгейі 5–6% – ға дейін түсті. Басаяғы он жылдың ішінде 3 миллионға жуық республика тұрғыны хат танып шықты. Қазақстан жаппай сауатты өлкеге айналды”, – деп жазады. Осылайша, Қазақстан халықтарының білім потенциалы төңкеріске дейінгі кезеңмен салыстырғанда біршама өскенмен, шыққан биігі мақтайтындай емес еді. Сондықтан, кеңестер елінде ХХ ғасырдың 80-ші жылдарына дейін жетіжылдық, сегізжылдық, онжылдық білім беру тәрізді науқандар үздіксіз жүріп жатты. Ол бір жағынан, өмір талабы болса, екінші жағынан социалистік және капиталистік мамандар арасындағы идеологиялық күрес логикасымен анықталды.

Жалпы “сауатсыздықты жою” барысында халықтың білімі мен мәдениетін көтеруде жергілікті ауылдарда оқу-үйлерінің маңызы зор болды. Бірақ, елде қайта құру кезінде жаңа талаптарды орындауға оқу-үйлері әлсіз болды. Себебі, республиканың басшы ұйымдары оқу-үйлерінің дамуына мән бермеді.

Барлық елде соның ішінде, Қазақстанда әртүрлі сауаттандыру мектептері, курстар, үйірмелер, сауатсыздықты жою пункттері ұйымдастырылды. Ұлттық ерекшелікті және тұрмыстық жағдайларды, әдет-ғұрыпты тереңірек сіңіру мақсатында үйде жеке оқыту кең көлемде дами бастады. Көшпелі халықтың жылжымалы мектептерімен, сауатсыздықты жою пункттерін қамтығанда оқытудың әртүрлі формалары қолданылды. Қазақстан Республикасының кітапханалары көрнекті құралдармен, жылжымалы және стационарлық “сауатсыздықты жою” пункттеріне арналған инвентар кітапшаларымен толықты-

рылады. Еңбекшілер бұқарасының мәдени дәрежесін көтеру жөніндегі басты міндеттердің ішіндегі ең маңыздысы – патша өкіметінің халықтың сауатсыздығы сияқты масқара мұрасын жою болды. Күйзелушілік пен ашаршылыққа қарамастан “сауатсыздықты жою” жөніндегі жұмыс бірте-бірте өріс алды.

Қорыта айтқанда, 1920–1941 жылдары республика халық шаруашылығы міндеттерін шешуде кітапханалар белсенді атсалысты. Олар азғана уақыт ішінде сауатсыздықты жоюға халық арасында кітаптарды насихаттауда мәдени–саяси жұмысының әр-түрлі әдістері мен түрлерін қолданды. Облыстарға арнаулы бригадалар жіберіп лекция, баяндамалар жасап, газет, журналдармен қамтамасыз етті. Қала кітапханалары – оқушылар, студенттер және қызметкерлердің көмегімен ауыл мен селоға шефтік көмек көрсетті.

Бірақ та, сауатты адамдардың аздығы, қазақ тілінде оқу құралдарының жеткіліксіздігі, жергілікті бюджет кірістерінің халық шаруашылығы мен мәдениетті дамытудың қажеттерін өтей алмауы, бұл жұмысты кең өрістетуге мүмкіндік бермеді. Аз ғана уақыт ішінде сауатсыздық жойылып, мәдениет пен ғылым салалары дами бастады. Республиканың мәдени бейнесінің көркеюінің дәлелі - жалпы білім беретін мектептер, училищелер, техникумдар, жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары т.б. мәдени ошақтар пайда болды. Мәдени-ағарту жұмысының ошақтары: кітапханалар, мұражайлар, театрлар, жұмысшы клубтары, халық университеттері, ал көшпелі және жартылай көшпелі елдерде мәдениет пен білімінің таралуына ықпал еткен – қызыл отаулар және қызыл керуендер болды. Кеңестер сауатсыздық мәселесін мемлекеттік маңызы бар іс дәрежесіне көтере отырып, оны салиқалы, жүйелі, тиімді жолмен шешуді таңдамай, күш қолдану, мәжбүр ету тәсіліне көшті. Ал, миллиондаған сауатсыздарды бір жылдан аз мерзім ішінде оқу-сызуға үйрету үшін қаншама қаражат, мұғалім, оқулық, мектеп үйі т.б. керек екендігі, олардың бар-жоғы көбіне есепке алынбады.

Кітапхана қызметкерлері Қазақстандағы аштық, жоқшылық пен бүлінушілік жағдайында өзіндік ерекшеліктер жағдайында өз қызметін өрістете, жан-жақты жүргізе алды. Елдегі қиындықтарға қарамастан, партия-кенес органдарының көмегі-

мен еңбекшілер арасында кітапхана қызметкерлері мәдени-ағарту жұмысын белсенді жүргізуде, кітапханалар жүйесін кеңейтуге қол жеткізді. Жалпы кітапхана қызметкерлерінің халықтың мәдениетін көтеру және сауатсыздықты жою жолындағы мәдени-ағарту жұмыстарының негізгі қорытындыларын былай тұжырымдауға болады:

Біріншіден, Республиканың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, кітапхана қызметкерлерінің жүргізген мәдени-ағарту жұмыстары барлық еңбекші бұқараның саяси белсенділігінің, дүниеге жаңа социалистік көзқарасының қалыптасуына көмектесті;

Екіншіден, партия, кеңес органдарының жұмысының мазмұны, түрлері мен әдіс-тәсілдері социалистік құрылыс міндеттерін орындаумен байланыстырылды;

Үшіншіден, бүкіл мәдени-ағарту жұмыстарының нәтижесінде патриархалдық-феодалдық қалдықтармен күрес жүргізіліп, сауаттылықты көтеруге мүмкіндік жасалынды;

Төртіншіден, үгіт-насихат және мәдени-тәрбие жұмыстары еңбекші бұқараның белсенділігі мен сана сезімінің өсуіне ықпал етті.

Бақылау сұрақтары:

1. “РКФСР халықтары арасындағы сауатсыздықты жою туралы” декретінде қандай міндеттер қойылды?
2. Кітапханалар сауатсыздықты жоюда қандай шаралар өткізді?
3. Мәдени жорық дегеніміз не?
4. “Сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы” қаулысы қай кезеңде қабылданды және оның талаптары қандай болды?
5. Өкімет пен партия сауатсыздықты жою жолында өткізген шаралары?

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІТАПХАНА ІСІ (1941-1945 ЖЖ.)

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанда кітапханалардың дамуы

Соғыс мәдениет мекемелерінің, әсіресе, кітапханалар мен оқу-үйлерінің жұмысына зиянын тигізбей қойған жоқ. Фашистік Германия соғысы мәдениеттің дамуын уақытша баяулатып, көптеген қиындықтар туғызды. Бұл кітапханалардағы мамандар санының қысқаруына, біраз мәдениет мекемелерінің жабылуына әкеп соқты. Кітапханалардың желісі кеміді, олардағы кітап қоры азайды. Соғыс жылдары кітапханаларды әдебиеттермен толықтыру қиын болды. Алматыдан басқа жерлердегі кітапхана коллекторлары жұмыс істемеді. Көпшілігінің жаңа кітапты сатып алуға мүмкіндігі болмады. Жағдайдың ауыртпалығынан көптеген кітапханалар жабылды. Оттың, жарықтың жетіспеушілігінен кітапханалар тек күндізгі уақытта ғана жұмыс істеді. Сөйтіп, кітапханалардың саны 3933–тен 1686–ға дейін азайды. 1939 жылы Өскемен кітапхана техникумы жабылып, ол Алматы техникумына қосылған еді, Ұлы Отан соғысының басталуымен техникум 1942 жылдары өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Осы жыл аралығында кітапхана техникумын 34 кітапхана мамандары аяқтап шығады. Алайда, көптеген қиыншылықтарға қарамай, мәдени-ағарту мекемелеріндегі қызметкерлердің соғысқа кетуімен, қаржыландырудың қысқартылуына қарамай, жұмыс істеп тұрған мәдени-ағарту мекемелері өздерінің күнделікті жұмысын жүргізе берді.

Қазақстан еңбекшілері барлық халықтармен бірге Отанды қорғауға шықты. Сұрапыл жылдардың алғашқы күндерінде-ақ мемлекетіміздің барлық мәдениет саласындағы мекемелердің қызметі соғыс жағдайына икемделіп қайта құрылды. Мәдениет қайраткерлері, халықтық интеллигенция армиясы осы кезеңде күшті де, айлалы жауды жеңуге өздерінің үлесін қосты.

Ұлы Отан соғысы – Отанымыздың, соның ішінде, кітапхана қызметкерлері алдындағы үлкен сынақ болды. РКФСР

ғылым академиясының корреспондент мүшесі, кеңес шығыстанушысы А.Якубовский: “Біздің көбіміз, соғысқа байланысты Ташкентте бір жарым, екі жыл тұрып қалғанда кітапханадан үлкен көмек алдық. Ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, біршама бағалы ақпараттар алып отырдық”, – деп жазады.

Ұлы Отан соғысы жылдары кітапхана мамандары жауды тез жеңіп шығудағы өздерінің міндеттерін дұрыс ажырата білді. Олар еңбекшілер арасында партия мен өкіметтің соғыс жағдайына байланысты шешімдерін түсіндіру, күнделікті хабарлармен таныстыру, жұртшылыққа соғыс ісінің негіздерін игеру, сол сияқты өндірістік кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда жаңа мамандықты меңгеруге, әскери білімді насихаттауға арнайы жұмыстар өткізді. Сонымен бірге, әскери бұрыштар, кеңестік және анықтамалық пункттер ұйымдастырды. Кітапхана мамандары өздерінің оқырмандарына КСРО халықтарының тарихынан үлгі өнеге боларлық материалдарды, тарихи көркем әдебиеттерді ұсыну арқылы көпшіліктің патриоттық сезімін көтеруге көмектесті. Алматы қаласындағы кітапханаларда, соның ішінде, А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханада профессор, тарихшы – Н.М.Дружинин және академик – А.М.Панкратова “Соғыс барысы”, “Партизандар қозғалысының жауды женудегі ерлігі” тақырыптарына арнап лекциялар оқыды. Соғыс жылдары Қазақстан кітапхана қызметкерлері жауларымен күресуде өз үлестерін қосты. Олар еңбекші халыққа партия мен өкіметтің шешімін, әскери ісінің негізін насихаттап отырды. 1941 жылғы шілде-тамыз айларында республиканың көпшілік кітапханаларының жанынан 1120 насихат үйірмелері жұмыс істеді. Соғыс уақыты жағдайында жұмысты ұйымдастыру, жаңа қызмет көрсетудің жаңа түрлерін талап етті. Соғыстың алғашқы күндері-ақ кітапханашылар әскери бөлімдерге, госпитальдарға, демалыс орындарына кітаптар апарып, сол жерлерде оқу залын, анықтама столдарын ұйымдастырды. Осында соғыс жайындағы халықаралық жағдайларға байланысты оқулар, лекциялар, әңгімелер өткізіп отырды және кітап көрмелерін ұйымдастырып, плакаттар, қабырға газеттерін дайындады. Фашизммен күресте тез жеңіске жету жолдарында кітапхана қызметкерлері өз міндеттерін дұрыс анықтады. 1941 жылдың өзінде республика

кітапханалары пункттерде миллионнан астам адамдарды әдебиетпен, анықтамалармен, көпшілік шаралармен қамтамасыз етті. Әсіресе, соғыс кезінде үлкен жұмысты Мемлекеттік халықтық кітапхана жүргізді. Ол оқу залдары арқылы госпиталдарда, әскери бөлімдерде 15 миллионнан астам адамдарға қызмет көрсете отырып, оларды 2,5 миллион кітаптар, журналдармен қамтамасыз етіп, кітапханааралық абонемент арқылы 200-дей ұйымдарға қызмет ұйымдастырды. Жыл сайын 35 мың томға дейін кітаптар беріп отырды. Әсіресе, кеңес жазушыларының шығармаларын тұрақты қолданып отырды. Соның ішінде: Б.Л.Горбатованың “Непокоренные”, “Радуга”, В.Л.Василевскийдің “Панфиловцы на первом рубеже”, А.А.Бектің “Волокаламское шоссе” және баспа және радио арқылы М.А.Шолохов, А.Н.Толстой, И.Г.Эренбург және т.б. шығармалары оқылынып, тыңдалды.

Соғыс халық шаруашылығына және мәдениет құрылысына, кітапхана ісінің дамуына үлкен зиянын әкелді. Кітапхана қызметкерлерінің бір бөлігі соғысқа аттанды. Соғыс зардаптары мәдени ошақтардың құлдырауына әкелді.

1941 жылы Ақмола облысының колхоздарында 370 оқу-үйлері 150 қызыл бұрыштар жұмыс жасаса, Сталинск ауданының Свердлов атындағы колхозда жақсы оқу-үйін астық құятын қоймаға айналдырды. Осы ауданның Калинин колхозында соңғы үш ай бойы көпшілік шаралар (әңгімелер, кітап оқулары, кештер) өткізілінеді. Макинск ауданында 17 оқу-үйлерінің 9 пәтерге беріліп, қалғандары астық қоймасына айналды. “Каста-Қарағай”, “Ортокши”, “Ново-Киевск” және т.б. колхоздардың оқу-үйлерінде колхоз жұмысшыларының басшылары тұрды.

Ақтөбе облысы бойынша 20 оқу-үйлері, 32 кітапханаларға есептелінген болатын. Олардың көбісі отынның жоқтығынан және т.б. себептермен жұмыс істемеді. Мысалы, Салайск ауылдық кеңесі барлық құжаттары бойынша оқу-үйі меңгерушісіне және қарауылға еңбекақы аударып отырған, бірақ, бұл жерде ешқандай оқу-үйі мүлдем болмаған. Шығыс Қазақстан облысы бойынша 99 оқу-үйлері, 28 қызыл бұрыштар есептелінген, бірақ көбі жұмыс істемеді.

Соғыс кезінде 1540 кітапханалар жабылып, көпшілік кітапханалар саны қысқартылып, 430 кәсіподақтар, 203 колхоздар және 74 ауыл клубтары мен оқу-үйлері жабылды. Соғыс жылдарында еліміздің шығыс облыстарында өнеркәсіптің қайта құрылуы мен жергілікті өнеркәсіп орындарының жедел дамуы, Қазақстан қалаларында жаңа фабрикалар мен заводтардың тез дамуына себепші болды. Кітапханалар жаңа ашылған кәсіпорындарға жүздеген көшпелі кітапханалар ұйымдастырып, завод, шахталардың цехтарына кітап апарып беріп тұрды. Соғыс жылдары кітапхана қызметкерлері жауды тезірек жеңуде өз міндеттерін дұрыс анықтай алды. Барлық қызметкерлер ауыл шаруашылық жұмыстарына қатысты. Солардың бірі – А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана соғыс жылдарында 30 әскери бөлімдер мен госпитальдарға қызмет көрсетіп, 300-ден астам әртүрлі көпшілік шаралар: әдеби кештер, пікірталастар, кітап көрмелерін өткізіп отырды. Кітапхана қызметкері – В.Г.Честнюктің Ұлы Отан соғысы кезіндегі кітапхана жұмысының жағдайы туралы жазған естелігінде былай делінген: «Кітапхана директоры – М.О.Жангелдин әскерге шақырылғаннан кейін, оның орнына кітапхана қызметкері – Е.Н.Шмелева болды. Кітапхана ертеңгі 9–дан, кешкі 12–ге дейін жұмыс жасады. Кітапхана мамандары көптеген көрмелер, музыкалық кештер, ғылыми және қоғамдық-саяси тақырыптарға арналған баяндамалар ұйымдастырып, сонымен қатар, көрнекті жазушылармен кездесу өткізіп отырды. Кітапхана көптеген мекемелерге, өнеркәсіптерге, халық шаруашылығындағы мамандарға, мұғалімдерге, жазушыларға, студенттерге қызмет көрсетті. Кітапхана түскі үзіліс уақытында да жұмысшыларды, инженерлерді т.б. саладағы қызметкерлерді кітаппен қамтамасыз етіп отырды. Соғыстың бас кезінде басқа мекемелердегідей сияқты штаттар күрт қысқартылды. Еңбек демалыстары өзгертілді. Аптасына 6 күн жұмыс істеді, ал демалыс күні қоғамдық жұмыстарға қатысты.

Республика өкіметі жұмысшылардың және мамандардың күштерімен Алматы қаласында бес ГЭС (Гидростанция) салуды ұйғарды. 1942 жылғы 30 сәуір айында біздің кітапханадан ГЭС құрылысына 20 адам жіберілді. Солардың ішінде бригада жетек-

шісі, оқу залының меңгерушісі – Н.Пурина, Н.Чечулина, М.Колесникова, Д.Михайлова, Л.Карлова және т.б. болды. Солардың кейбіреуі ГЭС-та 1 жыл және 7 ай істеді. Ал қалған қызметкерлер әр сенбі сайын кітапхана директоры – Е.Н. Шмеловамен жаяу ГЭС құрылысына жексенбі күндері де, кеш қарайғанға дейін көмектесіп жүрді. Сонымен қатар, кітапхана қызметкерлері Киров көшесі және Ленин көшелеріндегі үйлерді қайта қалпына келтіруге қатысты. Құрылыс мекемесінің бастығы – директор Е.Н.Шмелева, ал топ командирі, кітап сақтау бөлімінің меңгерушісі – К.П.Қадырбаева болды. Әр жаз айлары кітапхана жастары Алматы, Талдықорған облыстарындағы колхоздардың ауылшаруашылық жұмыстарына: астық оруға, қызылша, темекі жинауға 2-3 айға жіберіліп отырды».

Коммунистік партияның 1943 жылғы 26 ақпан айындағы қаулысына байланысты, республикада саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту мақсатында Халық Ағарту Комиссариаты және оның жергілікті органдары, партия ұйымдарының көмегімен жергілікті жерлерде саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартуда, қамтамасыз ететін бірқатар шаралар өткізіп отырды. Сонымен бірге, ауылдағы саяси-ағарту қызметкерлеріне арналған жарты айлық курстар, оқу-үйі меңгерушілеріне, кітапхана қызметкерлеріне семинарлар ұйымдастырылып, ең үздік саяси-ағарту мекемелеріне республикалық жарыстар өткізді. Осындай жұмыстар нәтижесінде, республикада 530 саяси-ағарту мекемелері қайта бұрынғы қалпына келтіріліп, 1218 кітапхана қызметкерлері іріктеліп, 824 мұғалімдер өз жұмысымен қатар оқу-үйлеріне жұмылдырылды. 10 облыстарда 490 саяси-ағарту қызметкерлеріне арналған дайындық курстары жүргізілінді. 1943 жылдары ауыл шаруашылық жұмыстарына, мәдени қызмет көрсетуге 2924 кітапханалар және жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылды. Өз жұмыстарында олар 168520 әңгімелер, оқулар, 21627 лекциялар оқып, 43441 қабырға газеттерін, жауынгерлік парақшалар шығарып, 7447 концерттер және қойылымдар қойды. 1943 жылғы 26 ақпандағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының шешімінде соғыс кезінде 230 оқу-үйлері, кітапханалар, клубтар уақытша өз жұмыстарын тоқтатқанын белгіледі. Әсіресе, Қостанай, Ақмола, Солтүстік

Қазақстан және Семейдегі оқу-үйлері мен кітапханалары астық қоймасына айналған. Халық Ағарту Комиссариатының мәліметтері бойынша республикада 1943 жылы 530 саяси-ағарту мекемелері қайта қалыпқа келген, ал 1944 жылы республика бойынша мемлекеттік 444 кітапханалар, 2,418 оқу-үйлері саналды. Халық Ағарту Комиссариатының мәліметтері бойынша 1943 жылы 530 саяси-ағарту мекемелері қайта құрылады, ал, 229 саяси-ағарту мекемелері, соның ішінде, 164 оқу-үйлері, 11 кітапханалар жабылған күйінде қалады. Соғыс басталған кезде жабылып қалған Қостанай облысының Қостанай, Меңдіқайың, Орджоникидзе, Федск, Затобольск аудандарында 17 оқу-үйлері, 3 кітапханалары халыққа қызмет көрсете бастады. Республика бойынша 104 саяси-ағарту мекемелерінің арнаулы бөлмелері болмады, олар колхоздардың конторында орналастырылды. Қайта ашылған мекемелердің көбі нашар жұмыс істеді. Бөлмелер жабдықталмады, жөнделмеді, отынмен, жарықпен қамтамасыз етілмеді, орындықтар, столдар жетіспеді, кітапхананың есеп инвентары болмады. Кейбір облыстағы кітапханалар әдебиетпен нашар жабдықталды, газет-журналдар санына шек қойылғандары болды. Мысалы, Қызылорда облысының Яны-Курганск, Жалағаш аудандарының оқу-үйлері тек облыс, аудан газеттерін ғана алып отырды. 1943 жыл бойы Ақтау облысының оқу-үйлері, кітапханалары жаңа кітаптармен, кітапшалармен толықтырылмады. Осындай жайлар Солтүстік-Қазақстан және басқа да облыстарда кездесіп жатты. Қостанай облысы бойынша 209 оқу-үйлері, 32 кітапханалары болды. Олардың көбі жұмыс істемеді. Осы облыстың Меңдіғара, Пешков, Феодоровск, Затобольск аудандарында 17 оқу-үйлері және 3 кітапханалары жұмыс істемеді.

Баспа одақтарының әлденеше рет берген нұсқауларына қарамай, жергілікті кітап саудасы мекемелері және баспа одақтары кітап қорын және есеп инвентарын толықтырумен айналыспады. Аудандық тұтыну одақтары әдебиеттерді емін-еркін сатуға жіберіп немесе өз қоймаларында бірнеше ай кідіртіп отырды. Одан бетері ауылдық кітапханалар мен оқу-үйлері уақытылы қаржыландырылмағандықтан әдебиеттер және есеп инвентарларын ала алмады. Ақмола, Павлодар, Алматы облыста-

рының оқу-үйлері 3–4 квартал бойы құрал–сайманға және есеп инвентар кітабын алуға қаржы алмады, бөлінген қаржылар басқа жоспардан тыс нәрсеге жұмсалғаны жайында фактілер кездесіп жатты. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының Смирнов ауданы 1943 жылы тек 19 пайыз ғана қаражат жұмсаған. Семей облысының Ақсуат ауданының саяси-ағарту қызметкерлері жыл бойына еңбек ақыларын алмады. Жалпы, Республика бойынша, 1943 жылдары оқу-үйлері 25 %, кітапханалар 30 % –дай ғана қаржы жұмсады.

Мамандарды қайта қарау, іріктеу әлі де толығымен бітпеді. Республика бойынша, төменгі біліммен 1200 қызметкерлер жұмыс жасаса, көптеген оқу-үйлерінде сауаты аз, халық арасында маңызды саяси-ағарту жұмыстарын ұйымдастыра алмайтындар отырды. Аудандарда саяси-ағарту жұмыстарымен ешкім айналыспады.

1943 жылы Кеңес өкіметінде неміс фашистері қиратқан кітапханаларды қайта құру үшін Мемлекеттік әдебиеттер қоры ұйымдастырылды. Солардың ірі филиалдарының бірі – А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханада орналасты. Осы жыл ішінде А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана аудандарға, 8–ші атқыштар дивизиясына, госпитальдарға 5831 кітаптар жіберді. Фрунзе аудандық партия комитеті әскери-патриоттық тәрбиені жетілдіруде, жастарға арнап оқу курстарын ұйымдастырды. Ол курстарға кешкі 6-дан кейін барып дайындалды. Мысалы, Дене шынықтыру институтының ғимаратында ұйымдастырылған дәрігерлерді даярлау курстарында кітапхана қызметкерлері – Н.Чечулина, И.Воробьева т. б. оқыды. Кітапхана қызметкерлері соғысқа жылы киімдер сатып алумен, қолғаптар тігумен, жаралы солдаттардың төсек орындарын жуумен, оларға концерт ұйымдастырумен айналысты. Әр жаз айларында жастарды ауыл шаруашылық жұмыстарына жіберіп отырды. Ленинград, Ресей, Воронеж, Украина қалаларынан Алматыға эвакуациямен келген халықтарды кітапханаға жұмысқа орналастырып, кейбіреуіне кітапханадан тұратын бөлмелер бөлінді. Кітапханалар соғысқа шамасы келгенше көмектесті. Олар өнеркәсіп өндірісіндегі мамандарға госпитальдарда көпшілік жұмыстарын жүргізді.

Кейбір кітапхана қызметкерлерінің бір бөлігі еңбек армиясына, енді бірі әскери заводта істесе, ал, біреулері тас төселген жолға құрылысқа шақырылды.

1943 жылғы 26–30 маусым айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы өткізілді. Пленум „Солтүстік Қазақстан облысы және Оңтүстік Қазақстан облысының Пахта-Арал ауданының колхоз, совхоздарындағы партиялық-көпшілік жұмыстарының ахуалы“ жайында мәселесі талқылады. Осыған байланысты Қазақстан Коммунистік партия Орталық Комитетінің IX пленумы төмендегідей қаулы қабылдады:

1. Солтүстік Қазақстан облысы, облыстық және аудандық комитеттеріне облыстың колхоздары, совхоздары, ауылдарында партиялық және көпшілік-саяси жұмыстарын жақсартуда қажетті шараларды қабылдау.

2. Аудан кітапханалары және оқу-үйлері жанынан жылжымалы кітапханаларды ұйымдастыру.

3. Көпшілік-саяси жұмыстарында үгіт жұмысының түрлері мен әдістері, әңгімелер, лекциялар, баяндамаларды жиі өткізіп және соғыстан қайтқан жауынгерлермен арнайы кездесу кештерін өткізіп, еліміздің ішкі өмірімен, халықаралық мәселесі төңірегінде саяси күндерді өткізу атап көрсетілді.

Соғыс кезінде Батыс Қазақстан облысының әскери бөлімдерінде, шақыру пункттерінде және Отан соғысы мүгедектері үйлеріне 12 көшпелі кітапханалар қызмет көрсетті. Ал, Алматы облысындағы Дзержинск аудандық кітапханасы 18 дала бригадасымен, бес колхозбен тығыз байланыста болды. Солтүстік Қазақстан облысында Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне қызмет көрсететін кітапханашылардың 1 айлық курсы ұйымдастырылды. Курс бітірушілер селолық кітапханаларға жұмысқа жіберілді.

Алматы орталық балалар кітапханасының мамандары 1943 жылдан бастап Ұлы Отан соғысы мүгедектерін қамқорлыққа алып, олардың арасында газет, журнал материалдары мен көркем шығармаларды оқып, балалар өнерпаздары күшімен концерт, әдеби кештерді кеңінен ұйымдастырды. Қалалық, аудандық және селолық кітапханалар мамандары жауынгерлердің ата-аналарына кітап жеткізіп беріп, олардың тілегі бойынша хат жазуға, іздестіру жұмыстарын жүргізуге көмектесіп отырды.

Павлодар облысының Өрлітөбе ауданында 18 оқу залының тек 14-і ғана жұмыс істеді. 1941 жылы аудандағы кітапхана қорында 31000 кітап болса, ал 1943 жылы оның тек 580-і ғана қалған. 1943 жылдың тамыз айынан бастап кітапханадан ешқандай кітап берілмеді. 1943 жылғы маусым айында Коммунистік партия Орталық Комитетінің берген анықтамасы бойынша, жалпы, Қазақстанда 426 кітапханалар қызмет көрсетті. Оның 13 облыстық, 1 орталық, 40 қалалық, 21 балалар, 188 аудандық, және 163 ауылдық кітапханалар. Кітапхана қызметкерлері саны 847-ні құрады, оның 200 арнаулы білімдері бар мамандар болды. Бұл мамандардың саны барлық тұрғындарға қызмет етуге жеткіліксіз болды. Себебі, Қазақстанда кітапхана мамандарын даярлайтын арнаулы кітапхана техникумы жабылды, курстар өз жұмысын доғарды. Курстардың, техникумдарының жабылуынан штаттарды толықтыруға мүмкіндік болмады. Кітапханалардағы қызметкерлердің бір бөлігінің жұмыстан кетуі, техникумның жабылуы, барлық кітапханаларды мамандармен толықтыруға мүмкіндік бермеді.

1943 жылдың соңында БК(б)П Орталық Комитетінің ұсынысымен Халық Ағарту Комиссариаты кітапханалар арасында социалистік жарыстар мен байқаулар ұйымдастырды. Байқау шарты бойынша Алматының кітапхана мамандары облыс, аудан орталықтарына барып нақты көмек көрсетіп, жарыстың жағдайымен таныстырды. Жарыс қорытындысы бойынша, 32 қалалық және аудандық кітапханалар жүлде орындарын иеленсе, 21 кітапхана қызметкерлеріне ақшалай сыйлық берілді. Соғыс жылдарындағы еңбегі үшін 300–дей кітапханашылар медальдармен, ордендерге ие болды, оның ішінде, 50 кітапхана қызметкерлері Қазақ КСР жоғары кеңесінің мақтау қағаздарымен, ал, 4 ордендермен, медалдармен марапатталады.

Соғыс кезеңі жағдайындағы кітапханалар жұмыстарының ерекшеліктері

Соғыс кезіндегі көптеген қиыншылықтарға (мекемелер саны қысқарды, материалдық базаның нашарлауы) карамастан, жалпы кітап қоры 10 млн. томнан асатын 10,5 мың кітапханалар

жұмыс істеді. Соғыстың түсірген ауыртпашылықтарына қарамай, кітапхана мамандары өз жұмыстарын жалғастыра берді. Бұл тұрғыда, А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана материалдарындағы жазбаларынан келтіруге болады: 1943 жылғы ақпан, наурыз айларында А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана осы саладағы мамандарға арналған семинар өткізеді. Семинар қорытындысы бойынша, колхоздарға көктемдік егістік кезінде барлық көпшілік кітапханалар шет ауылдардағы колхоз кітапханаларын қамқорлыққа алып, сабақтар өткізді. Сабақтар мынадай төмендегідей бағытта өткізілінді:

1. *Ауыл шаруашылығына арналған әдебиеттерге шолу өткізу.*

2. *Егіс бригадаларына күнделікті газеттегі ақпараттарды жеткізу.*

3. *Қабырға газетін, жауынгер парақшаларын шығару.*

А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың әдістеме бөлімі республика кітапханаларындағы кітапханашылармен тәжірибе алмасып, кітапхана мамандығын көтеруге курстар, семинарлар өткізді. Осындай жолмен 45 кітапхана мамандары даярланып шықты. 1943 жылдары А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана 200.00 оқырмандарға қызмет көрсетіп, кітапхананың 10.000 тұрақты оқырмандары болды. Кітапхана қызметкерлерінің құрамы 91 адамдарға есептелген болатын. Алайда кітапханашының еңбек ақысының төмендігіне орай 65 кітапхана мамандарының орнына – 48 адам, 27 ғылыми қызметкердің орнына – 22 адам жұмыс жасады. Оның ішінде 7–уі тылдан келгендер, ал 5–уі ғана қазақ ұлтынан болды. Олар қосымша күніне төрт сағаттан жұмыс істеді. Кітапхана алдағы жарты жылдықта жаңа мамандарды жұмысқа тарта алмады. Біраз кітапхана қызметкерлері жалақысы жоғары жұмысқа ауысып жатты. Алматы қаласындағы кітапханалардың қала сыртындағы колхоздарға шығып отыруы өте аз болды. Себебі, ауа райының жайсыздығы, кітапханашылардың материалдық жағдайының нашарлығы көп әсер берді. Осындай келеңсіз жағдайларға қарамастан А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана қызметкерлері өз жұмысын тиянақты түрде

орындап отырды. Кітапхана қызметкері – В.Кислицин колхоздарға шығып, оларды шағын жұмыспен қамтамасыз етті. Көктемгі егіс кезінде колхозшыларға мәдени қызмет көрсету мәселелеріне орай, А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік халықтық кітапхана кітапханашылардың семинарын өткізді. Семинардың мақсаты – қала маңындағы колхоз кітапханаларына басшылық ету еді. Семинарда өткізілген сабақтар төмендегідей тақырыптарда жүргізілді:

1) *Мәдени-ағарту қызметкерлерінің міндеттері және 1943 жылғы көктемгі егіс;*

2) *Көктемгі егіс жұмысшыларына ауыл шаруашылық әдебиеттеріне шолу жасау;*

3) *Егіс бригадаларында газетпен жұмыс;*

4) *Дала қостарындағы оқу-үйлерінің ақпараттық жұмыстары;*

5) *Оқулар, әңгімелер өткізу;*

6) *Дала жұмыстарындағы халықты әдебиеттермен қамтамасыз ету;*

7) *Әскери қағаздарды тарату және қабырға газеттерін шығару.*

Кітапхана совхоздың алыстағы бөлімшелеріндегі қызыл бұрыштарға да көмектесіп, жаңа шыққан мерзімді баспа баспалымдарын жеткізіп тұрды. Аптасына екі рет жауынгерлік парақша, газеттер шығарылып тұрды. Олар, “Дән жинауға қарқын мен сапа керек”, “Әрбір сағат еселі еңбек”, “Оқып-үйрен де өндіріске қолдана біл”, деген ұранмен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Осы жұмыстарды ұйымдастыруға, бригада жұмысына 3 кітапхана қызметкерлері бөлінді. Олар тәжірибесі аз колхоз кітапханашыларына көмек көрсетіп, көшпелі кітапханалар ұйымдастырды. Кітапханашылар концерттер қойып, кітапханалық үйірмелер ұйымдастырды. Кітапхананың әдістеме бөлімі республиканың барлық көпшілік кітапханаларына әдістемелік көмек көрсетіп, кітапхана жұмысының тәжірибелерімен алмасуды ұйымдастырды. Ақпаратты-библиографиялық бөлім оқырмандарға жеке көмек көрсетіп, партия, өнеркәсіп кәсіпорындарына, ғылыми-зерттеу ұйымдарында анықтамалар орындап, ұсыныс және библиографиялық тізімдерді құрып, кенестер ұйымдастырды. Кітапхананың көпшілік секторы лекциялар,

баяндамалар, әдеби кештер, тақырыптық анықтамалар жұмыстарын жүргізді. 1943 жылы театрларда 12 кітап көрмелері ұйымдастырылды. Оқырмандарға қызмет көрсетумен қатар, “Қазақстантану”, “Библиография” саласы бойынша ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізеді. 1943 жылы кітапхана 1000 00 тақырыпты қамтыған “Қазақстанның пайдалы қазбалары және кәсіпорны”, деп аталатын библиографиялық көрсеткішін аяқтады. Бір жарым ай ішінде кітапхана меңгерушісі – Т.Гусева барлық бригадаларда “Құрмет тақтасын” және “Құрмет белгісі” тақтасы жарысын ұйымдастырып, 42 әскери үндеулер шығарып, 25 оқулар, 4 жиналыс, 18 әңгімелер өткізіп, 825 адамдарға қызмет көрсетіп, 63 ұрандар жазды. Кітапхана меңгерушісі – Т.Шебалдина дала бригадаларына 11 жылжымалы кітапханалар ұйымдастырып, пункттер мен госпитальдарға қызмет көрсетті. 1943 жылдың бірінші жарты жылдығында кітапханаға 23070 оқырмандар қатынап, 49454 экз. кітап берілді. Т. Шебалдина және басқа да кітапхана қызметкерлері 183 ұжымдық радио тыңдау, 224 оқулар, 21 әдеби викториналар, 15 әдеби көрмелер ұйымдастырды. Әскери мәселелер жайындағы анықтама столдары, анықтама бұрыштары оқырман сұраныстарын қанағаттандырумен қатар, республикалық жарыстарға қатысып отырды.

I-ші жартыжылдықта республика бойынша, кітапхана қызметкерлері сыйақымен марапатталады. Кітапхана жұмысында өзін жақсы қызметкер ретінде көрсете білген, көпшілік жұмыстарды кең көлемде өткізген, оқырмандарға керекті жағдайды жасап отырған кітапхана директорлары – В.Н.Шмелева, Васильева, кітапхана меңгерушілері – Т.Шебалдина, Слюсарь, Желяева және т.б. сыйақымен марапатталады. А.С.Пушкин атындағы кітапхана жанындағы әдістемелік бөлімі “Көпшілік кітапханалардың жұмысы”, “Ұлы Отан соғысы” тақырыптарына арналған картотека құрастырып, ұсыныс тізімдерін жасайды. 1944 жылдың 1 қаңтарында А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың қоры 930 мың томға жетіп, оның ішінде 10.000 қолжазбалар мен сирек кездесетін шығармалар болды. Соғыс жылдарындағы ауыр жағдай кітапхана жұмыстарын баяулатқан жоқ. Тек бір жыл ішінде оқырмандар саны 189 мыңға, кітап беру саны 3 миллион кітапқа көбейсе, кітап

қорының орташа айналымы 3,3 ретке жетті. А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың, кітапхана мамандары оқырмандарға арнап 25600 библиографиялық анықтамалық 195 тізім дайындады. Алайда, мамандардың, қаражаттың, қағаздың жетіспеуінен кітапхананың басқа кітапханаларға әдістемелік көмегі күрт төмендеді. 1944 жыл бойынша ауылдық жерлерде егіс кезінде 2168 жылжымалы кітапханалар жұмыс істеп, 204 мың әңгімелер, 35 мың лекция, баяндамалар оқыды. Солардың бірі – А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың абонемент, оқу залы бөлімдері бір жарым миллион адамдарға қызмет көрсетті. Оқырмандар саны 1940 жылмен салыстырғанда, 180 мыңға көбейіп, берілген әдебиет саны 2800 мың томға өсті. Өткізілген лекцияларға, баяндамаларға және жазушылар, ғалымдармен кездесуге 200 мың адам қатысты. Партия және кеңес ұйымдарына, ғылыми мекемелерге 25600 анықтамалар, 195 библиографиялық тізімдер, 200 библиографиялық шолулар өткізді. Сонымен қатар, “Қазақ КСР-ның тарихына арналған” көрсеткіш, “Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарда” тақырыптарына арнап картотека шығарады.

БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 сәуірдегі “Көпшілік-саяси және мәдени-ағарту жұмысын жақсарту” қаулысы кейбір облыстарды өз шешімін таппады. Мысалы, Батыс Қазақстан облысындағы мәдени-саяси ағарту жұмыстары қанағаттанарлықсыз болды. Облыс бойынша, 302 мәдени-саяси ағарту мекемесінің 150-і жұмыс істемеді. Қызметкерлердің тұрмыс жағдайы ешкімді қызықтырмады, нәтижесінде, оқу-үйінің меңгерушілері 6–8 ай еңбекақыларын ала алмай, көбісі жұмыстарын тастады. Осындай себептерден бос қалған бөлмелерді басқа жағдайларға қолданылып отырды. Мысалы, Чингирлауск ауданының “Егіншілер” колхозындағы қараусыз қалған оқу-үйін дін жорасын оқу мақсатында молдалар қолданды. Көптеген оқу-үйлері жартылай қираған жағдайда болса, ал біраз бөлігі аудандық және облыстық жұмысшылардың келісімімен астық құятын пункттерге қолданылды. Теректі ауданында 5 оқу-үйлері астыққа толтырылды. Облыс бойынша, 194 оқу-үйі, 63 қызыл бұрыштар, 32 аудандық және қалалық, 1 облыс кітапханалары болды. Жалпы, 1944 жылғы ҚКСР-ның об-

лыстарындағы қызмет көрсетіп отырған бюджеттік кітапханалар мен оқу-үйлерін төмендегі кестеден көруге болады (9 кесте).

1944 жылғы ҚКСР-ғы бюджеттік кітапханалар мен оқу-үйлері саны:

9- кесте

| Облыс атаулары | кітапханалар | оқу-үйлері |
|-----------------|--------------|------------|
| 1 | 2 | 3 |
| Алматы | 48 | 218 |
| Ақмола | 42 | 287 |
| Ақтөбе | 28 | 191 |
| Шығыс Қазақстан | 29 | 196 |
| Ақтау | 27 | 91 |

9 -кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|--------------------------------------------|-----|------|
| Жамбыл | 25 | 118 |
| Батыс Қазақстан | 32 | 198 |
| Қостанай | 32 | 209 |
| Қарағанды | 35 | 94 |
| Қызылорда | 19 | 119 |
| Павлодар | 29 | 147 |
| Солтүстік Қазақстан | 36 | 215 |
| Семей | 29 | 135 |
| Оңтүстік Қазақстан | 33 | 231 |
| Барлығы | 444 | 2413 |
| Ескерту – берілген дерек мағлұматы. | | |

Қазақстандағы Орталық Комитеттің X пленумының шешіміне сай 1944 жылғы сәуір айынан бастап облыстық және аудандық кеңес ұйымдары соғыс кезінде жабылып қалған мәдениет мекемелері қайтадан қалыпқа келтіріле бастады. Қазақстан Республикасындағы кітапханалар әдебиеттердің тапшылығына карамай, өз қорларынан РКФСР, Украина, Белоруссия, Молдавия аудандарына 100 мыңдай кітаптар жіберді.

Жергілікті ұйымдар, ҚКСР халық комиссары және БК(б)П Орталық Комитеті 1944 жылғы 13 қазандағы қаулысының іске асу мақсатында, партия ұйымдарының көмегі арқасында саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартуда бірқатар шаралар өткізді. Саяси-ағарту қызметкерлерінің облыстық, аудандық мә-

жілістері өткізілді. Аудандағы мәдениет үйлері, кітапханалар жанынан кітапханашылардың, клуб қызметкерлерінің, оқу-үйін басқарушыларының семинарлары, Республикалық социалистік жарыстар ұйымдастырып отырды. Сонымен, 1944 жылы Республика бойынша өткізілген саяси-ағарту жұмысының қорытындысы бойынша бюджеттік саяси-ағарту мекемелері – 3222, оның ішінде, 357 клубтар, 426 кітапханалар, 15 мұра-жайлар, 21 қызыл бұрыштар, 2358 оқу-үйлері, 45 қызыл үйлер жұмыс істеді. Мекемеден тыс саяси-ағарту мекемелері – 3056 болды. Ал, 1944 жылғы 1 желтоқсан айындағы мағлұмат бойынша, республикада 3992 саяси-ағарту қызметкерлері жұмыс істеген, соның ішінде, қосымша жұмыс істейтіндердің 1046 мұға-лімдер болды. Көптеген облыстарда саяси-ағарту мекемелерінің қызметкерлеріне қайта даярлаудан өткізу курстарын жүргізді. ҚКСР Халық Комиссарлары Кеңесі және Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің шешімі бойынша “Облысаралық 300 адам шамасында 3 айлық оқу-үйін басқарушыларын даярлау” жоспарланған болатын, бірақ жоспар бойынша, тек 26 адам ғана оқып шығады.

1944 жылы Халық Комиссары мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлау, қайта даярлауда жүргізілген жұмыстарына қарамай, кітапханаларды мамандармен толықтырудың мүмкіндігі болмағандықтан кітапханалар жабылып жатты. Көптеген аудандарда мамандармен қамтамасыз ету 60–70 пайыздан аспады. Осы жылы Республикада 3992 мәдени-ағарту қызметкерлері жұмыс жасаған екен. Олардың 79-ы жоғары білімді, 777 орта, 1212 аяқталмаған орта, 1074 бастауыш білімдері болса, кітапхана саласы бойынша олардың 76-ның ғана жоғары және арнайы орта кітапхана білімі болған. Бұл мәдени-ағарту мекемелерінде мамандармен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілгендердің дәлелі еді. Соған байланысты, 1944 жылғы 13 қарашада ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің шешімімен соғыс кезінде, яғни 1942 жылы жұмысын тоқтатқан Алматы кітапхана техникумы қайта ашылады. Техникум өз жұмысын 1944 жылдың 1–ші қазанынан бастап, саяси-ағарту бөлімінің 3 курсына 24 студентті оқуға қабылдайды. 1945 жылдың наурызында техникумның кітапхана бөлімінің 3 курсына 28 студент, барлығы

52 студент оқуға қабылданды. 1946 жылы техникум Алматыдан Семей қаласына көшіріліп, 1946-1947 оқу жылының жоспары бойынша техникумға 120 студенттер қабылдануы тиіс болса, көшіп–қону жұмыстарына байланысты тек 74 студенттер ғана қабылдап үлгерді. 1946 жылы ҚКСР Министрлер Кеңесінің мәдени-ағарту мекемелері жөніндегі Комитетінің бұйрығымен Республикалық кітапхана техникумы, Республикалық мәдени-ағарту техникумы болып қайта құрылады. Ол кітапхана және клуб қызметкерлерін даярлау бөлімдерінен тұрады.

1944 жылғы 13 қазанда саяси-ағарту қызметкерлерін даярлау барысында ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысына негізделген, Алматы қаласында 1944 жылғы 15 желтоқсанда қазақ кітапхана техникумы құрылды. Қаулыда бұрынғы кітапхана техникумының жатақханасы берілуі тиіс болғаны көрсетілген болатын, бірақ бұл ғимарат Қазақстан БК(б)П-ның Орталық Комитетінің парткурсына беріліп, техникум ғимаратсыз қалды. Осыған байланысты техникум жатақханасыз қалып, оқуға облыстан келетіндер саны қысқартылды. Техникум республика бойынша мәдени-ағарту мамандарын даярлайтын жалғыз оқу орны болды. Техникумның оқу корпусы болмағандықтан оқу сабақтары шет тілдер институты және Мемлекеттік халықтық кітапханада өткізілінді. Өз жеке оқитын ғимараты болмағандықтан сабақтар болмай жүрді. 120 студенттің тек 30 ғана жатақханамен қамтамасыз етіліп, қалғандары жеке пәтерлерде тұрды. Техникум студенттерінің төсек-орны болмады, киіммен, аяқ-киіммен қамтамасыз етілмеді. Оқу корпусын ғылым академиясы иеленіп, ал жатақханасын Коммунистік партия Орталық Комитетінің жұмысшылары мен жанұялы курсанттарына пәтерге берілді. ҚКСР Халық Комиссариатының 1944 жылғы 13 қазандағы № 603 қаулысында, Алматы қалалық кеңесінің атқару комитеті еңбекшілер депутаты жолдас Миловановаға, Красин көшесі 54–ге орналасқан техникум жатақханасының ғимаратын қайтарып беруін міндеттеді, бірақ бұл қаулы орындалмады. Сондықтан Атқару Комитеті мамандарды қайта даярлау міндетін қойды. Бұл үшін келесі шараларды өткізу міндеттелінді:

а) Саяси-ағарту техникумын кітапхана техникумы етіп қайта құру;

б) Республикада оқу-үйінің басшыларын даярлайтын 3 саяси-ағарту мектебін ұйымдастыру;

в) Абай атындағы қазақ педагогикалық институтында, Семей, Орал педагогикалық институттарында кітапхана бөлімін құру;

г) 1946 жылы жаз айында 1500 оқу-үйінің басшыларына жарты айлық, 100 кітапхана қызметкерлеріне 3 айлық қайта даярлық курстарын ұйымдастыру белгіленді.

Кітапхана жүйелерін қайта қалпына келтірудің бастамасы

Республикада 1944 жылдардағы кітапханалар және оқу-үйлеріндегі жұмыстардың жағдайы қанағаттанарлықсыз болуы, халыққа білім беру бөлімінің басшылары Қазақстан Компартиясы ОК бюросының 1943 жылғы 26 ақпандағы қаулысының шығарған шешіміне орай, оқу-үйлеріндегі, кітапханалардағы жұмыстарды жақсартуға ешқандай шара қабылдамады, қызметкерлерге мәдени шараларды ұйымдастыруға дұрыс нақты көмек көрсетпеді. Мысалы, Ақтөбе, Ақтау және Павлодар облыстарындағы оқу-үйлері мен кітапханалардағы қызметкерлерге халық арасында көпшілік жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру сауалдарына ешқандай семинарлар, консультациялар (қосымша) өткізбеді, мекемелердегі қызметкерлерге тәжірибелік көмек көрсетілмеді. Жергілікті жерлердегі партия, кеңес ұйымдары оқу-үйлері мен кітапханаларға көңіл бөлмей, олардың жұмыстарын басшылыққа алмады. Дзержинский ауданында ешқандай оқу-үйлері және кітапханалары орталық және республикалық мерзімді басылымдар алмады, аудандағы 9 оқу-үйінің 4-уі астыққа толтырылды. Андреев ауданында көптеген оқу-үйлері жұмыс істемеді, олардың мекемелері дэнге көміп тасталынды. Аудандағы кітапханалар мүлде кітап қорымен толықтырылмады, аудандық тұтыну одағы кітаптарды саудаға сатуға жіберіп отырды. Мысалы, Ақтөбе облысында орналасқан Ресей

Коммунистік партиясының хатшысы - Мочинев кітапхананың арнаулы мекемесін пәтерге алып, ал кітапхананы клубтың кішкентай бөлмесіне орналастырды. Ресей Коммунистік партиясы кітапханада әйелдермен, әскер жасындағылармен әр түрлі кеңестер өткізіп, оқырмандармен жұмыс жоспарын жасауға мүмкіндік бермеді. Ал, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 215 оқу-үйлері, 36 кітапханалар есептелінді. 151 оқу-үйлері үнемі жұмыс істеп, ал 39 астық сақталынды. 95 оқу-үйлері селолық кеңес, колхоз басқармаларының бөлмелерінде орналасқандықтан, мұндай жерде жұмыс істеу мүмкін болмады. Көптеген оқу-үйлері, әсіресе, Көкшетау ауданындағы Паладино, Соколов селоларындағы оқу-үйлерінің отындары болмады, барлық ауданның есеп инвентар кітаптары тасып құртылды, әйнектері сындырылған, терезелері жабылмады. Осы аудандағы “Красное село” колхозындағы оқу-үйі қараусыз қалды. Мамандар арасында үлкен тұрақсыздық орын алды. Оқу-үйінің меңгерушілерінің басым бөлігі жаңадан келген қызметкерлер болғандықтан, жұмыс жағынан ешқандай тәжірибелері болмай, үлкен көмекті қажет етті. Мәдени-ағарту қызметкерлеріне көмек жеткіліксіз болды. Кітапханалар және оқу-үйлері жаңа әдебиетпен қамтамасыз етілмеді. 1944 жылы ешқандай көркем әдебиеттер алмады, мерзімді басылымдарды белгілі бір мөлшерде ғана алып отырды. Тек, 1945 жылдан бастап қана көркем әдебиеттер мен саяси әдебиеттер түсе бастады. Батыс Қазақстан облысы “Приуральская правда”, “Екпінді құрылыс” газеттерін ғана алып отырды. Бірінші газеттің тиражы – 10361 дана, екіншісінікі – 7376 дана болды.

Республика кітапханаларының кітап қорлары соңғы жылдары әрең толықтырылды. 1944 жылы Көкшетау облысының аудандық кітапханалары қорларын толықтыруға 693 кітап алса, Батыс Қазақстан облысы тек 452 ғана кітап алды. Бірнеше жыл бойы оқу-үйлерін айтпағанда, аудандық кітапханалар ешқандай кітап алмады. Соңғы жылдың І-ші жарты жылдығында Талдықорған, Ақтау, Оңтүстік-Қазақстан және бірқатар облыстар ешқандай әдебиеттермен қамтамасыз етілмеді. Тек, мемлекеттік баспадан соңғы жылдары Ресейден келіп жатқан әдебиеттерді қоспағанда, 270 атау саяси, техникалық, экономи-

калық және көркем әдебиеттер, жалпы тиражбен 4699 мың дана ғана басылып шықты. Бұл барлық әдебиеттердің бәрі тек республикалық және облыстық орталықтарға ғана жетіп, селоларға жетпеді, себебі республикада аудандық кітапханаларды және оқу-үйлерін әдебиетпен жабдықтау орталықтары ұйымдастырылмаған еді.

1945 жылғы 1 қаңтарда республикада бюджеттік жүйе бойынша 3460 мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істеді, оның ішінде, оқу-үйлері – 2408, кітапханалар – 481 болды. Республикада мәдени-ағарту мекемелерінің штаттық кестесі бойынша барлығы 4722 қызметкерлер қызмет көрсетті, оның 1196 кітапхана қызметкерлері, 2425 оқу-үйін басқарушылар, 146 қызыл үй қызметкерлері болды. Әлі де болса, Республика бойынша кітапханаларда 949 қызметкерлер жетіспеді. Осы жылы кітапханаға бөлінген 57200 қаржының, тек 7200 сомы ғана есеп инвентары мен әдебиетке жұмсалынды.

1945 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша аудандық кітапханалардың кітап қоры - 114038, оның 50333 қазақ тілінде болды. 1944 жылы 66330 кітаптар берілсе, 1945 жылы 37717 кітаптар берілген. Облыстық кітапханалардың кітап қоры 45656 дананы құраса, 16600 данасы оқу залында, 20177 дана абонемент бөлімінде және жылжымалы қорларда 8879 құрады. Оқу залына келген оқырмандар саны – 132991, ал абонемент бөлімінде – 9330 оқырмандар қатынаған, оның ішінде қазақ оқырмандар саны - 1347 құрады. Оқылған және үйге берілген кітаптар – 41800 болса, қазақша кітаптар саны – 6549, қазақ тілінде оқылған кітаптар саны – 2106 болды. Орал облысының «Қазкітап» дүкенінен 1945 жылы кітапханаларға 13999 дана көркем әдебиеттер алынып, оның 7589 қазақ тілінде, 17732 саяси әдебиеттер болды.

1945 жылғы облыстық партия комитетінің “Ең үздік оқу-үйлері, кітапханаларға социалистік жарыс ұйымдастыру туралы” қаңтар айында қабылданған қаулы іске аспады. Оған себеп: қаулының орындалуы қадағаланбады, нәтижесінде облыс бойынша есептелінген 350 мәдени-ағарту мекемелерінің едәуір бөлігі жабылып немесе басқа мақсатқа пайдаланылып бос болмады. Көптеген оқу-үйлері жабдықталмай, жөндеуден өткізіл-

мей және халық арасында ешқандай жұмыс жүргізілімбеді. Қаулының шыққанына бір жарым жыл өтсе де Қазақстанның Шығыс Қазақстан Облыстық Комитеті мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын өркендетуді қамтамасыз етпеді. Көп бөлігі жергілікті халық арасында ешқандай жұмыс жүргізбей, тек қағаз жүзінде ғана болды.

Алматы облысында көптеген оқу-үйлері жұмыс істемеді. Осы облыстың Жамбыл ауданында 15 оқу-үйінің 3-уі Ұлы Отан соғыс кезеңінде жұмыс істемеді, бөлмелері астыққа толтырылды. Аудандағы кітапханалар қайта қалпына келтірілудің орнына, жабылу жалғастырылу үстінде болды, әрі бірнеше жыл бойы астыққа толып тұрды.

1945 жылғы 15 наурыз айындағы БК(б)П Орталық Комитетінің шешімінде, ҚКСР-ның 25 жылдығына орай аудандарға: “мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту, оларды мебелдермен, инвентар кітабымен, әдебиетпен және қысқы мерзімде отынмен қамтамасыз ету және селолық кітапханалар, оқу-үйлерін, қызыл бұрыштар салу” міндеттемелері жүктелінді.

1945 жылғы 16 шілде айында Аудандық Кеңестің Атқару Комитеті және БК(б)П-ның Қазақ КСР-ның 25 жылдығына орай, 1945 жылдың бірінші жартыжылдығында аудандардың қабылдаған шешімдерінің қорытындысы шығарылды. Мәдени-ағарту жұмыстарының сауалдарына орай бұл шешімде: Мәдени-ағарту мекемелерінің қайта қалпына келтіру міндеттемесі орындалып, жөндеуден өткізу жұмыстары іске аспады. Республика бойынша толығымен оқу-үйлері жұмыс істеп тұрған ешқандай облыстар болмады. Партия және Кеңес ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерінің мамандарына керекті көмек бермеді. Көптеген фактілер бойынша кітапханалардың, оқу-үйлерінің қызметкерлеріне жарты жыл бойы еңбек ақылары берілмеді. Мысалы, Қостанай облысының Таран ауданының Придорожной, Ново-Ильиск, Тобольск, Аманқарағай және т.б. селоларындағы оқу-үйінің меңгерушілеріне 1945 жылдың қаңтарынан еңбек ақылары берілмеді. Республика кітапханаларына мемлекеттен бөлінген қаржы шамалы болды. 1945 жылдың 1-ші жарты жылдығында кітапхана жұмысына бөлінген қаржының 5.902 мың сомның 1,620 мың сомы (27, 4%) белгісіз себептермен кітапхана

жұмысына жұмсалынбады. Осы облыстың Қастек және Қарақастек селолық кеңеске қарайтын оқу-үйлері және Жангелді колхозының оқу-үйі 1945 жылы тамыз айында БК(б)П Орталық Комитетінің келісімімен жабылып, бөлмелері астыққа толтырылды. Көптеген оқу-үйлерінде үйірме жұмыстары жүргізілінбеді. Оқу-үйі меңгерушілерінің жұмыстары тек жұмыс орнын ашып, жабу, бригадаларға газет тарату, кейде осы газеттерден оқулар өткізумен ғана шектелді. Соғыс кезінде кітап қоры әдебиеттермен толықтырылмады, бар кітап қорларына есеп жүргізілінбеді.

БК(б)П Жамбыл Аудандық Комитеті аудандағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыс жағдайына байланысты шешімді бірнеше рет талқылады. Бұл шешімдерді ешкім тексермеді, сондықтан олар қағаз жүзінде ғана қалып отырды. Кейбір облыс газеттерінің 1945 жылғы тамыз, қыркүйек айларындағы демалыс күнгі нөмірлері 2-3 күнге кешіктіріліп отырды. Әсіресе, алыс колхоздарда тұратын еңбекшілерге газеттер апару қиынға соқты. Газеттер кейде 15–20 күнге кешіктіріліп жіберіліп жүрді. Осы жылдың 1 қазан айындағы мағлұматтар бойынша көптеген оқу-үйлері мамандардың іріктелмеуінен, ғимараттың болмауынан және жұмыс істеп тұрған оқу-үйлерінің астыққа толтырылуы себептермен жұмыс істемеді. Мысалы, Таран ауданындағы 6 оқу-үйлері мамандардың болмауынан, бөлменің жоқтығынан жұмыс істемесе, Орджонкидзе ауданында 4 оқу-үйлерінің бөлмелері астық қоймасына айналды. Савицкая басқарған Таран ауданының Ново-Ильиновск селосындағы оқу-үйінің жұмысы басқа аудан, облыстарға қарағанда жақсы нәтижемен жұмыс істеді. Бірақ, ауыл шаруашылық жұмыстарының басталуымен оқу-үйінің меңгерушісі Савицкаяны жұмысынан алып, колхоз жұмысына жіберді. Сәуір айынан бастап оқу-үйінің жұмысы бригадаларда, егіс далаларында, лагерлерде еш жүргізілінбеді. Өз уақытылы лайықты мамандармен толықтырылмауынан Мендіғара ауданындағы, Долбушинск селосындағы оқу-үйі жүйелі түрде жұмыс істемеді. Оқу-үйлеріндегі жұмыстың тоқтатылуы, мамандардың тұрақсыздығынан болып жатты. Нәтижесінде, жабдықтардың, әдебиеттердің, есеп инвентарларының ұрлануы жиі етек алды. Мысалы, Пешков ауданының,

Хворостанск селосындағы оқу-үйіндегі әдебиеттер селолық кеңестің материалдық есепті қараусыз қалдыруынан оқу-үйі меңгерушілерінің жиі ауысып отыруынан ешкімге керексіз болып қалды. Мендіғара ауданындағы Татьянавка селосында, бір жағынан, мұғалімдік қызмет атқарып, бір жағынан оқу-үйінің меңгерушілік жұмысын жүргізіп жүрген Шрожеринаның істейтін оқу-үйінің жұмысы, облыс бойынша ең үздік болып есептелінді. Оқу-үйінің бөлмесі жақсы жөндеуден өткізілініп, әдемі безендірілген. Кешке қарай оқу-үйіне соғыстан жақсы хабарлар тыңдауға, жаңа газеттер оқуға колхозшылар, жастар жиналды. Мұнда сонымен бірге, хор, драма, музыка үйірмелері жұмыс істеді. Оқу-үйі 13 қойылымдар, концерттер беріп, 26 қабырға газеттерін, 76 әскери қағаздар, 6 фотомонтаждар шығарып, ғылыми-жаратылыстану, дін, тарих, халықаралық жағдайларға арнап 21 баяндамалар, 16 лекциялар өткізілді. Күнделікті газеттерден Отан соғысы жайлы оқулар өткізіп, ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспарын орындау туралы әңгімелер өткізіп отырды. Түскі үзіліс кезінде сауаттылыққа үйретті. Селода осындай жұмыстарды ұйымдастырудың арқасында Татьянавкада сауаттылықты жою толығымен аяқталды. Ақсуат селосында да жұмыстар жақсы жүргізілініп отырды. Оқу-үйінде кітап қоры 1023 дана болды. Жұмыстары жақсы жолға қойылған Каракучинск селосындағы оқу-үйі болды. Оқу-үйінде колхозшылар күн сайын соғыс жағдайы туралы жаңалықтарды білуге қатынап отырды. Оқу залында 16 лекция, 19 баяндама, 23 қабырға газеттері шығарылып, 67 әскери парақшалар, 10 қойылым көрсетіліп, 3 концерт ұйымдастырылған. Әңгіме, оқулар күн сайын өткізілініп отырылған. Кітап қоры 350 данаға есептелінген оқу-үйінде өз есеп инвентарымен, жылумен қамтамасыз етіліп отырды. Ал, Шығыс Қазақстан облысы бойынша, 1945 жылғы қазан, қараша айлары бойынша 58 кітапханалар, 192 оқу-үйлері және 45 қызыл бұрыштар есепке алынған. Бірақ, оқу-үйлерінің кітап қорындағы көркем әдебиеттер таратылып әкетілген. Көбінде қабат шаңға оранған стол, бірнеше тозығы жеткен орындықтар, бос шкафтан басқа ештеңе болмады. Неге екені белгісіз облыстағы ең жақсы деген оқу-үйлері Предгорненск ауданындағы Бередов, Барашкин селосындағы оқу-үйлері осындай

қалде болды. Верх-Убинск ауданындағы Выдрихинск селолық кеңесінің бәрінен “жақсы” деп саналған оқу-үйлерінде әбден тозығы жеткен ондаған брошюралар және ескі кітаптар, облыстық газеттің тігіндісі ғана болды. Оқу-үйлерінің бөлмесі лас, терезелері сынған, қабырғаларының сылақтары түскен. Оқу-үйінің басқарушысы – Малахова бұл жерге тек кешке қарай, еріккен жастарға темекі тартуға мүмкіндік беріп, кейде би алаңына айналдырып, ешқандай мәдени-ағарту жұмысын өткізбеді.

Қазақстан бойынша, 1945 жылы 2405 кітапханалар, оқу-үйлері, 146 қызыл үйлерге мемлекет қаржысының қарамағына қабылданған. Бірақ тексеру кезінде бірқатар облыстардың көп бөлігінде халық арасында ешқандай жұмыс жүргізбеген, тек олар қағаз жүзінде ғана көрсетілген. Мысалы, Қостанай облысының Федоровск ауданында 14 оқу-үйінің тек 5-уі, 15 қызыл бұрыштың тек 3-уі ғана жұмыс істеген.

1945 жылдың 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша: саяси-ағарту мекемелерімен 130 жылжымалы кітапханалар, 133 қызыл бұрыштар ұйымдастырылып, 651 лекциялар және баяндамалар, 4999 әңгімелер және 5532 оқырмандарды қамтыған оқулар өткізген. 2324 қабырға газеттері және жауынгер парақтары шығарылып, 376 қойылымдар және концерттер өткізілініп, 95 үйірме ұйымдастырылса, оның 31-і селолық колхоз үйірмелері болды.

1944–1945 жылдар аралығындағы қызмет көрсетіп отырған кітапханалар, оқу-үйлері санын және олардағы кітап қорларын төмендегі кестеден көруге болады (10 кесте).

Батыс Қазақстан аудандарындағы кітапханалар, оқу-үйлерінің жүйесі

10-кесте

| Аудан атаулары | Кітапхана саны | Кітап Қоры | Қазақ тілінде | Берілген кітап саны | | Оқу-үйлері –нің саны |
|----------------|----------------|------------|---------------|---------------------|------|----------------------|
| | | | | 1944 | 1945 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Бурлинск | 2 | 8534 | 4767 | 9645 | 7354 | 14 |
| Жанғалы | 2 | 7986 | 5453 | 6231 | 3754 | 18 |
| Жамбейт | 2 | 4627 | 3396 | 3496 | 2630 | 13 |
| Жаныбек | 2 | 850 | 646 | 472 | 842 | 11 |
| Зеленовск | 2 | 5217 | 968 | 4463 | 2342 | 6 |

| | | | | | | |
|--------------------------------------------|----|--------|-------|-------|-------|-----|
| Каменский | 2 | 6784 | 548 | 9754 | 897 | 8 |
| Казталовский | 2 | 5938 | 3441 | 868 | 347 | 14 |
| Қаратөбе | 2 | 2966 | 1978 | 673 | 432 | 13 |
| Приуральск | 2 | 9896 | 3453 | 10370 | 6468 | 12 |
| Тайпақ | 2 | 5678 | 3554 | 2135 | 786 | 13 |
| Теректі | 2 | 5549 | 2125 | 2876 | 896 | 12 |
| Урдинск | 2 | 12876 | 5453 | 3256 | 1786 | 10 |
| Фурмановск | 2 | 9682 | 3241 | 1978 | 874 | 9 |
| Чапаев | 2 | 11570 | 4563 | 2836 | 938 | 7 |
| Чингирлауск | 2 | 9784 | 5345 | 1246 | 576 | 15 |
| Орал қаласы | 2 | 6101 | 1436 | 8231 | 6815 | – |
| Барлығы: | 32 | 114088 | 50338 | 66330 | 37717 | 171 |
| Ескерту – берілген дерек мағлұматы. | | | | | | |

1945 жылғы КСРО өкіметінің қаулысымен ҚКСР Министрлер Кеңесі жанынан мәдени-ағарту мекемелері ісінің комитеті құрылды. Онда барлық мемлекеттік көпшілік кітапханалар жүйесі мектеп кітапханалары жүйесінен жеке бөлектенді. Бұл еңбекші халыққа кітапхана қызметін көрсетуді жақсартты.

Дер уақытында Республиканың мәдени-ағарту мекемелерін қаржымен қамтамасыз етілмегендіктен жұмыстары нашарлай түсті. Оқу-үйлері, кітапханалар селолық бюджетке қарады. Қаржы жоспарының өз уақтылы орындалмауы, мәдениеттің мұқтаждылығына жіберілген қаржының қолданбауынан болды.

Республиканың бірнеше қатар облыстарында: Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Көкшетау және т.б. облыстардағы кітапхана, оқу-үйі меңгерушілеріне 5–7 ай бойы еңбек ақылары төленбеді. Шаруашылық мұқтаждықтарға, әдебиеттер алуға бөлінген қаржылар жіберілмеді. 1945 жылғы кітапханаларға бөлінген 5887,9 сомның тек 25805 сомы ғана жұмсалынған (46,5 %), оқу-үйлеріне 11230,2 бөлінсе, оның 3907,7 жұмсалған (35,3%). Мұндай кеткен шығындардың төмен пайызды құрауының себебі, жергілікті еңбекші халық кеңес депутаттарының мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарына мән бермеді. Мысалы, Қостанай облысының Пешков ауданының мәдени-ағарту шараларына бөлінген қаржы 83000 сом болса, 1945 жылы оның 2650 сомы ғана жұмсалынған, Оңтүстік Қазақстан облысының Киров ауданында кітапханаға бөлінген қаржы 15000 сом болса, тек 200 сомы ғана кітапханаға бөлінді. Шығыс Қазақстан облысының Верх-Убинск ауданына 1945 жылдың III кварталына

бөлінген 30975 сомның 12400 ғана жұмсаған. 1945 жылғы 5 карашада ҚКСР–дағы “Көпшілік-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының қанағаттанарлықсыз жағдайы туралы” БК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы партия өкілі А.А.Ждановтың жазбасында: “Республиканың партия ұйымдары, БК(б)П ОК 1944 жылғы 1 сәуірдегі “Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы және мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарын қайта қалпына келтіру және жақсартуға” байланысты шығарған қаулысының әлі де орындалмағанын ескертіп өткен. Осыған байланысты Орталық Комитет бюросында мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы туралы кемшіліктерді жоюға байланысты қажетті шаралар талқыланды”, – деп жазады.

1945 жылдың аяғынан бастап кітапхана жүйелерін қайта қалпына келтіру басталды. Тынымсыз еңбектерінің арқасында мәдени-ағарту мекемелерінің түп–тамырын, жүйелерін қайта құруда соңғы 6 ай ішінде Қостанай облысында 58 мәдени-ағарту мекемелері, 182 қызыл бұрыштар қайта қалпына келтірілді. Колхоз, совхоз өнеркәсіптерінің бастамасымен МТС-та 162 қызыл бұрыштар ашылды. Осы кезеңде Қостанайдың 49 қалалық ұйымдары ауылдағы мәдени-ағарту мекемелерін басшылыққа алды. Соның бір көрінісі – Кузовск оқу-үйі ретке келтіріліп, оқырмандарға ақпараттарды үлестіруде радиоқабылдағыш орнатты.

Республикада 1945 жыл бойына кітапханаларда 782 кітапхана қызметкерлері қызмет атқарды. Кітап қорларының және маманданған қызметкерлердің жетіспеушілігіне қарамай облыс кітапханалары біраз жұмыстар атқарды. Олар кітап көрмелерін, жылжымалы кітапханаларды ұйымдастырып, аудан, ауыл кітапханаларына әдістемелік көмек көрсетті. Ауыл шаруашылық жұмыстары кезінде 8 облыста 8000 кітап қорлары жинақталған 700 жылжымалы кітапханалар жұмыс жасады. 283,517 көлемдегі бригадаларға 44,281 әңгімелер, оқулар оқылды. Жылжымалы кітапхана жұмыстары жақсы ұйымдастырылды. Ал, қала, аудандарда 100 жылжымалы кітапханалар жұмыс істеді. Әрқайсында 50–150 кітаптардан жинақталған кітап қорлары болды. Республика бойынша кітапхана жұмыстары Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Шығыс Қазақстан, Семей облыстарында

жақсы жолға қойылды. 1945 жылы Қарағанды облысының кітапханасы 40 мыңдай оқырмандарға қызмет көрсетіп, оқу залында 15 кітап көрмелерін ұйымдастырды. Кітапхана библиографиялық жұмыстар жүргізіп, оқырмандарға өз білімін көтеруге көмектесті. Солтүстік Қазақстан облысындағы Н.К. Крупская атындағы кітапхана 150 мың оқырманға қызмет көрсетіп, оларға 250 мыңдай кітаптар, журналдар берілді. Құрылғанына 15 жыл ішінде мықты кітап сақтау қоймасына айналған А.С.Пушкин атындағы халықтық кітапхана өзінің бай кітап қорының арқасында, кітапхана мамандарын даярлауда, ғылыми ізденіс және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруда республикада ірі база болып саналды. Кітапхана қоры 1935 ж. 500 мың томды құраса, 1 қаңтар 1946 жылғы есеп бойынша 976 мың томды құрағайды.

Сонымен, соғыс кітапханалар жұмысының төмендеуіне әкеп соқты. Оған мамандардың майданға алынуына байланысты қатарының сиреуі, қаржыландырудың нашарлауы, орналасқан үй-жайлардың босатылып, кәсіпорындар мен мекемелерге берілуі, кітапханалардың азаюына әсер етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында идеологиялық мекемелердің барлық буындары майданға қызмет көрсетуге тиіс болды.

Мәдени-ағарту орындарының барлық жұмысы кеңес халқының фашистік басқыншылықтарға қарсы қаһармандық күресіне бағынды.

Еңбекші неміс басқыншылары талқандауға жұмылдыру ісіне, тылды нығайтуға, өндіріс озаттарының белсенділерін қолдауға, қалалар мен селолар еңбеккерлерінің патриоттық бастамаларына, майдан мен тылдың байланысын нығайтуға байланысты мәселелер – кітапхана қызметкерлерінің негізгі ісі болды. Кітапханалар: “Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін”, – деген ұранмен жұмыс істеді.

Бақылау сұрақтары:

1. БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 сәуірдегі “Көпшілік-саяси және мәдени-ағарту жұмысын жақсарту” қаулысы өз шешімін тапты ма?

2. Соғыс кезеңі жағдайындағы кітапханалар жұмыстарының ерекшеліктері қандай болды?
3. Атқару Комитеті мамандарды қайта даярлау міндетінде қандай шараларды өткізуді қолға алады?

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ (1946–1960 ЖЖ.) ҚАЗАҚСТАНДА КІТАПХАНА ІСІ

Кітапхана жүйелерінің қайта құрылуы

Соғыстан кейінгі жылдары бірқатар партия және кеңес ұйымдарында мәдениет-тәрбие жұмысын жете бағалаушылық, бірыңғай шаруашылық істермен шұғылдану фактілері орын тепті. Көп жерлерде мәдениет мекемелеріне тек ағартушы ұйымдар ретінде қараушылық кездесіп жүрді. Коммунистік құрылыста жаңа табыстарға жету үшін идеологиялық жұмыстың барлық құралдарын, соның ішінде, кеңінен өріс алған мәдени мекемелерін неғұрлым толығырақ та орынды пайдалану қажет болды. Мәдени-ағарту мекемелері халықтың барлық топтарымен тікелей байланысты. Сондықтан, олардың еңбекшілер арасында нақты көпшілік-саяси жұмыстарды жүргізуге мүмкіншіліктері болды. Әрбір кеңес адамының идеялық-саяси дәрежесін көтеру үшін, буржуазиялық ұлтшылдыққа, адамдардың санасындағы ескіліктің қалдықтарына қарсы күресу үшін мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жандандыра түсудің маңызы орасан зор болды. Саяси-қоғамдық өмірде идеологияның рөлі шектен тыс күшейтіліп, оның басты сипатына айналды. Онда мәдени құрылысты, мәдени қызметтің мектеп құрылысын өрістетуге, жоғары оқу орындарының қатарын ұлғайту, мәдени-ағарту жұмыстарын жандандыру, т.б. жекелеген түрлерінің қарапайым ғана қосындысы ретінде қарастырған мәдениеттің рөлі негізгі басшылыққа алынды. Оның үстіне мәдениеттің саясатпен байланыстылығы ешқашан да жеңілмейтін социализмнің басты кепілі саналды. Соғыстан кейінгі жылдарда соғысқа дейін бас-талған «Батыс елдері алдында бас ию және буржуазиялық

көріністерге» қарсы күрес одан әрі жалғасты. Бұл күрес ағарту, ғылым мен мәдениет саласын да қамтыды.

Өкімет өз саясатының қуатты құралы ретінде клубтар, мәдениет үйлерімен қатар кітапханаларды пайдаланды. Олар шын мәнінде қоғамда болып жатқан жағдайларды әрбір еңбеккердің санасына сіңірудегі жалынды үгіт-насихат ошағына айналды. Ауыл мен селоларда жұртшылыққа коммунистік адамгершіліктің негізін үйретуге, оны бойларына қалыптастыруға кітапханалардың рөлі зор болды. Сондай-ақ, бұл мекемелердің негізгі атқаратын жұмыстары буржуазиялық идеология мен адамгершілік ымырасыз болып, жекеменшіктік психология, етектен тартатын ескі салт-сана, дәстүрмен, дінмен батыл күресуге арналды. Бұл міндеттер жаңа қоғам құрылысындағы мемлекет алға қойған саясатын жүзеге асыруға өз үлесін қосады деген үмітте болды.

ҚКСР партия және Кеңес органдары, кітапхананың соғыс кезіндегі идеологиялық жұмыстарындағы үлкен рөл атқарғандығын ескере отырып, республикада кітапхана ісінің дамуына көп көңіл бөлді. Әр аудан орталықтарында оқу залымен қоса, балалар бөлімдерін қамтыған кітапханаларды ашу және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету көзделді. Оқырман сұранысын қанағаттандыру барысында кітапханааралық абонемент, кітап беру пункттерін көбірек қолдану қажет болды.

Коммунистік партия ОК-нің 1946–1951 жылдар аралығында кітапханалар ісін нығайтуға бағыттаған “Ауылдағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарының күйі және жақсарту шаралары” туралы шешім қабылдады. Соғыстан кейінгі жылдары республикада партия басшылығының ұйымдастыруымен ауылдар мен селолардың мәдениетін көтеруге коммунистер белсенді кірісті. Коммунистердің көмекшілері – ауыл комсомолдары болды. Комсомолдар мәдени-ағарту мекемелерін қайта қалпына келтіру жұмыстарын абыройлы орындап жатты. Мысалы, Жамбыл облысында 1946 жылдың басында 35 клуб және оқу-үйлері жұмыс істемеді, ал қызмет көрсетіп отырған мекемелері тиянақты жөндеуді қажет етті. Комсомолдар іске кірісіп, жаз айларында 126 клубтар мен кітапханалар, оқу-үйлерін жөндеуден өткізді. Ал, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы-

ның Ярославль атындағы артель комсомолдары жергілікті партия мен колхоздың көмегімен 40 орынды жақсы кітапхана ұйымдастырды.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі 1946 жылдың 2 ақпандағы, № 1315 жарлығына сай, ҚКСР мәдени-ағарту мекемелері ісінің комитетіне 1946 жылғы бюджетті қайта қарап, даярлық курстарын өткізуге кететін шығындарды бөлуді тапсырды:

а) 150–дей шамада 2 ай мерзім ішінде кітапханашыларды даярлау;

б) 300–дей шамасында оқу-үйін басқарушыларды жарты ай мерзім ішінде

оқыту;

в) 500–дей шамада оқу-үйін басқарушыларды жарты ай мерзімі ішінде дайындықтан өткізу;

г) Облыстық Атқару Комитеті кітапханашыларды, клуб жұмысшыларын және оқу-үйін басқарушыларды қайта даярлықтан өткізіп, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;

д) ҚКСР мәдени-ағарту мекемелері ісінің комитетіне курстың даушыларын саяси-ағарту мекемелерінің бос орындарына қызметпен қамтамасыз ету;

ж) даярлық курсында оқығандарға 50 % жалақысын төлеу, ал қайта даярлау курсында оқығандардың еңбек ақысын жыл бойына сақтау, сырттан келгендерге 100 сом көлемінде ақшасын төлеу міндеттейді.

ҚКСР Министрлер Кеңесі осы курстарды ұйымдастыруды 1 маусымнан бастады. Әр облыстарда 561 адамға есептелінген оқу залдары меңгерушілерінің курстары өз жұмыстарын 15 шілде және 1 тамыз айларында бітірді. Курстарды–114 кітапханашы мен 651 оқу-үйі меңгерушілері аяқтап шығады.

1946 жылғы 5 ақпанда ҚК(б)П ОК „Ауылдағы мәдени-ағарту мекемелерінің жағдайы және жұмысты жақсарту шаралары“ туралы қаулы қабылданады. Қаулыда: “Республика бойынша мәдени-ағарту мекемелеріне күнделікті қамқорлықтың жоқтығы, оқу-үйлері, кітапханалардың әлі де қалпына келмеуі туралы” мәселелері баса айтылды. ҚК(б)П ОК І хатшысы – Ж.Шаяхметов: “Республикада халықтар арасында саяси үгіт

ісінде мәдени-ағарту мекемелері үлкен рөл атқарды. Партия және өкімет бұл мекемелерге үлкен көңіл бөлді. Бірақта мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарында кемшіліктер орын алып жатты. Мысалы, Ақмола облысының кейбір аудандарында мәдени қызмет көрсетуде еңбекшілердің сауалдарына назар салмау тәжірибесі қалыптасып кетті. ҚКСР-ның Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемелерінің ісі жөніндегі комитеті және оның жергілікті органдары жұмыстарын нашар жүргізді. Бұл бөлімшеге, ҚКСР Министрлер Кеңесінің аппараты, облыстық және аудандық кеңестің атқару комитеттері аз көңіл бөлді. Мәдени-ағарту мекемелері саяси, көркем әдебиеттерге, басқа да құрал-жабдықтарға өте мұқтаж. Бірақта, бұл мұқтаждықтармен қанағаттандыруға ешкім алаңдамауда. Жақын уақытта оқу-үйлеріне қарым-қатынасты түбірінен өзгертуге қол жеткізіп, мәдени-ағарту мекемелерінің барлық жүйелеріне көмектесіп және көңіл бөлуді күшейту қажет. Оқу-үйлері – біздің партияның қолындағы үлкен күш. Оны еппен және дұрыс пайдалану, ең алдымен, селолар және ауылдарда барлық біздің идеологиялық жұмыстарымыздың жақсаруына әсер етеді деп атап өтті.

1946 жылдың ақпан айында ҚКСР Халық Комиссарлар Кеңесі „Алматы, Семей, Петропавлда 2 айлық кітапхана және қызыл отау меңгерушілерін даярлау курсы ашу“ туралы шешімін қабылдайды. Шешімде барлық облыс орталықтарында оқу-үйін басқарушыларды даярлау курстарын ашу белгіленді. Олар жұмысын 1946 жылдың 1–ші маусымынан бастап, курста барлығы 782 адам даярланып шығады. Соғыс жылдарында жабылып қалған бұрынғы Н.К.Крупская атындағы кітапхана техникумы негізінде ұйымдастырылған Алматы мәдени-ағарту техникумы жұмысын қайта бастады. Осы кезеңдегі кітапхана қызметкерлерінің мамандығын көтерудегі шаралардың түрі: семинарлар, мәжілістер болды. Тек, 1946–1947 жылдары 21,3 мың мәдени-ағарту қызметкерлерін қамтыған 1300 семинарлар, мәжілістер өтілді. Бірақта, кітапхана мамандарын даярлау күнделікті сұраныс пен талапқа сай болмай жатты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі және партия уәкілі комиссия бөлімдерінің Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Алматы, Батыс Қазақстан Ақмола облыстарында

жүргізген тексерулерінде, көптеген оқу-үйлері және кітапханалардың жұмыстары өте төменгі жағдайда жүргізілгені және олардың саяси-идеялық мазмұны өскен еңбекші халықтың талабынан қалып бара жатқаны анықталады. Оқу-үйлері және кітапханалардың бөлмелері ағымдағы жылдарда жөндеуден өткізілінеді, ондағы жабдықтар, есеп инвентары толығымен жарамсыз болды, селодағы кітапханалардың, оқу-үйлерінің кітап қоры саяси-көпшілік және көркем әдебиеттермен толықтырылмады. Партия және Кеңес ұйымдары соғыс жылдарынан кейін де кітапханалардың, оқу-үйлерінің бөлмелерін пәтерге, астық қоймасына және басқа да ауыл шаруашылық мұқтаждықтарға тартып алып отырды. Оңтүстік Қазақстанда 1946 жылға дейін, 62 мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істемеді. Қостанайда 21, Ақмола облысында 170 оқу-үйлерінің 55-уі ғана жұмыс істеді. Материалдық базаның әлсіреуімен қатар, негізгі себептердің бірі – кітапхана жұмысының қанағаттанарлықсыздығы, оқу-үйлерінде істейтін қызметкерлердің құрамы әлсіз болды. Кейбір қызметкерлердің бастауыш білімдері де болмады. Мыңдаған мәдени-ағарту мекемелері мамандармен қамтамасыз етілмеді және мыңнан аса адамдар басқа мекемелерде қосымша жұмыс атқарды. Қазақстан Коммунистік партиясының облыстық комитеті және аудандық комитеттері кітапхана мамандарын іріктеуде, тәрбиелеуге оншалықты мән бермеді. Осыған орай, Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті төмендегідей міндеттерді қабылдады:

Біріншіден, Қазақстанның Коммунистік партиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттеріне, КСР Жоғары Кеңесінің сайлауына дайындық кезеңінде селодағы оқу-үйлері, кітапханаларға басшылықты жақсарту.

Екіншіден, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитетінің депутаттар кеңесіне 1946 жылдың 1 сәуіріне дейін барлық оқу-үйлері және кітапханалардың бөлмелерін босаттырып, жөндеуден өткізіп, отынмен және есеп инвентарымен қамтамасыз ету жүктелінді.

Үшіншіден, Коммунистік партия Орталық Комитетінің мамандар бөлімі (Яковлеваға), Қазақстан Коммунистік партиясының қалалық, аудандық комитеттеріне және ҚКСР мәдени-

ағарту мекемесі (Алиеваға) 15 наурыздан кешіктірмей барлық мәдениет мекемелерінде басшы мамандарды толықтыру тапсырылды.

Төртіншіден, ҚКСР мәдени-ағарту мекемесінің ісі жөніндегі комитетіне, мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің республикалық, облыстық, аудандық, семинарлар, мәжілістерді өткізу міндеттелінді [262].

Осындай міндеттемелердің арқасында аудан кітапханалары - 2, оқу-үйлері 17-ге көбейе түсті. Сонымен, 1946 жылғы мәдени-ағарту мекемелерінің бюджеттік жүйесі бойынша: оқу-үйлері – 2425, қызыл үйлер – 146, кітапханалар – 483 құрады.

Кейбір облыстарда жабылып қалған кітапханалар, оқу-үйлері көп орын алды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша - 36 оқу-үйлері, 9 село кітапханалары, 3 аудандық кітапханалар жабылып қалған. Түлкібас ауданындағы Арыс селосының оқу-үйі селолық кеңес төрағасының еркімен жабылды. Осы аудандағы кітапхананың эйнектері сындырылған, 6300 кітаптары еденге құлаған, барлық сөрелерді басқа мекемелер тасып алып кеткен, ал бөлмені партия кабинетіне айналдырған мүшкіл халде болды. Ақтөбе облысының Ново-Российск, Ырғыз, Байғанин аудандарында 3 кітапхана, Талдықорған облысында 6 кітапханалар, Солтүстік Қазақстан облысында 4 кітапханалар жұмыс істемеді. Батыс Қазақстанның Жамбейіт ауданындағы кітапхана бөлмесі, 1942 жылдан бері астық қоймасына айналған. Орал облыстық кітапханасының екі бөлмесінде облыстық партияның адамдары орныққан. Илийск ауданының екі кітапханасына астық құйылған, Қаскелең ауданының 6000 томнан құралған кітапханасы кішкентай бөлмеге орналасқан. Бөлменің жоқтығынан Қостанай облысында 19 оқу-үйлері, қалалық балалар кітапханасы жабылып, кітаптары мұражайдың қоймасына тасталынған.

Республика бойынша кітапханалардың, оқу-үйлерінің жағдайы осы қаліпте болды. Бұның себептері: Жергілікті партия-кеңес ұйымдары кітапханалардың жұмыстарына көңіл бөлмеді. Қазақстан Компартиясы ОК Х пленумының қаулысын орындамады, сонымен қатар, бірнеше Орталық Партия Комитетінің, Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің “Мәдени-ағарту

жұмысының жағдайын жақсарту” мақсатындағы нұсқауларын орындамау салдарынан болды.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі кітапхана мамандарын даярлау курстарының жұмысы

Ұлы Отан соғысынан кейін кітапхана білімін республикада қайта бастауға тура келді. Ең бас кезінде жаңа факультеттер құруда, оқу жұмысын ұйымдастыруда студенттерді оқыту үшін материалдық базаның жоқтығы үлкен мәселелер тудырды. 1946 жылдың жазында 1500 адамнан тұратын оқу-үйлерін басқарушылардың жарты айлық курсы, 3400 адамнан тұратын 3 айлық кітапхана қызметкерлерін қайта даярлау курстары, 140 адамнан тұратын 2 айлық оқу-үйі меңгерушілерін қайта даярлау курстарын ашу міндеті қойылды. Республикадағы мәдени-ағарту мекемелері саяси-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын халық арасында өткізіп жатты.

1946 жылғы 27 қыркүйектегі ҚКСР–ның мәдени-ағарту мекемелер ісі комитеті өкімет жоспары бойынша 1100 адам шамасында республикада даярлық курстарын ұйымдастырды. Курс сабақтары 1–ші маусымында басталып, 15 шілде және 1 тамызда аяқталды. Алматы, Семей, Петропавл қалаларында жүргізілінген курстар бойынша 114–і кітапхана қызметкерлері, 561–і оқу-үйін басқарушылар аяқтап шықты. 1946 жылғы 1 қазан айындағы мәдени-ағарту мекемесінің ісі жөніндегі комитетінің есебі бойынша 468 кітапхана, оның 194 ауыл кітапханалары, 188 аудан кітапханалары, 34 қала кітапханалары, 15 облыстық балалар кітапханалары, 16 облыстық және 1 орталық республикалық мемлекеттік халықтық кітапханалар қызмет көрсетті. Олардың кітап қоры 1.001.000 дананы құраса, кітапхана қызметкерлерінің құрамы 814–ке жетті. Соның ішінде, жоғары біліммен 19, аяқталмаған жоғары біліммен 36, орта 115, аяқталмаған орта 179, төменгі 137, ал орта арнаулы біліммен 20 және жоғары біліммен 12 кітапхана қызметкерлері қызмет істеді. Бесжылдықтың аяғында кітапхана саласы бойынша қызметкерлер саны 2340 өсті. 1946 жылы Батыс Қазақстан облы-

сында 10 оқу-үйлері, Ақтөбе облысында 10 оқу-үйлері, Жамбыл облысында 126 кітапхана, оқу-үйлері жөндеуден өткізілді.

1946 жылғы қараша айында Республикадағы кітапхана мамандарын даярлаудың мүшкіл халін көріп, ҚКСР–ның мәдени-ағарту мекемелері жөніндегі комитеті, КСРО Жоғары Білім Беру Министрлігіне хат жолдайды. Хатта: «Ресей кітапхана институтын тәмамдаушылардан ҚКСР жылына үш адамнан жіберуін, жергілікті халық өкілдері үшін сол жоғары оқу орындарынан арнайы орын бөлуін, 1947 жылдың қаңтарынан С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ішінен “кітапхана факультетін ашу” туралы ұсыныстарын білдіреді. Мұндай ұсыныстар кейін де бірнеше рет қайталанды, бірақ жауапсыз қалады. Төмендегі кестеден 1946 жылғы 20 қараша айындағы Халық Ағарту Комитетінің Республика бойынша мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің даярлау курстары бойынша өткізген шараларының санын және қай облыста қаншалықты даярлықтан өткізгендігін көруге болады (11 кесте).

*Мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің даярлық курстары
11-кесте*

| Облыс атаулары | Кітапхана қызметкерлері курсы – 2 ай | | Клуб қызметкерлері курсы – 2 ай | | Қызылүй менгерушілері курсы – 1,5 ай | | Оқу-үйлерін басқ. курсы – 1,5 ай | |
|----------------|--------------------------------------|-------|---------------------------------|-------|--------------------------------------|-------|----------------------------------|-------|
| | ж.б. | ор-уы | ж.б. | ор-уы | ж.б. | ор-уы | ж.б. | ор-уы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Алматы | 9 | 10 | 7 | 3 | 6 | 3 | 40 | 33 |
| Ақмола | 9 | 4 | 6 | 25 | 3 | 1 | 40 | 28 |
| Ақтөбе | 10 | 6 | 7 | 5 | 2 | 1 | 70 | 30 |
| Ақтау | 6 | 2 | 6 | 1 | 4 | 2 | 30 | 21 |
| Шығ.Қазақстан | 9 | 9 | 2 | 3 | 3 | 1 | 60 | 30 |

11-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|----------------|----|----|---|----|---|---|----|----|
| Солт.Қазақстан | 10 | 13 | 8 | 3 | 4 | 2 | 60 | 35 |
| Қарағанды | 13 | 3 | 8 | 3 | 3 | 1 | 40 | 21 |
| Қызылорда | 7 | 5 | 7 | 14 | 3 | 1 | 40 | 40 |
| Көкшетау | 7 | 7 | 6 | 3 | 1 | 1 | 40 | 32 |
| Қостанай | 10 | 9 | 9 | 3 | 2 | 1 | 60 | 45 |
| Павлодар | 8 | 3 | 6 | 2 | 1 | – | 60 | 36 |

| | | | | | | | | |
|---------------------------------------------------------|-----|-----|-----|----|----|----|-----|-----|
| Семей | 9 | 2 | 5 | – | 3 | 2 | 40 | 35 |
| Солт.Қазақстан | 8 | 9 | 5 | 2 | 1 | 1 | 60 | 36 |
| Жамбыл | 9 | 3 | 5 | – | 5 | 4 | 40 | 40 |
| Оңт.Қазақстан | 12 | 9 | 7 | 9 | 6 | 5 | 60 | 59 |
| Талдықорған | 9 | – | 6 | – | 4 | 4 | 60 | 40 |
| Алматы | 5 | 6 | – | – | – | – | – | – |
| Барлығы: | 150 | 114 | 100 | 76 | 50 | 31 | 800 | 561 |
| Ескерту – ж.б. – жоспар барысы, ор-уы–орындалуы. | | | | | | | | |

1946 жылдары мәдени-ағарту мекемелері әскерден келгендермен, офицерлермен және комсомолдармен толықтырылды. Жалпы, барлығы – 754 адамдар жұмысқа орналасты. 1946 жылы мәдениет техникумын бітірген 37 курсанттың, 14 ғана кітапхана мамандығын алып шықты. Комитеттің өткізген шаралар қорытындысы нәтижесінде мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің құрамы нығая түсті. Барлық мәдени-ағарту қызметкерлерінің құрамы 1573 құрады. Мамандардың мамандығын көтеру мақсатында 1946 жылы 1135 қысқа мерзімді курстар, және семинарлар өткізілініп, 19,873 мамандар даярланып шықты. Бірақта мамандарды даярлау, қайта даярлауда біраз кемшіліктер болды. Мысалы, 1946 жылы Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарында мамандарды қайта даярлау жоспарын орындай алмады. Қорытынды бойынша 800 адамның орнына 661 кітапхана мамандары даярланып шықты (12 кесте).

Мамандарды даярлаудағы курстардың облыстарда жүргізілінуі
12- кесте

| Облыс аттары | Жоспар бойынша бөлінген адам | Орындалуы |
|--------------------------------------------|------------------------------|-----------|
| 1 | 2 | 3 |
| Алматы | 62 | 48 |
| Ақмола | 58 | 57 |
| Ақтөбе | 89 | 41 |
| Ақтау | 46 | 27 |
| Шығыс Қазақстан | 74 | 47 |
| Батыс Қазақстан | 82 | 51 |
| Қарағанды | 64 | 27 |
| Көкшетау | 54 | 42 |
| Қостанай | 81 | 57 |
| Павлодар | 75 | 41 |
| Солтүстік Қазақстан | 74 | 47 |
| Семей | 57 | 47 |
| Оңтүстік Қазақстан | 85 | 79 |
| Талдықорған | 79 | 47 |
| Ескерту – берілген дерек мағлұматы. | | |

Жергілікті партия-кеңес ұйымдары керекті көмек көрсете алмауынан және мамандарды даярлауды қадағаламауынан аудандық, қалалық және облыстық мәдени-ағарту бөлімдері Комитет тапсырысын орындай алмады. Қазақстан Компартиясы ОК 1946 жылғы 5 ақпан айында жарияланған қаулысы бойынша, мәдени-ағарту қызметкерлерін іріктеуде, толықтыруда орындалмады. Мысалы, Ақтөбе облысының Челкар қаласында қалалық кітапхана меңгерушісі 4 кластық қана білімі бар, үй шаруасындағы – Тухфатуллина тағайындалды. Алматы облысының Іле ауданындағы және Шығыс Қазақстан облысының Приуральск ауданындағы мәдени-ағарту жұмысының инспекторлары бір жыл ішінде (1946 ж.) 4 рет ауыстырылды. Көкшетау облысының Айыртау ауданында мәдени-ағарту жұмысы аудандық бөлімінің шешімінсіз Камышинский ауылдық кеңесінің төрағасы кітапхана меңгерушісін екі рет ауыстырды. Жамбыл облысының Мерке, Луговой, Свердловск, және Қордай аудандарында бір жыл ішінде (1946 ж.) мәдени-ағарту жұмысының меңгерушілері 3 реттен ауыстырылды. Комсомолдар – ауыл жастары арасында кітапты насихаттаудың ең белсенділері болды. ҚКСР Ғылым академиясы комсомолдарының бастамаларымен ауыл кітапханалары, оқу-үйлері және қызыл отаулар үшін, 1946–1947 жылдары республика қалаларында кітап жинау науқаны басталды. 1947 жылдың өзінде қала комсомолдары ауылға 60 мың кітаптар мен брошюралар жинап жіберді. Совхоз кітапханаларына Мәскеу, Ленинград, Алматы т.б. елдің қалаларынан 10 мыңнан аса кітаптар жіберілді.

Кітапхана жұмысының идеялық-теоретикалық деңгейін көтеру шаралары

Соғыстан кейінгі жылдардағы басты міндет – соғыс кезінде қираған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру болды. Осы мақсатта бірнеше маңызды шешімдер қабылданды. КОКП Орталық Комитетінің 1946–1947 жылдардағы қаулылары Республикада кітапхана жұмысының өркендеуіне зор мүмкіндіктер туғызды. Осы орайда, қолжазба материалдарынан біраз

мысалдар келтіріп кетуге болады: ҚКСР Министрлер Кеңесі 1947 жылғы қыркүйек айында „Кітапхана жұмысын жақсарту“ туралы қаулы қабылдап, мәдени ағарту мекемелері комитетіне уақытша жабылған кітапханаларды қайтадан ашып, оларға тәжірибелі кітапханашылар жіберіп, кітап қорын қайта есепке алып, бөлінген қаражаты кітап қорын қайта толықтыруға дұрыс пайдалануды міндеттеді. Қазақстан Коммунистік партия Орталық Комитеті және ҚКСР Министрлер Кеңесінің 1947 жылғы қабылдаған “Көпшілік кітапханалардың жұмысын жетілдіру” қаулысында: “Соғыс кезінде уақытша жабылып қалған кітапханаларды қайта қалпына келтіріп, кітапхана қызметіне Кеңес армиясы қатарындағы әскерден қайтқан жастарды тарту керек”, – деген нұсқауы беріледі.

Соғыстан түскен жараны тез жазып, еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін орасан зор күш жұмсау керек болды. Өнеркәсіп орындарын қалпына келтірумен қатар, жаңадан мәдени-ағарту мекемелерінің үйлерін салу қажет болды. Соғыс жүріп жатқан кездің өзінде басталған құрылыстарды қалпына келтіру жұмыстары соғыс аяқталған соң кең өріс алды. Қазақстан басшылығымен халық шаруашылығының барлық салаларында 1948 жылы жабылған мекемелердің бәрі біртіндеп ашыла басталды.

1948 жылдың соңына таман қалада, ауылдық жерлерде соғыс кезінде қайта жабылған кітапханалар қайта қалпына келтірілді. 1948 жылы Қазақстандағы халық құрылысының әдісімен 326 оқу-үйлері, 89 кітапханалар салынды [268].

Республикадағы кітапхана қызметкерлері өз жұмыстарында келген оқырмандарға бар ынтасымен қызмет көрсетіп жатты. Бұған 1948 жылғы 17 ақпан айындағы Алматы облысы, Талғар аудандық кітапхананың пікір және тілек кітабы естелігіндегі оқырмандардың қалдырған естеліктерінен көруге болады. Соның бірі - Талғар механикаландыру техникумының оқушысы –В.Тютявиннің 25 ақпан айындағы жазып қалдырған пікірі: “Л.З.Фортус басқаратын Талғар аудандық кітапханасы студенттер арасында кеңінен қызмет көрсетті. Кітапхана басшысы өз ісін білетін, педагог, тәрбиеші ретінде жұмыс атқарады. Әр оқырманның кітапқа деген талабын жақсы түсінетін, жас оқыр-

мандарға сыпайы қызмет көрсететін кітапханашы – Сизова Александра Степановна екеуі оқырман қауымының санын көбейтіп, кітапхананың оқу залы орындықтардың жетіспеушілігіне қарамай, өте жайлы болды”, – деп жазады.

Келесі бір пікір қалдырған оқырман естелігінде: “Ұзақ уақыт командировкада жүрген кезімде, бос уақытымды оқу залында өткізген кезімде кітапхана қызметкерлерінің оқырмандардың талап-тілектерін орындау барысындағы қызметтерінен байқадық. Кітапхана қызметкерлері – Саша Сизова және Любовь Захаровнаға үлкен рахметімді айтып, ұзақ өмір тілеймін. Басқа қала, аудандардағы кітапхана қызметкерлері, осы Талғар ауданындағы кітапхана жұмыстарынан үлгі алуы тиіс”, – деп өз лебізін білдірген Қазақ КСР ауыл шаруашылық министрлігінің бухгалтер – ревизоры – Левченко.

1948 жылғы маусым айындағы Облыстық кітапханалардағы мамандар мәселесі туралы, ҚКСР Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемелері жөніндегі Комитеттің “Республикадағы кітапхана ісінің жағдайы” туралы баяндамасынан, Республика бойынша мамандардың ауыр халін байқауға болады. Егер, 1948 жылдың 1 шілдесінде облыстық кітапханаларда 126 қызметкерлер жұмыс жасаса, олардың арнайы жоғары кітапхана білімі барларының саны – 3 (2,5%), арнайы орта кітапхана білімі барлардың саны – 12 (9,5 %) ғана болған.

Партия басшылығының ұйымдастыруымен қала халқы селоларға көмектесуде күш салды. 1948 жылы Солтүстік Қазақстан облысының қала тұрғындарының көмегімен көптеген мәдениет мекемелері салынды. Соның арқасында қалада 5,5 мың кітапхана, 2,5 оқу-үйлері, 150 қызыл отауларға дейін көбейді. Кітапхана мамандарына тапшылықты жою үшін республикадағы жалғыз ағарту техникумы жеткіліксіз еді. Соған байланысты Комитет жоғарыда аталған баяндама, ұсыныстарында мынадай ұсыныс-тілектерін білдірген болатын:

1) 1949-1950 жылдары кітапхана қызметкерлерін жаппай арнайы институттар мен техникумдарда сырттай оқуға тарту;

2) 1949 жылы Қазақ Қыздар педагогикалық институтында кітапхана факультетін ашу;

3) Жамбыл қаласында кітапхана техникумын ұйымдастыру.

Бірақ бұл ұсыныстар да белгісіз себептермен жауапсыз қалдырылып келді. Соғыстан кейінгі жылдары Республикада кітапхана ісінің одан әрі дамуы өзіндік қиыншылықтармен сәйкес келді. Соғыс мәдени-ағарту мекемелерінің (клуб, қызыл отау, кітапхана) жұмысының төмендеуіне әкеп соқты. Оған мамандардың майданға алынуына байланысты олардың қатарының сиреуі, мәдени-ағарту мекемелері орналасқан үй жайлардың босатылып, эвакуацияланған кәсіпорындар мен мекемелерге берілуі, т.б. себеп болған еді [270].

1949 жылдары ауылдағы жаңа мәдениет ошақтары жанынан құрылған қоғамдық қозғалыстар үлкен көмек берді. Қостанай облысының, Таран ауданының интеллигенция өкілдері алға шықты. Олардың патриоттық бастамасымен республика колхоздарында 591 кітапхана мекемелері құрылды.

1945 жылдары Қазақстанда кітапханалар саны соғысқа дейінгі кезеңдегі деңгейден төмен болса, 1950 жылдардан бастап Қазақстанда кітапханалар саны соғысқа дейінгі кезеңдегіден жоғары болды. Комсомолдардың бастамасымен 1950 жылы 270 оқу-үйлері салынды. Жастардың күшімен мекемелер жөндеуден өтіп, оқу-үйлеріне отындар даярланды.

1950 жылы БЛКЖО IV пленумында «Жастар арасында комсомол ұйымдарының мәдени-көпшілік жұмыстарын жақсарту шаралары және жағдайы туралы» мәселелер талқыланды. Пленум өз шешімінде комсомолдардың негізгі міндеті – күнделікті мәдени және ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады, - деп көрсетті. IV пленум комсомол жиналыстарында кеңінен талқылана отырып, оның дамуын іс жүзінде іске асыра бастады. Павлодар облысының Лозов ауданы, Қаратал ауыл комсомолдары пленумның шешімдерін талқылап, оқу-үйлерінің кеңесін құрды. Кеңес мүшелері жұмыс жоспарын құрып, оқу-үйін безендіріп, қабырға газеттерін шығарып отырды. Оқу-үйлерінде халықтың жаңа шыққан газеттерді оқып, лекциялар тыңдап, қойылымдар көруге мүмкіндіктері болды. 200–ден аса колхозшылар оқу-үйіне жиі қатынап, тұрғылықты оқырмандары болды. Шығыс Қазақстан облысының Октябрь ауданының Щит колхозының жігерлі жастары өз күштерімен оқу-үйлерін жөндеуден өткізіп, тақырыптық кештер ұйымдастырды. Ақмола об-

лысының, Ақмола ауданының ‘Победа’ колхозының жастары оқу-үйіне әр саладағы кітаптарды жинап, кітап қорын молайтып, 220–дан құралған колхозшылар тұрақты оқырмандарына айналды.

Ауылдық жерлерде республика бойынша 1950 жылы 198 аудандық және 950 ауыл кітапханалары жұмыс істеді. Сонымен, бес жылдық жоспар бойынша 1950 жылдың аяғына дейін республикаларда кітапханалар 805–ке жетті, яғни 1945 жылғымен салыстырғанда 50 пайызға өсті. Кітап қорлары 1946 жылғы 1 шілде айы бойынша 3.056.000 томды құраса, бесінші бесжылдықта 7890 000 томға жетті. Қазақстанның ауылдық жерлерінде 1949 жылы мәдени ошақтар ашу құрылысына көптеген “еріктілер қоғамы” көмектесті. Қостанай облысы Таран ауданының патриоттық бастамасымен республика колхоздары 591 кітапхана үйлерін салып берді. Сөйтіп, 1950 жылдың аяғында көпшілік кітапханалар саны 4386, яғни 1940 жылмен салыстырғанда 11 пайызға артты.

Республикада кітапхана жүйелерінің тез өсуіне, Ресей мемлекеттік кітапхана институтын бітірген түлектерін Қазақстан еліне жұмысқа бағыттауы, елдегі кітапхана желісінің өрістеуіне, мамандардың сапасының жақсаруына, санының көбеюіне бірден-бір үлкен көмек болды. Бірақта, кітапхана қызметкерлерінің ең төменгі еңбекақы алуы жалғаса берді. Олардың тұрмыс-жағдайларына көңіл бөлінбеді. Сондықтан, 50 жылдары селолық мәдениет ошақтарында білікті мамандар келмеді. Селодағы мәдениет құрылысындағы жетіспеушіліктерге 1951 жылы болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің V съезінде көңіл аударды. Съезд 5–7 жыл ішінде халық шаруашылығының барлық саласына мамандар даярлаудың келешектегі жоспарын өңдеді. Жақын жылдарда, совхоздарда, өндірістерде, оқу орындарында кітапханалар құрыла бастады.

Комсомол ұйымдары және жергілікті мәдениет органдары кітапханаларға, оқу-үйлеріне көптеген комсомолдарды және жастарды іріктеп, олар үшін 2–3 айлық курстар ұйымдастырды. Қазақ КСР А.С.Пушкин атындағы кітапханасы курстардың бағдарламасы мен жоспарын, лекцияларын өңдеп, дайындап беріп отырды. 50 жылдың аяғында комсомол өмірінде ең маңызды

жаңалық БЛКЖО–ның құрылғанына 40 жыл толуы болды. Өздерінің мерейтойларына дайындалуда Қазақстан жастары пайдалы істер істей бастады. Олар көптеген оқу-үйлерін жөндеп, жаңадан салды.

Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстан комсомолдары ауылдардың және селолардың мәдени құрылысына белсенді қатысты. Комсомолдар ауылдарда халыққа мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастырды. Олар кітапхана, оқу-үйлерінің құрылысына қатыса отырып, басқа мекемелердегі кітапханаларда лекция, әңгімелер, тақырыптық кештер, оқырман конференцияларын өткізді. Республика комсомолдары ауылдар мен селолардың мәдени артта қалушылықтарын жоюға үлкен еңбек сіңірді.

Мамандарды даярлауда Ресей, Ленинград, Харьков кітапхана институттары маңызды рөл атқарды. 1950–1953 жылдар ішінде осы институттардан жоғары кітапхана білімін аяқтаған 44 мамандар Қазақстан Республикасының әр облыстарына жіберіліп, 34 кітапхана меңгерушілері және аға кітапханашылар лауазымымен кітапханаларда қызмет атқара бастады [278].

1950 жылы Қазақстанға Ресей мемлекеттік мәдениет институтының кітапхана факультетін тәмамдаған 30 кітапхана ісінің түлектері келіп, олардың бәрі облыс кітапханаларының директорлары, әдістемешілері, библиографтары болып тағайындалды. Олар кітапхана қызметкерлерінің мамандығын көтеруде семинарлар өткізіп, ауыл кітапханаларында жұмыс істеуге, орта мектепті бітірген түлектерге қысқа мерзімді даярлау курстарын жүргізді. Бұл бастама кітапхана жұмысының бірте-бірте қалыпқа келуіне және тез дамуына үлкен әсер берді.

1950 жылы ҚКСР Жоғары Кеңесі Президиумының шешімі бойынша, он жыл бойы кітапхана саласында еңбек еткен кітапхана мамандарына “ҚКСР–на еңбегі сіңген кітапханашысы” деген құрметті атағын беру туралы жарлығы шығады. Бұның бәрі кітапхана мамандарының сапасының бірте-бірте жоғарылауына, санының артуына, кітапхана жұмысының жақсаруына, кітап қорының сапасының өсуіне мүмкіндік туғызды. Осы жылы республика кітапханаларында 636 әйел жұмыс жасаса, олардың 133-і ғана қазақ ұлтынан болды. Осы кезеңде Қазақстанда жұртшылықты тегіс қамтитын тұрғылықты халыққа қызмет

көрсетудің түрлері мен әдістерін құрудың бірыңғай орталық кітапхана жүйесі құрыла бастады. Бұл жұмыс сапасын жақсартып, оқырман құрамын көбейтті. 1950 жылдың аяғында көпшілік кітапханалардың саны 1945 жылы 1686 болса, енді 4386-ға көбейеді.

1950 жылы мәдени-ағарту мекемелер ісі комитетіне көпшілік кітапханаларға мамандар даярлау, оқытындарға 250 сом көлемінде стипендия, тәжірибе жүргізетін жетекшілерге 50 сом айына төлеп даярлауға рұқсат етілді. Осындай бастамалар арқасында 1950–1952 жылдар аралығында 280 адам даярланып шықты. Жыл өткен сайын мәдени-ағарту мекемелерін салуға көп қаржы бөлініп отырды, әсіресе, бұл жұмыс жаңа өнеркәсіптік орталықтар мен игерілген тың аудандарда айрықша шапшаң қарқынмен жүргізілді. Соның бір дәлелі, республика бойынша 400 кітапхана пайдалануға беріледі.

Соғыстан кейінгі 1946–1950 жылдар аралығында, 15 жыл ішінде республикада жаппай кітапханалар қалалық жерлерде төрт есеге, ауылдық жерлерде үш есеге өсті. Әрине, кітапханалар ауқымы кеңейгенімен, ондағы кітапхана қызметкерлерінің жетіспеушілігі айқын көрініп отырды. Бұған себеп біріншіден, кітапхана қызметкерлерінің жеткіліксіз көлемде даярлануы және ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты мамандардың кітапхана қызметін тастап, басқа жұмыстарға ауысуы, екіншіден, 1940–1950 жылдардың басында кітапхана мамандары республикада әр түрлі қысқа мерзімді курстар мен жалғыз мәдени-ағарту техникумында даярлануы себеп болды. Арнайы кітапхана техникумдары мен педагогикалық институттар жанынан “Кітапхана бөлімдерін ашу” туралы үкімет қаулылары мен жобалары белгісіз себептермен жүзеге аспады. Бірақта, Республика бойынша 3, 6 айлық қысқа мерзімді курстар, семинарлар кітапхана қызметкерлерінің мамандығын көтеру жалғастырылып жатты.

1951 жылғы 21 қарашадағы № 959 ҚКСР Министрлер Кеңесінің «Аудандағы және селолардағы кітапхана жұмысын жақсарту шаралары» қаулысында: “Ауыл кітапханаларының кітап қорының көбеюімен және кітапханалар жүйелерінің өсуіне қарамастан, селолық жерлерде кітапхана ісінің дамуы және

жағдайы, өсіп келе жатқан халықтың сұранысынан қалып отырды”,-деп белгіледі. Аудандағы және селолардағы кітапханалардың көпшілігінде көпшілік шараларды өткізу қанағаттанарлықсыз болды. Кітапханалардың тұрақты оқырмандарына колхоз, совхоз жұмысшылары аз қамтылып және халықтар арасында ауыл шаруашылық және саяси әдебиеттерін насихаттау шаралары нашар жүргізілді. Сонымен бірге, кітапхананың кітаптарына есеп жүргізу және сақтау жұмыстары дұрыс жүргізілінбеді. Себебі, халықтар арасында саяси тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарын ұйымдастырудағы кітапханалардың маңызды рөл атқарғандығын, еңбекшілердің кеңес депутаттарының жергілікті атқарушылары бағаламады.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі, ҚКСР Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемесінің ісі жөніндегі комитеттің және жергілікті органдардың ағарту мекемесінің ісі жөніндегі комитетке, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне, ауыл және селолық еңбекшілердің депутаттарына, кітапхана ісіндегі жоғарғыдағы кемшіліктерді жойып, аудандардағы және селолардағы кітапханалардың жұмысын жақсартуда қажетті шараларды қолдануды міндеттеп, төмендегідей ұсыныстарды жасады:

- әр ауданда кітапханалар жүйелерінің дамуына және орналасуына, стационарлық, жылжымалы кітапханаларды ұйымдастыру немесе әр елді мекенде кітап беруді қамтамасыз ету;

- әр аудан кітапханаларында жылжымалы қорды және оқу залын құруға қажетті шараларды қолдану;

- аудандардағы және селолардағы кітапханалардың жұмыстарын жақсартуды қамтамасыз ету, Маркс-Ленин шығармаларын насихаттауды күшейту;

- аудандардағы және селолардағы кітапханалардағы оқырмандардың санын көбейту, әр колхоз жанұя мүшелерінің кітапхананың оқырманы болатындай дәрежеге жеткізу;

- кітапхана қызметкерлеріне мамандарды іріктеуді жақсарту;

- жүйелі түрде екі айлық қайта даярлау курсы және аудандардағы және село кітапханаларындағы кітапхана қызметкерлеріне айлық курстар өткізіп және жаңадан ашылатын село кітапханаларына кітапханашылар даярлау;

– 1952–1953 жылдар аралығында кітапхана қызметкерлеріне аттестация өткізу жоспарланды. Осы жұмыстардың жетілуіне 1951 жылғы кітапхана қызметкерлерінің барлық ведомстволарының республикалық мәжілісі мүмкіндік туғызды.

1951 жылғы 21 қарашадағы Қазақ Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту ісі комитетінің “Республикадағы кітапхана қызметкерлеріне аттестация өткізу” қаулысы кітапхана қызметкерлерінің құрамының сапасының жақсаруына және мамандығын көтеру іскерлігінің жоғары деңгейге көтерілуіне, тұрғылықты елдерге мәдени қызмет көрсетуге негізгі қадам болды. Коммунистік партия және Кеңес өкіметі орта арнаулы оқу орындарында мамандарды даярлауда, соның ішінде, кітапхана ісіне көп көңіл бөлді. Соңғы жылдары комитет және ұйымдар мәдени-ағарту мекемелеріндегі мамандарды іріктеуде, тәрбиелеуде орналастыруда біршама жетістіктерге жетті. Кітапхана қызметкерлері құрамында төменгі білімі барлардың саны азайды. Егер, 1947 жылы білімі төмендердің саны 1,201 болса, ал 1951 жылы 288 адамға төмендеді. Мамандармен жұмыс жағдайының жақсаруына біршама шаралар істелінді. 1950-1951 оқу жылдарында Ақтөбе, Жамбыл қалаларында өкімет шешімі бойынша жыл сайын 120 адамға есептелінген екі мәдени-ағарту училищесі ашылды. Сонда да, ең күрделісі тек Қазақстанда ғана емес, барлық елде білімді мамандар мәселесі болды. 1953 жылы Одақ бойынша селолардағы кітапханашылардың 43,8 пайызының ғана бастауыш және жетіжылдық білімі ғана болса, 20 пайызының арнаулы орта білім, 1,3 пайызының жоғары білімі болды. Республикада кітапхана мамандарын 1 кітапхана техникумы, 2 мәдени-ағарту училищесі даярлап отырды.

50-ші жылдарға дейін республикада кітапханалар үшін жоғары білімді мамандарды даярламады, тек қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру, жұмысына және орта арнаулы оқу орындарының жүйелерін кеңейтуге негізгі көңіл бөлінген еді. Енді 1955 жылдан бастап кітапхана қызметкерлерін даярлаудың жағдайы ілгерілей түсті. Бұған дәлел, осы жылы (1955 ж.) Көкшетауда кітапхана техникумы ашылса, 1956 жылы Қазақ қыздар педагогикалық институтында кітапхана бөлімі ашылып, кейін өз алдына жеке факультет болып қалыптасады. Осыған

дейін Қазақстан үшін мамандар Ресей, Ленинград, Харьков институттарында даярланып келген болатын. Біртіндеп кітапханаларды мамандармен қамтамасыз ету жақсара бастады. Селолардағы мәдениет мекемелеріне арнап, ҚКСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемесі жөніндегі комитеті әр облыстарда комсомолдармен бірге селолық оқу-үйлеріне бағытталған қысқа мерзімді курстар өткізді. 3,6 айлық курстар, мәдени-ағарту мектептері құрылып, облыстық және аудандық мәдени-ағарту қызметкерлерінің семинарлары өтілді. Ресей қаласында мәдени-ағарту қызметкерлерінің мамандығын көтеру институты жұмыс істей бастады.

1953 жылы ҚКСР Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемесінің ісі бойынша Комитет жүйесінде 4462 кітапханалар және клуб мекемелері болды, онда 6217 қызметкерлер қызмет істеді. Білімдері бойынша: жоғары біліммен 185 адам, оның ішінде, арнаулы жоғары біліммен 55 адам, араларында бірде-бір қазақ болмады. Аяқталмаған жоғары біліммен 1732 адам, оның ішінде арнаулы орта біліммен 3748 (7,8,9 кл.) адам, төменгі біліммен 377 адам, оның 3109-ы қазақтар, 2331-і орыстар, 877-і басқа да ұлт өкілдерінен болды. Осы жылы Мемлекеттік Халықтық және Республикалық балалар кітапханаларының қызметкерлеріне аттестация өткізілініп, олардың құрамында: 16 облыстық, 54 қалалық, 197 аудандық, 59 орталық, 126 балалар және 728 село кітапханаларының қызметкерлері болды. Аттестацияның өтілуі мемлекеттік көпшілік кітапханаларды білікті мамандармен толықтыруға мүмкіндік туғызды. Селолық жерлердегі қызмет атқарып жүрген кітапхана қызметкерлерінің 1128-нің жоғары білімі болмады, ал, орта арнаулы білімі барлардың кітапхана қызметкерлерінің саны – 45, жоғары оқу орнын бітірмегендер 21, орта білімі барлар 349, орта білімін толық аяқтамағандар 663 қызметкер болды.

Республиканың орасан зор байлықтарының коммунизм үшін қызмет етуі Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің тиынақты ұйымдық жұмысы, бүкіл кеңес халқының қажырлы еңбегінің жемісі. Әрине, Қазақстан құлазыған тың және тыңайған жерлерді тек қана өз күшімен игере алмаған болар еді. Оған жалпы халықтың көмегі көрсетілді. 1954 жылы КОКП Орталық

Комитетінің ақпан-наурыз пленумында елімізде азық-түлік мәселесін шешу үшін шығыс аудандарда тың және тыңайған жерлерді игеру туралы шешімдерінің маңызы айрықша еді. Оны игеруде Қазақстан кеңінен қатыстырылды. Тың өңіріне жүздеген мың қонысшылық келіп, оларды орналастыру, материалдық – мәдени мәселелерін шешу күрделі іс еді. Ауыл, селоларда жүздеген совхоздар ашылды, жаңа қалалар бой көтерді. Жергілікті кеңестер партия органдарымен бірігіп жаңа мәдениет ошақтарын ұйымдастыруға көптеген жұмыстар жүргізді. Тек 1954 жылдың өзінде 600 бюджеттік кітапханалар мен клубтар, оның 80 % -дың және тыңайған аудандарда ашылды. Ауыл-село мәдени мектептеріне мемлекеттік ғылыми мекемелер, оқу орындары, қоғамдық ұйымдар материалдық көмек ретінде 225 мың кітап және 100 музыкалық аппараттар берді. Әсіресе, республика жастары бір жылдың ішінде жұмыстан тыс уақыттарында 50 клубтар мен қызыл бұрыштар салып, 10-нан аса мәдени мекемелерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Еліміздің көптеген қалаларындағы қамқоршылары мәдени ошақтарын қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтауға көмектесті. Тек, Қазақстан қалаларының өзінен ғана жаңа жерлерде құрылған совхоздарға 225 мың кітаптар жіберілді. Бұқараға күшті әсерін тигізетін құралдың бірі – кітап. Сондықтан да коммунистік құрылыста кітапхананың маңызы өте зор болды.

Халық шаруашылығының жоспары бойынша 1954 жылға дейін 330 жаңа кітапханалар ұйымдастыру қаралды. Бірақта, республиканың ауылдық жерлеріндегі кітапхана ісінің жағдайы және дамуы еңбекшілердің өсіп жатқан мәдени сұраныстарынан қалып отырды. 1954 жылдың басында 12 мың елді мекені бар республикада көпшілік ауыл шаруашылық кітапханалар 2,7 есе аз болды. 3028 колхоздың тек 187 ғана кітапханалары болды. 1954–1956 жылдары республикада колхоздардың, совхоздардың қаржыларына мәдени-ағарту мекемелерінің құрылысы басталды. Қабылданған шаралардың арқасында селолық көпшілік кітапханалар саны өсті. Қостанай облысы, Таран ауданының өзінде бір жыл ішінде 8 кітапхана салынып, 22 жаңа кітапхана ашылды. Мысалы, Ақмола облысында 180–ге, Қостанай облы-

сында 160-қа, Көкшетауда 135-ке, Шығыс Қазақстанда 98 шамаға дейін өсті.

Республикада мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарының жағдайы еңбекшілердің өсіп жатқан сұранысын қанағаттандыра алмайтын жағдайда, – деп ҚКСР Министрлер Кеңесі және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің,, Республикадағы мәдени-ағарту жұмыстарының жағдайы және жақсарту шаралары“ атты 10 қыркүйектегі 1955 жылғы қаулысында атап өтті. Көптеген оқу-үйлері, кітапханалар, қызыл отаулар өз жұмыстарында халық шаруашылығын дамытудағы партия мен өкіметтің шешімдерін нашар насихаттап өнеркәсіптегі және ауыл шаруашылық өндірістеріндегі озат жұмысшылардың тәжірибелерін нашар таратты. Кітапханалардың жүйесі баяу өсуде. 155 селолық ауыл кеңестерінде мемлекеттік кітапханалар, 2500 колхоздарда колхоз кітапханалары, 56 ауданда кітап дүкендері болмады. Көптеген кітапханалардың оқу залдарының өз бөлмелері болмай, көбінесе, селолық, ауылдық депутат кеңестерінің қабылдау бөлмелерінде орналасты, ал кейбірі тек қағаз түрінде ғана есептелінді. Қостанай облысының Таран ауданы еңбекшілерінің ынта – жігерінің арқасында, ауылдарда жаңадан мәдениет ошақтарын құруға және мәдени-ағарту мекемелерінің базасын жақсартуға үлкен демеу көрсетіп, республиканың колхоздарына осы мақсатқа 200 миллион сомнан жоғары қаржы бөлді. Бірақта, жергілікті партия және кеңес органдары колхоздардағы жаңадан салынып жатқан және жөндеуден өткізілінетін мәдени-ағарту мекемелерінің құрылыстарын қадағалауы нашар жүзеге асырылып жатты. Көптеген жергілікті партия және кеңес органдары, Қазақ КСР-ның Мәдениет Министрлігі және оның органдары колхоздардағы мәдениет мекемелеріне басшылық жүргізуге өздерін шеттетті. Олар колхоз жүйелерінің тез өсуіне, ауыл шаруашылығының барлық салаларының жоғарылауына, мәдениет жұмысының көтерілуіне, мәдени-ағарту мекемелерінің, соның ішінде, кітапханалардың үлкен маңызды рөл атқарғандығын және атқаратындығын есептемеді. Осыларды ескере отырып, ҚКСР Министрлер Кеңесі және Қазақстанның Орталық Комитеті төмендегідей мәселелерді қарастырды:

1. Облыстық, қалалық және аудандық еңбекшілердің кеңес депутаттарының атқару комитеттеріне, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарын бағаламауды доғару және оқу-үйлеріне, кітапханаларға басшылықты жақсартып, оларды социалистік мәдениеттің ошағына айналдыру.

2. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне мәдени-ағарту мекемелерінің мамандарын нығайтуда, үгіт жұмыстарын жүргізуде тәжірибесі бар және білімі сәйкес келетін комсомолдарды, коммунистерді осы жұмысқа бағыттау және 1955–1956 жылдар аралығында кітапханаларды орта білімі бар, талапты мамандармен толықтыру.

3. Ауыл шаруашылық Министрлігі, ҚКСР Мәдениет Министрлігімен бірлесе отырып, жыл сайын кітапхана меңгерушілеріне даярлық курстарын өткізу.

4. ҚКСР Мәдениет Министрлігіне 1955–1956 оқу жылдарында Көкшетау және Лепсі педагогикалық училищелерінің базасынан кітапхана техникумын ұйымдастыру міндеттелінді. Осындай міндеттемелердің арқасында біртіндеп кітапханалардың дамуы өріс алды. Ұлы Октябрьдің 40 жылдығына орай мәдени - ағарту мекемелерінің құрылысы мен олардың қызметінің жақсаруына көптеген колхоздар өз міндеттемелерін сәтті орындады. 1956 жылы 22 клуб және 9 кітапханалар, 67 қызыл үйлер салынды. Осындай құрылысты сәтті жүргізіп жатқан Талдықорған облысындағы Ақсу, Киров, 28 гвардияшылар аудандары. Мысалы, Қостанай облысының Таран ауданы еңбекшілерінің үндеуін талқылауда облыс колхоздары 1957–1958 жылдар аралығында 585 мәдени-тұрмыс мекемелерін салуға міндеттеме қабылдап, оған 50 миллион сом қаржы бөлінді. Осы жылдар ішінде 9 кітапханалар мен 67 қызыл отаулар салынды.

Өз ынталарымен құрылысты жүргізуде бірқатар кемшіліктер орын алып жатты. Колхоздардың экономикалық тәуелсіздігі, ауыл шаруашылық өндірісінің төмендеуіне әкелді. Біздің көзқарас бойынша өз ынтамен құрылыс жүргізу, басшылықтың колхоздар мен совхоздардың қаржы есебінен әлеуметтік міндеттерді шешу әрекеті еді. 1955–1956 жылдары ауылдар мен селоларда 300 кітапханалар, 50 оқу-үйлері салынды. Әйтсе де

көптеген ауыл және 100 аса кітапханалардың өз ғимараты болмады, кейбір ауыл, селоларда халықтың рухани мәдениетін көтеретін кітапханалары да болмады. Кітапханалар кітап қорларымен толықтырылмады. Баспалар мен кітап сауда орталықтары ауылдағы тұрғындарды кітаппен нашар қамтыды. 1955–1956 жылдары селодағы халықтың күшімен республикада колхоздардың қаржысына 300 кітапхана, 50 оқу-үйлері салынды.

1953 пен 1958 жылдар ішінде Республикада мемлекеттік көпшілік кітапханалар саны 2 есеге өскен. Мысалы, Қостанай облысының Таран ауданының еңбекшілерінің бастамасымен соңғы жылдары 1600 мәдениет үйлері салынған, оның ішінде кітапханалар да орын алады. Әр мекемелер жиһаздармен қамтамасыз етілді.

Соғыстан кейін көптеген облыстарда көптеген кітапханалардың жүйесі кеңейе түсті. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында 184 оқу-үйлері, 1 облыстық кітапхана, 19 аудан кітапханалары, 5 орталық кітапханалар, 10 балалар кітапханалары, 54 ауыл кітапханалары, 3 қала кітапханалары болды. 1959 жылы Жамбыл облысының Қордай ауданының еңбекшілері селоларда мәдениет ошақтарының жұмысын жақсарту барысында жаңадан құрылыс жұмыстарын жүргізе бастады. Осы жылы халыққа жаңадан 16 кітапханалар салынып қызмет көрсете бастады. Алайда өсіп жатқан кітапханалар жеткіліксіз болды. Көптеген алыс елді мекендерде кітапханалар атымен болмады. Көптеген қала және аудандық кітапханалар басқа мекемелердің ғимаратынан кішкентай бөлмелерді жалға алып қызмет жасады. Жеке мекемелерінің жоқтығы, бөлмелердің тарлығы кітапхана жұмысын қиындатты. Мысалы, 1959 жылы Жамбыл облыстық кітапханасы бірнеше квадрат метрден тұратын бөлмеде күніне 250–300-ге жуық оқырмандарға қызмет көрсетіп отырды. Ал, 1959 жылы республикада 2537 бюджет кітапханалары, 399 оқу-үйлері қызмет көрсетті.

Кеңес Одағының Коммунистік партиясы, Лениндік Орталық Комитеті елімізде кітапхана ісінің дамуына ұдайы қамқорлық жасап келеді. Партияның кеңес адамдарына саяси-идеялық және мәдени өсуіне әрдайым қамқорлығын төмендегі қаулылары айғақтайды. Солардың бірі, ҚКСР Министрлер

Кеңесінің 1959 жылғы 18 сәуірдегі “Колхоздардың толық қарамағына жеке бюджеттегі оқу-үйлерін, қызыл отауларды тапсыру” қаулысында: Селоларда мәдени-ағарту жүйелерінің дамуына және материалдық-техникалық базасының нығаюына кеңес органдары үлкен маңызды жұмыстар атқарды, – деп атап өтілген.

Еліміздегі көпшілік кітапханалардың саны төңкеріске дейінгі уақытпен салыстырғанда 10 еседен астам, олардағы кітап қоры 69 есе артты. Ал, 1950 жылмен салыстырғанда көпшілік кітапханалар саны 1740–қа 40%, бұлардың ішінде ауылдық жерлерде 1452 кітапханаларға, 38 % көпшілік кітапханалар қоры 4,2 есеге, ал ауылдық кітапханаларда 4,7 есеге өсті. Оқырмандардың саны үздіксіз өсіп жатты.

Кітапханалар – партия съездерінің шешімдерін іс жүзіне асыра отырып, кітаптарды насихаттауда жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенция өкілдерінің дәрежесін арттыруға көмектесіп, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде партия, кеңес және қоғамдық ұйымдарға практикалық көмек көрсетіп отырды. Бірақта кітапхана жұмысының мазмұны мен дәрежесін КОКП Орталық Комитетінің шешімінде көрсетілгендей, коммунистік қоғам орнатуды кеңінен өрістету міндеттеріне көп жағдайда сай келмей отырды. Себебі, кітапханалардың көпшілігі өндірістік өмірден қол үзген, еңбекшілердің саяси, өндірістік, көркем, ғылыми-техникалық және анықтама әдебиеттер жөніндегі күннен-күнге өсіп, отырған қажетін қанағаттандыра алмай келді. Өзінің ғылыми және практикалық мәнін жоғалтқан ескірген әдебиеттер кітапханаларда көбейіп кеткен, ал өндірісті механикаландыру, автоматтандыру және өндіріс технологиясы сияқты білімнің аса маңызды салалары жөнінен жақсы кітаптар жетіспеді, ауыл шаруашылығының маңызды салаларынан әдебиеттер болмады.

Жоғарыда айтқанымыздай, Кеңес Одағының Коммунистік партиясы, Лениндік Орталық Комитеті елімізде кітапхана ісінің дамуына ұдайы үзбей қамқорлық жасау үстінде. Мысалы, КОКП Орталық Комитеті 1959 жылғы 22 қыркүйекте “Еліміздегі кітапхана ісінің жағдайы және оны жақсарту шаралары” туралы арнаулы қаулы қабылдады. Бұл қаулыда: “Кеңес өкіметі жыл-

дарында елімізде кітапхана ісінің едәуір дамығандығын атап көрсетеді. Кітапханалар партия съездерінің шешімдерін іс жүзіне асыра отырып, кітаптарды насихаттау жөнінде едәуір жұмыс атқарып, жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның жалпы білімін саяси мәдени, ғылыми-техникалық дәрежесін арттыруға көмектеседі, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде партия, кеңес және қоғамдық ұйымдарға практикалық көмек көрсетіп отыр”, – делінген. Қаулыда әрбір кеңес адамының бойында Коммунистік қасиеттерді тәрбиелеу ісінде кітапты бұрынғыдан да толық пайдалану, кітапханаларды шын мәнісінде саяси, ғылыми-техникалық, ауыл шаруашылық пен кәсіптік білім салаларын насихаттайтын орталыққа айналдыру, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде партия ұйымдарының сүйеніш пунктіне айналдыру міндеттері қойылды.

Бұдан кітапхана рөлін партияның қандай жоғары бағалайтынын көреміз. Коммунизмге жақындаған сайын кітапхана ісінің маңызы арта береді, өйткені, коммунизм орнату үшін халықтың рухани мәдениеті жан-жақты гүлденуі тиіс. Сондықтан, кітапсыз білім болмаса, білімсіз коммунизм жоқ. Қазақстан кітапханалары Коммунистік партия қойған міндеттерді абыроймен орындау үшін нақты іске жұмыла кірісті. Олар кітапты еңбекшілердің қызмет ететін жерлеріне, кәсіпорындарына, жатақханаларға, қала мен поселкелердің шеткері бөліктеріне, мал фермалары мен егін бригадаларына, мекемелерге жеткізді. Тың облыстарында барлық хат танитын адам кітапхананың тұрақты кітап оқырманына айналды.

Оқырмандардың көбеюі – кітапханалар жұмысының жақсаруының айғағы. Әрбір кітапхана өзі қамтитын елді мекендер мен үйлерді анықтап, керек болған жерде жаңа филиалдар, жылжымалы пункттер ашты, кітап тасушылар жұмысын ұйымдастырды. Кітапханашылар әр үйді, не отбасын кітапсыз қалдырмауға көңіл бөлді. 1959 жылғы Мәдениет министрлігіне қарасты көпшілік кітапханалардың оқырмандар саны 1820 мыңды құраған кітапханаларға 28,7 миллион кітап, журналдар, брошюралар бөлінді.

1960 жылдың басында 11 миллион халқы бар республикада 1 көпшілік кітапханаға 5 елді пункттер кірді. Орал, Ақтау,

Қарағанды, Семей облыстарында 8, 10 елді пункттері болды. Бір көпшілік кітапхана 1763 адамға қызмет көрсетті. Кейбір облыстарда бұл көрсеткіш жоғары болды. Мысалы, Шымкентте 2118 оқырманға қызмет көрсетсе, Павлодарда 1957 оқырманға қызмет көрсетті. Республиканың әр ауылдық кітапханасында орта есеппен кітап қорында 3384 кітаптары болды. Бірақ, Қазақстан кітапханаларының материалды-техникалық базасы дұрыс жағдаймен қамтылмады. 1960 жылдары облыс, аудан кітапханалары жайсыз ғимараттарда орналасты. Мысалы, Ақмола облысының 30 кітапханасы, Көкшетау облысының 35 кітапханаларының өз мекемелері болмады. Осындай көріністі әр облыстан көруге болатын еді. Бұның негізгі себебі, 1960 жылдары республикада кітапханалық қызмет көрсету елді пункттерде 50,8 пайызға және Қазақстан еңбекшілерінің 69,8 пайыз ғана қамтыды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша республикада 2–3 мыңнан аса кітапханалар салу керек болды. Осыған байланысты, республикада жаңа кітапханалар ұйымдастыруда қала, ауылдық жерлерде үлкен жұмыстар жүргізілді. Республиканың мәдениет министрлігінің жүйесі бойынша 1100 кітапхана қайтадан ұйымдастырылды. Коммунистік құрылысты ілгері жылжытуда кітап байлығын еңбекшілерге жақындатып, оқырмандарға қызмет көрсету түрлерін іске асыру міндетін қойды. Мәскеу және оның облыстарының кітапханаларында ашық қор қызметі жүргізілінді. Осы мақсатта, Қазақстанда өз кітап байлығын ашық қор жасап, қорлардан ескірген әдебиеттерден тазартып, Қазақстан және оның әр жеке облыстарына арналған әдебиеттер жеке қор болып, бөлініп отырды. Кітапханалар оқырмандарына арнап ашық тақырыптық көрмелер ұйымдастырды. 1960 жылы 7381 жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылып, жалпы республикада барлығы 14 мың жылжымалы кітапханалар халыққа қызмет көрсетіп жатты. Көптеген мысалдарда интеллигенция өкілдерінің көпшілік кітапханаларының қызметін жақсарту барысында түрлері мен әдістері ашылып, оқырмандарды тарту, дала бригадаларында, алыстағы мал шаруашылығы фермаларында қызмет көрсетуде партия ұйымының кітапханалардың өсуі және кітап қорын жаңа кітаптармен толықтырудағы қамқорлығы айқын көрінді. Бұған мы-

сал, 1960 жылдары солтүстік облыстарда 1834 селолық кітапханалар халыққа қызмет көрсетіп, ондағы кітап қоры 6763,5 мыңды құрады.

Коммунистік Партия ОК қаулысына сай 1960 жылы Қазақстанда республикалық бірыңғай ведомствоаралық жоспары жасалып, халықты кітапхана қызметімен түгел қамту мақсаты көзделген-ді. Бұдан кейінгі жылдары осы жоспар бойынша тек Мәдениет министрлігі жүйесінде 1455 жаңа кітапхана ашылып, кәсіподақтарының, мектептердің кітапханалары да көбейді, түрлі ведомстволардың ұсақ кітапханалары бірлестірілді. Бұл күндерде ауылдық және селолық кеңесте бірден, екіден кітапханалар бар. Совхоз бен колхоздардың бригадаларын, фермаларын, бөлімшелерін, жұмысшылардың жатақханаларын кітаппен жылжымалы кітапханалар қамтамасыз етеді. Жаңа кезеңде бұлардың саны екі есеге өсті. Соңғы жылдары кітапханаларды басқару жұмысы да жақсарып келеді. Барлық ведомстволар кітапханаларының жұмысында үйлесімділік болу үшін Мәдениет министрлігі, облыстық мәдениет басқармасымен, аудандық бөлімдері жанында ведомствоаралық кітапхана кеңестері құрылып, олар әрбір саладағы кітапханалар жұмысын үнемі зерттеп, партия және кеңес орындарының қарауына тиісті ұсыныстар жасап отырды. Осындай ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмысты Мәдениет министрлігінің кітапханалар бөлімі де жүргізеді.

А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік, республикалық балалар, облыстық және аудандық кітапханалар басқа ведомстволардың кітапханаларына, ал республикалық ғылыми-техникалық кітапхана осы саладағы кітапханалардың жұмысына әдістемелік басшылық жасайды. Орталық ауыл шаруашылық кітапханасы, ҚКСР ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты ғылыми-зерттеу институттардың кітапханаларына жәрдемдеседі.

Кітапханалардың басты міндеті – партия мен үкіметтің саясатын халыққа түсіндіру, кеңес адамдарының коммунистік саналылығын арттыруға ықпал ету болды. Мұндай мақсаттың ойдағыдай орындалуы кітапханалардың бай қазынасын дұрыс пайдалануға, оқырмандармен көпшілік және дербес ұйымдас-

тыру жұмыстарын үнемі ғылыми негізде жүргізіп отыруға байланысты болды.

Коммунистік партия ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуде техникалық және ғылыми әдебиеттерді ауыл мен селоларда насихаттаудың маңызының зор екендігін, ауыл шаруашылығын өрге бастыру міндеті – техникалық кітаптар тарату ісін қалада ғана емес, ауыл-селода да күшті қарқынмен жүргізуді талап етеді.

1960 жылғы маусым айында өткен республика кітапхана қызметкерлерінің І-ші съезі ауыл шаруашылығы әдебиетін насихаттауға назар аударып, барлық облыстарда кітапхана қызметкерлерінің конференцияларын өткізді. Қабылданған қаулыларда, үндеулерде және міндеттемелерде селолық кітапханалар алдына қойылған басты міндет – колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының мәдени дәрежесін арттыруға көмектесу.

Кейінгі он жыл ішінде Мәдениет министрлігінің кітапханалар жүйесі 1,3 есе, ондағы кітап қоры 2,5 есе артып, оны республика халқының 50 пайызы пайдаланатын болды. Малшыларға қызмет көрсетуде кітап саудасы базарларын, шағын кітапхана посылкаларын жасау, жылжымалы кітапхана ұйымдастыру сияқты жаңа жұмыс түрлері пайда болып, ол кітап таратуға игі әсер етті. Сөйтіп, 1950–1960 жылдар арасында республикада жылжымалы кітапханалардың жүйесі артты.

Кітапханаларды – насихаттың ошағына, халыққа идеялық тәрбие беретін орталыққа айналдырған Қазақстан Коммунистік партиясының атқарған абыройлы ісі болды. Село халқының, әсіресе, малшылардың мәдени дәрежесін көтеру жөнінде Алматы облысының Іле аудандық кітапханасы көптеген жұмыстар атқарады. Оқу залында: “КОКП XXIV съезінің шешімдерін жүзеге асырайық”!, “КОКП – кеңес халқының коммунизм жеңісі жолындағы күресінде басшы және бағыт беруші күш”, “Біздің ауданымыздың коммунистік ертеңі”, “Озаттарға теңелейік” атты кітап көрмелері, түрлі фотосуреттер және диаграммалар жасады. Мұнда «Коммунистік еңбек жеңеді» атты тақырыптағы 500 – ден астам малшылар, механизаторлар, диқандар қатысқан оқушылар конференциясы қызықты болып өтті. Ол: “Ынталы еңбегіміз қоғам игілігіне”, – деген ұранмен өтті. Онда сөз алған

“Білім” қоғамының лекторы Ж. Дүйсенбин, “Алматы” колхозының ферма меңгерушісі А. Соловьева, кітапханашы М.В.Штабалар, механизатор Понамаревтар болды. Өз әңгімелерінде олар аудан және облыс өмірінен мысалдар келтірді. Конференция ізсіз өткен жоқ, ол көркем әдебиетке құмарлықты күшейтті. Мәселен, конференцияға қатысқан сауыншы – Б. Оразалиева кейінгі жылдар мерзімінде 36 кітап шамасында оқыған. Осы облыстың Мичурин атындағы колхозының «Қызыл ту» учаскесіндегі селолық кітапханада өткен әдеби кеш сауыншылардың есінде ұзақ сақталып қалды. Кешке жоғарғы класстың оқушылары шақырылды. Кеш тақырыбы: “КОКП XXII съезі және мал шаруашылығын өркендетудің міндеттері”, – деп аталды. Кешке екі ай бойы дайындық жасалды. Фермада КОКП XXII съезі туралы лекциялар оқылып, әңгімелер айтылып, озат тәжірибе туралы кітаптар мен кітапшалар, алғашқы коммунистік сенбілікті бастаушылар туралы повестер мен әңгімелер таратылды. Кеш сауыншылардың белсене қатысуымен өтті. Соңғы жылдары малшылар қатарына комсомолдар мен жастардың үлкен тобы қосылды. Олар кітапсыз, газетсіз білімнің және оның басқа салаларынан нәр алып сусындамай өмір сүре алмайтынын, дәріптеді. Олардың көбі кешкі мектептерде, жоғары оқу орындары мен техникумдарда сырттай оқиды. Кітапхана оларға да көмекке келді. Мәселен, Алматы облысының Түрген селосындағы кітапхана сырттан оқитын малшыларға көмек көрсететін кеңестік пункт ашты. Алматы облысының Қаскелең ауданындағы “Заря Восток” колхозының кітапхана меңгерушісі – И.Л.Кривенчук сырттан оқитындардың тілегіне орай қажетті кітаптарды республикалық А.С.Пушкин атындағы кітапхананың кітапханааралық абонементі арқылы және көптеген қалалардың библиоколлекторларынан кітаптар жаздырып алып отырды. Шымкент облысындағы Калинин атындағы колхоздың шопандары колхоз кітапханасының тұрақты оқырмандары болды. Мәселен, шопан – А.Халметов 32 саяси және көркем әдеби кітаптар оқыды. Сөйтіп, кітапхана жүйесінің кең қызмет көрсетуі және оның жаңа жұмыс түрлері малшылардың мәдени және жалпы білім дәрежесін көтеруге көмектесті. Мыңдаған малшылар кешкі мектептерде, жоғары оқу орындары мен техникумдарда сырттай

оқып, олардың көпшілігі әртүрлі мамандықты игеріп, кәсіби дәрежесін арттырды. Бұл істе кітапханалар көптеген игі істер атқарып отыр. Олар село өмірінің бұлжымас бөлігі және село еңбеккерлерінің еңбекке, оқуда және демалыста лайықты қамқоршысы болды. Кітапхана адамдар алдында өлшеусіз ақыл, сұлулық пен қайырымдылық дүниесін іздену мен табыстар дүниесін жайып салады. Малшылардың мәдени дәрежесін көтеруге кітапханамен бірге қызыл отаулар да үлкен рөл атқарды. Олар шопан өмірінің ерекшеліктеріне бейім, шопандармен бірге жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп жүруге ыңғайлы болды.

Алматы облысының Балқаш ауданындағы Малайсары қызыл отауы (менгерушісі Ш. Бухатов) малшылардың сүйікті мәдени демалыс орнына айналған. Қызыл отау 8 түрлі газеттер, 14 журналдар жаздырып алды. Кітап қоры 4600-ді құрады. Сонымен қатар, қызыл отау малшылардың рухани байлығын жаңартуда радиоқабылдағыш, музыкалық аспаптармен толықтырылды. Мәселен, шопан – О. Әміржанов 11 кітап алып оқыды, олардың ішінде Ажаевтың “Москвadan алыста”, Мустафиннің “Дауылдан кейін”, Шолоховтың “Тынық Дон”, Толстойдың “Азапты сапар” романдары және басқа шығармалары болды.

Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы қызыл отауды 20 жылдан астам уақыт бойы – М. Көкенов басқарды. Ол басқаратын қызыл отау “Талап”, “Бірлік” совхоздары шопандарына мәдени қызмет көрсетіп келеді. Шопандар О.Әбілов, М.Шылысбаев қызыл отаудың белсенділері. Олар тақырыптық кештерді әзірлеуге, өткізуге көмектесіп, малшылар арасында лекциялар, баяндамалар ұйымдастырды.

Жоғарыда аталған кітапхана, қызыл отау ошақтары малшыларға коммунистік тәрбие беруде сөз жоқ үлкен рөл атқарды. Алайда, олар барша малшыларға қызмет көрсетуді өскелең талапқа сай қанағаттандыра алмады. Біріншіден, мал отарларында мәдениет ошақтарын құру малшылар талабынан кенже қалып келді. Екіншіден, жұмыс ерекшеліктері мен тұрмыс жағдайы малшылардың орталық мекендері, тіпті, жайылымдардағы тұрақты мәдени мекемелерінің қызметін пайдалануына мүмкіндік туғызбады, үшіншіден, малшылар өмірінде үлкен саяси-әлеуметтік сипаты бар өзгерістер болды. Кітап, газет күнделікті өмір

мұқтажына айналды. Мұның бәрі республика партия ұйымы алдына шалғай қыстаулар мен жайлауларда орналасқан малшыларға тұрақты мәдени қызмет көрсетудің мәселесін шешуді қойып отыр.

Ауыл шаруашылық білімді насихаттауда үлкен көмекті кітапханалар берді. Кітапханада ауыл шаруашылық өндірісі жайлы жазған авторлардың кітаптарына арнап оқулар өткізіп отырды. Мұнда кітапхана жұмыстарында да біраз кемшіліктер орын алды. Іріктеліп алынған ауыл шаруашылық кітапханаларға тексеріс жүргізген кезде, кітап қорындағы ғылыми әдебиеттердің аз қолданылатыны байқалды. Үкімет Республиканың селолық жерлерінде кітапхана ісін жақсарту үшін, кітап қорын көбейтіп, оқырмандарды қатыстыруды талап етті. Жалпы, Қазақстандағы село кітапханаларының артта қалу себебі, ондағы мәдениет саясатының әкімшіл-тоталитарлық жүйенің идеологиясына және ұрандарына бағынды. Адамның ішкі рухани сұранысына көңіл бөлінбеді. Мәдениеттің және білімді дамыту міндеттері, экономиканың дамуының міндеттерінің іске асуымен тығыз байланыста болды.

Ауылдарда мәдени құрылысты шешудің жаңа әдісі қарастырылып жатты, соның бірі – өз ынталарымен құрылысты жүргізу үлкен рөл атқарды. Өз ынталарымен 1956–1960 жылдары Қазақстан колхоздары мен совхоздары 591 кітапханалар салынады.

1960 жылдарда кітапхана ісі республикада үлкен даму қарқында болды. Еңбекшілердің қарамағында 24 миллион қоры бар 6 мың көпшілік кітапханалар қызмет көрсетті. Қазақстанда кітапханалар жүйесі 43 есеге, ал кітап қоры 245 есеге көбейді. Көптеген кітапханалар КОКП ХХІ съезінің шешімдерін насихаттауда партия ұйымдарының байыпты көмекшілері болды. Әлде де кейбір кітапхана жұмыстарында да біраз кемшіліктер орын алды. Мысалы, кішігірім кітапханаларда оқырмандармен жұмыс нашар қойылды. Еңбекшілердің саяси, техника, ауыл шаруашылық және көркем әдебиеттерге деген сұранысын қанағаттандыра алмады. Механикаландыру, автоматтандыру және өндіріс технологиясы сияқты білімнің аса маңызды салалары жөнінен жақсы кітаптар жетіспеді, ауыл шаруашылығының

маңызды мәселелері, озат тәжірибелері туралы әдебиеттер, түрлі бұқаралық мамандықтардың қызметкерлеріне көмектесетіндей көпшілікке арналған кітаптар жетіспеді. Кейбір кітапханаларда бұқаралық жұмыс қанағаттанарлықсыз жүргізіледі, кітаптарды оқырмандарға жеткізіп берудің сан алуан түрлері нашар пайдаланылып, жаңадан алынған әдебиеттер жөнінде хабарлап отыру жолға қойылмады. Халық арасында, әсіресе мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері арасында библиографиялық білімді насихаттау ісі өте нашар жүргізілді. Осылардың салдарынан халықтың едәуір бөлігі кітапханалардың қызмет көрсетуінен тысқары қалып қойып, өз беттерінше кітаппен жұмыс істеуі үшін қажетті көмек ала алмады. Шығарылған әдебиет көрсеткіштері коммунистік құрылыстың тәжірибелік қажетінен көпшілік жағдайда аулақ жатты. Техникалық прогресс, өндіріске комплексті механикаландыруды және автоматтандыруды енгізу, еңбекшілердің идеялық-саяси және ғылыми-техникалық дәрежесін арттыру міндеттеріне сай болмай отырды. Ғылымның, техниканың, өндірістің нақты мәселелері жөнінен оқырмандардың әртүрлі топтарына арналған көмекші құралдар өте аз шығарылды. Бұқаралық мамандықтардың қызметкерлеріне көмекші құралдар жоқтың қасы. Бірақ осыған қарамастан белгілі бір мәселе жайында біртектес библиографиялар жиі-жиі шығарылды. Мұның өзі қажетсіз қосарлылық туғызып, мемлекет қаржысын бет алды шашушылыққа ұшыратты. Көптеген кітапханалардың материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлықсыз жағдайда еді. Кейбір кітапханалардың өзіне тиісті мекемесі және оқу залдары болмай, жарамсыз, жұмысқа қолайсыз орындар мен жекеменшік үйлерде орналасты. Кітапханаларда үстел, орындық, каталог қоятын жәшіктер мен сөрелер жетіспеді. Колхоздардың, тұтынушылар және кәсіпшілік кооперацияларының қаржылары есебінен кітапхана үйлерін салуға айтарлықтай көңіл бөлінбеді. Кітапхана мамандарын іріктеп алу және тәрбиелеу жұмысы нашар жолға қойылды. Мемлекеттік көпшілік кітапхана қызметкерлерінің 70 пайызына жуығының арнаулы кәсіби білімдері болмады. Материалдық жағының төмендігінен кітапхана қызметкерлері тұрақтамай, басқа жұмыстарға жиі ауысып отырды. Кітапхана

жұмысының кейбір ұйымдастыру мәселелерін шешуге қоғамдық жұртшылық әлі де нашар тартылып, еңбекшілерді кітап қорымен қамтамасыз ету сапасын жақсарту ісіне айтарлықтай ықпал көрсете алмай отырған кітапхана кеңесінің рөлі де төмен болды.

Кітапхана кеңесі әрбір кеңес адамын коммунистік рухта тәрбиелеу ісінде кітапты анағұрлым толық пайдалану үшін қажетті шаралар қолдануды, кітапханаларды саяси, жалпы білім, ғылыми-техникалық, ауыл шаруашылық және кәсіптік білімді жаппай насихаттаудың шын мәнісіндегі орталығына және еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу жөнінде партия ұйымдарының сенімді тірегіне айналдыруды қамтамасыз етуді қолға алды.

КОКП Орталық Комитеті кітапханалардың басты міндеті: “Партияның, съездерінің шешімдерін насихаттау, Коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің саясаты мен қаулы, қарарларын түсіндіру, кеңес адамдарын тәрбиелеп, олардың коммунистік саналылығы мен мәдени-техникалық дәрежесін арттыруда партия мен мемлекетке белсенді көмек көрсету болып табылады. Кітапханалар жұмысшыларға, колхозшылар мен интеллигенция өкілдерінің білімдерін жетілдіріп, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, ғылымның, техника мен еңбектің озат тәсілдерінің ең жаңа жетістіктерін меңгеруге, жастарға политехникалық білім беруге және жоғары адамгершілік сапаларды тәрбиелеуге жанжақты көмек көрсетіп отыруға тиіс. Кітаптарды кеңінен насихаттап, кітап қорларының байлығын толығырақ ашып, тиімді пайдалану, оларды барлық азаматтардың, әсіресе, оқушы жастардың игілігіне айналдырып, ойдағыдай пайдалануы үшін жағдай туғызу, оқырмандарға кітаптарды таңдап алуда және кітаппен өз бетінше жұмыс істей білуде нақты іскерлік көмек көрсетіп отыру – кітапхана қызметкерлерінің борышы болып табылады”, – деп көрсетеді.

КОКП Орталық Комитеті жергілікті партия және кеңес ұйымдарына, КСРО Мәдениет Министрлігіне, КСРО Министрлер Кеңесінің мемлекеттік ғылыми-техникалық комитетіне, КСРО Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, одақтас республикалардың Мәдениет министрліктері мен Оқу министр-

ліктеріне кітапханаларды білім салаларына қарай жабдықтауды және жаңа саяси, ғылыми-техникалық, өндірістік, көркем, анықтама әдебиеттермен, оқулықтармен және көрнекі құралдармен толықтыруды қамтамасыз етіп, кітапханалардың кітап қорларынан ескірген басылымдардан тазарту үшін қажетті шаралар қолданып, кітапханалар арасында басы артық кітаптар мен білімнің керекті саласына жатпайтын әдебиеттерді қайта бөлуді ұйымдастырып, кітап қорының айналымын арттыруды, таяудағы екі–үш жылдың ішінде әр елді пунктті, әр отбасын кітапхананың қамтуын қамтамасыз ету міндетін шешуді ұсынды. Сонымен бірге, кітаппен оқырмандарды мейлінше көп қамту мақсатында барлық еңбекшілер ведомстволық тәуелдігіне қарамастан кез-келген кітапхананы еркін пайдаланатын болады.

Еліміздің кітапханалардың жұмысына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін, КСРО мәдениет министрлігінің құрамында кітапхананың бас инспекциясы құрылады.

Партия, Кеңес және Кәсіподақ органдарына, кітапхана ісін басқаруды айтарлықтай жақсарту, кітапхана жұмысына және халық арасында кітапты насихаттау ісіне, кітапхана үйлерін жабдықтау және жаңадан салуға қоғамдық жұртшылықты кеңінен қатыстырып, кітапхана кеңестерінің рөлін арттырып, кітапхана жұмысын шаруашылық пен мәдени құрылыс және еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу міндеттерімен тығыз байланысты ұйымдастырып, оған партия, кеңес, кәсіподақ және комсомол белсенділерін, мұғалімдерді, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы мамандарын тарту тапсырылды.

ҚКСР Мәдениет министрлігіне қарасты кітапханаларда 4124 кітапхана қызметкерлерінің, тек 93–нің ғана жоғары және 1204–ң орта арнаулы білімдері болды. Мысалы, 1960 жылы Қызылорда облысындағы 164 кітапхана қызметкерлерінің 4 қызметкерінің ғана арнаулы жоғары білімі болып, 34 қызметкерлердің тек орта білімі болды. Осыған орай Республикада кітапханалардың жұмысын одан әрі жақсарту мақсатында төмендегідей міндеттер қаралды:

1. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық, қалалық, аудандық атқару комитеттеріне, еңбекші депутаттарының кеңесіне, Мәдениет Министрлігіне, жо-

ғары және орта арнаулы білім берудің комитетіне кітапхана ісіне басшылықты жақсарту, кітапханаларды – колхоз, совхоз кәсіпорындарының өндірістегі өмірімен байланыстыру, саяси-қоғамдық, ғылыми–техникалық, ауыл шаруашылық, кәсіби білімдерді насихаттаудың орталығына айналдыру.

2. ҚКСР мәдениет Министрлігіне кітапхана коллекторының жұмысын түбірімен жақсарту, кітапханалардың кітап қорларын жаңа саяси, өндірістік, көркем, анықтама және оқу әдебиеттермен, оқырмандардың сұраныстары бойынша толықтыру. Өз уақтылы кітапханаларды баспалардың жоспарларымен және тапсырыс бланкілерімен қамтамасыз ету және кітапхана коллекторының құрамын білікті мамандармен нығайту.

3. ҚКСР Мәдениет және Ағарту Министрліктеріне, министрліктердегі және ведомстволардың қарамағындағы кітапханалардың кітап қорынан бір жыл мерзім (1960 ж.) ішінде ескірген әдебиеттерден тазарту.

4. ҚКСР Мәдениет Министрлігіне 3 мыңнан аса дана тиражбен шығарылатын республикалық басылымдарға каталог жасау және орталықтанған жүйені ұйымдастыру. Осы жылдың (1960 ж.) аяғына дейін барлық қала, аудан, село кітапханаларында кітап қорының каталогын жасауды аяқтау.

5. Мәдениет Министрлігіне, ҚКСР ғылым академиясының кітапханасына, жоғары оқу орындарына кітапхана библиографиялық білімді насихаттауды жүргізу, библиографиялық құралдарды шығаруды көбейту, жыл сайын шығаратын библиографиялық құралдарды (көрсеткіштер, ұсыныс тізімдері, библиографиялық шолулар және т.б.) шығаруда алдын ала баспалардың жоспарына қосу міндеттелінеді.

Сонымен, 60 жылдары Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығын атап өтуге даярлыққа КОКП XXII съезінің шешімінде мәдениет ошақтарында саяси-идеялық бағытта тәрбие беру міндеттелген болатын. Осы міндеттеме негізінде 1962 жыл бойында республика кітапханаларында 110 мың көпшілік шаралар өткізілді. Олар: пікір-таластар, әңгімелер, оқырман конференциялары, тақырыптық кештері. Сонымен қатар, 1 миллион дана қоғамдық - саяси әдебиеттер берілген.

Қорыта айтқанда, соғыстан кейінгі 1946–1960 жылдар – Қазақстандағы кітапхана ісі тарихының ең маңызды кезеңі болды. Бұл кезеңде республикада кітапхана ісі айтарлықтай табыстарға ие болып және бір-бірімен өзара тығыз байланыс жасайтын ірі әмбебап, салалық ғылыми жүйе құрылды. Кітапханалар – партия съездерінің шешімдерін іс жүзіне асыра отырып, кітаптарды насихаттау жөнінде едәуір жұмыс атқарып, жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның дәрежесін арттыруға көмектесіп, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде партия, кеңес және қоғамдық ұйымдарға практикалық көмек көрсетіп келді.

Республикада кітапхана ісінің жетістіктері Қазақстанның өндіргіш күштерінің қарқынды дамуымен тікелей байланысты болды. Соның нәтижесінде кітапхана жүйесінің өсуі және оның материалдық базасының нығаюы байқалды. 60 жылдары тек қана Мәдениет министрлігі тарапындағы кітапханаларға жыл сайын 2,5 мыңға жуық сом бөлініп отырды. Республикамызда кітапхана ісінің жақсаруына, өрістеуіне: КОКП ОК 1959 жылы қыркүйек айындағы “Еліміздегі кітапхана ісінің жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы” қаулысы, 1960 ж. 27 маусым айында Алматы қаласының ҚКСР Жоғары Кеңесінің мәжіліс залында өткен “Қазақстан кітапхана қызметкерлерінің I съезі” үлкен рөл атқарды. Осындай игі істер кітапхана жүйесінің шапшаң дамуына кең жол ашты.

Кітапхана қызметкерлерінің кәсіби және қоғамдық белсенділігінің артуы

Саяси-ағарту жұмысында маңызды рөл атқарған кітапханалар болды. Партия кеңес органдары олардың алдына екі негізгі бағыттағы: біріншіден, оқырманды саяси тәрбиелеу, екіншіден, оның жалпы мәдени дамуына ықпал ету, міндеттерін белгілеп берді. Олар саяси-ағарту мекемелерінің қызметкерлерін даярлаудың курстық шаралар өткізудегі жетіспеушіліктерге қарамай, кітапхана мамандарының қалыптасуына және тәрбиелеуде үлкен рөл атқарды. Партия және Кеңес өкіметі ең алды-

мен өздерінің жоспарларының табысты іске асуын мамандарды идеологиялық, кәсіби шеберлікке даярлаумен байланыстырды.

Республика бойынша 1946 жылы кітапханаларда 782 кітапхана қызметкерлері жұмыс істеді. Маманданған қызметкерлердің кітапханаларда толық болмауына қарамастан, кітапхана қызметкерлері көптеген жұмыстарды атқарып келді, соның ішінде облыс кітапханаларында. Олар кітап көрмелерін, библиографиялық жұмыстар, әр түрлі ғылыми-ағарту тақырыптарға арналған лекциялар өткізіп, жылжымалы кітапханалар ұйымдастырды және аудан, село кітапханаларына әдістемелік көмек көрсетіп отырды. Осының айғағы ретінде ауыл шаруашылығы жұмыстары кезінде 8 облыста кітап қоры 8000-ды қамтыған 700 жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылды. Дала қостарында және бригадаларда 283517 адаммен толықтырылған оқырмандарға 15088 лекциялар мен баяндамалар өткізілініп, 413879 адамды қамтыған 44281 оқулар және әңгімелер өткізді. Шығыс Қазақстан облысында жылжымалы кітапхана жұмысы жақсы ұйымдастырылды. Қала және аудан кітапханаларынан әрқайсысында 50–150 кітапты қамтыған 100-ден аса жылжымалы кітапханалар бөлінді. Республика бойынша ең үздік - Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарындағы кітапханалары саналды. Мысалы, 1946 жыл бойына Қарағанды облыстық кітапханасына 4000 оқырмандар катынап, оқу залында 15 кітап көрмелері ұйымдастырылды. Кітапхана қызметкерлері оқырмандарының білімін көтеруге үлкен библиографиялық жұмыстар өткізді.

Н. Крупская атындағы Батыс Қазақстан облысының кітапханасы 150000 оқырманға қызмет көрсетіп, оларға 250000 кітап және журналдар берілген. Солтүстік Қазақстан облысының кітапханасы оқырмандарға қызмет көрсетуде үлкен жұмыстар өткізді. Олар ғылыми тақырыптарға арналған лекциялар, баяндамалар ұйымдастырып, аудандық және селолық кітапханаларға әдістемелік хаттар, ұсыныс тізімдерін жіберіп, кітапхана қызметкерлеріне семинарлар өткізді. Әсіресе Шығыс Қазақстан облысының Катон-Қарағай, Шемонайха аудандық кітапханалары жақсы жұмыс істеді. Шемонайха кітапханасының кітап қоры 50000 дана, кітап берілімі 8000, тұрақты оқырмандары 500

болды. Кітапхана 7 кітап көрмелерін және газет қиындыларынан жасалған монтажды дайындады. Оқырмандардың 300–ден аса сауалнамаларына жауап берген анықтамалық үстел және кітапхананы отынмен және жарықпен қамтамасыз етіп, жөндеуден өткізуге үлкен көмек берген кітапхана кеңесі жұмыс жасады. Ерекше атауға болатын А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік халықтық кітапхана, өзінің бай әдебиет қоры арқасында мамандарды даярлауда, республикадағы ғылыми ізденіс және шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыратын ең ірі базаға айналды. Ондағы кітап қоры 1935 жылы 500000 даналарды құраса, 1945 жылы әдебиеттердің өсуі 36234 данаға жетті. 1945 жылы әдебиеттерді алуға 76 000 сом бөлінсе, бұл сомма толығымен жұмсалып, мерзімді басылымдарды жаздырып алуға 26 000 сом жұмсалды. 100–ден аса жас ғылыми қызметкерлер осында өздерінің диссертацияларын дайындап, мындаған студенттер тұрақты оқырмандары болып табылды. Көптеген фабрика, завод мамандары тұрақты түрде өнеркәсіптегі өндіріс процесін жақсарту, жетілдіру барысында кітапханада шұғылданады. Кітапхананың 10266 тұрақты оқырмандары болды. Оның ішінде, қазақтар 31 %, орыстар 52 %, еврейлер 12 %, ал басқалары 5 % пайызды құраса, арасында партия мүшелері 21 %, комсомолдар 31 % болды. Жылына 160160 оқырманға қызмет көрсетіліп, оқу залдарында күнделікті 600–650 оқырмандарға дейін қатынады. Кітап берілімі 385 данаға көбейді. 1945 жылы кітапхана қызметкерлері 21 тақырыптық, 9 жаңа түскен кітаптарға көрмелер, 26 ұсыныс тізімдерін, 23 лекциялар, баяндамалар, 35 кеңестер және 25 экскурсиялар өткізді. Библиографиялық жұмыстың тәртібі бойынша 1945 жылы үш үлкен тақырып өңделінді: 4000 атаудан тұратын төңкеріске дейінгі кезеңді де қамтыған «Қазақстандағы мал шаруашылығы» тақырыбындағы библиографиялық көрсеткіш, 1945 жыл аралығына дейінгі жинақталған материалдардан құралған «Қазақстанның халық-ағартуы» тақырыбындағы картотека, 1500 тақырыпта Қытайдың және басқа республикалардың тарихын, экономикасын және саяси қарым-қатынасты қамтыған «Қазақстандағы халықаралық байланыс» тақырыбындағы картотека. Сонымен қатар, картотеканың екінші бөлімі “Педагогика” саласы бойын-

ша 2777 атауды қамтыған “Жоғары мектеп” тақырыбы бойынша құрылып, “Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезеңінде” картотекасы қайта редакцияланды. 10 ұсыныс тізімдері жасалынып, оның 8-і жаратылыстану ғылымы бойынша құрастырылды. Оқырмандарға 7000 ауызша және 206 жазбаша анықтамалар және 133 библиографиялық кеңестер беріліп отырды.

ҚКСР Жоғары Кеңес Одағы Президиумының “КСРО Жоғары Кеңесінің сайлауын өткізу туралы” жарлығы шыққаннан кейін, ҚКСР мәдени-ағарту мекемесінің істері жөніндегі комитеті “Мәдени-ағарту мекемелерінің КСРО Жоғары Кеңесінің сайлауына дайындық және оны өткізу” туралы міндеттерін толығымен өңдеді. Осыған байланысты кітапхана қызметкерлері, оқу-үйі басшылары конституциясының негізін, ҚКСР Жоғары Кеңесінің сайлау ережесін тереңірек үйретуге үгіт пункттерін ұйымдастырды. Көкшетау қаласының қалалық кітапханасында сайлауды өткізу барысында “Конституция жобасы”, “Сайлау” ережелеріне арналған көрмелер ұйымдастырылды. Осындай көрмелерді Солтүстік Қазақстан облыстық кітапханасы ұйымдастырып, сайлауға арналған мақалалардан жинақталған материалдармен толықтырды. А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік халықтық кітапхананың 10 қызметкерлері үй шаруасындағы адамдармен әңгіме, оқулар өткізіп отырды. Шымкент қаласындағы облыстық кітапхана «Конституция» тақырыбында фотомонтаж ұйымдастырды. Аудан, қала, облыс басшыларының іске шындап кіріскендерінің арқасында, халық арасында соңғы кезде мәдени-ағарту жұмыстарының жақсаруына көңіл бөлуі, КСРО Жоғары Кеңесінің сайлауына дайындық өткізуде облыстардағы кітапхана, оқу-үйлері жұмыстары біршама жанданып, жақсарды. Осындай істің нәтижесінде 1946 жылы 58 кітапханалар қайта қалпына келтіріліп жұмыс істей бастады. Төмендегі кестеден қызмет істеп жатқан кітапхана қызметкерлері мен оқу-үйі басшыларының саны бойынша мәліметті байқауға болады (13 кесте).

*1946 жылғы ҚКСР жоспары бойынша кітапхана
қызметкерлері мен оқу-үйлері басшыларының саны:*

13- кесте

| Облыстар | Кітапхана қызметкерлері | | | Оқу-үйі басшылары | | | |
|-------------|-------------------------|-----------------|---------------|-------------------|----------------|--------|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | жоспар бойынша | істеп жатқан д. | жетіспеушілік | жоспар бойынша | істеп жатқанд. | жетіс. | |
| Алматы обл. | 51 | 36 | 15 | 116 | 105 | 11 | |

13- кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|-----|-----|------|------|-----|
| Ақтөбе | 73 | 44 | 29 | 210 | 194 | 16 |
| Ақмола | 71 | 34 | 37 | 174 | 170 | 4 |
| Жамбыл | 73 | 73 | – | 97 | 90 | 7 |
| Ақтау | 63 | 60 | 3 | 96 | 95 | 1 |
| Қарағанды | 93 | 50 | 43 | 92 | 92 | – |
| Солтүстік Қазақстан | 55 | 25 | 30 | 137 | 118 | 19 |
| Павлодар | 59 | 58 | 1 | 147 | 87 | 60 |
| Талдықорған | 66 | 31 | 35 | 134 | 128 | 6 |
| Қостанай | 73 | 45 | 28 | 209 | 209 | – |
| Шығыс Қазақстан | 72 | 41 | 31 | 192 | 177 | 15 |
| Батыс Қазақстан | 72 | 44 | 28 | 190 | 186 | – |
| Көкшетау | 42 | 21 | 21 | 147 | 140 | 7 |
| Семей | 72 | 40 | 32 | 139 | 139 | – |
| Алматы | 12 | 101 | 28 | – | – | – |
| Оңтүстік-Қазақстан | 78 | 78 | – | 231 | 210 | 21 |
| Жиыны: | 1196 | 782 | 414 | 2425 | 2254 | 171 |
| Ескерту – жетіс. – жетіспеушілік, істеп жатқанд. – істеп жатқандар, берілген дерек мағлұматы. | | | | | | |

Аудан, қала, облыс басшыларының мәдени-ағарту жұмыстарының жақсаруына көңіл бөлуі, КСРО Жоғары Кеңесінің сайлауына дайындық өткізуде облыстардағы кітапхана, оқу-үйлері жұмыстары біршама жанданып, жақсарды. 1946 жылғы 1 ақпан бойынша 58 кітапхана қайта қалпына келтіріліп, жұмыс істеді. 1946 жылғы 5 ақпанда БК(б)П Орталық Комитетінің “Селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысының жағдайы және жақсарту” тұрғысында қаулы қабылданады. Бұл қаулының орын-

далуын Орталық Комитет партия және кеңес органдарына міндеттейді.

Ал, ҚКСР–ның Министрлер Кеңесі мәдени-ағарту жұмысындағы бөлімдерді мамандармен толықтыру барысында қысқа мерзімді курстар және семинарлар арқылы даярлау шараларын қабылдады. Қазіргі күнде облыс, аудан және қала бөлімдеріндегі мәдени-ағарту мекемелері толығымен толықтырылды. Орталық комитеттің коммунистік жастар одағы селолық жерлердегі кітапханаларға, оқу үйлеріне 750 комсомолдарды тұрақты жұмыстарға жібереді. Барлық республиканың қалалары мен облыстарында (Алматы, Шымкент, Ақмола, Қызылорда және Жамбыл) 10 күндік семинарлар өткізілінеді. 1946 жылғы 21 наурыз айындағы ҚКСР Министрлер Кеңесінің нұсқауымен кітапхана қызметкерлеріне 2 айлық курстар өткізілініп, 1946 жылғы маусым айынан бастап республиканың барлық облыстары бойынша 800 адамға есептелінген оқу-үйінің меңгерушілерін даярлаудың жарты айлық курс жұмыстары басталды. Ал, Республика өкіметі осы шаралардың іске асуына 352 мың сомнан аса қаржы бөледі.

Алматы қаласында кітапханашылардың мамандығын көтеру жақсы ұйымдастырылды. Бұл жерде 65 сағат бағдарламадан құрастырылған 2 үйірме құрылды. Барлық кітапхана қызметкерлері оқумен қамтамасыз етіліп, сабақтарды маманданған, тәжірибелі Мемлекеттік халықтық көпшілік кітапхана және кітап палатасы қызметкерлері өткізді.

Кітапхана – миллиондаған еңбеккерлерінің сенімді серігі мен ақылшы досына айналды. Ауыл мен село кітапханалары жұртшылықты рухани сусындатып қана қойған жоқ, елдің өнеркәсібі мен өндірісіндегі, сондай-ақ, ауыл шаруашылығындағы өзгерістер мен жаңалықтардың жаршысы бола білді. Ауыл кітапханалары және оның қызметкерлері колхоз бен совхоз өндірісіндегі озат тәжірибені кеңінен тарататын үгіт-насихаттың бұқаралық айнасына айналды. Үгіт-насихат жұмыстарын жан-жақты таратуда республика бойынша Павлодар облысы, Железинск аудандық кітапханасының өнегесі үлгі болды. Кітапхана ұжымы ауыл шаруашылығы өндірістік басқармасының мамандарымен тығыз байланыс жүргізіп отырды. Кітапхана қыз-

меткерлері жаңа түскен кітаптардан хабардар етіп, олардың кезекті баяндамалары мен дәрістеріне керекті кітаптарды іріктеп беріп отырды. Кітапханада ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі мен экономикалық мүмкіндіктері туралы оқырмандар конференциясын өткізу дәстүрге айналды. Ауыл шаруашылығының басшылары мен жетекші мамандар әуелі кітапхана қорын ауыл шаруашылығы туралы әдебиеттермен толықтырып отырды. Сөйтіп, диқандар, механизаторлар мен малшылар арасында агрозоотехникалық білімді, тарату үшін белсенді жұмыстар жүргізді. Экономикалық білім, озат тәжірибе мен ауыл шаруашылығының жетістіктерін насихаттаудың бірыңғай жоспары жасалды. Железинскі ауданының кітапханашылары жылжымалы автопоездар мен автоклубтар арқылы агрономдар мен зоотехниктердің өз салалары бойынша жұртшылық ортасына барып жаңа әдебиеттерге шолу жасап, кітаптарды таныстырып, олар туралы пікір-кеңес ұйымдастырды. Мәселен, “Бригадалар мен фермалардағы шаруашылық есеп”, – деген кітап туралы конференция жер-жерде ұйымшылдықпен өтеді. Ауыл шаруашылығын жаңаша ұйымдастыру және оны жетілдіруге арналған кітаптарға деген оқырман сұраныстары көп болды. Кітапхана қызметкерлері шаруашылықтардың ең таңдаулы адамдары жөніндегі материалдар жинап, альбом құрастырды. Онда еңбекті ұйымдастырудың озат әдістері туралы жазылған газеттер мен журналдардағы мақалалар топтамасы берілді. Кітапхана аясында әртүрлі тақырыптар мен даталы күндерге арналған көрмелер ұйымдастырылды.

Целиноград облысы, Балқашин ауданындағы «Новоникольск» селолық кітапханасы да ауыл шаруашылығының іс-тәжірибесін тарататын, насихаттайтын мәдениет ошағына айналды. Онда әртүрлі экспозиция құрастырылып, жиі-жиі көрмелер ұйымдастырылып тұрды. Олардың бәрінде де ауыл шаруашылығы өндірісінің жаңалығы мен жетістігі, озат тәжірибесі насихатталды. Кітапханалар совхоздың алыстағы бөлімшелеріндегі қызылбұрыштарға көмектесіп, жаңа шыққан газет-журналдарды жеткізіп тұрды. Аптасына екі рет жауынгерлік парақша, тақырыптық радиогазеттер шығарылып тұрды. Олар: “Дән жинауға қарқын мен сапа керек”, “Әрбір сағат еселі еңбек”, “Оқып-үйрен де өндіріс-

ке қолдана біл”, – деген ұранмен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Көптеген селолық кітапханалар өз оқырмандарымен тығыз байланыста болды. Олардың арасында мәдени шаралар жүргізуді өздерінің парыздары деп ұқты. Мәселен, Семей облысының Петропавл селолық кітапханасының меңгерушісі, республикаға еңбегі сіңген кітапханашысы – В. Лубинскаяның тәжірибесі де көпке ортақ. Ол ауданда бірінші болып, өзінің село тұрғындарын түгелге дерлік кітапхананың тұрақты оқырмандарына айналдырды. Осындай өз ісіне ұқыптылықпен қарайтын кітапханашылар республикамызда көптеп саналды. Солардың қатарында Қостанай облысындағы Севастополь селолық кітапханасының меңгерушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері – Р.Ермакович. Ол өз совхозының мамандарына экономикалық білім беретін әдебиеттерді таратып, шаруашылық есепті жүргізу, астықтан мол өнім алудың жолдарын оқып-үйрену т.б. көкейкесті мәселелерге арнап жиі оқырмандар конференциясын өткізді.

Р.Ермаковичтің басқаруымен кітапхана қызметкерлері «Жаңашылдар үні» деген газет шығарып тұрды. Кітапхана ұжымы совхоздың орталығында ғана емес, бөлімшелерінде де өндіріске қажетті құралдар мен плакаттар, кітап көрмелерін ұйымдастырды. Совхоздарда жиі-жиі еңбек даңқы кештері болып, онда белгілі механизаторлармен, еңбек ерлерімен кездесіп, өзара айтыс, кеңес қызу өтіп жүрді. Бұл кештер мен кездесулер жастарға үлкен әсер етті. Олардың мамандық таңдап, ауыл мен селода еңбек етуіне ықпалын тигізгені даусыз. Аудан және ауыл кітапханаларының қызметкерлеріне семинарлар өткізіліп отырды. Семинарды өткізуге аудандық атқару комитеті, аудандық комитеттің партия қызметкерлері және басқада қоғамдық ұйымдар қатыстырылды. Нәтижесінде, семинардың курсы тыңдаушылар мәдени-ағарту жұмысының теориялық негізін, оны ұйымдастыру және әдістемелік біліммен қаруландырылды. Бұл семинарларда мәдени-ағарту мекемелері және бөлімнің қызметкерлерінің озат тәжірибесін талдап, қорытып және түсіндіріліп таратылды. Сонымен қатар, газет беттерінде үздік кітапхана қызметкерлерінің жұмыс тәжірибелері туралы баяндалған мақалалар берілді. Кітапханалар, оқу-үйлері, қызыл

үйлердің мамандарының құрамының сапасы анағұрлым жақсарды. КОКП ОК “Еліміздегі кітапхана ісінің жағдайы және оны жақсарту шаралары” (1959 ж.) қаулысына сай республикада кітапхана ісін жақсартуға арналған нақты шаралар өңделді. Кітапхана қызметкерлерінің көп бөлігі қайта даярлау курсынан өтті. Мамандардың сапасының жақсара түсуі жұмысқа жоғары және арнаулы білімі бар жас мамандарды бағыттауына байланысты болды. Жыл сайын республиканың мәдениет мекемелеріне 700–800 мамандар келіп жатты. Сонымен қатар, әр түрлі курстарда мамандығын көтеруге жыл сайын 3 мыңнан аса кітапхана қызметкерлері болды. 1950–1960 жылдар аралығында мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлау курсы алдына екі міндет қойды: мамандарды қайта даярлау және жалпы орта білімі барларды даярлау. Бұл курстардың оқыту мерзімі және бағдарламалары әр түрлі болды. Облыс кітапханалары жанындағы курстарда негізінен ауыл кітапханаларында балалармен жұмыс істеу түрі және әдістері, кітапханалардағы библиографиялық жұмыс, анықтама-библиографиялық жұмыспен тәжірибе алмасу оқытылды. Кітапхана ісінің өзекті тақырыптарына арналған әр түрлі сұрақтар қаралады.

А.С.Пушкин атындағы кітапхананың жанынан ұйымдастырылған курстарда арнаулы пәндерден бөлек, кітапхана жұмысын жоспарлау, насихатшыға және үгітшіге библиографиялық көмек, кітапхана жұмысының жоспары мен есебін құру әдістері секілді пәндер өткізілді. Қысқа мерзімді семинар курстарында негізінен кітапханалардың немесе бөлімдердің жұмыстарымен тәжірибе алмасуға, соның ішінде, жұмыстың өзгеше түрлерін, кітап қорын құрастыруды үйрену әдісін, кітапхана құжаттарын дұрыс жүргізу, өлкетану әдебиеттерін насихаттауға көңіл бөлді. Осындай мақсатта мамандарды даярлау республика кітапханаларындағы әдістемелік және тәжірибелік көмекті жақсартты.

Қазіргі күнде республикада кітапхана мамандарын даярлайтын базалар жеткілікті. Солардың ішінде, Қазақстанда жоғары білім беріп кітапхана мамандарын даярлаған алғашқылардың бірі – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының “Кітапханатану, библиография және сервис” кафедра-

сы. Кафедра ең алғаш 1956 жылы қыркүйекте Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институттың тіл және әдебиет факультеті жанынан алғашқыда кітапхана бөлімі болып ашылды. Алғашқы бірінші курсына 25 адам қабылданып, 4 жыл оқыды.

Кітапханатану-библиография пәндерін оқытуда ғылыми кеңестің шешімі мен институт дирекциясының бұйрығы бойынша құрылған “Кітапханатану және библиография” секциясы ұйымдастырылды. Бұл кезде кітапханатану секциясын – Әліпбек Жөкебайұлы Жөкебаев қоғамдық негізде басқарды. Секцияда кітапхана мен библиография мамандарынан жасақталған 10 оқытушы, оның ішінде екеуі штатта, 8 адам штаттан тыс жұмыс істеді.

Оқу бағдарламасының негізгі мақсаты – болашақ кітапханашыларды даярлауда оларды жалпы ғылыми және жалпы әдістемелік, арнайы пәндермен қамтамасыз ету, оқытудың тәжірибелік және теориялық бағыттарының қатар жүргізілуін, пәндерді оқытудың жылдар бойынша жүйелі атқарылуына қол жеткізу болып табылады.

1960 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты күндізгі бөлімінің 1 курсына адам қабылдауды 25–тен 50–ге көбейтті. Ал 1961 жылдың 1 қыркүйегінде кітапхана бөлімінің негізінде “кітапханатану және библиография” кафедрасы бар “Кітапхана” факультеті құрылды. Кейін ол “Кітапханатану және библиография” болып жеке дара кафедраларға бөлінді. “Кітапханатану” кафедрасының алғашқы меңгерушісі, әрі кітапхана факультетінің деканы, педагогика ғылымының кандидаты, доцент – Әліпбек Жөкебайұлы Жөкебаев болды. Ол кітапханатану ісі бойынша жазған 50–ден аса ғылыми еңбектердің авторы (“История библиотечного дела и библиотечного строительства в Казахстане”, “В помощь массовым библиотекам”, “Развитие высшего библиотечного образования в Казахстане” және т.б.).

Ал “Библиография” кафедрасын доцент – Ермек Сейханұлы Айтбаев басқарды. Кітапхана факультетінде ұзақ жылдар бойы факультет деканы, тарих ғылымының кандидаты, доцент – Наталья Васильевна Горелова, библиография кафедрасында педагогика ғылымының кандидаты, доцент – Наталья Яковлевна Климочкина, Нина Никифировна Смирнова, Тазабек Исаұлы

Жұмасейітов, сондай-ақ Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапхана бөлімінің алғашқы түлектері тарих ғылымының кандидаты, доцент – Сажида Шайқықызы Ахметова, Қалимаш Салуқызы Тазабекова, Мәриям Бейсембайқызы Исина, Шолпан Қайруллақызы Бахмағамбетова, Күләш Ғазизқызы Нұрахметовалардың ұстаздық қызметтерінде кітапханашы мамандарын даярлауға үлкен үлес қосты. Осындай өз ісін жан-жақты меңгерген, кейінгі кітапханашыларға үлгі боларлық, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кітапхана ісіне өз ғұмырын арнаған нәзік жанның бірі – Нәзира Қожахметқызы Дәулетова.

Нәзира апайдың өткен өмір туралы қалдырған естелік әңгімесінде ерекше тебіреніп айтатыны: “Студент кезде күндіз-түні кітапханадан шықпайтын басым, солардың қатарында қалай барып қосылғанымды өзім де байқамай қалдым. Сөйтіп, 1947 жылдың 17 ақпанынан бастап ерекше бір ілтипатпен қарайтын Қазақстанның мемлекеттік бас кітапханасының қызметкері болып шыға келдім. Мен бұған өкінгенім жоқ, әлі де өкінбеймін. Өйткені, соншалықты тату, іскер, өте білімді және мәдениетті адамдардың арасына тап болып едім. Өз істеріне соншалықты берілген, әрқайсысы да табиғатынан кітап үшін жаралған еді. Осы мерзім ішінде талай-талай көпшілік шараларын өткіздік, ғылымның, мәдениет пен әдебиеттің талай қайраткерлерімен таныстық. Ұжымның аудан мен қаланың қоғамдық өміріне белсене араласуына тура келді. Беріле істеген жұмыс жеміссіз өтпегенін еске алсам, күні осы уақытқа дейін бойымды қанағат сезімі билейді”, – деп тебірене еске алады. Егерде Н. Дәулетованың қызметінің қырлары толық ашыла түскенде (ғалымдығы, ұйымдастырушы, кітапханатанушы) ол сөз жоқ ұлттық мәдениеттің 70–80 жылдардағы кезеңінен өз орнын ойып алмақшы.

Өміріміз тудырған жаңа құбылыс – еңбекшілер өз кітапханаларының қорын жұртшылықтың игілігіне айналдыруда. Мұнымен бірге, кеңес адамдары өздері оқып шыққан кітаптарын түгелдей кітапханаларға табыс етуде. Қазір еңбекшілер берген әдебиетпен кітап қорын толықтырмаған бірде-бір көп-

шілік кітапханасы жоқ. Осының бәрі мәдениет саласында қоғамдық ынтаның өрістей түскенінің нақты көрінісі.

Арнаулы мамандығы бар кітапхана қызметкерлері қоғамдық белсенділерге білімі және тәжірибесімен көмектесіп, оларға әдістемелік басшылық жасады, кітапхана жұмысындағы барлық прогрестік жаңалықты қорытып, көпшіліктің игілігіне айналдырды. Мемлекеттік кітапханалардың қызметкерлері түрлі ведомстволар кітапханаларының жұмысын, кітапханалар жүйесін тиімді түрде орналастыру жоспарының орындалуын бақылап, библиографиялық және басқа да ғылыми-зерттеу істерін жүзеге асырды. Игі істердің басы-қасында жүріп абыройлы қоғамдық жұмыс атқарып келген, әлеуметтік жағдайларының төмендігіне карамай өз ісіне шын берілген кітапханашылар білімнің насихатшылары болып, сол кездегі идеологиялық саясатты іс жүзінде асыруда қажырлы еңбек етті.

Соғыстан кейінгі жылдары кітапхана қызметкерлері республика өміріндегі айтулы кезеңдерде: халық шаруашылығын қалпына келтіруде, тың және тыңайған жерлерді игеруде елеулі қызметтер атқарды. Олар саяси-идеологиялық жұмыстар, республика тұрғындарына мәдени-ағарту саласында да қызмет көрсетуде партияның және Кеңес органдарының белсенді көмекшісі болды. Осы жылдары халықтың мәдени жағынан үздіксіз өсуі, бұқараның еңбек және қоғамдық саяси белсенділігінің артуына тікелей олардың әсер еткендігі сөзсіз.

Коммунистік партия және Кеңес үкіметі орта арнаулы және жоғары оқу орындарында кітапхана мамандарын даярлауда көп көңіл бөлді. Олар қабылдаған құжаттар: Қазақстан кітапхана қызметкерлерінің бірінші съезі (1960 ж.), Қазақ Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту ісі комитетінің “Республикадағы кітапхана қызметкерлеріне аттестация өткізу” қаулысы кітапхана қызметкерлерінің құрамының сапасының жақсаруына және мамандығын көтеру іскерлігінің жоғары деңгейге көтерілуіне, тұрғылықты елдерге мәдени қызмет көрсетуге негізгі қадам болды.

Абыройлы қоғамдық жұмыс атқарып, өз ісіне шын берілген кітапханашылар білімнің насихатшылары болып, сол

кездегі идеологиялық саясатты іс жүзінде асыруда қажырлы еңбек етті.

Қоғамда кітапханашылардың рөлі өте зор. Бірақ амал қанша, бұл мамандардың жағдайы әлі күнге дейін төмен болып келеді. Кітапхана қызметкерлерінің жағдайлары жақсарып, жа-лақылары мардымды болған емес. “Қызметке”, – деген талап жоғары болғанымен, ал әлеуметтік жағдайлары басқа салада іс-тейтін қызметкерлерден төмен. Сарқылмас білім бұлағы, әр за-манда, әр қоғамда қай халықтың да қасиетті құттыханасы санал-ған кітапханада өз істеріне соншалықты берілген, кітап үшін жаралған жандар ғана ұзақ істеп келеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Коммунистік партия ОК-нің 1946–1951 жылдар аралығында кітапханалар ісін нығайтуға бағыттаған қандай шешім қабылдады?
2. ҚК(б)П ОК ауылдағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарын жақсартуға байланысты қандай қаулы қабылдады. Қаулыда қандай міндеттерді орындау жолға қойылды?
3. Қазақстан Коммунистік партиясының облыстық комитеті және аудандық комитеттері кітапхана мамандарын іріктеуде, тәрбиелеуге қандай міндеттерді қабылдады?
4. 1950 жылы БЛКЖО IV-ші пленумында қандай мәселелер талқыланды? Пленумының негізгі міндеті қандай болды?
5. Қай жылы 1950 “ҚКСР–на еңбегі сіңген кітапханашысы” деген құрметті атағын беру туралы жарлық қабылданды? Бұл қаулының шығуы қандай мүмкіндіктер туғызды?
6. Республика кітапхана қызметкерлерінің I-ші съезі қашан өтті?

СОЦИАЛИЗМНІҢ КЕМЕЛДЕНГЕН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КІТАПХАНА ІСІ (1960-1990 ЖЖ.)

Әмбебап ғылыми кітапханалар – Қазақстанның кітапханалар жүйесіндегі жетекші буыны

1960-1990 жылдар кезеңі КСРО-ның жетпіс жылдық тарихын аяқтады. Олар «дамыған социализм» аталатын жылдар еді. КОКП ОК 1959 жылы қыркүйек айында қабылданған “Еліміздегі кітапхана ісінің жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы” қаулысында кітапхана құрылысының бастапқы жаңа кезеңін айқындап және кітапхана ісінің одан ары жоғары сатыға көтеруілуін және дамуына бағдарламамен қамтамасыз етілді. Коммунистік партияның орталық комитеті елде кітапхана-библиографиялық қызмет көрсетудің түп тамырынан жақсартуды талап етіп, кітапханалардың саяси, жалпы білім алатын, ғылыми-техникалық және кәсіби білімінің, еңбекшілерді коммунистік тәрбиелеу жөніндегі партиялық ұйымдардың тіреу пунктерінің насихаттау орталығына айналуын талап етті.

1960 жылы ақпан айында Қазақстан Компартиясының орталық комитеті КОКП ОК қаулыларында енгізілген нақты шараларды орындау барысында қаулы қабылдады. Осындай шараның бірі – республиканың мәдени өмірінде жаңалық болған, 1960 жылы маусым айында құрылған Қазақстанның кітапхана қызметкерлерінің І-ші съезінің шақырылуы еді. Съезд баяндамасында «Республикадағы кітапхана ісінің жағдайы және одан арғы жақсарту шаралары», соғыстан кейінгі кітапхана құрылысының қорытындысы шығарылып және КОКП ОК талаптарына сай негізгі даму бағыттары анықталды.

Осы құжаттарды басшылыққа ала отырып, Қазақстанның кітапханалары әр елді мекендерге, әр жанұяға, әр оқушыға кітаптың жеткізілінуін, халық шаруашылығының барлық салалары бойынша мамандарды кітаппен қызмет көрсетудің деңгейін көтеруге, саяси, экономикалық, ғылыми және көркем әдебиеттермен насихаттауды күшейту жұмыстарын бастады. Осы міндеттерді шешу үшін кітапханаларға әдістемелік басшылықты

ұйымдастыруды жақсарту талап етілді. 1960 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік кітапханасының әдістемелік кабинеті ғылыми-әдістемелік орталық болып қайта құрылып, ал барлық облыстық кітапханаларда әдістемелік бөлімдер құрыла бастады. Әдістемелік орталықтар жұмыстың деңгейін жоғарылатуға белсенді әсер етіп, ең жақсы кітапхана тәжірибелерін енгізілінуіне және таралуына, халыққа кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың сауалдарын шешуге мүмкіндік туғызу.

1966 жылы олармен Қазақстандағы кітапханалар жүйесін орналастырудың ретке келтіру сауалдарын үйрену басталды.

Мәдениет Министрлігімен, А.С. Пушкин атындағы Қазақ КСР мемлекеттік кітапханасы, профсоюздық, аудандық, қалалық кітапханалармен бірге облыстық кітапханалар және ведомствалық кітапханалармен өңделген «Қазақ КСР көпшілік кітапханалар жүйесін ұйымдастырудың негізгі ережелерін» басшылыққа ала отырып, халыққа кітапханалық қызмет көрсетудің бірыңғай ведомствоаралық жоспарын құруды бастады. Жүйелерді ретке келтіру бастапқыда ауылдық жерлерде өткізілінді, себебі көпшілік кітапханалардың жүйесі ауылда жалпы олардың санынан 79,5 пайызды құрады. Ретке келтіру нәтижесінде әр кітапхананың қызмет көрсету аймағы анықталып, әр елді пункттерде кітаппен қызмет көрсетудің тиімді түрі анықталды. 450–ден аса кішігірім клубтардың және қоғамдық кітапханалардың кітапханалары біріктіріліп немесе филиалға қайта құрылды. Автоклубтарды пайдалану жақсара түсті, олардың көмегімен алыс мекендерге жиі кітаптарды жеткізілініп жатты.

500 оқырмандардан асқан елді мекендерде өздігінше селолық кітапханалар ашылды. Бір-бірінен алшақ жатқан елді мекендерде 300 және одан да аз тұрғылықты халықтың өзінде кітапханалар ашылды, себебі мұндай жағдайда кітапханалар жалғыз мәдени-ағарту мекемелер болып табылады.

1968–1970 жылдары қалаларда жүйелерді ретке келтіру жүргізілінді. Ұйымдастыру сауалдарымен қатар, кітапханаларға жаңа оқырман құрамын тартуға, кітаптарды насихаттаудың әдісі мен түрін іске асыруға жоғары сатыға көтеруге көп көңіл бөлінді. Іске асырылған шаралар нәтижесінде кітапхана жүйелері 1971 жылы 13015–ке дейін, соның ішінде көпшілік кітапханалар

7414–ке дейін көбейді. Оларда 7296,6 мың оқырманға қызмет көрсетіліп, 14803,7 мың дана әдебиеттер берілді. Бұлардың бәрі келесі кітапханалық қызмет көрсетудің орталық жүйесіне өту базасына дайындады.

IX-шы бесжылдықтың аяғында Қазақстанда әртүрлі жүйелер мен ведомствалардың 17 мың кітапханалары, 163 миллион кітапқа аса сумарлық қормен қазақ, орыс және КСРО және әлем халықтарының басқа тілдерінде болды. Оқырмандар саны 8,7 миллионды құрады.

Ғылымның, өндірістің және халықтың сауалдарына кітаппен қызмет көрсету деңгейін кеңейтіп, өңірдегі кітапхана ісіне әдістемелік басшылықты және ұйымдастыруды жақсартып отырып, ақпараттық және кітапхана-библиографиялық қызмет көрсету базасының орталығы болған облыстық кітапханалар кітапханалық қызмет көрсету жүйесінде маңызды орын алды. Олардың белсенді қызметінің көрсеткіші – өсіп жатқан қорлар мен қызмет көрсетілген оқырмандар саны болды. Сонымен, 1965–1970 жылдары кітапханалар саны 16, ал олардың қоры 3120,3 мыңды құрады. 1976 жылдары кітапханалар саны 19, олардың қоры 4071, 4 мыңға дейін өсті. Осы уақытта оқырмандар саны 1965 жылы 121,3 мыңнан, 1976 жылы 161,8 мыңға дейін өсті. Кітап берілімі 2786-дан, 3731,4 мыңға дейін өсті. Кітапханалардың санының өсуі – Торғай, Жезқазған және Маңғышлақ облыстарының құрылуына байланысты кітапханалардың ашылуына байланысты көбейгенін атап өту керек.

Әмбебап ғылыми кітапханалармен қатар, Қазақ КСР-да осы уақытта жалпы қор саны 50 миллион данадан құралған 960 арнаулы және ғылыми-техникалық кітапханалар есептелінді. Бұндай кітапханалар Қазақстанның көптеген қалаларында, алдымен облыс орталықтарында құрылады.

Осындай Қазақстандағы ірі мекемелердің бірі 1933 жылы құрылған ҚазКСР ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасы, сонымен қатар, белсенді дамып жатқан қазақстанның ғылыми-техникалық кітапханалары маңызды рөл атқарды (ҒТК). Олардың пайда болуы ғылыми-техникалық прогресстің заңды дамуымен байланысты болды. Өндірістің және ауыл шаруашылығының өсуі, жаңа салалық индустрияның және тер-

риториялық-өндірістік комплекстердің пайда болуы арнаулы әдебиеттердің және ғылыми мекемелерге деректі материалдардың жақындауын талап етілді.

Ғылыми-техникалық кітапханалар жүйелерінің жоғарыда көрсетілген кезең бойынша 13 облыстық және 390 кәсіпорын және ғылыми-зерттеу институттарының кітапханалары болды. Қарағанды облысында – 80, Шымкент облысында – 31, Шығыс-Қазақстан облысында – 52 болды. 1969 жылы Петропавлда, Гурьевте, Қызыл-Ордада, Жамбылда, Шевченкода, Қостанайда, Жезқазғанда облыстық техникалық процесс басталса, 1976 жылы ғылыми-техникалық кітапханалар территориялық жүйесінің қалыптасуы аяқталды. Ғылым-техникалық кітапханалар және ғылымның және өндірістік мамандарының кәсіби және ғылыми сауалдарын қамтамасыз ететін жетекші орталықтар болды. Бұл жұмыстарды бағыттап және басқарған 1960 жылы құрылған Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана болды. XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында оның қорында 8 миллионнан аса кітап, журналдар және техникалық әдебиеттердің арнаулы түрлері жинақталды. Бұған қосымша 1965 жылдың 31-ші тамызында Қазақ КСР Министрлер кеңесінің бұйрығымен Республикалық патент орталығы құрылды. Жыл сайын Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана 12 мың оқырмандарға қызмет көрсетіп, 3 миллионға дейін баспа басылымдарын беріп отырды. Қарастырылып отырған кезеңде ауылшаруашылығы ғылымының дамуы үшін, тәжірибеде ғылыми жетістіктер және алдыңғы қатарлы тәжірибені енгізуде ғылыми-зерттеу институттары және тәжірибелі станциялардың кітапханаларының маңызы зор болды. Ауылшаруашылық министрлігі жүйесі кітапханаларының әдістемелік және үйлестіру орталығы болып 1931 жылы құрылған Республикалық ғылыми ауылшаруашылық кітапханасы болды.

Сонымен қатар, Қазақстанның медицина қызметкерлеріне арнаулы кітапханалық қызмет ұйымдастыруда жеткен жетістіктер де болды. Республикалық ғылыми медициналық кітапхана 1940 жылы ашылды, осы кезеңде осы саладағы жалғыз кітапхана болды. XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында емдейтін мекемелердің кітапханалары, ғылыми-зерттеу, дәрігер-

лердің мамандығын көтеру институттары, сонымен қатар, жоғары оқу орындары кітапханаларының саны 73-ке дейін өседі.

Қазақстанның жоғарғы және орта оқу орындарының кітапханаларының жүйелері кеңейе түсті. Бұл кітапханалар оқу-тәрбиесі процесі, студент жастарды рухани тәрбиелеуде көкарасының қалыптасуына, оқытушылар және студенттерге ақпараттық және библиографиялық қызмет көрсетуде толыққанды қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарды. XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында 17,5 миллион кітап қоры бар, 500 мыңдай оқырманға 49 жоғарғы оқу орындарының кітапханасы, 207 техникум кітапханалары қызмет көрсетті. Осы жүйе бойынша әдістемелік және ғылыми-ақпараттық жұмыстардың орталығы және ірі кітапхана – С.М.Киров атындағы фундаменттік кітапхана болды.

Өндірістік және ғылыми қызметтеріне байланысты, халық шаруашылығының және мәдениеттің барлық салаларында мамандардың біліктілігін көтеру және даярлауға байланысты оқырмандардың ақпараттық талаптарын қанағаттандыра отырып, Қазақстан кітапханалары оқырмандардың жалпы білім берудің қызығушылықтарын дамытуға көмектесті. Әр кітапханалар жүйесінің қызметіне осы күрделі міндетті орындауда өз ерекшеліктері болды. Осыдан кітапхана жұмысының барлық бағыттары бойынша кітапханалардың ынтымақтастыққа ұмтылуы заңды болатын. Бұл қорлардың қалыптасуына, оқырмандарға ақпараттық-библиографиялық жұмысына, әдістемелік басшылық жасауға және ғылыми зерттеулеріне қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қатысты болды. Бұған халықты кітаппен бірыңғай жүйеде қызмет көрсетуді ұсынатын және әр түрлі профилдегі кітапханалар қызметін үйлестіруді дамуын ынталандыруға кітапхана ісі саласындағы мемлекеттік саясат мүмкіндік туғызуда.

Кітапханаралық байланыстың орнығуына және дамуына Қазақ КСР мәдениет министрлігі жанындағы кітапхана жұмыстарының сауалдары жөніндегі ведомствоаралық кеңес үлкен рөл атқарды. Республикалық ведомствоаралық кеңестің құрамына бас кітапханалардың өкілдері, Қазақстанның ОК, Кәсіби ұйымдардың қазақ кеңесі, жоғарғы, орта арнаулы білім берудің ми-

нистрлігі, ағарту министрлігі, баспа ісі, полиграфия, және кітап саудасы, кітап палатасы жөніндегі мемлекеттік комитет, кітапхана мамандарын даярлайтын оқу орындары және облыстық кітапханалар кірді. Ведомствоаралық кеңесте ғылыми-зерттеу, әдістемелік-ұйымдастыру, анықтама-библиографиялық жұмыстар, оқырмандарға қызмет көрсету, кітап қорын толықтыру, каталогтау, халықаралық абонемент координациясы жөніндегі патенттік-техникалық шетелдік әдебиеттермен жұмыстары құрылды.

Кеңестің пленум және бюроларында бірінші кезекте кітапханалардың, партиялық органдардың кітапханаларының сауалдары қаралып, сосын барып, кітапханалардың барлық жүйелері және ведомстволардың мәселелері қаралды. Мысалы, «Республикадағы Қазақстан коммунистік партиясының XIII съезі және КОКП XXIV съезін шешудегі кітапхана ісінің негізгі даму бағыттары», «Кітапханадағы ақпараттық-библиографиялық қызметтің міндеті және жағдайы» және т.б. Өз кезегінде А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхананың мамандары ведомстволық кітапханалардың жұмысын үйрену үшін облыстарға шығып жүрді. 1965 жылы кітапхананың бастамасымен «Жастарды коммунистікке тәрбиелеудегі кітапханалардың рөлі» атты бірінші республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтілді. 1972 жылы кітапхана Қазақстанның ЛКЖО ОК бірлесе отырып республикадағы кітапхана ісінің жас мамандарына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды. Конференцияға 350 адамнан аса әр түрлі ведомстволық кітапханалары және Қазақ қыздар педагогикалық университетінің кітапхана факультетінің бітіруші студенттері қатысты. Ал, облыс кітапханаларында, соның ішінді Павлодарда „Кітап қорларын толықтыру және пайдалану“, Ақтөбеде „Кітапты насихаттаудың деңгейін көтеру және оқуға басшылық жасау“, Өскеменде, „Кітапханалардың өнеркәсіп өндірісіне көмегі“ және т.с.с. сауалдарға арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтілді. 1967 жылдан бастап А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана перспективалық, ағымдағы, үйлестіру жоспарларын құруды бастап кетті. Бұл жоспарлар ғылыми және салалық ғылыми кітапханалардың ынтымақтастығын, кітапхана қорын толық-

тыруды үйлестіру, кітапханааралық абонемент, оқырмандарға ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуді жетілдіру, библиографиялық және әдістемелік құралдарды шығару, ғылыми ізденістерге араласу, кітапханаларға әдістемелік басшылық жасау формалары мен әр түрлі жақтарын қамтыды.

Бұл жоспарлау ақпараттық ресурстарды көпшілік және салалық ғылыми кітапханалар жүйесінде ғылыми қызметкерлерге, халық шаруашылығының мамандарына, республиканың барлық халқына кітапхана-библиографиялық қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында қолдануға жақсы мүмкіндік туғызды.

Ғылыми кітапханалардағы кітапхана қорлары

60-шы жылдардың соңы мен 70-ші жылдардың басында кітап шығарудағы, кітап таратудағы және кітапханаларды кітаппен жабдықтаудағы жағдай елеулі өзгеріске ұшырады. Халықтың білім деңгейінің артуы, үй кітапханаларының саны мен көлемінің күрт өсуі, оқырмандар қажеттіліктерінің саралануы «кітап дүрлікпесі» мен «кітап тапшылығы туындатты. Қазақстанның әмбебап және салалық кітапханаларында барлық салалар бойынша үлкен кітап қорлары жинақтаған. Бұларда 58 миллионнан аса баспа шығармалары жиналды. Кітап коллекциясының үлкен бөлігі әмбебап ғылыми кітапханаларда жинақталды, солардың ішінде бірінші кезекте Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасында кітап қорының көлемі қарқынды өсті. Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапханасы қорын қалыптастырудағы ерекшеліктері ұлттық баспа өнімінің барынша толық жиынтығын, сондай-ақ республиканың табиғи-экономикалық және мәдениет саласындағы орыс және қазақ тілдеріндегі баспа шығармаларын жинаумен белгіленді. А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапхана қорын толықтыру көздері: ЦНKB (Москва қ-сы) бөлетін баспа өнімдерінің ақылы міндетті данасы; Қазақ КСР баспа өнімдерінің тегін міндетті данасы; социалистік елдердің патенттерін сипаттайтын тегін дана. Кітапхана басқа да толықтыру көздерін пайдаланды, олар: Кітапхана коллекторы, «Кітап почтасы» ар-

қылы республикадағы барлық қалалардың кітап дүкендері, Одақтық баспа бөлімшесі арқылы жазылу, ведомстволық және шағын таралымды басылымдар алу, одақтас республикалардың ірі кітапханаларымен айырбас жасау және халықаралық кітап айырбасы [315].

Елдегі бүкіл баспа өнімі баспа шығармаларының міндетті данасына енді. Мемлекеттік кітап қорын толықтыру «КСРО Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхананың, Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының негізгі қорларын толықтыру мен одақтас республикалардың мемлекеттік республикалық кітапханаларының отандық баспа шығармаларының бірыңғай жоспары ережесінің негізінде жүргізіледі [316].

Толықтыру жоспары түсімдер легінің сандық және сапалық межелерін белгілеп, басылымдарды іріктеу процесінде басты бағдар болуы арқылы толықтырудың қажетті тұрақтылығын жасап отырды. Кітапхана қорын толықтыру жоспарын белгілеуге, кітапхананың мәртебесі мен әдебиеттердің сипатына қарай, баспа басылымдары түрлерінің салалық бөліктерін сақтау кітапханалар арасындағы жауапкершілікті бөлу қажеттілігіне қағидаттық негіз болды. Құжат елдегі аса ірі әмбебап кітапханалардың қорларында, соларды ұтымды қайталау мақсатымен жиналатын отандық баспа шығармаларының сандық данасын реттеді.

А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапхана қоры көлемі жағынан жылдан-жылға ұлғая түскені жөніндегі орнықты үрдіс мына серпіннен байқалады:

1965 ж. - 2 223 995 дана,

1975 ж.- 3 292 515 дана,

1980 ж.- 4 294 765 дана,

1985 ж. - 4 086 624 дана,

1990 ж. - 4 804 209 дана.

1885 жылы қор көлемінің азаюы 1981 жылы 763 929 дана патентті Республикалық ғылыми-техникалық кітапханаға берумен байанысты. Егер қор көлемінің өсу қарқыны туралы айтатын болсақ, онда 1980-1985 жылдарда ведомстволық басылымдар түсімінің азаюы есебінен төмендеуі байқалады, яғни кітапхана қорды патенттермен толықтыруды доғарды. А.С. Пушкин

атындағы Мемлекеттік кітапхана 1983 жылдан қоғамдық ғылымдар мен экономика жөніндегі диссертациялардың микроафиштерімен толықтырыла бастады.

1970-ші жылдар көпшілік кітапханалар қорын кең ауқымда реттеумен, толықтыруды үйлестірумен және қорларды кейіннен іріктірумен сипатталады.

1971 жылы Қазақстандағы ірі ғылыми кітапханалардың қорларын толықтыруды үйлестіру туралы мәселе туындады. Мемлекеттік кітапхана және орталық салалық кітапханалардың қорларын, отандық, сондай-ақ шетелдік басылымдармен толықтыруды үйлестіруді ретке келтіру қажет болды. Осыған байланысты ведомствоаралық комиссия үлкен жұмыс жүргізіп, «ҚазКСР Мемлекеттік кітапхана Алматы қаласындағы ірі кітапханалармен толықтыруды үйлестіру туралы Ережені» әзірледі. Осы Ереже бойынша Алматы қаласындағы аса ірі кітапханаларды толықтыру жоспары белгіленді.

- Республикалық ғылыми-медициналық кітапхана (РҒМК) медицина радиобиология саласындағы әдебиеттермен барынша толық, ішінара-химия, физика, зоология саласындағы басылымдармен толықтырылды.

- Жол Ғылыми-техникалық кітапханасы Теміржол көлігі саласындағы өндірістік-техникалық және оқу әдебиеттермен барынша толық, ішінара- ғылыми әдебиеттермен, көлік институттарының еңбектерімен.

- РҒТК техниканың барлық салалары бойынша ғылыми-техникалық, өндірістік-техникалық әдебиеттерімен барынша толық, ішінара - биология, химия, физика, математика, география саласындағы басылымдармен толықтырылды.

- Қазақ КСР ҒА Орталық ғылыми кітапханасы – жаратылыстану-ғылыми әдебиеттермен барынша толық, ішінара-ауылшаруашылығы, медицина саласындағы басылымдарымен толықтырылды.

Кітапхана қоры көптеген жаңа басылымдармен ұдайы толықтырылып отырды. Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың, әдебиет пен өнердің жетістіктері туралы кітаптарды жинақтау белсенді жүргізілді. Мысалы, 1973 жылы Мемлекеттік кітапхана қорына 178 000 дана жаңа басылым түсті, солардың ішінде

кітаптар – 81 452, журналдар – 27247, жалғасты басылымдар - 3189. Түсімдердің жалпы санының 24,5% - қоғамдық-саяси әдебиеттер, 16,8 % - жаратылыстану әдебиеттері, 26,4 % - техникалық әдебиеттер, 8,2% - көркем әдебиеттер құрады. Кітапхана қорын толықтыру заманының өзекті мәселелері мен КОКП идеологиялық насихатына әрдайым жауап берді. Мысалы, 1973 жылы кітапханада РСДРП ІІ съезінің 70-жылдығына арналған басылымдарды, КОКП XXIV съезінің міндеттерін орындауға ұйытқы болатын кітаптарды, Кеңестік Қазақстанның халық шаруашылығы, ғылым мен білім салаларындағы жетістіктері туралы өлкетану әдебиетін толығымен сатып алды.

70-ші жылдардың соңы 80-ші жылдардың бас кезіне қарай А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапхана қорының көлемі 3,9 млн. баспа бірлігін құрады. Жыл сайынғы түсімдер 165,0 мың бірліктегі данаға дейін өсті. Ақылы міндетті дана бойынша түсімдер 30,0 мың данаға жетті.

1987 жылғы 30 қазанда КСРО Министрлер кеңесінің «Баспа өнімдерінің бақылау және міндетті даналарын жіберу тәртібін ары қарай жетілдіру туралы № 1228 қаулысы шықты. Қаулы нәтижесінде Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапханасы 1988 жылдан Москвадағы Бүкілодақтық Кітап палатасынан (БКП) баспа өнімдерінің тегін міндетті данасын ала бастады.

1988 жылы кітапхана отандық және шетелдік басылымдардың 165 670 данасын алды, ол жоспарда белгіленген 38 670 данадан көп. Жоспардың артық орындалуына тегін бақылау дана алу нәтижесінде қол жетті. Бүкілодақтық Кітап палатасынан барлығы 44 708 дана алынды, соның ішінде кітаптар - 15839 дана, журналдар - 7240 дана, шет тілдердегі әдебиет - 1259, соның ішінде кітаптар - 490, журналдар - 595 дана. Сонымен келтірілген деректер көрсеткендей, А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапхана қоры тегін бақылау данасының есебінен салалық әдебиеттермен толықтырылған.

Кітапханалардағы кітап қорларын маңызды тақырыптағы және жоғары сұраныстағы әдебиеттермен толықтыру көздерінің бірі – республикалық және бүкілодақтық арнайы «Кітапхана сериясын» шығару болды. КСРО Мәдениет министрлігі мен КСРО

министрлер Кеңесінің жанындағы баспа жөніндегі комитет көпшілік кітапханалар қорының нақты тізімі мен осы кітаптарды шығарудың перспективалық жоспарын жасау туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, кітапханалар үшін кітап шығару мемлекеттік сипат алды және 1973 жылы бүкілодақтық кітапхана сериясымен шығару іске асты. «Кітапхана сериясы» бойынша жұмыс жүргізілген жылдары белгілі бір тәртіп орнады, оны одақтық, сондай-ақ республикалық Мәдениет министрліктері мен Мембаспакомитеті реттеуші құжаттармен белгіледі. Мысалы, Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі Мемлекеттік комитеті мен Мемлекеттік баспа комитетінің 17.03. 89 жылғы «Кітаптармен қамтамасыз етудің жай-күйі және оны жақсарту шаралары туралы» № 5/3 қаулысы осындай құжаттардың бірі болды.

Қазақстан баспалары 1974 жылдан бастап «Кітапхана сериясы» бойынша кітаптар шығара бастады және ол кітапханалардың тақырыптық жоспарлары мен тапсырыстарына бағдарланды. 1974-1989 жылдарда нысаналы серияға 7.012,0 мың данадан аса таралымдағы 789 кітап атауы енгізілді, соның ішінде 585 атау кітап 3 894,2 мың дана таралыммен қазақ тілінде шығарылды. Олардың 56,0% - көркем әдебиет шығармалары, 23,4% - қоғамдық әдебиеттер, 6,2 – жаратылыстану ғылымы бойынша, 7,0 % - техника және ауыл шаруашылығы әдебиеттері, 4,9 - өнер, дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі әдебиет.

Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының негізгі қоры-республиканың аса ірі кітап сақтау қоймасы. Кітапхана Қазақстанның ғылыми және мәдени құндылығын көрсететін құрамы бойынша жұмыс, кітапхананың кітаппен жұмыс істейтін барлық бөлімшелерінің ойдағыдай жұмысын қамтамасыз етеді. 1959-1960 жылдарда негізгі қордан 16 607 дана ескірген кітап есептен шығарылды. Қазақ КСР Мәдениет Министрлігінің бұйрығына сәйкес Қазақстан кітапханаларына 47 010 рубль сомасына 12 773 дана кітап жіберілді 1973 жылдың 1 қаңтарына қарай 3 007400 кітапхана бірлігі, соның ішінде айырбас қорында – 20871 дана кітап болды.

XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында облыстардағы орталықтандырылған ғылыми кітапханаларда 4 миллионға жуық кітапхана бірлігі шоғырланды. Солардың ішінде бір

кітапхананың орта қоры 224,5 мың дананы құрады. Үлкен қорлары бар кітапханалар Целиноградта - 465,2 мың және Қостанайда - 455,7 мың данасы болды. Кітапханалардағы кітап қорларында қоғамдық-саяси, ғылыми, техникалық және ауылшаруашылық кітапханалар болды. Қордың негізгі көп бөлігін қоғамдық-саяси әдебиеттер құрады, яғни жалпы қордың 1 қаңтар 1974 жылғы көрсеткіш бойынша - 26,2 пайызы болды. Басқа салалар бойынша қордың сұранысы: әдебиеттану - 25,3 пайыз, көркем әдебиет басылымы - 16,1 %, тіл білімі - 12,8 %, ауыл шаруашылығы басылымы - 5,4 %, ғылыми - 4,8 %, техникалық - 2,3 %, медициналық - 1,8 %, өнер және спорт - 1,6%, география - 0,2 пайызды құрады.

Кітапханаларды орталықтандыру-уақыт әмірі

1971 жылға қарай түрлі ведомстволардың 1474 көпшілік кітапханалары қайтадан ашылып, 67 шағын кітапханалар біріктірілді, 226 кітапхана көшірілді, 90-нан аса кітапхана қайта құрылды. Қызмет көрсетудің тұрақты емес желісі кеңейді. Республикалық және облыстық кітапханалардың тарапынан әдістемелік көмек күшейтілді. Кітапханалардың желісін зерделеу мен реттеу бойынша 1200-ге жуық сапалар жасалып, 700-ден аса консультациялар берілді. Бірақ кейбір облыстарды кітапханаларды қайта құру біріктіру және көшіру мәселелері баяу жүзеге асырылды. Ірі кітапханалар тұрақты қызмет көрсете алмаған кезде, шағын елді мекендерде кітапханалар ашылған жағдайларда болды. Кітапханалардың кітап қорларын толықтыруға арналған қаражаттарды саралап бөлу ойдағыдай орындалмады.

Кеңес жүйесіндегі кітапхана дамуына тоқтала кетсек, 1968 жылғы барлық кітапханалар саны - 347 мың, олардағы кітап журналдар саны - 2588 млн. дана болды. Оның ішінде көпшілік кітапханалар саны - 125 мыңды құраса, олардағы кітап журналдар 1198 млн. данадан тұрды. 1973 жылдың 1- қаңтарынан бастап республикада Мәдениет министрлері жүйесіндегі көпшілік кітапханалар саны - 8004, кітап қоры - 70843 мың дана болды. Кітапхана салалары: жалпы кітапхана, кітапхана қоры, кітапхана

каталогы, оқырмандармен жұмыс, кітапхана жұмысын ұйымдастыру кітапхана ісінің тарихы деп бөлінеді.

КОКП ОК 1974 жылы 8 маусымда «О повышении роли библиотек в коммунистическом воспитании трудящихся и научно-техническом производстве» қаулысының – халыққа кітапхана қызметін көрсетудің орталықтандырылған жүйесін енгізу - негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Көпшілік кітапханалардың желісін реттеу бойынша 1966-1971 жылдарда жүргізілген жұмыс оларға әрмен қарай дамытуды көздеді. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде кітапханалар шағын елді мекендерден ірірек елді мекендерге көшіріліп, шағын елді мекендерде филиалдардан әдебиет берудің қосымша пункттері ұйымдастырылды. Тым шағын кәсіподақ кітапханалары көшпелі кітапханаларға немесе кітап беру пункттеріне қайта ұйымдастырылды. Кітапханалардың желісін реттеу жұмысына Мемлекеттік көпшілік кітапханасы Мәдениет Министрлігімен бірге бірқатар нұсқаулық-әдістемелік хаттар дайындау арқылы көмек көрсетті, 36 іссапар жасалып, қалалық жердегі желіні реттеу жөнінде 2 республикалық семинар, аудандық кітапханалар меңгерушілерінің республикалық семинары өткізіліп, аймақтық 3 кеңес-семинарларда консультациялар берілді.

1971 жылға қарай түрлі ведомстволардың 1474 көпшілік кітапханалары қайтадан ашылып, 67 шағын кітапханалар біріктірілді, 226 кітапхана көшірілді, 90-нан аса кітапхана қайта құрылды. Кітапханалардың желісін зерделеу мен реттеу мәселесі бойынша ғана 1200-ге жуық сапарлар жасалып, 700-аса консультациялар берілді. Бірақ кейбір облыстарда кітапхана көрсететін қызметті ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер орын алды. Мәселен, Ақтөбе, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Талдықорған облыстарында КСРО Министрлер кеңесінің 1966 жылғы қаулысындағы мәдени-ағарту мекемеле-рінің желісін орналастыруға қатысты тармағы шала-шарпы орындалған.

Республика кітапханаларының желісін ұйымдастыру халыққа стационардан тыс қызмет көрсетуді жақсартты. 1974 жылмен салыстырғанда 1980 жылы көшпелі кітапханалардың саны екі есе өсті.

Республикалық кітапханалардың жаңа жағдайларындағы жұмысына көмек ретінде бірқатар нұсқаулық әдістемелік материалдар дайындады. Кітапхана кадрларын кеңінен оқу ұйымдастырылды. Кітапханаларды қызмет көрсетудің нысанына дайындау мен ауыстыру жылдарында мемлекеттік көпшілік кітапханасы тек орталықтандыру мәселелері бойынша ғана 15 республикалық семинар өткізді, оларда 200-ден аса кітапхана қызметкерлері оқытылды. 1975 жылы шілдеде мәдениет басқармасы бастықтарының орынбасарларымен, аудандық және қалалық мәдениет бөлімінің меңгерушілерімен және жұмыс істеп жатқан орталықтандырылған жүйелердің директорларымен «Қазақ КСР Мемлекеттік Көпшілік кітапханаларын орталықтандыру» семинар кеңесі өткізілді. Қазақ КСР мемлекеттік кітапханаларының желісін орталықтандырудың перспективалары туралы баяндамалар дайындалып, «Орталықтандырылған жүйедегі кітапханалардың құрылымы мен штаттарын құру, еңбекті ұйымдастыру принциптері», «Орталықтандыру жағдайларындағы каталогтар жүйесі, әдебиетті есепке алу және өңдеу», «Орталықтандыру жағдайында оқырмандармен жұмыс жүргізудің түрлері мен әдістерін жетілдіру» консультациялары берілді.

Кітапханаларда орталықтандыру базаларында 1974-1979 жылдарда облыстық, аудандық, қалалық балалар кітапханаларының қызметкерлерін кітапханаларды орталықтандыруға көшіру және жаңа жағдайларда жұмысты ұйымдастыру әдістемесіне оқыту бойынша 18 республикалық семинар-практикум ұйымдастырылды.

X-шы бесжылдықта орталықтандыруды енгізуге байланысты 6 республикалық және 100-ге жуық облыстық мектептер құрылды. ОКЖ жағдайларында КАК, ЕҒҰ енгізу, оқырмандарға ақпараттық қызмет көрсету бойынша мектептер құру кеңінен қолға алынды.

Орталықтандыру бойынша озық тәжірибелі мектептер әдістемелік орталықтардың бақылауында болып, олармен бірге сапарларға шығып, барыс-келіс, семинарлар, жиындар өткізу арқылы байланыстар жүргізілді. Алматы қаласында желіні орталықтандыру мәселелерімен айналысатын облыстық кітапхана-

лардың әдістемешілеріне арналған 10 күндік семинар-практикум өткізілді, содан кейін Кентауға сапар ұйымдастырылды.

Мемлекеттік кітапханалардың желісін орталықтандыру аяқталғаннан кейін әдістемелік орталықтардың алдында үлкен міндеттер тұрды. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне жаңа жағдайларға жұмыстың мазмұнын тереңдету мен кеңейтуге көмек көрсету. МК ғылыми әдістемелік бөлімінің қайта қаралды. Белгіленген шарттардың аясында облыстық кітапханалар, ОКЖ, ақпараттық-библиографиялық жұмыс, толықтыру орталықтары құрылды.

1980 жылдардан бастап бірнеше орталықтандырылған кітапханалар жүйесі қалыптасуда, олардың кітап қоры, жабдықтары бір орталықтан толықтырылады, каталог жұмыс процестері де бір орталықтан атқарылады, бұл кітапханашылар жұмысын жеңілдетеді. Көптеген кітапханаларда үлкендер мен балаларға бірге қызмет көрсетіледі. Баяндамалар, дискуссиялар, ашық сессиялар, кітапханаларда көрген іс-тәжірибелер кітапхана ісі, оның прогрестерін автоматтандыру ақпараттық жұмысты озық технологиямен үйлестіре жүргізуді одан әрі жетілдіруге ұмтылдырады.

1980 жылы Республикадағы барлық жүйелер мен ведомстволардың кітапханалар желісі - 19,5 мың кітапхананы құрады солардың ішінде - 8257 кітапхана Мәдениет министрлігінің жүйесіне, 1010 кітапхана кәсіподаққа қарайды. Жалпы кітап қоры - 210,4 млн дана, соның ішінде Мемлекеттік кітапханалардың қоры-85 млн дана, 20,7 % қазақ тілінде. Оқырмандардың саны 1605,0 мың, мемлекеттік кітапханалардың оқырмандары-5800,0 мың адам. Республикадағы бір кітапханаға шаққанда 1,5 тұрғын келді, ал ел бойынша орта есеппен осы көрсеткіш – 2,0 мың адамды құрайды. Мемлекеттік кітапханалардың кітап қоры 1974-1980 жылдарда 20,8 млн данаға немесе 25%-ға өсті. Оқырмандардың саны, 1,7 млн-ға жетті. Халықты кітапхана қызметін көрсетумен қамту 61,3% -дан 77,2 %-ға жетті. Орталықтандырылған 225 жүйе жұмыс істеді немесе 90%-ға жуық кітапханалар қызмет көрсетудің жаңа жүйесіне ауыстырылды. Қазақ КСР мәдениет министрлігінің құрылымында кітапханалық инспекция қою туралы мәселе қойылды.

1982 жылы Целиноградта «Совершенствование работы централизованных систем массовых библиотек республики в свете решений XXVII съезд КПСС и XV съезда Компартий Казахстана» республикалық ғылыми парктикалық конференция. Конференцияда кітапханалар тәжірибесі қортылып, ОКЖ жұмысын жетілдіре түсу жөніндегі ұсыныстар қабылданды.

Республика кітапханалары өз жұмысында бүкіл елдегі кітапханалардың жұмыс тәжірибесін белсенді пайдаланды. Бурят АССР кітапханаларының ішкі жүйелік кітап айырбасын ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесі кеңінен тарады, осы тәжірибе қалалық та, селолық та ОКЖ-ге енгізілді. Эксперимент ретінде Қазақстанда ішкі жүйелік кітап айырбасы бойынша республикалық озық тәжірибедегі мектеп құрылды, ол – Алматы облысының Жамбыл аудандық ОКЖ.

1985 жылы Мемлекеттік көпшілік және кәсіподақ кітапханаларының ведомствоаралық орталықтандырылған жүйелерін құру жөніндегі жұмыс бітуге жақындады. Елдегі 1986-1990 жылдарға арналған кітапхана ісінің әдістемелік басшылық саласындағы негізгі бағыттары: кітапханалар жұмысының идеялық теориялық деңгейін көтеру; ғылымға, өндіріс пен мәдениетке, ақпараттық, кітапханалық-библиографиялық қызметті жақсарту; әдістемелік басшылықты жетілдіру; әдістемелік орталықтардың ұйымдастырушылық рөлі; мектептердің озық тәжірибелерін талдап қорыту және тарату; кітапхана кадрларының біліктілігін арттыру жүйесін әзірлеу және солардың іске асырылуын талқылау, ОКЖ кітапханаларының жұмыс практикасына озық тәжірибені енгізу болды.

Кітапханалардың материалдық -техникалық базасын нығайту бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылды. 1300-ден аса мемлекеттік кітапханалар жаңа орынға көшірілді, солардың қатарында 98 аудандық және қалалық кітапханалар бар. Қостанай (500мың томға) және Целиноград (750 мың томға) облыстарының әмбебап кітапханаларына типтік ғимараттар салынды.

Соңғы кездерде, әсіресе кітапханалар жүйесі орталықтандыруға байланысты село кітапханаларының да ақпараттық қызметтері едәуір жанданды. Кітапхана қызметкерлері ақпараттық бюллетеньдер мен ұсынылатын әдебиеттер тізімдерін жасау

арқылы жергілікті радио мен баспасөз беттерінде шолулар жариялап, кітап көрмелерін ұйымдастыру және әрбір саланың мамандарына жеке ақпарат беретін картотека жүргізу арқылы мамандарға жаңа әдебиеттер туралы ақпарат береді. Түрлі ұлттық тілдегі әдебиеттердің әрқайсысы жеке қор ретінде бөлініп қойылады. Қордың барлығы хронологиялық тақырыптық, жанрлық тұрғыдан ашып көрсетіледі, әрбір салалық тақырыптар ішінен көрмелер ашылады. Көптеген тілде каталогтар және көркем әдебиеттердің тақырыбы бойынша картотекалар жасалады.

Оқырмандарға жүйелі және саралы түрде қызмет көрсету үшін арнаулы анкета толтыру арқылы және оқырмандар формулярларына талдау жасау арқылы олардың мүдделері мен мақсаттарына зерттеу жасалады. Осы зерттеулер нәтижесінде оқырмандарға қандай әдебиеттер қатары жетіспейтіндігі анықталады. Сонымен жинақталған қордың толық пайдаланылуы да оны насихаттай білуге байланысты, ол үшін түрлі формалар мен дәстүрлі әдістер пайдаланылады. Түрлі тақырыптағы кітап көрмелері, әдеби кештері мен оқырмандар конференциялары, ауызша журналдар мен әдебиет шолулары жүргізіледі. Кітапханашылардың клубпен және мектептің педагогтар ұжымымен бірге отырып өткізетін әдеби-диспут кештері жастар үшін аса қызықты шаралардың бірі болды.

***Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің
жұмысын жетілдірудегі ақпараттық-библиографиялық
қызмет көрсетуі және әдістемелік
қамтамасыз ету көмегі***

Ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету әмбебап ғылыми кітапханалардың негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Қазақстанның әмбебап ғылыми кітапханалары өз қызметінде өңірлерде ақпараттық-библиографиялық орталықты ұйымдастырушылар болды. Әсіресе олардың маңыздылығы КОКП Орталық Комитетінің 1959 жылғы 22 қыркүйектегі “Еліміздегі кітапхана ісінің жағдайы және оны жақсарту шаралары” туралы арнаулы қаулысынан шыққаннан кейін халыққа

ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуді ұйымдастырудағы және барлық жүйенің жұмысын түп тамырымен жақсартуды талап етудегі кемшіліктер байқалғаннан кейін арта түсті.

Қазақстанның әмбебап кітапханалары - үлкен оқырмандар бағыты бар және оқырмандарға кітапты насихаттауда белсенді ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетіп, әдістемелік көмекпен қамтамасыз етеді. Олардың ақпараттық жұмысы ең алдымен оқырмандардың сауалдарын қанағаттандыруға байланысты ғылыми, өндірістік және қоғамдық қызметке арналған. Сонымен қатар, олар өздігінен білім алуға көмекші әдебиеттерге арналған әр түрлі ақпараттарды таратуға, халықты мәдени ағартуға және еңбекшілерді идеологиялық тәрбиелеу жөнінде жұмыстарды жүргізуге үндеуге шақыру. Бұл кітапханалардың негізгі контингенті ғылыми қызметкерлер мен халық шаруашылығы, ғылым, мәдениет, өнер саласындағы мамандар, жоғары білікті қызметкерлер. Оқырмандардың көп бөлігін жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері құрайды.

Ақпараттық қызмет көрсету – кітапхананың библиографиялық жұмысындағы жетекші бағыттарының бірі, қоғамдық практиканың әр түрлі салаларын ақпаратпен қамтамасыз етудің жалпы жүйесіндегі маңызды буын.

Білім ордасы – оқу орындарына бүгінгі таңда қойылып отырған талаптар бойынша кітапханашылар оқырмандардың, соның ішінде оқытушылардың, оқушылар мен студенттердің, ата-аналардың сұранысын дер кезінде, яғни тез арада, уақытылы толық қанағаттандырып, оқырманға қажетті ақпаратты, білім мен ғылым жетістіктерін, білім әлеміндегі, оқу процестеріндегі соңғы жетістіктерді, озық тәжірибелерді күндегісін күнде, тез арада жеткізіп, кітаптармен, мерзімді басылымдардағы ақпараттармен таныстырып үнемі хабарлап отыруы қажет.

Кітапханалардағы кітап қорларының мазмұнын толық бейнелеп, жан-жақты ашып көрсету кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппараты, яғни анықтамалық-библиографиялық басылымдар қоры, сипаты, типі, тақырыбы жағынан сан алуан түрлі анықтамалық әдебиеттер (энциклопедиялық сөздіктер, жолнұсқалар, күнтізбелер және басқалар) каталогтар мен картотекалар жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Анықтама-

лық- библиографиялық аппарат кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратың көмегімен атқарылады. Кітапханалар жұмысы тәжірибесінде, жалпы ақпараттық-библиографиялық қызметінің негізгі бағыттарының бірі – жаппай анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету болып табылады. Жаппай библиографиялық ақпарат кітапхана қорына түсетін әдебиеттер мен құжаттар туралы насихаттау құралдарының бірі болып табылады. Оның көп тараған түрлерінің бірі – ақпараттық бюллетеньдер шығару. Осы бағытта оқу орындары мен мектеп кітапханаларына келіп түскен кітаптар мен оқулықтар туралы ақпаратты оқушылар мен мұғалімдерге дер кезінде жеткізу болды.

Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана қызметінің библиографиялық ақпарат жасауды және оны оқырманға жеткізуді көздеген анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық жұмысы аса маңызды бағыттарының бірі болды. Анықтамалық-библиографиялық жұмысты 1931 жылы құрылған анықтамалық-библиографиялық бөлім (АББ) жүргізеді. Бөлім ауызша, жазбаша анықтамалар, ұсыныстық тізімдер жасаумен және библиографиялық консультациялар жүргізумен айналысты. Қызмет көрсету кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратының, атап айтқанда, анықтамалық-ақпараттық қор мен картотекалардың негізінде құрылды. Анықтама-библиографиялық бөлімде анықтамалармен, энциклопедиялармен және библиографиялық көрсеткіштермен жақсы толықтырылған қор жұмыс істеді.

1966 жылға қарай АББ қоры 7,0 мыңнан аса энциклопедияларды, анықтамалар мен библиографиялық көрсеткіштерді құрады. Жыл сайын орта есеппен 12-13 мың дана анықтамалықтар берілді. 1966 жылға қарай «Қазақстантану» картотекасында қазақ және орыс тілдеріндегі 600,0 мыңнан аса мақалалар мен кітаптар есепке алынды. Жылына шамамен 29-30 мың карточка тіркеліп жазылды. Осы жылдан бастап Пушкин атындағы кітапханасы ҚазКСР-ң «Календарь знаменательных дат» көрсеткішін шығарды. Онда республиканың саяси, тарихи, экономикалық және мәдени өміріндегі ірі оқиғаларынан әдебиеттер тізімін, анықтамалар келтірілген. Осындай құралдар Оралда,

Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстық кітапханаларында шығарылды. ҚазКСР-ң мәдениет министрлігінің алқасының қаулысына сәйкес бесжылдықтың аяғында 263 орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, оның 211-і ауданды, 46-ы қалалық және балалар кітапханасы болды. Орталықтандырудың 4 варианты енгізілінеді:

- Орталық аудандық кітапханалар базасына 1120 жүйе ауылдық, аудан кітапханалары;

- Орталық қалалық кітапхана базасына 45 жүйе, барлық облыстық орталық және ірі қаладағы балалар кітапханалары;

- Орталық аудан кітапханалары базасына 92 жүйелер, қала және аудан кітапханалары, аудандық мәдениет бөлімдерінің кітапханалары;

- Жеке орталықтандырылған балалар жүйесіне Алматы, Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Жамбыл кітапханалар кірді.

Мемлекеттік кітапхананың Қазақ КСР халқына қызмет көрсетудің жүйесіне өтуі 1980 жылы аяқталды. 275 орталықтандырылған кітапхана жүйесі, оның ішінде 222 аудандық, 47 қалалық және 6 балалар кітапханаларының жүйелері құрылды. Сонымен қатар, 26 орталықтандырылған қалалық, кәсіподақ, кітапханалары болды. Кішігірім кітапханалардың біріктірілуі ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттауда көпшілік кітапханалардың рөлі артты. 2000 кітапханалар, соның ішінде, 127 орталық жаңа мекемелерге көшірілді. Орталықтандыру кітап қорларының сапалы толықтырылуына әсер етті. Республика халқына 230 миллион кітап қоры бар 2000-нан аса кітапханалар қызмет көрсетті. Кітапханалар қызметін 11 миллионнан аса оқырмандар пайдаланды. Қазақстандағы XI бесжылдық жылдарында кітапханалар жүйесінің дамуына нақты жұмыстар атқарылды. Әсіресе, ақпараттық-библиографиялық жұмыс жақсарып, кітапханааралық байланыс ретке келтірілді. Орталықтандыру жылдары мемлекеттік кітапханада оқырмандар саны 38-ге көбейеді.

Жоғарыда айтылғандай, 1966 жылдары «Қазақстантану» картотекасында жылына шамамен 29-30 мың карточка тіркеліп жазылса, 1990-шы жылдарға қарай республикалық және одақтық баспасөздегі Қазақстан туралы картотекалар орыс тіліндегі

миллионға жуық атауларды және қазақ тіліндегі үш жүз мыңнан аса атауларды қамтиды. Ал, Қазақстанның ретроспективті ұлттық библиографиясы-түрлі елдер мен халықтардың ұлттық библиографиясы мен әлемдік жүйесінің органикалық бөлігі, оған солардың әрқайсысына тән негізгі сипаттамалар ортақ. Қазақтың ұлттық ретроспективті библиографиясының тарихы сонау отаршылдық заманында жасалған алғашқы қарапайым тізімдерден көп нысандары мен түрлері бар, бүгінгі сан қырлы және жан-жақты білім саласына дейінгі сатыдан өтті. Қазақстанның ғалымдары «Қазақстан туралы зерттеушілердің әр замандағы ұрпақтары жинақтаған бүкіл әдебиетті бүгінде тек арнайы іргелі библиографиялық көрсеткіштер даярлау мен шығару арқылы ғана жалпыға бірдей қолжетімді жасауға болады», деп есептейді.

Ретроспективтік библиографияның дамуына Қазақ КСР ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасы да үлкен үлес қосты. Ол өзекті мәселелерге арнап салалық және тақырыптық библиография шығарды. XX ғасырдың 70-ші жылдың ортасында кітапхана 500 баспа беттен тұратын 25 көрсеткіш шығарды. 1971 жылы үлкен «Қазақстанның су ресурстары» атты ретроспективтік көрсеткішін жарыққа шығарды. Ондағы материалдар 1917-1967 жылғы кезенді қамтыды. 28(1937-1965) жылға арналған ғалым-ботаниктерге көмек ретінде «Ботаническая литература» библиографиялық көрсеткішін құрастырды. Ал, «Қазақстанның жануарлар әлемі» атты көрсеткішінде 1960-1971 жылдардағы кезенді қамтыған 4,5 мың атауы кірген көптеген ғылыми бағыты жөнінде толық ақпаратты қамтыған әдебиеттер кірген. 1973 «Қазақстанның халық шаруашылығы» жылнамасын шығарды.

Ретроспективті библиография секторының жұмысы 1975 жылы жемісті болды. Бір жылдың ішінде «Атеистическое воспитание», «Музыкальное искусство Казахстана», «Народное образование Казахстана», «Кормопроизводство» көрсеткіштер шығарылды.

1982 жылы «Библиография библиографии Казахстана» ғылыми-ақпараттық көрсеткіші баспадан шықты. Көрсеткіште Қазақстан туралы тұңғыш библиографиялық жұмыстар пайда болған 18 ғасырдан бастап, 1975 жылға дейінгі 200 жылдан аса

уақытта Қазақстанға арналған библиографиялық құралдар үлкен толықтықпен жинақталған.

1981-1986 жылдары шыққан құралдардың арасынан, ең алдымен Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Партия тарихы институтымен бірге құрастырған «Қазақстан коммунистік партиясының тарихы» ғылыми-ақпараттық көрсеткіші[330]. 1988 жылы «Қазақстан баспасынан «История Казахстана: дореволюционный период» 20 томдық іргелі библиографиялық көрсеткіші шықты. Ол «Библиография по истории Казахстана» көрсеткішінің жалғасы болды.

Ал, Республикалық ғылыми-техникалық кітапхананың негізгі оқырмандар құрамын инженерлік-техникалық және өндірістің кәсіпорын қызметкерлері құрайды. Оқырмандардың өсуі және олардың әртүрлі сауалдарды талап етуі кітапханаларда бұндай қызмет көрсетуді ұйымдастыру, барлық жұмыс процесін саралап жіктеу болу мүмкіндігін, негізгі оқырман топтарының қызығушылықтары мен және кітапхана қорындағы бар әртүрлі баспа басылымдарының өзгешеліктеріне байланысты. Облыстық кітапханаларда саралап жіктеу қызметін көрсету оқырмандармен жұмыс істеудің деңгейін жоғарылатудағы негізгі жолы болды. Оларда арнаулы құрылым бөлімшелері, ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету жетілдірілгеннен құрылды. Мысалы, Қарағанды, Көкшетау, Жамбыл, Петропавлда техникалық, ауылшаруашылық, шетел әдебиеттері және өнер бөлімі, мәдениет және өнер жөніндегі ақпарат секторы, белгілі оқырман категорияларына арналған оқу залдары, жалпы, ғылыми қызметкерлер, жасөспірімдер, баспа басылымдарының түрлеріне байланысты (мерзімді басылымдар, микрофильмдер) бөлімдер құрылды. 6 кітапхана ауылшаруашылығы қызметкерлеріне қызмет көрсету бөлімдері ұйымдастырылды.

XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында көптеген облыстық кітапханаларда көпшілік абонементтері болды. Ақпараттық-библиографиялық жұмыста маңызды орынды анықтама-библиографиялық қызмет көрсету болды, ғылымға және өндіріске көмекке жіберілген негізгі міндет болды. 1975 жылы ұйымдардың, өндірістердің, ғылыми-зерттеу ұйымдарының және оқырмандардың сауалдарына 15062 анықтама дайындал-

ды, олардың 100-і жазбаша, облыстық кітапханаларда жыл сайын 400-ден 700-ге дейін анықтама орындалды. Анықтамалардың тақырыптары барлық білім салалары бойынша қамтылды, ең бастысы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар өлкетану, техникалық ғылымдардың жалпы сауалдарына байланысты орын алды. Анықтамалық қызмет көрсету, әсіресе студенттерге 59% сауал және ғылыми қызметкерлерге 35 % қолданылды.

Өндірістер мен кәсіпорын мамандарына анықтамалық қызмет көрсету РҒТК-ға басты рөл тиесілі болды. 1962 жылы «Елдегі ғылыми-техникалық ақпараттарды ұйымдастыруын жақсарту шаралары» атты қаулысы және «Ғылыми-техникалық ақпараттың жалпы мемлекеттік жүйесі» туралы (1966) КСРО Министрлер кеңесінің қаулыларына арналған жұмыстарында РҒТК ең алдымен ақпараттық-библиографиялық қызметін дамытты. Өзінің 100-ден кәсіпорындар мен мекемелер Қазақстанның РҒТК құрылған ғылым, техника және алдыңғы өндірістік тәжірибелер жөніндегі сауалдар бойынша анықтамалар және әдебиеттер тізімін алып отырды. Пайдаланушыларға РҒТК анықтама-іздеу аппараты, пәндік және жинақ каталогтарын отандық және шетел мерзімді басылымдарына арналған ерекше құнды болды. Кітапханадағы пәндік каталог кітапхананың барлық кітап қорын көрсетіп, 1967 жылдан бергі отандық және шетел журналдарындағы мақалаларды, авторефераттарды, диссертацияларды, бүкілодақтық, республикалық және облыстық съездерінің, конференцияларды, симпозиумдарын 1966 жылдан бергі мақалалар тізімдерін көрсетті. Ол 1,5 миллионнан аса карточкалары қамтыды. Мерзімді басылымның жинақ каталогы Алматының 16 кітапханасының қорын қамтыды. 1968 жылдан бастап Қазақстанның ғылыми-техникалық ақпарат институтымен бірлесе отырып «Ақпаратты саралап тарату» (ИРИ) жүзеге асыра бастады. 1974 жылдың өзінде 600 кәсіпорын 575 тақырып жөнінде «Ақпаратты саралап тарату» жүйесін пайдаланды. 1980 жылдың аяғында «Ақпаратты саралап тарату» абоненттің саны 870-ке жетіп, олар 650 тақырып жөнінде ақпараттар алды. Ал, Қазақстан деңгейі бойынша 2340 абоненттер 700 тақырып бойынша ақпараттар алды. Патенттік әдебиеттер техникалық

және экономикалық жаңа өндеудің тиімділігін жоғарылатудағы маңызды тәсілі болғандықтан, РҒТК алдыңғы қатарлы міндеттердің қатарында осы жаңалықтармен кәсіпорындарды техникалық құжаттармен қамтамасыз ету болды. Сонымен қатар, ағымдағы түсіп жатқан ақпараттармен республикалық патент қоры өткенді шолатын (ретроспективный) тізімдерді құрастырып, оларды көбейтіп және патенттік материалдардың көшірмесін түсіруді ұйымдастырады.

Кәсіпорындарды ақпараттық жүйемен қамтамасыз етуде маңызды орында әмбебап ғылыми кітапханалар болды. Олардағы инженерлік және техникалық қызметкерлері оқырмандарының негізгі категориясы болды. Қарағанды әмбебап кітапханалары машина құрылысы, химиялық және жеңіл өнеркәсіп, тұрмыстық және коммуналдық шаруашылығының 40-тай өндірісіне қызмет көрсетті. Шығыс Қазақстан облысының кітапханалары ғылыми мекемелер және кәсіпорын өндірістерінде қызмет көрсету 1969 жылдан бері енгізілді. Бұған барлық ірі кітапханалар мен көпшілік кітапханалар қатысты. Көпшілік кітапханалар-ғылыми-техникалық кітапханаларда жоқ кәсіпорындарды қамтамасыз етті. Бұл стационарлық емес жүйенің дамуына ықпал етті. Олар 133 пункттерде кітап беретін және 500-ден аса жылжымалы кітапханалары бар. Жамбыл облысының кітапханалары мамандығын көтеруді жақсартуға байланысты тақырып бойынша үлкен топ мамандарын жеке ақпараттармен қамтамасыз етті. Ал Талдықорған облыстық кітапханасы «Құрылысқа арналған жаңа әдебиеттер» ақпараттық бюллетенін шығарды.

Республикалық ғылыми ауылшаруашылық кітапханасының библиографиялық анықтамалары ғалымдардың сауалдары жөнінде орындады. Қазақстанның ғылыми-зерттеу мекемелерінің мамандарынан басқа да, республикалардың, ауылшаруашылығы тақырыбындағы әдебиеттері республикалық журналдарда «Қазақстанның ауылшаруашылығы ғылымының хабаршысы», «Қазақстанның ауылшаруашылығы» журналдарында насихаттау мақсатында кітапханаға түскен жаңа әдебиеттердің тізімін жариялап оырды. Ал, облыстық орталықтарда, облыстық ауылшаруашылық кітапханалар болмаған жерлерде аймақтағы

ауылшаруашылық кәсіпорынның мамандарын әмбебап кітапханалар қызмет көрсетудің ұйымдастырушылары болды. Оларға қызмет көрсету бөлімдері, кітапханааралық абонемент және сырттай абонемент арқылы тікелей оларды ақпараттық-библиографиялық сауалдармен қамтамасыз етті. Ал, Көкшетау, Қарағанды, Целиноград, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Жамбыл облыстарының кітапханаларында мамандарына қызмет көрсететін ақпараттық-библиографиялық орталық болды. Әр квартал сайын облыс кітапханаларына түсетін ауылшаруашылық әдебиеттерінің бюллетені, барлық ауылшаруашылық бағыттағы мекемелер, совхоздардың бас мамандары мен басшылары алып отырды.

Ал, медицина мамандарына ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету республикалық салалық ақпарат орталығы, республикалық ғылыми медицина кітапханалары және арнаулы кітапханалардың жүйелері арқылы жүзеге асырылды. РҒМК ақпарат беру мақсатында жиі-жиі жаңа түскен басылымдарға, соның ішінде ақпараттық-библиографиялық басылымдарға және диссертацияларға, авторефераттарға тақырыптық көрмелер жасап отырды. Олар санитарлық ағарту үйлері және арнаулы кітапханалармен біріге отырып, библиографиялық шолулар, лекциялар, мамандарға арнап консультациялар өткізді. Шығыс Қазақстан, Целиноград, Қызыл-Орда кітапханалары әр квартал сайын «Жаңа түскен кітаптар» бюллетенін шығарып, емдейтін мекемелерге, медициналық оқу орындарына және ғылыми зерттеу институттарына таратылды. Ал, облыстық кітапханалар көптеген библиографиялық құралдар шығарды. Мысалы, Көкшетауда, «В.В. Куйбышев және Қазақстан», Орал облыстық кітапханасы «Оралдың батырлары» атты библиографиялық құрал, Павлодарда «Писатели Павлодарского Прииртышья» көрсеткіштерін шығарды.

Елдегі кітапхана ісінің әрмен қарай дамуы мен деңгейінің өсуіне байланысты КСРО-дағы кітапханалардың ең озық тәжірибесін терең зерделеу мен тарату қажет болды. Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана әдістемелік орталық ретінде ғылыми-әдістемелік жұмыстың басқа функцияларымен қатар көкейтесті мәселелер бойынша кітап-

хана жұмысының маңдайалды әдістерін жинақтап қорыту және енгізу міндеті жүктелді. Кітапхана ісінің озық тәжірибесі кітапханатану әдебиетін зерделеу, Қазақстандағы және басқа да республикалардағы кітапханалардың қызметін талдау жолымен белгіленді.

КОКП ОК «Кітапхана жұмысының жай-күйі және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын іске асыру бойынша Мемлекеттік көпшілік кітапханасы әдістемелік кабинеті бір-қатар іс-шаралар әзірледі. 1960 жылы республика кітапханаларына практикалық және әдістемелік көмек көрсету үшін 12 облысқа 33 сапар ұйымдастырылып, 180 кітапхана, соның ішінде 58 кітапханасы тексерілді. Солардың ішінде 6 сапар КОКП ОК, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президумының, Мәдениет министрлігінің тапсырмасы бойынша жасалды.

1961 жылы 26 сапардың 16-сына әдістемелік бөлімінің қызметкерлері жіберілді. Кітапханалардың қызметін кең ауқымды зерделеу және жұмысын жетілдіру мақсатымен ұйымдастырылған бригадалық сапарлар өте тиімді болып шықты. Бригадалар айтқан ұсыныстарының негізінде кітапханалар дамуының перспективалы жоспарлары жасалып, олардың жұмысының жай-күйлері Қазақ КСР Мәдениет министрлігінде талқыланды, соған байланысты жасалған сапарлардың қорытындылары бойынша облыстық, аудандық кітапханалардың тәжірибесін зерделеу мәселелері бойынша топтық әдістемелік кеңестер өткізілді.

Облыстық кітапханалардың ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы республикадағы барлық көпшілік кітапханалардың қызметіне оң әсерін тигізді. Әсіресе, халықты кітаппен қамту жөніндегі ведомствоаралық бірыңғай жоспарды орындауға үлкен көмек көрсетті. 1966 жылы ғана облыстық кітапханалардың қызметкерлері жергілікті жерлерде көмек көрсету үшін аудандарға 680 рет шықты, кітапхана қызметкерлерінің 120-дан аса семинарлары өткізілді.

Мемлекеттік көпшілік кітапханасы 1964 жылы «Роль библиотек в коммунистическом воспитании» тақырыбына республикадағы ең алғашқы ғылыми-практикалық конференциясын дайындап өткізді. Облыстық және аудандық кітапханалардың

әдістемелік орталықтары да осындай конференциялар ұйымдастырды. Мәселен, Қостанай облысының кітапханаларында 1965 жылы кітапханаларда коммунистік еңбек пен тұрмыс туралы әдебиетті насихаттау жөнінде аймақтық ғылыми-практикалық конференция өтті. 1967 жылы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы республикалық екінші ғылыми-практикалық конференция өткізеді.

1970–ші жылдары Мемлекеттік кітапханадағы әдістемелік жұмысы 3 сектордан тұратын 21 маман жұмыс істейтін арнайы бөлім жүргізді. Бөлімнің функциясына – халыққа кітапхана қызметін көрсетуді ұйымдастыру, толықтыру, кітап қорлары мен каталогтарды зерделеуді және пайдалануды ұйымдастыру, республикадағы кітапхана құрылысының өзекті проблемаларын әзірлеуге қатысу, мемлекеттік кітапханалардағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру, республиканың әдістемелік орталықтарының ғылыми-әдістемелік жұмысын үйлестіру бөлімінің негізгі міндеттері болды. Сонымен, республикада әдістемелік басшылықтың белгілі жүйесі қалыптасты. 1974 жылы түрлі ведомстволар мен ұйымдардың 16 мың кітапханасы халыққа қызмет көрсетті. Солардың ішінде 8300 көпшілік кітапхана жетекші орын алды.

КОКП ОК 1974 жылы 8 маусымда «О повышении роли библиотек в коммунистическом воспитании трудящихся и научно-техническом производстве» қаулысы шыққаннан кейін республикада барлық жүйелер мен ведомстволардағы кітапханалардың қызметін үйлестіру мен қауымдастыруға баса назар аударыла бастады. Бұл орайда Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің жанындағы кітапхана жұмысы жөніндегі кітапханааралық кеңес рөл атқарды. 1974 жылы желтоқсанда Кеңестің кезекті пленумы болып, пленумда «Координация обслуживания читателей и комплектования фондов библиотек» («Оқырмандарға қызмет көрсетуді және кітапхананың қорларын толықтыруды үйлестіру») мәселесі талқыланады.

Мемлекеттік көпшілік кітапханасы ішінде республикадағы кітапханаларға әдістемелік басшылықты МК ғылыми-әдістемелік бөлімі мен басқа да функционалдық бөлімдер әдістемелік басшылықтың бірыңғай жоспарының негізінде жүргізді. ҒӘБ

Мемлекеттік кітапхананың ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысын ұйымдастырады. Республика Мәдениет министрлігінің кітапхана жұмысы жөніндегі Ведомствоаралық кеңесінің жұмысын ұйымдастырады.

1974 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің алқасында А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапхананың әдістемелік жұмысының жай-күйі мен оны жақсарту шаралары туралы мәселе тыңдалды және осы мәселе бойынша қаулы қабылданды. Алқаның қаулысына сәйкес әдістемелік бөлімнің 1974 жылға арналған жұмыс жоспары қайта қаралды және алқаның қаулысын орындау бойынша іс-шаралар 1975 жылғы жоспарға енгізілді. Жоспарда халыққа кітапхана қызметін көрсетудің орталықтандырылған жүйесін енгізу, кітап қорларын толықтыру мен пайдалануды жақсарту, кітапхана еңбегін ғылыми ұйымдастыру және біліктілікті арттыру көзделді.

Қорытындылай келе кітапхана – оқырмандар білімін көтерудегі күшті құрал және мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі болып табылатындығы белгілі. Кітапханалар қоғамның қайта жанданып, өзгеруінде басқа мәдени мекемелер арасында үлкен мүмкіндіктерге ие. Бүгінгі таңда рухани дүниетанымы кең, көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ өсіру, оны өнерге, халықтық мұраға бейімдеуге, мәдени құндылықтарды жаңғыртып, тартуда сипат беретін мәдени орынның бірі.

Қазіргі кезде адамдарың талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алар орны ерекше. Сондықтан кітапхана мәдени ағарту және ақпараттық мекемесі, баспа шығармаларын сақтайтын, оны тарату мен насихаттау жөніндегі қызмет атқаратын мәдениет ошағы. Кітапханада тәлім-тәрбиенің де, ағартушылықтың да әдістемелік жүйелерін жасап, оларды жұмыс тәрбиесімен қоғамдық өмірге кеңінен енгізу міндеті тұр.

Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекетінің қалыптасуында рухани байлықты тереңдете оқу мен насихаттау ірі мәселелердің бірі болуда. Сондықтан қазақ халқының қоғамдық, саяси, әлеуметтік мұралары мен бай рухани қазыналарын сақтап, қорғап

калыптастыру мен насихаттау мәдениет қызметкерлері үшін қашанда басты міндет болуы қажет.

Сонымен, қаралып отырған кезеңде әлеуметтік және өндірістік міндеттерді шешуде кітапханалардың рөлі артып, олар өндіріске, ауыл шаруашылығының мамандарына көмек көрсетуде, әсіресе ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін насихаттауда нысаналы жұмыс жүргізді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстанда ең алғашқы кітапхана қызметкерлерінің І-ші съезі (1960 ж.) және оның маңызы?
2. КОКП Орталық Комитетінің “Еліміздегі кітапхана ісінің жағдайы және оны жақсарту шаралары” туралы қаулысында қандай мәселелер қаралды?
3. Мемлекеттік көпшілік кітапханасы ең алғаш қай жылы, қандай республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді?
4. Қазақ КСР-ның «Календарь знаменательных дат» көрсеткішін қай мекеме шығарады және оның мазмұны қандай?

ҚАЗАҚСТАН КІТАПХАНАЛАРЫ – ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСКЕ ЖӘРДЕМ БЕРЕТІН ҚУАТТЫ ФАКТОР

А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы

Мемлекеттік көпшілік кітапханаға 1937 жылы ақпанда ұлы орыс ақыны А.С. Пушкиннің есімі берілді. Сол жылдардағы кітапхана директоры М.О Жанғалин 1939 жылы кітапхананың 8 жылдық мерекесіне былай жазады: «Государственная публичная библиотека им. А.С. Пушкина – единственная крупная библиотека в Казахстане. Оно существует восемь лет». Кітапхана Ұлы отан соғысының қиын-қыстау жылдарында Саяси оқу-ағарту қызметкерлері Одағы республикалық комитетінің ауыспалы қызыл туымен марапатталды және оны ұзақ жылдар бойы ұстап тұрды.

Кітапхананың тағдыры республикада болып жатқан оқиғалармен әрқашан қоян-қолтық байланыста өрбіді. Соғыстың ауыртпалығы, идеология және мәдениет саласындағы партия мен мемлекеттің өктемдігі, әкімшіл-әміршіл басқару кітапхананың жағдайына өте қолайсыз әсер етті. Кітапханалар партиялық ұйымдардың тірек мекемелері ретінде қаралып, оларға марксизм-ленинизм теорияларын, КОКП саясаты мен тарихын насихаттау міндеті жүктелді. Кітапхананың қабырғаларында кеңес одағын мекендейтін халықтың өмірі алаңсыз, гүлденген болып көрінді.

Кітапхана тарихында қызметкерлердің кадрлық құрамы елеулі өзгерістерге ұшырап отырды. Атап айтқанда, олар саны мен сапасы бойынша өсе түсті. Барлық залдарда ұжымның жетекші түрін құрайтын жоғарғы білікті мамандар еліміздің бас кітапханасының дәстүрлерін таратушы қызметкерлер қызмет атқарды. Олар Ұлттық кітапхананың Алтын қорына айналды. Аса көрнекті қоғам қайраткері - О. Жандосов мемлекеттік көпшілік кітапхананың тұңғыш директоры болып, кітапхананы ұйымдастыруға барынша белсенді қатысты. Кітапхананың дамуына оның кейінгі басшылары – Б.Ә.Жұмабаев, М.О.Жанғалин, Е.Н.Шмелева, Н.Қ.Дәулетова лайықты үлес қосты. 1960 жылы өткен кітапхана қызметкерлерінің І-ші съезінде мемлекеттік көпшілік кітапханасы директоры Е.Н.Шмелеваның баяндамасында Республикалық көпшілік кітапханасының жұмысына баға беріледі.

1960 жылдың ішінде айырбас қорынан ескірген әдебиеттердің 30 000 данасы есептен шығарылды[336]. Айырбас қоры 109205 дана кітапты және журналдарды құрады. Кітапхана әрдайым ақпараттық тізімдерді жіберіп тұрды, солар бойынша айырбас қоры сұратқан кітаптар түсетін болды. Мәселен, 1964 жылы А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы сұраныстар бойынша басқа кітапханаларға 12340 дана басылымдар жібереді.

Кітапханалардың қорын қалыптастыру мәселелеріне ұдайы көңіл бөлініп тұрды, олар партиялық және өндірістік кеңестерде, Қазақстан КПОК отырысында, Республикалық ведомствоаралық Кеңестің пленумдарында және Қазақ КСР Мә-

дениет министрлігінің алқаларында қаралды. Кітапханалар қорын толықтыруды жақсартуға қажетті шаралар қабылданады.

1961 жылы шілдеде кітапхана қызметкерлерінің, кітапхана коллекторлары қызметінің және кітап саудасы қызметкерлерінің бірлескен облыстық кеңестері өтеді.

Мемлекеттік кітапханаларды толықтыру мәселелері кеңестерде, семинарларда қаралып, практикумдар бағдарламасына енгізіле бастады. Практика көрсеткендей, қорды зерделеу әдісіне оқытудың, үйретудің ең тиімді нысаны – кітапхана қызметкерлерінің семинар-практикумы болып табылады. Осындай 10 күндік семинарды А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы 1961 жылы облыстық кітапханалардың «Толықтыру және өңдеу» бөлімдерінің меңгерушілерімен өткізді. Семинарда кітапхана директоры Е.Н.Шмелева «Облыстық кітапханалардағы толықтыру және өңдеу бөлімдерінің қорды толықтыру және ұйымдастыру жөніндегі міндеттері» атты тақырыпта баяндама жасайды. Семинарда толықтырудың өзекті мәселелері – кітап қорын зерттеу әдісі, кітапхана қоры құрамының сапасын арттыру, облыстық кітапханалардың қорларын толықтыруды ұйымдастыру талқыланды. Мысалы, «Көпшілік кітапханалардың қорларын өлкетану әдебиетімен және қазақ тіліндегі басылымдармен толықтыру», «Кітаптарды өңдеу және қазақ тіліндегі әдебиет каталогтарымен жұмыс жүргізу», «Қазақстан библиографиясының аса маңызды көздері және оларды облыстық кітапханалардың жұмысында пайдалану» атты тақырыптары бойынша А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының библиография бөлімінің меңгерушісі В.В.Андронников және баскітапханашылар У.К.Мәуленбердина, Б.К. Нүсіпбековалар да баяндамаларымен толықтыра түсті.

1965 жылы В.И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхананың комиссиясы Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасының қызметін зерттеп-зерделеп, жұмыс қорытындылары бойынша толық анықтама жасады. Мемлекеттік көпшілік кітапханасы даярлық пен бөлу кезінде комиссия кітапхана қызметінің материалдарымен, жоспарларымен, есептерімен, алдыңғы тексерулердің құжаттарымен танысты. Қорды толықтыру бойынша: А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көп-

шілік кітапханасы оқырмандардың сан алуан сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында әмбебап кітапхана ретінде толықтырылады. Оқырмандардың құрамы мен олардың сұраныстарына республиканың мәдени-экономикалық бағдарына сәйкес кітапхана ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу, өндірістік-техникалық, сондай-ақ, басқа да әдебиеттермен кітапхана қорын толықтырған. Кітапхана ғылыми кітапханалардың Орталық коллекторы тарататын баспа өнімінің ақылы міндетті данасын, Қазақ КСР баспа шығармаларының республикалық тегін міндетті данасын, Орталық патенттік кітапхана жіберетін, социалистік елдердің патенттерін сипаттайтын тегін дананы алып тұрған. Бұдан кітапхана қорын толықтырудың басқа да кездерін пайдаланған: «Кітап поштасы», одақтың баспа бөлімшелері арқылы жазылу, 40 кітапхананың айырбас жасау және ішінара халықаралық кітап айырбастау. Алайда толықтырудың айырбас көзі кітапханада біршама әлсіз дамыған, небәрі 11 шетелдік әріптестері болған, соларға 1964 жылы 161 дана жіберіліп, 243 дана алынған. Кітапхана негізінен қазақ және орыс тіліндегі гуманитарлық бағыттағы әдебиеттерді жіберген.

Кітапхана қорын толықтыру, қорды зерттеу негізінде әрі негізгі және мамандандырылған қорларды толықтырудың бір-ыңғай бағдарламаларына сәйкес жүргізілді. Осы жағдайларда одақтың ғылыми кітапханаларының тәжірибесін зерттеп-зерделеудің негізінде кітапханадағы кітап қорын орналастыру жүйесі түбегейлі қайта құрылды: негізгі қорды Мемлекеттік көпшілік кітапхана сияқты ірі кітапханаға сәйкес келмейтін жүйелі орналастыру форматтық-тәртіптік-хроникалық жүйеге ауыстырылды. Ақпараттық аппараттың негізі ретінде кітапхана каталогтарымен картотекаларының бірыңғай жүйесі жасалды. Облыстық кітапханалардың өлкетану каталогтарына арналған жіктеу кестелері мен қазақ тіліндегі кітаптарда сипаттау ережелері жасалды. Кітапхана оқырмандарының құрамы, олардың талап-тілектерінің кітапхана қызметінің негізгі бағытына сәйкестігінің зерделеу жұмыстары қолға алынды. Ғылымға, өндіріспен мәдениетке қызмет көрсету, жеке абонемент ғылыми кітап абонементіне өзгертілді. Кітапхана және оның бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыруды және жұмыс бағдарын бел-

гілейтін нормативтік құжаттама әзірленді (бөлімдермен секторлар туралы ережелер, салалық және лауазымдық, қызметтік нұсқаулықтар, қызметтік міндеттер және т.б).

Жыл сайын 54-55 тақырыптық жоспарлар, 85 тапсырыс банктері әзірленді. Тақырыптық жоспарларды әзірлеуге кітапхананың бөлімдері қатысты. Баспалар әзірлеген жоспарлардың негізінде тапсырыстарды бақылау картотекасы жасалды және осы картотека бойынша әдебиеттер түсіміне бақылау жүргізілді. Бірақ, қиындықтарда орын алды. 1967 жылы маусым айынан Бүкіл одақтық патенттік техникалық бюро ЕКК (СЕВ) елдерінен отандық өнер табыстарының міндетті данасын Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасына жіберуін ескертусіз тоқтатып қойды, ол оқырмандарға қызмет көрсетуге кері әсерін тигізді.

Республикалық тегін міндетті дананың түсуіне библиографиялық көрсеткіштер бойынша мына ұйымдар бақылау жасады. «Қазақстан кітаптары» бюллетені, Бүкілодақтық кітап палатасының «Кітап жылнамасы», «Қазақ КСР баспа жылнамасы», Қазақстан КСР Кітап палатасымен, жергілікті баспалармен және баспаханалармен тұрақты байланыс жүргізілді. Атқарылатын жұмыс нәтижесінде түрлі ғылыми мекемелер мен ұйымдар шығарған 1000-нан аса кітап қосымша анықталады және сатып алынды. Бөлім жұмысындағы ағымдағы толықтыру жұмысынан тыс 60-шы жылдардың соңында өлкетану қорын, зерделеуге, қорда жоқ басылымдарды сатып алуға көп көңіл бөлінеді.

А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы үшін шет тілдердегі ең құнды әдебиеттерді анықтау мақсатында отандық, сондай-ақ шетелдік баспалардың тақырыптық жоспарлары, каталогтары мен анықтамалықтары тұрақты зерделеніп тұрды. Осы жұмыстарға ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, түрлі білім салаларындағы мамандар тартылды. Бөлінген валюталық қаражаттарды үнемі пайдалану мақсатында және артық даналық қайталауды болдырмау үшін шетел әдебиеттеріне жазылу қаладағы басқа ведомстволардың барлық кітапханаларымен үйлестіріледі.

1964 жылы облыстық кітапханалардың толықтыру және өңдеу бөлімдері меңгерушілерінің Республикалық кеңес-семинары өтті. Баяндамалар бойынша жарыс сөзде А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының «Толықтыру және өңдеу» бөлімінің бас кітапханашысы, Б. Нүсіпбекова сөз сөйледі. Ол қатысушыларды бөлімнің қазақ тіліндегі және өлкетану жөніндегі әдебиеттерді толықтыруға қатысты жұмыстармен таныстырды. Осы жұмыстары «Қазақстан кітаптары» библиографиялық көрсеткіші, Бүкілодақтық Кітап палатасының «Кітап жылнамасы», «Қазақ КСР баспа жылнамасы» және басқа да құралдар белсенді пайдаланылады. Аталған басылымдармен танысу барысында қазақ тілінде шыққан басылымдар мен өлкетану материалдары табылды. Өлкетану әдебиетін толықтыруда түрлі білім салалары бойынша А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы және Республикалық Кітап палатасы шығарған «Кеңестік Қазақстан» атты библиографиялық құралдың маңызы зор болды.

1966 жылы КСРО Министрлер Кеңесі «Ғылыми-техникалық ақпараттың жалпы мемлекеттік жүйесі туралы» қаулы қабылдады. Қазақ КСР Мәдениет Министрлігі ҚазКСР мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірге кітапханаларды ғылыми-техникалық әдебиеттермен толықтыруды жақсартуды белгіледі, бұл орайда баспалардың жоспарлары бойынша осы әдебиеттерге тапсырыстар беруді жүзеге асыру жолымен қызмет көрсетілетін мекемелер мен кәсіпорындардың бейіні, қолда бар әдебиеттерді кітапханалар арасында қайта бөлу; кітапханааралық абонемент айырбас қорларын анағұрлым белсендірек пайдалану; А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы мен облыстық кітапханалардың ғылыми-техникалық жұмысын дамытудың перспективалық жиынтық жоспарын жасау; республикалық және облыстық кітапханалар үшін ғылыми-техникалық жұмыс процестерін механикаландыруға осы заманғы техникалық құралдарды енгізу және оларды механикаландыру құралдарымен қамтамасыз ету шараларын қабылдау; Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасын патенттеу, өнертабыс, стандарттау, техникалық құжаттама бойынша, сондай-ақ, Қазақстанның өнертапқыштары, ғылыми-зерттеу

мекемелерін ақпараттандыру үшін анықтамалық-ақпараттық картотекалар жасауын ескерді. Сонымен, Қазақ КСР Мәдениет министрлігі республика кітапханаларының кітап қорларынан аз сұралатын техникалық әдебиеттерінен тазарту мақсатымен бесжылдық ішінде Алматы депозитарий - кітапхана құру қажет деп есептеді, осындай кітапханалар кейіннен облыс орталықтарында ұйымдастырылады.

1966 жылы кітапханаға 121 222 баспа бірлігі, солардың ішінде кітаптар - 67394 дана, журналдар - 22 740 дана, газеттер - 1728 түптемелік бірлік, қазақ тіліндегі әдебиет - 5298 дана түседі.

КОКП ОК «Елдегі кітапхана ісінің жай-күйі мен оны жақсарту шаралары туралы» Қаулысын және ҚазКСР Мәдениет министрлігі мен Министрлер кеңесінің баспа жөніндегі мемлекеттік комитеті алқасының 1967 жылғы 5 қазандағы «Республика кітапханаларының кітап қорларын толықтыруды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» Қаулысын орындау жолында,

А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы кітап қоры құрамын жақсартуда айтарлықтай жұмыстар жүргізеді.

1968 жылы Петропавл қаласында А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы «Республика кітапханаларының қорларын толықтыру мен пайдалану» тақырыбына семинар өткізеді. Семинар жұмысына Қазақ КСР облыстық кітапханаларының толықтыру және әдістемелік бөлімдерінің меңгерушілері, КСРО В.И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханасының, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан мемлекеттік, республикалық кітапханаларының, А.С. Пушкин атындағы Омбы облыстық кітапханасының және т.б. кітапханалардың, облыстық әкімшіліктердің, білім және мәдениет департаменттерінің өкілдері қатысады.

В.И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханасының бас кітапханашысы Т.А. Мистрюкова өз баяндамасында: «Көпшілік кітапханалардың жай-күйі мен кітап қорын пайдалануды зерттеу бойынша Мемлекеттік көпшілік кітапханасының ауқымды жұмысын атап өтті. Мысалы, 1967-1968 жылдарда жүргізілген

сауалнамалар көмегімен республикадағы көпшілік кітапханалардың қорлары кеңінен тексерілді, қорларды толықтыру мен пайдалану проблемаларына қатысты кітапхана қызметкерлерінің ескертпелері мен ұсыныстары жиналды».

Семинардың ұсыныстарында кітапханаларға қоғамдық-саяси, ауылшаруашылығы, өлкетану әдебиетін, қазақ тіліндегі кітаптарды сатып алуға ерекше назар аудару, Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасына облыстық кітапханалармен бірге 1969 жылы қазақ тіліндегі кітап қорларының құрамы мен пайдаланылуын зерттеу міндеті қойылады.

Республика кітапханалары қорын толықтыруды жақсарту мақсатымен 1966 жылы Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы жанынан және бірқатар облыстарда кітап айырбастауға арналған айырбас резервтік қор құрылады. Қорды ескірген және қажетсіз әдебиеттерден тазарту жұмыстары жүргізілді. Толықтыру бөлімі толықтырудың түрлері мен әдістерін жетілдіруге қатысты ұдайы ізденіс жасады, ең озық тәжірибені өз жұмысында пайдаланды. Қойылған міндеттердің барлығы бірдей орындалған жоқ, бірақ келтірілген мұрағаттық дереккөздер мен басқа да құжаттар кітапхана қорын толықтыру жөніндегі жұмыс деңгейінің өсе түскенін айқын көрсетеді.

Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының республика кітапханалары қорын толықтыруға көмегі

Кітапханалардың толықтыру мәселелеріне арналған жұмыс тәжірибесі ғылыми конференциялардағы баяндамаларда, Мемлекеттік көпшілік кітапханасы жарияланған мақалаларда, ғылыми-әдістемелік басылымдарда көрсетілді. 1958 жылы әдістемелік бөлімнің қызметкерлері әдістемелік және библиографиялық материалдар әзірлеп, оларды республика кітапханаларына жіберді. Осы жұмыс содан соң 1965 жылы жалғасты. Мемлекеттік көпшілік кітапханасы әдістемелік бөлімнің қыз-

еткерлері осы мәселе бойынша Орал, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында және т.б жерлерге барып көмек көрсетіп, облыстық аудандық семинарларға қатысты. Мемлекеттік көпшілік кітапханасының қызметкерлері баспалардың тақырыптық жоспарларын пысықтап облыстық кітапханалар директорлары кеңесінің жұмысына қатысады.

Әдістемелік басшылықта кітап қорларын толықтырудың сапасын жақсартуға бағытталған жұмыс елеулі орын алды. Бұл орайда іс-шаралардың дәйекті жүйесі жасалды. 1971-1972 жылдарда Мемлекеттік көпшілік кітапханалардағы қазақ тіліндегі әдебиеттің құрамына және оны пайдалануға қатысты статистикалық зерделеу жүргізілінеді.

Кітап қорларын толықтыруды жақсарту үшін Қазақ КСР МК ғылыми-әдістемелік бөлім қалалық, аудандық және ауылдық кітапханалар үшін республикалық басылымдардың жоспары бойынша тапсырыстарды анықтау жөнінде жыл сайын ұсыныстар жасап отырды. Кітапхана қорларын қалыптастыруда кемшіліктер орын алды. Жалпы республика бойынша кітап қорларын құру мен оларды пайдалану деңгейі талаптарға сай болмады және себептерінің бірі жергілікті мәдениет органдарының тарапынан бақылау жүргізілмеді және әдістемелік орталық кітапханалар қорларын толықтыру және пайдалану мәселелері бойынша директивалық органдарының нұсқаулықтарының орындалуын қадағаламады. Кітапханалардың озық жұмыс тәжірибесін енгізуге жіті бақылау жасалмады, өндірістік біліктілік әлсіз болды.

Кітап сауда органдары орталық және республикалық баспалардың кітаптарына кітапханалар жасаған сұраныстардың орындалуын қамтамасыз етпеді. Мәселен, 1973 жылы Гурьев облыстық мәдениет басқармасы қазақ тіліндегі 453 кітап атауына тапсырыс берді, алынғаны 652 кітап немесе тапсырыстың 77% - ы. Қызылордадағы кітапханалардың «Қазақстан» баспасы бойынша тапсырыстары 55%-ға ғана орындалса, Шымкент облыстық мәдениет басқармасы тапсырыс берген 710 атаудың 228 ғана алынды. Кітапхана коллекторы 1973 жылы Шу және Мойынқұм аудандарының кейбір кітапханаларына жеке кітаптарды 8-10 данадан, ал Свердлов ауданының «40 лет октября»

колхозының кітапханасына бір атаудағы кітапты үш мәрте жіберген, соның салдарынан әр кітап 10-15 данадан болып шыққан.

Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Орал, Шымкент облыстарындағы кітапханалардың кітап қорлары қазақ тіліндегі әдебиетпен жеткілісіз толықтырылды. Салалық әдебиет аз пайдаланылды. Мәселен, 1973 жылы республиканың ауылдық кітапханаларында 28% ауыл шаруашылығы әдебиеті, Солтүстік Қазақстан облысында -56%, Семей облысында 72,0% оқырмандарға берілмеді.

Көптеген кітапханаларды кітап қорларын сақтау дұрыс жолға қойылмаған. Кітап қорларын ескірген, салалық емес әдебиеттен тазарту, қосарлы даналарды қайта бөлу, облыстық аудандық және қалалық айырбас қорларын құру жұмыс жеткіліксіз деңгейде жүргізілді. Осыған байланысты А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы бағдарлама, әдістеме әзірлеп, облыстық кітапханалармен бірге зерттеу нысандарын белгіледі, қалалық, аудандық және ауылдық кітапханаларындағы қазақ тіліндегі кітап қорларының құрамы мен пайдалануын зерттеп, зерделеді. Кітапханалардың желісін орталықтандыру бойынша жинақталған тәжірибенің негізінде 1975-1976 жылдарда осы мәселелер бойынша аймақтық семинар парктикумдар өткізілінеді.

Республикада қоғамдық кітап қорларын толықтыру мен пайдалануды жақсарту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Кітап қорларын қалыптастыру мәселелерін Республика Мәдениет министрлігінің алқасы үш рет, солардың екеуін Мембаспа комитетімен бірге қарады («Республикалық Мемлекеттік көпшілік кітапханаларының кітап қорларын толықтыру туралы» 1976 жыл, «Республикалық Мемлекеттік көпшілік кітапханаларының кітап қорларын жақсарту туралы» -1977 жыл; «Мемлекеттік көпшілік кітапханаларының кітап қорларын пайдаланудың жақсарту және жақсарту шаралары туралы» -1979 жыл). Республика кітапханалары үшін қорларды құру бойынша жұмысқа көмек ретінде бірқатар әдістемелік материалдар даярланды.

1974-1980 жылдарда республика кітапханаларының қоры 26,6 млн данаға көбейіп, 85,5 млн. дананы құрады. X-шы бесжылдықта қорлар 26%-ға өсті. 1980 жылы Мәдениет ми-

нистрлігінің бір кітапханасының үлесіне 10,4 мың дана, бір ауылдық кітапхананың үлесіне -7,0 мың дана кітап тиді. Бесжылдықтың ішінде кітапхананың орта есеппен 1 мың данаға, ауылдық кітапхананың қоры 300 данаға көбейеді.

Барлық республикалық және аймақаралық семинарларда 1975 жылы мамандар орталықтандырылған жүйелердегі кітап қорларын толықтыру мен ұйымдастыру мәселелері жөнінде консультациялар берді. Мәселен, «Толықтыру әдістемесі және ОКЖ-де біртұтас кітап қорын ұйымдастыру», «Орталық кітапханалардың жанына айырбас-резервтік қорлар құру», «Ауыл шаруашылығы әдебиетінің құрамы мен пайдалануын зерделеу». Мемлекеттік көпшілік кітапханасы әдістемелік орталық ретінде Қазақстан кітапханаларының кадрларын нығайту бойынша үлкен жұмыс жүргізеді.

Қазақстан ЛКЖО ОК-мен бірге 1972 жылы кітапхана ісінің жас мамандарының тұңғыш конференциясы өтті, оған түрлі ведомстволардың кітапханаларынан 350-ге жуық адам, Қыздар Педагогикалық институтының кітапхана ісі факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханадан жоғары білімі, 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар 30 жасқа дейінгі 50 адам қатысты. 1972 жылы «Библиотеки Казахстана к 50-летию образования СССР» ғылыми практикалық конференциясы өтілед.

1974-1981 жылдарда республикада 53 республикалық ғылыми-әдістемелік конференциялар, семинарлар өтті. «Информационно-библиографическая работа библиотек в помощь науке производству» (1974 ж.), «Актуальные проблемы культурно-просветительной работы в свет решений XXV съезда КПСС» (1976 ж.), «Роль библиотек в пропаганде советского образ жизни» (1977 ж.), «Библиотека и школа» (1977 ж.), «Роль библиотек в культурной жизни современного села и дальнейшем развитии сельскохозяйственного производство Казахстана» (1977 ж.) және т.б.

Кітапханашылардың біліктілігін арттыру семинарлардағы, практикумдардағы, курстардағы оқумен ғана шектелген жоқ. Кітапханалардың ұжымдарында жаңа түскен әдістемелік биб-

лиографиялық құралдар зерделеніп, оларды жұмысқа пайдалану мәселелері талқыланды. Көпшілік және облыстық кітапханаларға әдебиетті насихаттау бойынша әдістемелік көмек-әдістемелік-библиографиялық құралдар шығару, консультациялар беру, семинарларда, курстарда, конференцияларда баяндамалар жасау жолымен көрсетілді.

Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету жүйесі

1960 жылы оқырмандар қатынауларының саны 181000, кітап беру - 606632 баспа бірлігі болды. Оқырмандармен жұмыс істеуде кітап насихаттаудың жаңа нысандары қолданыла бастады. Әдебиетті тақырыптары бойынша қоғамдық көрсетулер кен тарады. Олар оқырмандарға саяси, экономикалық, медициналық әдебиеттің жаңалықтарымен таныстырды. Мәселен, араб елдерінің өкілдеріне арнайы ұйымдастырылған экскурссия «Таяу Шығыс экономикасы мен мәдениеті», «Біріккен Араб Республикасы» сияқты тақырыптарға кітаптар көрсетіледі, бірақ нақты мәселелер бойынша жаңа әдебиет туралы оқырмандарға жеке ақпарат беру нашар енгізілінеді.

1963 жылы қызмет көрсету жүйесіне кейбір өзгерістер енгізілді. Бақылау парағының орнына оқырмандарға әдебиет алуға құқық беретін және оқу залында орынды қамтамасыз ететін жетон берілетін болды. Осы жүйе оқу залындағы оқырмандардың қозғалысын бақылауға мүмкіндік туғызып, сондай-ақ кітапханашылардың еңбегін жеңілдетеді.

Әдебиет берудің ыңғайлы кафедралары жабдықталып, Украина кітапханаларының тәжірибесі бойынша кітап сақтау орнынан әдебиеттің орындалған тапсырыстарына арналған арнайы сөре ұялар жасалды, олардың нөмірлеріне сәйкестелді.

Кітапхананың жаңа құрылысының пайдалануға берілгеніне байланысты мерзімдік басылымның, шет ел әдебиеті мен сирек қордың оқу залдары ашылды. Оқырмандарға әдебиетті үйге беру абонементі кеңейтілді. Оқырмандардың кейбір топтары

үшін кітапхананың қосалқы қорларына еркін қолжетімділік жасалды. Оқырмандарға қажетті әдебиетті тікелей сөреден таңдау мүмкіндігі берілді. Кітаптарды алуға кететін уақыт барынша азайтылды. Ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілерге арнайы жағдай жасалды.

1963 жылы негізгі көрсеткіштер бойынша жоспар 106,8% орындалды. Оқырмандар 23064, қатынаулар - 247752, берілген әдебиет 955659. Жалпы оқырмандар санының 24,2%-ы ғылыми қызметкерлер мен түрлі салалардың мамандары, 8,7%-ы жұмысшылар, 19,3 %-ы қызметшілер, 42,2%-ы ЖОО студенттері, 4,5%-ын орта мектептермен техникумдардың оқушылары құрады. Оқырмандардың құрамында студенттер басым болды, өйткені ЖОО кітапханалары жексенбіде жұмыс істемейтін еді. Ведомствоаралық кітапханалық кеңес бұл мәселені шешпеді. Ең көп берілгені қоғамдық-саяси әдебиет-26,6%, жаратылыстану әдебиеті екінші орында 11,4%. Оқу залдары күз, қыс айларындалық толатын болды, оқырмандар үшін 560 орын болса, ал күн сайынғы қатынау, 1000-нан асып отырды. Сондықтан оқырмандармен жұмыс істеу қызметкерлер санының аздығынан қиындай түсті. Тапсырыстарды орындау туралы оқырмандарға хабарлау үшін электр таблосы мен байланыс сөрелері енгізілді. Тапсырыстар бойынша кітап сақтау орнынан табылған әдебиет байланыс сөрелеріне қойылып, оқу залындағы таблода нөмірдің саны жанады, яғни тапсырыстың дайын екені туралы оқырман хабардар болады. Техникалық училищенің оқушыларына ішкі телефон байланысы жүргізілді, кәмелетке толмаған, калониядағы қамқорлыққа алынған балалар кітапхана үшін кітаптар көретін құрылғы жасап берді. Қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі дайындаған сызбалар бойынша ағаш ұстасы кітап беретін кафедра жасады. Ғимаратта голландиялық пештер болды. Солардың жанында қызметкерлер де, оқырмандар да жылынатын еді. Кітапханада бірыңғай тіркеу орны ұйымдастырылды. Ол да сондай ақ қызмет көрсетудің сапасын жақсартты.

1964 жылы оқырмандардың саны - 23503 адам болды. Кітапханаға қатынағандар 231373 адам, соның ішінде оқу залы бойынша 138522 оқырман (80%). Оқырмандардың барлық топтарына жалпы қосалқы қор қызмет көрсетті, оның көлемін 30,0

мың баспа бірлігін құрап шамалы бөлігі ғана қазақ тілінде болды.

Мемлекеттік кітапхананың директоры - Н.К.Дәулетова 1964 жылы 15 маусымда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы - Д.А.Қонаев жолдасқа хат жолдады, онда Қазақ КСР А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасының қорларымен жұмыс істеуге үлкен қиындықтарға кезіккені, кітап сақтау орнының лық толы болуынан кітаптардың, журналдардың, газеттердің жаңа түсімдерін қоятын орынның жоқ екені айтылады. Кітапханаға күн сайын 1000-нан аса ғылыми қызметкерлер, халық шаруашылығының түрлі салаларындағы мамандар, студенттер мен оқушылар келеді. Оқу залдарының бір мезгілдегі сиымдылығы небәрі 340 орын ғана. Оқу залдарына орын алуға адамдар үлкен кезекке тұрады сондықтан кітапхананың жұмыс ырғағы бұзылады. Жаңа ғимараттың құрлысы біткеннен кейін Республикалық кітапхананың жұмыс көлемі одан сайын ұлғаяды. Орындарының саны 1400-ге дейін өсіп, оқырмандардың саны 35000-ға жуық адам болды, ал кітап беру 2000000 дейін өсіп, қор 1975 жылға қарай 3500000 данадан асып түседі.

1965 жылы кітапхана 23385 оқырманға, соның ішінде оқу залдарында 19143 (82%) адамға қызмет көрсетті. Оқырмандарға 955616 баспа бірлігі, соның ішінде оқу залдарында 694456 (73%) баспа бірлігі берілді. Ғылыми қызметкерлер мен мамандардың қатарынан жаңа оқырмандар тартуға үлкен көңіл бөлді. Егер 1 жылдың ішінде оқырмандардың саны 2000-нан көп адамға өссе, ал ғылыми қызметкерлермен мамандардың арасынан шыққан оқырмандар 4000 адамға көбейді. Ғылым қызметкерлер оқу залына 31505 рет, мамандар, 53510 рет студенттер, 10185 рет, басқалары 4000 рет келген.

Оқырмандарға қызмет көрсетудің сапасын жақсартумен қызмет көрсету бөлімін екі бөлімге бөлді: оқу залдары мен екі секторы бар көпшілікпен жұмыс істеу (оқу залдары мен бұқаралық жұмыс) және сақтау, мерзімдік басылым, абонемент, ғылыми кітап пен кітапханааралық абонемент секторлары бар қорлармен абонементтер бөлімі.

Кітапханаға 16 жасқа толған азаматтар қатынаған. Партияның көрнекті қайраткерлері, белгілі жазушылар, ақындар, өнер қайраткерлері, журналистер, партия және кеңес қызметкерлері, өндірістің түрлі салаларындағы мамандар, сондай-ақ жастар, студенттер тұрақты оқырмандар болды.

Оқырмандардың саны жылдан жылға өсе түсті. Егер 1945 жылы барлығы 10215 оқырман ғана болса, ал 1965 жылы 23385 адам жазылды, яғни 2,3 есе көп. Кітап беру де арта түсті: егер 1931 жылы 25477 дана баспа шығармалары берілсе, ал 1965 жылы ол 1,0 млн.-нан асты, яғни 40 еседен көпке ұлғайды[356].

Мемлекеттік кітапханада 1966 жылы 26 мамырдан 13 маусымға дейін жұмыс істеген Москвалық комиссияның анықтамасында қол астындағы қорлардың құрамы бойынша мынадай кемшіліктер аталған: қол астындағы қордан әдебиет беру жалпы босатылымның 80,0 % дейінгі шамасын құрайды. Бірақ ол оқу орындарында оқитын оқушылардың сұранысына есептелген. Республикадағы ғылыми қызметкерлердің, халық шаруашылығындағы жетекші салалардың мамандары үшін оқу залдарына қарасты қор жинақтау туралы ұсыныс айтылды. Оқу залдарына қарасты қордағы оқулықтардың дана санын шектеу қажет, сонда оқырмандардың құрамын саралауға болады.

1967 жылы қарашада Қазақ КСР А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы «Ұлы октябрь революциясының 50 жылдығына арналған кітапханалардың Бүкілодақтық қоғамдық байқауына белсенді қатысқаны, кітапхана ісін ұйымдастырудағы, кітап насихаттаудағы жетістіктері үшін» 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Кітапхананың қызметкерлері едәуір биік идеялық-саяси деңгейде әдебиет насихатын жүргізіп, ғылымды, өндірісті, мәдениетті дамытуға көмек ретінде оқуға басшылық етті. Оқырмандардың құрамын, олардың мүдделері мен сұраныстарының ерекшеліктерін зерделеу оқырмандарға қызмет көрсету мәселесін дұрыс қоюдың міндетті шарты болып табылады.

1959-1969 жылдарда кітапхананың бүкіл қызметі оқырмандарға білікті қызмет көрсетуге арналды. КОКП ОК 1959 жылғы «Елдегі кітапхана ісінің жай-күйі мен оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын орындай отырып, кітапхана

ұжымы өз жұмысында үлкен жетістіктерге жетті. Оқырмандардың саны 10 жылдың ішінде 4800 адамға көбейіп, кітап беру 500000 данаға артты, қордың айналымдылығы 0,4-тен, 0,5-ке дейін көтерілді. Оқушылардың құрамын және солардың мүдделерін ғылымға, өндіріс пен мәдениетке кітапхана қызметін көрсетудің негізгі бағыттарына сәйкес, зерделеу жұмысы жүргізілді.

Кітапхана қызметін көрсетудің сапалық жағынан жаңа деңгейіне жету көбіне кітапхана кадрларына байланысты болды және бүгінде солай, оны атап өту қажет. Кітапхана мамандарының жұмыс оқырмандардың жалпы мәдени: жалпы білімділік және кәсіби деңгейін көтеруге, ақпарат көздерін талдай және бағалай білу қабілетін дамытуға, сондай-ақ оқырмандардың мүдделері мен сұраныстарының өзгерістеріне жедел, әрі икемді жауап қатуға бағытталды.

Қызметкерлердің жұмысбастылығына байланысты, оқу залдарына адамдар кезекке тұрып, қызмет көрсетудің сапасына әсерін тигізді. Оқырмандар да кітаптарды бұлдіріп, кітапханаға қатты зиян келтірді. Тәртіп бұзушылар туралы «Голос читателя» газетінде әрдайым мақалалар жарияланып, айыптылар жөнінде шаралар қабылдау үшін тиісті ұйымдарға хабарлады.

Оқырмандарға қызмет көрсету жүйесін дамыту мен жетілдірудің жаңа белесі. 1971 жылы қаңтарда кітапхананың Абай даңғылындағы жаңа ғимаратқа көшірілуі кітапхана тарихындағы қуанышты оқиға болды. Оқырмандардың қатары жыл сайын 12 мыңға өсіп отырды, ал ескі ғимараттағы оқу залдарында небәрі 370 ғана орын бар еді. Кітап сақтайтын орындар да тар болатын. Жаңа ғимараттағы кітап сақтау қоймасы 3 млн. томға, ал оқу залдарында 1500 оқырман орны қарастырылған.

1971 жылдың басынан Кітапхананы жаңа ғимаратқа көшіруге дайындық жұмыстары жүргізілді. Кітапхананың есебінде проблемалар мен қиындықтардың жиі туындап отырғаны айтылады. Кітапхананың ғимараты архитектура (сәулет) және құрылыс саласындағы ең жаңа жетістіктер бойынша салынып, арнайы жабдықпен жабдықталды және бүгінгі талаптарға сай болды. Кітапхананың жаңа ғимараты 1971 жылы 22 шілдеде ашылды. 23 шілдеде кітапхана оқырмандарға қызмет көрсетуге кіріс-

ті. Жаңа ғимаратқа көшуге және кітапхана құрылымының өзгеруіне байланысты қызмет көрсету бөлімінің жұмысында да үлкен өзгерістер болды: бөлімнің әрі айқын, әрі нақты белгіленіп, оқырмандарға қызмет көрсетудің, әдебиетке берілетін түрлі сұраныстарды қанағаттандыру мен зерделеудің жауапкершілігі артты.

Оқырмандарды қайта тіркеу жөніндегі жаңа нұсқаулық бойынша Кеңес Одағының 16 жасқа толған кез-келген азаматы кітапхананың оқырманы бола алады. Әр оқырманға паспортын, жұмыс істейтін немесе оқитын орнынан анықтамасын көрсету арқылы аты-жөні жазылған оқырман билеті беріледі. Алматыда тіркелмеген азаматтарға уақытша билет жазылады. Оқырмандарға мамандандырылған 20 оқу залы және соның ішінде мерзімдік басылым залы қызмет көрсетті. Бірыңғай оқырман билеті бойынша кез-келген оқу залынан әдебиет алуға болады.

Қызмет көрсету бөлімінің құрылымына тіркеу, бақылау, шағын фильмдер залы мен диссертациялар микрофиштері, талаптарды қабылдайтын диспетчерлік пункт, консультанттар тобы енді. Кітапхананың екінші қабатына бірыңғай қосалқы кітап қоры және білім салалары бойынша әдебиет беретін 5 кафедра орналасты: «Қазақстантану» өлкетану кафедрасы, қоғамдық-саяси әдебиет кафедрасы, тіл білімі бойынша әдебиет кафедрасы, әдебиеттану және көркем әдебиет; жаратылыстану ғылымы, медицина және ауылшаруашылығы кафедрасы, техникалық әдебиет кафедрасы. Қосалқы қорларға еркін қолжетімділік ұйымдастырылды. Қызмет көрсету бөлімінің жанында анықтамалық бюро жұмыс істеді, ол кітапхананың қорларында жоқ, қала кітапханаларында бар материалдар туралы анықтама берді. ЖОО және техникумдардың 1-2 курс студенттеріне, орта мектептердің, кәсіптік техникалық училищелердің оқушыларына, оқу бітірмеген жұмысшылармен қызметкерлерге арналған арнайы зал ұйымдастырылды. Ғылыми қызметкерлерге арналған залда ғалымдарға, партия және кеңес аппаратының басшы қызметкерлеріне қызмет көрсетілді.

Кітапхананың ашылуы, оның қорлары, мамандандырылған оқу залдары туралы ақпарат, радиода, телевизияда және бас-

пасөзде берілді. Ашылу кезінде 504 экскурсия ұйымдастырылып, оған 5515 адам қатысады.

Қазақ КСР мемлекеттік кітапханасының осы кезеңдегі құрметті оқырмандарының тізімінде Д.А.Қонаев, М.Б.Базарбаев, С.М.Мұқанов және т.б Қазақстан әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткерлері болды. Бір жылдың ішінде ғана оқырмандардың саны айтарлықтай өсті. 1971 жылғы саны-116248, 1972-472994 адамды, кітап беру 1971 жылы 843040, 1972 жылы 1 642363 дананы құрады. Кітап қорларының құрамы жақсарып, олардың айналымдылығы артты, оқырмандардың саяси, өндірістік және т.б әдебиетке сұраныстары толығырақ қанағаттандырыла бастады. Мәселен, 1972 жылы оқырмандардың ең көп санын әлеуметтік экономикалық саладағы мамандар құрады; қалғандарын филологтар, физика-математика және химия ғылымдары, медицина ғылымдары, ауыл шаруашылығы ғылымының мамандары және ең аз геология-география ғылымдарының мамандары құрады.

Ең көп сұралатын, ұдайы жаңартылып тұратын әдебиетті қосалқы қорлар ұйымдастыру арқылы оқу залдарына жақындатып, кітапхана қызмет көрсетуді жетілдіруге қадам жасады. Кітапханашылар оқырмандардың сұраныстарын терең зерделей және толығырақ қанағаттандыра бастады. Оқырмандарға қажет әдебиетті сөрелерден тікелей қарау және таңдау мүмкіндігі берілді. Қорға ашық рұқсат ұйымдастыру мен оны оңтайлы орналастыру қызмет көрсетудің сапасын арттырды. Қорларға ашық қолжетімділік беру арқылы оқырмандар мен кітапханашылар арасындағы өзара тікелей байланыс үшін қолайлы жағдайлар жасады. Оқырмандардың кітап алуға жұмсайтын уақыты барынша азайтылды. Осы жылдары қосалқы қорларды жоғарғы сұраныстағы әдебиетпен толықтыру міндеті қойылды. Алайда қол астындағы қорларда заң, қоғамдық-саяси және әдебиет пәндері бойынша оқу әдебиеті санының жетіспеуі байқалды. Тақырыптамалық жоспарлау бойынша 5 данаға өтінім берілсе, ал небәрі 1-2 данасы ғана сатып алынды. Қызмет көрсету бөлімінің қосалқы қоры 40 000 бірлікті, оқулықтардан тек 5,0-ды ғана құрады, қаладағы барлық ЖОО студенттеріне мүлде жеткіліксіз еді. Оқулықтарды оқушылар ғана емес, сонымен бірге өз бетін-

ше білім алатын оқырмандар да пайдаланды, олар кітапханада жоқ әдебиеттің орнына жүрді.

Қосалқы кітапханалардың жұмысы оқырмандардың талаптары бойынша кітап берумен шектелмеді. Кітапханашылар библиографиялық анықтамаларды орындау кезінде оқырмандарға көмек көрсетіп, өз қорларына қатысты қосымша ақпараттық аппарат жасады. Ғылыми залдың оқырмандары үшін жаңа кітаптарды аса маңызды қоғамдық және ғылыми тақырыптар бойынша әдебиетті насихаттайтын көрмелер, ағымдағы күннің өзекті оқиғаларына қатысты көрмелер ұйымдастырылды. Оларға оқырмандар ұдайы назар аударып қызығушылық танытты.

Оқырмандарға қатысты сараланған тәсіл кеңес кітапханалары қызметінің аса маңызды принципі болып табылды. Оқырмандарға салалық және мамандандырылған оқу залдарында қызмет көрсетіліп, оларға кітаптар, мерзімдік басылымдар және қосалқы қорлардан шағын фильмдер берілді.

Орындалмаған тапсырыстармен жұмыс істеу қолға алынып, оқырмандардың сұраныстарын толық қанағаттандыру шаралары қарастырылды. Осы мақсаттарда қалалаық анықтамалық бюро пайдаланылды. Орындалмаған тапсырыстармен жұмыс жүргізу бойынша 11 адамнан тұратын бақылау тобы құрылып қайтарылған сұраныстардың есепке алудың нысандары әзірленді. Кейінгі 20 жылдың ішінде шыққан ғылыми әдебиетке жасалған сұраныстар көп қайтарылған. Жиі сұралатын әдебиетке қатысты қайтарылған сұраныстар толықтыру бөліміне берілді.

Жаңа жағдайларда оқырмандардың құрамын қалыптастыру жұмысы жанданды. Ғалымдар мен жазушылар, Қазақстанның мәдениет және өнер қайраткерлері, инженерлер мен қызметшілер, жұмысшылар мен оқушы жастар кітапхананың оқырмандары болды. Ғылыми қызметкерлердің, халық шаруашылығы, мәдениет және өнер саласындағы мамандардың қатарынан оқырман тарту жұмысы ары қарай жалғасты.

Оқырмандарды құрамы бойынша есепке алу жүйесін жетілдіру, түрлі топтар үшін тән сұраныстарды, олардың өздерін анықтау қажет болды. Оқырмандардың жалпы санындағы негіз-

гі құрамы ғылыми қызметкерлер мен өндіріс мамандары - 48,0 %, студенттер – 45,0 % -ды құрады].

Қазақстан КП ОК тапсырмасы бойынша Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы МК тексерудің қорытындылары жөніндегі 1973 жылғы 15 мамырдағы ахуалға қатысты анықтамада оқырмандарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен әдебиетті насихаттау жұмысына оң баға берілді. Оқырмандардың саны 1970 жылы - 25 576, ал 1972 жылы – 55 667 адам болды, яғни 2,1 есе өсті. Егер кітапханаға қатынау 1970 жылы - 246834 адамды құраса, ал 1972 жылы 549482 адамға жетіп, 2,2 есе ұлғайды. Орташа қатынау 1 371. Кітап беру 1970 жылы 1 215304, ал 1972 жылы - 32 131 610 кітапты құрады. Бұл көрсеткіш екі жылда екі есе көбейді. Кітап оқу да арта түсті. Егер 1970 жылы әр оқырман орта есеппен 20,4% кітаптан оқыса, ал 1972 жылы 20,2% кітап оқыды. Білім салалары бойынша әдебиет берудің талдауы көрсеткендей, салалық әдебиет берудің пайызы әр жылда лайықты деңгейде сақталған.

Оқырмандардың құрамы кітапхананың бүкіл жұмысының негізі болды, оны білу қорларын анағұрлым толықтыруға, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік туғызды. Осы жұмыстардың нәтижесінде оқырмандардың құрамы да жақсарды емтихан кезінде оқырман студенттердің саны 2500-3000-ға дейін жетті. Сондықтан ғылыми қызметкерлер мен мамандарға қызмет көрсету қиындай түсті. Студенттерге қызмет көрсету бойынша ЖОО кітапханаларымен үйлесім жасау қаралып отырған кезеңдегі аса маңызды міндеттердің бірі болды. Халық шаруашылығы саласының мамандарын тарту үшін кітапхана маңындағы ірі ұйымдардың ҒЗИ жұмысымен танысу жүргізілді. Қазақ КСР ҒА үш институтымен, Ауыл шаруашылығы, оқу-ағарту Министрліктерімен байланыс орнатылды. Оларға шақыру жіберіліп, қызмет көрсету бөлімінің бас кітапханашылары ҒЗИ, ұйымдарға барып, әдебиетті көрді және оның қызметкерлерін МК-ге жазды.

1975 жылы оқырмандарға қызмет көрсетудің сапасы мен мәдениетіне көп көңіл бөлінді. Дирекцияның оқырмандарға қызмет көрсетуді жақсарту туралы мәселені қараған отырысында оқырмандардың сұраныстарын орынсыз орындамаудың санын

барынша қысқарту және олардың есебін қатаң жүргізу проблемалары талқыланды. Кітапхана бөлімінің қызметкерлері оқырмандардың арасында кітапхананың кітап байлықтарына ұқыпты қарауға қатысты тәрбие жұмысын жүргізді. Беттерді қалпына келтіру жұмыс ұдайы жүргізілінеді.

1979 жылы 15 мамырда қызмет көрсету проблемасы жөніндегі оқырман конференциясы өтті. Оның алдында оқырмандарға сауалнама қойылды. Сауалнаманың қорытындылары қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Н.Ш.Киюшинаның баяндамасына арқау болды, ол бөлім жұмысының мазмұнын ашып, кітапхананың жұмыс туралы жылы лебіздер айтты. Оқырмандар қосалқы қорларды әдебиетпен, әсіресе Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларымен толықтырудың қажеттілігі туралы ұсыныстар білдіріп, оқырмандардың ережелерді сақтауы мен орындауына бақылауды күшейту керектігі ескертілді. Конференцияда көрсетілген жұмыстың жақсы жақтарымен қатар, кемшіліктеріне де бірқатар комиссиялар талдау жасады. Жиналыста 16 адамнан тұратын кітапхана Кеңесінің құрамы сайланды. Оған ҚазМУ Қазақ КСР тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к. – Д.И.Дулатова, ҚазПИ доценті, п.к. Э.И.Шнибекова, Қазмемқызпи тарих кафедрасының доценті т.ғ.к. - В.З. Галиев және т.б енді.

Соңғы кезеңдегі шешімін талап еткен көп мәселелердің бірі қордың сақталуы туралы проблемалары болатын. Тапсырыстарды орындаудың уақытын азайту жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің бірі болды. Қосалқы қорды оқу әдебиетімен толықтыру бойынша жұмыс жүргізілді. 1979 жылы «Қазақстантану» кафедрасына сұралатын оқулықтар 10-15 данадан жинақталды. Жаратылыстану ғылыми-әдебиет кафедрасының қорына сақтау орнынан 677 дана оқулық қосымша толықтырылды.

Бүкіл кітапхана бойынша қатынау-742800, кітапхана күніне орта есеппен 1529 адам болды. Оқырмандардың ең көп саны–88,0% қызмет көрсету бөлімінің оқу залдарынан табылды. Қызмет көрсету бөлімінің қосалқы қорларынан әдебиет беру, 1981 жылы 2 848 526 кітапты көрсетіп, жалпы кітап берудің 70,0% құрады. Бұл олардың жақсы толықтырылғанын көрсетті. Қосалқы қордан қоғамдық саяси әдебиет беру 1979 жылы 43,8%, жа-

ратылыстану ғылыми-әдебиет-20,6%, әдебиеттану мен тіл білімі әдебиеті 13,3% болды. Қосалқы қорлардың жақсы қамтамасыз етілгенінің арқасында негізгі кітап сақтау орнынан кітап беру азайды. Ол жалпы кітап берудің 16,0% құрады. Жеке оқу залдары бойынша оқырмандарға қызмет көрсрудің бір күндегі орташа көрсеткіштері 1982 жылы талданды. Олар былайша сипатталады: Өлкетану әдебиеті залында бір қатынауға кітап беру 6,8%, әдебиеттану және тіл білімі залында 5,4%, ғылыми қызметкерлер залында 5,3%, қоғамдық-саяси әдебиет залында 6,2%, жаратылыстану ғылымдары залында 5,0%, техникалық ғылымдар залында 3,0% құрайды. Бір күндік орташа статистиканың талдауы, қоғамдық-саяси әдебиет залы мен өлкетану әдебиетінің залы көбірек пайдаланылғанын көрсетті.

Қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері қол астындағы қорларды толықтыра түсу үшін кітап сақтау бөліміндегі көрсетілімге апта сайын барып тұрды. Тақырыптық жоспарды көру кезінде осы мақсаттарды көру үшін сондай-ақ оқырмандар – халық шаруашылығының мамандары тартылды. 1984 жылы қосалқы қорларды сақтауды жақсарту үшін өздеріне бекітілген қорлардың бас кітапханашылардың жауапкершілігі күшейтілді.

Қызмет көрсетуді жақсарту әрекеттеріне қарамастан 1985 жылы 13 наурызда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Қызметкер көп, нәтиже жоқ» мақаласында оқырман - М.Қарақұлов кітапхана жұмысындағы кемшіліктерді көрсетеді. Автор кітапхана оқырмандарға қажетті көптеген кітаптардың мерзімдік басылымдардың жоқ екенін айтады. Сондай-ақ, ол көп кітаптардың жарамсыз күйде екенін оларды жөндеу жұмысы лайықты түрде жүргізілмейтінін атап өтеді[370]. Мақала қызметкерлердің жиналысында қаралып жиналыста бөлім меңгерушілеріне іс шаралардың орындалуын қатаң бақылауды және оқырмандарға қызмет көрсетудегі кемшіліктерді жоюды міндеттейтін шешім қабылданды. Кафедраларда әдебиеттерді қабылдауда беттерді тексеру күшейтілді. Пайдаланған әдебиетті кітап сақтау бөлімінде белгіленген мерзімде қайтару қатаң бақылауға алынды. Оқырмандардың сұраныстарын зерделеу және ұдайы сұраныс жасалатын әдебиетті қосалқы қорларға қосым-

ша толықтыру үшін оқырман формулярлары мұқият толтырылды.

1987 жылдың ішінде кітапханаға 55282 оқырман жазылды, соның ішінде қызмет көрсету бөлімінің оқу залдарына - 48002 адам жазылды. 1986 жылмен салыстырғанда оқырман қазақтардың саны 1252 адамға кеміп, жалпы оқырман саны 48%-ды құрайды. Оқырмандар қордың қазақ тіліндегі әдебиетпен жеткіліксіз қамтылғанына наразы болды.

1990 жылы ғылыми қызметкерлер мен мамандардың саны 40,8 %-ға дейін төмендеді, ал студенттердің саны 59,1 %-ға дейін өсті. Оның себебін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қабылдауға байланысты, оқырмандарға қазақ тіліндегі қор әсіресе қажет болды. «Кітапқа қажеттілік және Қазақстан халқының сұранысы» тақырыбына республикалық зерттеу жүргізуге байланысты кітапхананың жұмыс ортасында зерттеу тақырыбын нақтылау, ұлттық тілдерде оқу проблемасын терең және егжей-тегжейлі зерделеу туралы шешім қабылданды. Қазақ КСР-да қазақ тілін және басқада тілдерді дамытудың 2000 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасының халықтың қажеттіліктері мен құрамын ескеру арқылы қазақ тіліндегі әдебиетпен республикадағы кітапханаларды әрдайым толықтырып тұру қажеттілігі туралы айтылды. Сондықтан, «Қазақ көркем әдебиетіне оқырмандар сұранысын зерделеу» атты тақырыпқа зерттеу жүргізу туралы шешім қабылданады. Қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері өздерінің қосалқы қорларын қалыптастыру және оларды кітапхана оқырмандарының пайдалануы үшін оқырмандардың сұраныстарын зерделей бастайды.

1990 жылы басшы қызметкерлердің қатарынан оқырмандар саны көбейді, соның ішінде халық депутаттары – 595, ал 1989 жылы 101 болған еді. Орта мектеп мұғалімдерінің арасынан оқырмандар саны 18000 адамға көбейді. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы мамандарының, заңгерлердің машина қызметкерлерінің қатарындағы оқырмандар азайды. Жұмыс көлемі (1989 ж.) 60 адамнан 71 адамға дейін көбейді (1990 ж.).

Сонымен, қаралып отырған кезеңде оқырмандарға қызмет көрсету жөніндегі жұмысты қорытындылай келе, оқырмандарға қызмет көрсетудің нысандары мен әдістерін жетілдіру бойын-

ша үлкен жұмыс жүргізілді. Қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері кітаппен жұмыс істеу үшін қолайлы жағдайлар жасады. Оқырмандардың тапсырыстарын жедел орындау мақсатымен қосалқы қорларды ұтымды ұйымдастырды. Бүгінгі заманғы талаптарға сай болу үшін, қор барлық білім салалары бойынша толықтырылды. Кітапханашылар әрдайым өз бетінше білім алып, жаңа кітап туындыларымен танысып отырды. Оқырмандарға қызмет көрсету бұрынғысынша кітапхананың басты міндеті болды, ол кітапхананың бүкіл қызметінің деңгейін көрсетті, өйткені қызмет көрсетудің тікелей сапасы бойынша, оқырман кітапхананың барлық жұмысына баға берді.

Халықаралық кітапханалық Ассоциациялары мен мекемелерінің федерациясы (IFLA- ИФЛА)

1991 жылы кітапханаға Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің «Қазақ КСР Ұлттық кітапханасы туралы» 09.12.1991 ж. N 775 Қаулысы негізінде «Ұлттық» дәрежесі беріліп, ерекше құнды мәдениет объектісі ретінде мемлекеттік және қоғамдық маңызға ие болды.

ҚР Ұлттық кітапханасы Кітапханалық қауымдастықтар мен мекемелердің халықаралық федерациясына (IFLA, 1992), Ұлттық кітапханалар директорларының конференциясына (CDNL, 1992) және «Еуразия Кітапханалық Ассамблеясы» коммерциялық емес серіктестігіне (БАЕ, 1993) мүше. 2002 жылдан ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұра» бағдарламасы бойынша Қазақстандық ұлттық комитетін басқарады, 2008 жылдан - IFLA/PAC (Сақтау және консервация) негізгі бағдарламасының аймақтық орталығы болып табылады.

ИФЛА-Халықаралық кітапханалық Ассоциациялары мен мекемелерінің федерациясының ақпаратқа еркін жеткізу және ойды ашық жеткізу еркіндігі жөніндегі комитеті, 1927-1929 жылдары ұйымдастырылған. Штаб пәтері-Гаагада (Нидерланды). Ол 1988 жылы Копенгагенде жалпыға бірдей Адам құқығы декларациясының 19 бабын қорғау мақсатымен құрылды. 1976 жылы 42 сессияда Бас Кеңесте қабылданған жарғы бойынша

Жоғарғы ұйым-Кенес, оған барлық мүшелері кіреді. Халықаралық кітапханалық Ассоциациялармен мекемелер федерациясы әлемдік тәуелсіз үкіметтік емес халықаралық кәсіби ұйым болып саналады.

ИФЛА-ның мақсаты «халықаралық өзара түсіністігін, ынтымақтастыққа пікір сайыстыруға, зерттеулерге ықпал ететін, кітапхана ісінің барлық салаларын дамыту, соның қатарына библиографиялық ақпараттық қызмет көрсету, кітапхана білімін ынталандыру және кадрлар дайындау» болып табылады.

ҚР Ұлттық кітапханасы IFLA-ға мүше болғаннан кейін ұлттық кітапхана директорлары конференциясының (CDNL) жұмысына жыл сайын қатысып келеді. Ұлттық кітапхана директорларының конференциясы 1973 жылы құрылды. Ұйым Еуропа, Латин Америкасы, Азия және Африка мемлекеттерінің ұлттық кітапханаларының проблемаларын талқылауға белсенді қатысып отырады. CDNL-дың жыл сайынғы отырыстары IFLA Бас конференциясы кезінде дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Ұйым екі немесе одан көп ұлттық кітапханалары бар елдер өкілдіктерінің келелі мәселелерімен; міндетті данаға қатысты заңнама мәселелерімен; ұлттық кітапхана құрамындағы библиографиялық қызметтердің іс-әрекетімен; кітапханалық және библиографиялық стандарттар жүйесімен; электронды құжаттарды сақтау (CDNL құрамында сандық түрге көшіру мәселелері бойынша жеке Комиссия жұмыс істейді), Интернеттегі ақпаратты қорғау және т.б. мәселелермен айналысады.

Білім, ғылым және мәдениет саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымы(ЮНЕСКО)

ЮНЕСКО үкімет аралық ұйым. 1946 жылы құрылған. Штаб пәтері-Парижде. ЮНЕСКО-ның жұмысы ағылшын, испан, қытай, орыс, француз т.б тілдерде жүргізіледі. ЮНЕСКО-ның қаржысы мүше мемлекеттердің жарнасынан құрылады. ЮНЕСКО-ға 183 ел мүше. Қазақстан Республикасы 1992 жылы 22 мамырда мүше болып кірді. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының өкілетті өкілі Олжас Сулейменов.

ЮНЕСКО-ның мақсаты: білім, ғылым және мәдениет саласында халықтар арасында ынтымақтастықты қолдау, заңдылық пен әділеттілікті сақтау және БҰҰ-ның жарғысына сәйкес тіліне, жынысына, дініне қарамастан адам құқықтарын, оның негізгі бағыттарын құрметтеу.

ҚР Ұлттық кітапханасы 2002 жылдан ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұра» бағдарламасы бойынша Қазақстандық ұлттық комитетін басқарады.

Қазақ КСР ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасы

Орталық ғылыми кітапхана, КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасының құрамында 1932 жылы құрылған. Алғашқыда кітап қоры КСРО ҒА сыйға тартқан 2000 дана ғылыми еңбектен құралды. 1946 жылы құрылған Қазақ КСР-і ҒА-ның бірінші мәжілісінде атауы Орталық ғылыми кітапхана болып өзгертілді. Сол жылы кітап қорына 74258 басылым, 15000 дана шетелдік әдебиет жинақталып, КСРО кітапханаларымен және ғылыми мекемелерімен кітап алмасу жолға қойылды.

Жұмыстың алғашқы күндері кітапхана ғылыми басшылық ірі ғылым академиясының ірі ғалымдарымен жүзеге асырылды. Егер кітапхананың бірінші басшылары туралы айтар болсақ, олар өзінің ғылыми қызметтерімен бірге кітапханаға басшылық жасады. Сондықтан олар жиі ауысып отырды. 1932 жылы қыркүйекте КСРО ғылым академиясының төрағасының орынбасары шешімі бойынша ғылыми кітапхана баспа бюросының меңгерушісі болып Е.Р.Трепкин, сосын З.С.Кацнельсон, А.Попова, Х.Исатаев, А.К.Синицына, В.Ф.Фисенко, М.Н.Андреева кітапхана меңгерушілігі қызметін атқарды. 1938 жылдары кітап қорының саны 30 мың данаға толығып, кітапхананың штаты 4 адамды құраған.

Кітапхананың алғашқы директоры, кәсіби мамандықты бітірген 1945-1949 жылдары Сара Моисеевна Рейдер болды. Сосын, 1949-1957 жылдары ҚазКСР-ның ғылым академиясының орталық ғылыми кітапхананың директоры болып Ф.В.

Жизневский болды. 1947 жылдан ғылыми-зерттеу институттары ақылы негізде ғылыми еңбектер жіберіп тұрды. 1947 жылдан бастап, Мәскеу, Ленинград, Рига, Львов, Ташкенттің ірі кітапханаларының қайталанатын қорларынан кітаптар алынды. 1950 жылы кітапхананың кітап қоры – 152 мыңға дейін екі еселенді. 1959 жылы сирек кітаптар қоры құралды. Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, І.Кеңесбаевтың бастамасымен қолжазба қоры, қазақ ғылыми әдебиеттері қоры құралып, Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениеті жөніндегі мәлімет көздері және шығыс әдебиеті жинақтала бастады. 1950 – 1960 жылдары кітапхана қорын толықтыруда үлкен жұмыстар жүргізілді. Өткен жылдарда кітапханада жоқ кітаптарды ірі кітапханалардан Москва Ленинград, Рига, Львов, Ташкент және т.б көшірмелерін іріктеу жолымен қайта толықтырды. 1956 -1966 жылдар кезеңінде оқырмандар саны 6,5-ке көбейе түсті. Бұған кітапханалардың үлкен ұйымдастырушылық жұмысы мүмкіндік туғызды: оқу залдарындағы ашық қордың көбеюі кітапханааралық абонементтің белсенді қолданылуына байланысты. 1979 жылы 1,5 млн томға арналған кітап сақтау қоймасының құрылысы басталды.

Кітапхананың алғашқы директоры 1957-1987 жылдар аралығында Нурхан Батишевна Ахмедова болды. 30 жыл мерзімде басқарған жылдары кітапхана жоғарғы жетістіктерге жетіп, Қазақстанның ірі кітапханаларының бірі болды. Алғашқы құрылған жылдардан бастап, мамандардың негізгі міндеті кітапхана істеген филиал ғалымдарына қызмет көрсету және кітаптарды жинау, кітап қоры алғашқы кеңес ғалымдарымен КСРО ғылым академиясының баспасымен сыйлыққа жіберілген еңбектерден тұрды 1980 жылдары кітапхана 1500 атаулы журналдар алынды. 1982 жылы 458147 бірліктен тұратын ғылыми құндылығын жоғалтпаған, өзі сұралатын депозитарилық қор құрылды. Бұнда әдебиеттер барлық қордың бөлімдері орыс тілінде, ТМД елдерінің тілдерінде, шетел тілдерінде кіре-ді. Алғашқы жылдары қорды толықтыру өз қорынан жүргізілді, ал 1984 жылдан бастап, депозитарлық кітап сақтауға аз сұралатын жаңа әдебиеттер беріле басталды, яғни 4% жылына кітапханаға түсетін. 1983 жылы Орталық ғылыми кітапхана Кеңес Одағында алғашқыларының бірі болып кітапханалық – ақпараттық процестерді

автоматтандыруды енгізуді қолға алды. Орталық ғылыми кітапхананың – ірі ақпараттық библиографиялық орталығы бар, өзі ағымдағы және ретроспективті көрсеткіштерді барлық ғылыми салалары бойынша. Орталық ғылыми кітапхана 1983 жылдан бері ақпараттық кітапхана процестеріне жаңа ақпараттық технологияларды ендіруде үлкен жұмыстар жүргізіп келеді. Кітапхана үлкен ғылыми және әдістемелік жұмыстарды жүргізіп келеді, кітапханада библиографиялау қызмет көрсетуді жүзеге асыру, ғалымдарға және республиканың мамандарына бағытталған. Кітапхана халықаралық бүкілодақтық және республикалық конференция жұмыстарына қатысып, мамандар өз баяндамаларын және жаңалықтарымен шығуда. АҚШ, Канада, КНР, Япония, Франция, Германия және т.б елдермен кітапхана байланысын белсенді дамытуда.

1950 – 1960 жылдары кітапхана Мәскеу, Санкт-Петербург, Рига, Львов, Ташкент кітапханаларының көшірме қорынан алынған кітаптармен толықтырылды.

XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында кітапхана 17,5 мың оқырмандарға, соның ішінде 8 мың ғылыми қызметкерлерге және жоғарғы оқу орындары оқытушыларына, 2 мың аспиранттарға, 5 мыңнан аса инженер-техникалық жұмысшыларға қызмет көрсетті. 1979 жылы 1,5 млн. томдық кітап қоймасының іргесі қаланды. 1980 –1990 жж. Орталық ғылыми кітапхана жыл сайын 60-90 мың данамен толығын кітап қорымен әр түрлі академиялық ғылыми-зерттеу мекемелерінде 20-ға жуық бөлімшелері бар, біртұтас кітапханалық жүйеге айналды. Сол жылдары кітапханада 800000-нан астам шетелдік ғылыми әдебиет жинақталып, 62 елдің 884 кітапханасымен және ғылыми мекемесімен кітап алмасу ісі жолға қойылды. Бүгінгі таңда Орталық ғылыми кітапханада 5,5 млн. дана ғылыми әдебиет сақтаулы. Оның 210000-нан астамы сирек кітаптар, қолжазбалар, ұлттық әдебиет қорларына тиесілі. Мұнда көне түркі, араб, парсы, түрік, шағатай және араб, латын әріптерімен жазылған қазақ тіліндегі кітаптар, оның арасында 18 ғасырда табылған Құран Кәрім, 1819 жылы Қазаннан шыққан “Шыңғысхан уә Ақсақ Темір”, 1841 жылы Парижде жарық көрген “Құлиат пен Науаи”, т.б. кітаптар бар. Сирек жәдігерлер қорында

А.Левшин, В.Бартольд, В.Радлов, Ш.Уәлихановтың еңбектері, казакфольклорына қатысты қолжазбалар, сондай-ақ Қазақстан мен Орталық Азия туралы орыс тілінде жазылған ескі басылымдар сақтаулы. Қазір Орталық ғылыми кітапхана күніне 352,2 мың адамға қызмет көрсете алады. Кітапхана жыл сайын әртүрлі ғылыми-көпшілік кітаптар, көрнекті ғалымдардың библиографиясын және басқа да көрсеткіштер мен анықтамалықтар шығарады. Қорларды сақтау саласына осы заманғы цифрлық технология енгізілген. 1980 жылдардан бастап кітапхана қорын дәстүрлі емес ақпараттандырылған қорды қалыптастыру басталды. Ақпараттық автоматтандырылған жүйесінің дамуымен ғалымдарға библиографиялық және реферативтік библиографиялық мәліметтер базасын және CD-ROM – да ақпараттарды, интернет арқылы толық мәнді басылымдарды қалыптастыра басталды. Республикада ғылыми әдебиеттер аз шығарыла бастады, әсіресе қазақ тілінде. Қорға жыл сайын ғылыми басылымдар түседі.

- Қазақ тілінде -8%
- Орыс тілінде -74%
- Шетел тілінде – 18%

1980-1990 жылдары орталық ғылыми кітапханада жыл сайын толықтырылып отыратын 60-90 мыңға, 6 млн данаға жуық есептелген кітап қоры болды. Академиялық ғылыми зерттеу мекемелерінде 20-дан аса филиалы бар. Кітапханада 800 мың данадан аса шетел ғылыми әдебиеттері бар, бай қоры бар және 884 кітапханалардан, 62 елдің халықаралық мекемелерімен кітап алмасу қорымен байланыста.

С. Бегалин атындағы Мемлекеттік балалар кітапханасы

С.Бегалин атындағы республикалық балалар кітапханасы - мәдени-ағарту ісіне маманданған, әдістемелік-ақпараттық бағытта мектептен тыс білім мен тәрбие беретін республикалық мекеме. С.Бегалин атындағы Мемлекеттік балалар кітапханасы 1951 жылы мамыр айының 10 жұлдызында құрылды. Кітапхана

Кеңес Одағындағы алғашқы республикалық кітапхана болып саналды. Балалар кітапханасында жарты млн. басылымды құрайтын кітап қоры, жасөспірімдерге арналған газет-журналдар, күйтабак, диафильм, слайд, фильм көшірмелері мен музыкалық жинақтар бар. Жыл сайын 14 мыңдай оқырманға (мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге, 1-9 сынып оқушыларына, тәрбиешілер мен мұғалімдерге) қызмет етеді. Сондай-ақ, мұнда ғылыми-әдістемелік, анықтамалық-библиография, қызмет көрсету, эстетика, кітаптарды топтастыру, өңдеу, кітаптарды сақтау бөлімдері жұмыс істейді. Балалар кітапханасы әдістемелік, ақпараттық орталық ретінде республика кітапханаларының жұмысына басшылық етеді. Облыс кітапханаларға арналған ақпараттық-әдістемелік, библиография бағыттағы басылымдар шығарып тұрады. Басылымдар “Этносаралық қарым-қатынастар мәдениеті”, “Қазақстан таңы”, “Мектеп бағдарламасына көмек”, “Қазақ өнері”, т.б. айдарларымен жарық көреді.

Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана (РФТК)

Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана Қазақ КСР-ның мемлекеттік ғылыми-техникалық комитеті жанындағы Қазақ КСР министрлер кеңесінің 10 ақпан 1960 жылы № 147 бұйрығымен Қазақстан компартиясы орталық комитеті хатшылығының 5 қаңтар 1960 жылы қаулысына лайықты құрылды. Оның құрылуы республикада ғылыми-техникалық ақпараттың қызметінің жоғары сатыға көтерілуіне және кітапхана ісінің нығаюына бағытталған үкіметтің шараларының бірі болды.

5 жылдан кейін Қазақстан компартиясы орталық комитеті мен Қазақ КСР министрлер кеңесінің 15 қараша 1965 жылғы № 749 қаулысымен РФТК Қазақ КСР-ның мемлекеттік жоспарлар комитетінің қарамағында болуға тапсырылды.

Бір жыл ішінде кітапхананың анықтама-іздеу аппаратының сан мыңдаған ғылыми-техникалық әдебиеттер мен құжаттардың ретроспективтік қорлары толықтырылып, ағымдағы толықтыру ретке келтіріліп, кадр мәселелері ойдағыдай шешіліп,

тиісті материалдық-техникалық базасы құрылып, 1961 жылы ақпанда қолданушыларға қызмет көрсетуді бастады.

РҒТК құрылуындағы маңызды кезең болып оның сенімді ақпараттық орталығы ретінде оның құрылымында Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1965 жылғы 31-ші тамызындағы № 1476 бұйрығына негізделген Республикалық патент орталығы мен техникалық әдебиеттер және құжаттардың әртүрлі арнайы бөлімдерінің құрылуы болып табылады.

1965 пен 1976 жылдар аралығында РҒТК тікелей қарайтын 18 облыстық ғылыми-техникалық кітапханалар құрылды.

1977-1980 жылдары РҒТК с КазНИИНТИ (сегодня НЦ НТИ) бірігіп Бірыңғай аумақтық анықтама-ақпараттық қорларды құру жұмыстарын басқарды.

Соңғы 10 жылда РҒТК 18 облыстық ғылыми техникалық кітапханалар және 429 өндірістің техникалық кітапханалары Қазақстанның ғылыми-өндірістік саласындағы мамандарға сенімді ақпараттық жәрдеммен қамтамасыз етті.

Дағдарыстың 90-шы жылдары облыстық ғылыми техникалық кітапханалар қысқартылып, кітапхана жүйесі өз жұмысын тоқтатты.

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана

Кітапхана тарихы қазақ соқырлар қоғамының тарихымен біртұтас. Қазақ соқырлар қоғамы 1937 жылы қоғамдық ұйым ретінде, көз мүгедектерінің оқуы мен тәрбиесіне, олардың кәсіби даярлығына, жаппай орта білім алуын жүзеге асыру, оларды еңбекке баулу, әркімнің жеке ерекшеліктерін ескере отырып ақыл-ой, дене қабілетін жан-жақты жетілдіру мақсатында құрылды. Өндірістік міндеттерді ойдағыдай шешіп, дами отыра, зағиптардың рухани және мәдени талап-тілектерін қанағаттандыруға зор көңіл бөлді. Спорт, мәдениет, көркемөнерпаздар ұйымына және кітапхана ісінің дамуына айтарлықтай қаражат бөліп отырды.

60-шы жылдардың ортасында арнаулы кітапханалар құру, көз мүгедектеріне, отбасына, зағиптық пен нашар көру мәселелерімен айналысатын мамандарға кітапханалық қызмет көрсету қажеттілігі пісіп жетілді. Олармен жоспарлы түрде мәдени – ағарту жұмысына, белсенді оқуға, қоғам өміріне тарту жұмысын жүргізу керек болды. Бұл жұмыстың басында кішігірім кәсіподақ кітапханалары, дауыстап оқу үйірмелері, қазақ соқырлар қоғамының оқу–өндірістік кәсіпорнындағы қызыл бұрыш атқарды. Кейіннен мұның бәрі қайта құрылуына әкеп соқты.

Осылайша уақыт талабына сай туындаған кітапханалардың бірі – арнаулы кітапханалардың пайда болуы мен дамып қалыптасуы болды.

Мәдениет министрлігі жүйесінің кітапханалары ішінде нашар көретін азаматтардың кітапханалары ерекше орын алады. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханалар жүйесінің тарихы «Республикада көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар ашу туралы» 1969 жылғы ақпан айының 12 жұлдызында № 29 бұйрығынан басталады. Қазақ КСР Мәдениет Министрлігінің бұйрығына байланысты 1969 жылы республика аумағында 14 арнаулы кітапханалар, соның ішінде № 22 Алматы қалалық кітапханасы ашылады. Осы кітапхана негізінде 1971 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрлігі және Қазақ соқырлар қоғамы орталық басқармасының ұсынысымен қаңтар айының 27 жұлдызында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 50 жарлығымен «Көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» құрылады.

Арнаулы кітапханалар жүйесінің негізін қалаушы, Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың (ЗНКААРК) алғашқы директоры Александр Филипович Сапелкин - еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, бүгінде республикалық кітапханада жемісті еңбек етуде және еңбекті бастаушы жас кітапханашыларға қамқор ұстаз. 1971 жылы кітапхана штатында 18 адам жұмыс істеген еді (оның 14 кітапханашы). Кітап қоры 18,5 мың дана, 1300 оқырманға кітапханалық қызмет көрсеткен. Кітапхана үш бөлімнен ғана тұрған.

Осы кезде кітапханада Н.М.Загородникова, К.А.Бектұрғанова, Э.Г.Власова, Н.А.Митюшкина, В.М.Хохлова, Р.М.Ленец, В.Ф.Пикалова т.б. жұмыс істеген. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жарлығы бойынша 1975 жылы кітапханада дыбыстандыру студиясы ашылады. Осыдан бастап жүйелі, жоспарлы түрде әдебиеттерді рулонда жазу және дыбыстандыру жұмысы басталды. Қазақстан жазушыларының таңдаулы шығармаларын орыс және қазақ тілінде жазуға және республика арнаулы кітапханаларының кітап қорын өлкелік әдебиеттермен толықтыруға мүмкіндік туды.

Кітапхана жұмысының алғашқы жылында бес жылжымалы пункттер, сырттай және кітапханааралық абонементтер болған.

Ең әуелі, кітапхананың есігінде құстың дауысына ұқсас дыбыстық белгі орнатылыпты. Әрбір оқырман есікке жақындағанда оның адасып кетпеуі үшін дыбыс іске қосылады екен. Кітапхана 11 облыс, 3 қаланың зағип және көзі нашар көретін оқырмандарын қамтамасыз етеді.

Ең алғашында кітапхана Қазақ соқырлар қоғамының тар мәдениет үйінде орналасқан еді, кейінірек №1 оқу-өндірістік кәсіпорынның ғимаратына ауыстырылды. Ғимараттың ішкі бөлмелерінің орналасуы оқырмандарға қызмет көрсетуге онша ыңғайлы болмады: оқу залы мен абонемент бір бөлмеде, арасы тек стеллажбен бөлініп тұрды. Фонотека бөлімі, дыбыстандырылған әдебиеттер және брайльша кітаптар қоры жертөледе боялынған ағаш стеллаждарда орналасқан болатын. Дыбыстандырылған әдебиеттердің мұрағаттық кітап қоры терезесі жоқ жеке бөлмеде орналасқан еді. Бұл жерде кітап сақтау ережесін ұстау мүмкін болмады, өйткені бөлме желдетілмейтін, жылу бармайтын, кітаптар дымқылданып, көгеріп кететін. Жертөледе жылу жүйесінің ескіруіне байланысты жиі-жиі су басатын. Кітапхана қызметкерлеріне брайльша кітаптарды сақтап қалу үшін сыртқа таза ауаға шығарып желдетіп кептіруге тура келетін.

Оқырмандар тапсырысын орындау үшін селекторлық байланыс қолданылатын. Кітапханашылар жертөледен оқырмандарға кітаптарды тар және тік баспалдақпен көтеріліп алып келетін. Дыбыстандыру студиясы да жертөледе орналасқан, сол

жерде дыбыстандырылған әдебиеттерді көбейтіп, хаттап, дайындап республиканың арнаулы кітапханаларына жіберілетін. Кітаптарды дыбыстандыру ғимараттың екінші қабатында арнаулы жабдықталған бөлмеде жүргізілетін. Басқа бөлімдер де тар әрі желдетілмейтін.

1979 жылы Қазақ соқырлар қоғамына қарасты ескі бір қабатты ғимараттан кітапханаға қосымша орын бөлінді, онда библиографиялық және әдістемелік бөлімдер көшірілді. Кітапханаға 1991 жылы жаңа типтік ғимарат берілді. Әрине, бұл типтік ғимараттың көз мүгедектерінің көпшілігі тұратын және жұмыс істейтін ауданда тұрғызылуына кітапхананың директоры А.Ф. Сапелкиннің білімділігі, іскерлігі, тәжірибелілігі, көріпкелділігі, дәлелдей алатындығы үлкен рөл атқарды. Александр Филипповичтің еңбегі жанып, жарық, кең бөлмелермен екі қабатты кітапхана ғимараты салынды. Кітапхана ғимараттың бірінші қабатын, жертөле және екінші қабаттың бір бөлігін иемденді, онда оқырмандарға жеке оқитын кабиналары бар оқу залы орналасқан. Ғимараттың қалған бөліктерінде Қазақ соқырлар қоғамы орналасты.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жарлығы бойынша 1975 жылы кітапханада дыбыстандыру студиясы ашылады. Осыдан бастап жүйелі, жоспарлы түрде әдебиеттерді рулонда жазу және дыбыстандыру жұмысы басталды. Қазақстан жазушыларының таңдаулы шығармаларын орыс және қазақ тілінде жазуға және республика арнаулы кітапханаларының кітап қорын өлкелік әдебиеттермен толықтыруға мүмкіндік туды.

Әдебиеттерді дыбыстандыруға республикалық теледидардан, радио комитетінен, театрлардан және басқа да мекемелерден білікті диктор – мамандар шақырылды. Олар: Б.Біжібаев, А.Казанский, Л.Сеитов, П.Корьков, А.Карнауховтар болды. Ең алғашында қазақ тілінде дыбыстандырылған әдебиеттер қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері», Сәбит Мұқановтың «Ботакөзі» т.б орыс тілінде Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпаны», Илияс Есенберлиннің «Көшпенділері» т.б. студия сол сияқты аса маңызды деген материалдарды таспаға жедел жазып, кітапхана жүйесін және зағип оқырмандардың сұранысын толық қамтамасыздандыру мақса-

тымен басқа да дыбыстандыру студиясының өнімдерімен көбейтіп отырды. Бұл бөлімде Д.Д.Көптілеуов, С.К.Наурызбаев, Р.Д.Дәулетова, Л.В.Теплохова сияқты адамдар жұмыс істеді.

1979 жылы өткен «Бүкілодақтық көз мүгедектеріне арналған техникалық құрал-жабдықтар» туралы кеңесте дыбыстандырылған болашақта көбіне кассеталы магнитофондар шығаруды жоспарлаған еді. Осы кеңестен кейін кітапханаға жазатын және көбейтетін жапон аппаратурасын алу ұйғарылды. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың дыбыстандыру студиясы 1986 жылдан бастап толық жаңа технологиямен – кассетаға жазуға көшті. Бүгінгі таңда бұл жұмыспен баспа жұмысы және автоматизация бөлімі айналысады.

Сонымен қатар, көз жанарынан айырылған азаматтарды Брайль жүйесі бойынша оқу -жазуға үйрету, Қазақстан, әлем тарихы бойынша, шет тілдерін үйрету, отбасы құрамында мүгедек бар және мүгедектер отбасына психологиялық, құқықтық, психологпен кеңестер беру үшін оңалту кабинеті қызмет көрсетеді.

Жамбыл атындағы Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасы

Жамбыл атындағы Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасы (МРЖК) барлық балалар кітапханасына басшылық жүргізіп және балалар мен мектеп кітапханаларының бір-бірімен байланысын қамтамасыз етіп, бір мезгілде ақпараттық және әдістемелік орталық болды. Республикадағы ірі жетістіктің бірі – 1976 жылы 26 қазанда Республикалық жасөспірімдер кітапханасы құрылды. Дәл осы күні Қазақ КСР Мәдениет министрлігі Республикалық жасөспірімдер кітапханасын ашу туралы бұйрық шығарған (сол кезде кітапхана осылай аталған). Осы дерек Қазақстанда жасөспірімдердің рухани дамуына, білімге, ағартуға және мәдени шараларға үлкен назар аударылатынын байқатады. Қазіргі кезде арнайы құрылған үлкен жасөспірімдер кітапханалары ТМД елдерінде және бүкіл әлемде де аз екені белгілі.

1979 жылы 29 қазанда 3 жылдан соң өңдеу және қайта құру жұмыстары аяқталып қаланың ортасындағы тұрғын үйдің I қабатында орналасқан кітапхананың ресми ашылуы өткізілді (кітапхана әлі де сол ғимаратта). Алматы қаласы жастарына арналған бұл шара туралы көптеген республикалық және қалалық газеттерде мақалалар жарияланған. Сол кезде кітапхана құрылымы кішкентай ғана еді: жалпы оқу залы, эстетика мен мерзімді басылымдар секторлары, абонемент, библиография бөлімі. Кітап қоры – барлығы 70 мың дана. Әрине, 35 жыл ішінде жасөспірімдер кітапханасында үлкен өзгерістер болды: кітапхана құрылымы кеңейді, кітапхана қызметкерлерінің штаты өсті, кітап қоры да толықтырылды.

Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасы жастарға үздіксіз кітапханалық қызмет көрсетуде жеткен жетістіктері үшін және Қазақстан комсомолына 60 жыл толуына байланысты 1981 жылы Қазақ КСР министрлігінің қаулысымен кітапханаға Қазақстан Ленин комсомолы аты берілді.

МЖК қызметі жастар оқуына арналған мәселелердің қазақстандық және әлемдік тәжірибесін талдау мен зерттеуге және ақпараттық мәдениетті қолдауға бағытталған.

Бұл кітапханалар 14-21 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарды, 8-10 класс оқушыларын, кәсіптік-техникалық училищелерді, техникумдардағы жасөспірімдерге кітапханалық қызмет көрсетуді жүзге асырып, ұйымдастырып, сонымен қатар, халықтың бір бөлігіне қызмет көрсетіп, жасөспірімдердің оқуына басшылық жасайды. Бұлар жұмысшы жастар, жалпы білім беретін мектептің 8-10 класс оқушылары, кәсіптік техникалық училищелердің, техникумдардың оқушылары, жоғарғы оқу орындарының студенттері.

Жасөспірімдер кітапханасы жастардың жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғам өміріне қызықтыруға, этикалық нормалар және тәртіптерге, сана-сезімінің қалыптасуына, өз тағдырын өзі шешуіне маңызды рөл атқарды.

Мемлекеттік Республикалық жасөспірімдер кітапханасы – жас ұрпаққа жан-жақты білім беретін ұлттық мәдениет ошағы. Кітапхана халыққа кәсіптік-техникалық білім беру, ішкі істер министрлігі органдарымен кітаптарды насихаттау және жастар-

дың оқуына басшылық ету жөнінде өз жұмысын үйлестіріп отырады.

Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасы – ұлттық және өлкетану библиографиялық, сондай-ақ, жастар проблемасы жұмысы жөніндегі анықтамалық-библиографиялық орталық болып табылады.

Мемлекеттік Республикалық жасөспірімдер кітапханасының бүкіл қызметі жастарға коммунистік тәрбие беруге бағытталған. Кітапханадағы 120 мыңнан астам отандық және шетелдік кітаптар мен кітапшалар қоры, 350 журнал мен газет, аудиовизуалдық материалдардың бай қоры оқырмандарға ілімнің сан алуан саласынан білім алуға мүмкіндік береді. Осы жылдары кітапханада бағыт бағдар беретін 3 клуб жұмыс істеді. Партия теориясы негіздерін, диалектикалық және тарихи материализмді тереңірек зерттеуді мұрат тұтқан жоғары класс оқушылары үшін «Жас марксист» клубының есігі әрдайым ашық болды. Жанымызда жүрген жақсы адамдардың өнегелі өмірі жайлы білгісі келетін, сондай-ақ, жастар өмірінің көкейтесті мәселелері хақындағы ойларын ортаға салуға құштар оқырмандарға «Собеседник» клубы қызмет етеді. Сонымен қатар, «Сыр сандық» әдеби клубында оқырмандар көрнекті қазақ қаламгерлерімен, әдебиетшілерімен, аудармашыларымен, журналистермен сұхбаттасады. Кітапханада жазушылармен, ғылым қайраткерлерімен, өндіріс озаттарымен әдеби музыкалық кештер, оқырмандар конференциялары, кітап премьерасы, баспасөз конференциясы, ерлік, адамгершілік, бейбітшілік тақырыбына арналған пікірлесу комсомол активі мектебінің т.б. сабақтары өткізіліп тұрады. Ақпараттық стенд оқырмандарға кітапхана жұмысы туралы кең мағлұмат береді.

Кітапханадағы өлкетану және қазақ тіліндегі әдебиеттің бай қоры оқырмандарымызға кеңінен насихатталады. «Сиқырлы саз, қайратты қалам, сыршыл қылқалам» атты иллюстрацияланған кітап көрмесінде Қазақстан өнерінің озық туындылары оқырмандар назарына ұсынылады.

Жасөспірімдердің мамандық таңдау ісіне кітапханада айрықша көңіл бөлінген. Жастардың мамандық таңдауына жәрдемдесу мақсатымен ашылған «Мамандыққа барар жол» атты

иллюстрацияланған кітап көрмесімен абонементте танысуға болады. Кітапхананың анықтама-библиография бөлімінде анықтамалы әдебиетпен танысып, маман библиографтан ақыл кеңес алуға болады.

Кітапхана жасөспірімдер үшін әдістемелік орталық болып саналады.

Осы жылдарды кітапхана қорына жыл сайын 16 мың дана жаңа кітаптар қосылып отырды. Шет тілдерін үйренуші оқырмандар үшін арнаулы әдебиеттің бай қоры бар. Кітапхана Қазақстанның көрнекті суретшілері салған картиналардың-экспозициясы оқу залында тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрған. Кітапхана ашылғаннан бері жасөспірімдер кітапханасы жастарға коммунистік тәрбие беру ісіне жемісті еңбек етті.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақпараттық процестерді автоматизациялауды енгізуді қай кітапхана алғаш рет қолға алды?
2. Қазақстанда республикалық балалар кітапханасының ашылуы.
3. Республикалық патент орталығы қашан және қай кітапхана жанынан құрылды?
4. Көз жанарынан айырылған азаматтарды қандай жүйе бойынша оқу -жазуға үйретілді?
5. Жамбыл атындағы Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасы - әдістемелік жұмыстарды үйлестіру орталығы.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БЛКЖО – Бүкілодақтық лениншіл коммунистік Жастар одағы

БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы

ГЭС – Гидроэлектр стансасы

ЖЭС – Жаңа экономикалық саясат

КОКП – Кеңес Одағының коммунистік партиясы

КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы

Қазақ АКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы

Қазатком – Қазақстан атқару комитеті

ҚКСР – ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ

қ. – қор

ҚК(б)П ОК – Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті

ҚРК – Қырғыз революциялық комитеті

ҚРОММ – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты

ҚРПМ - Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты

МТС – Машина-трактор станциясы

РК(б)П – Ресей коммунистік большевиктер партиясы

РКФСР – Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік республика

ОК – Орталық комитет

п. – парақ

т. – тізбе

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Әр түрлі әлеуметтік формациялар жағдайындағы кітапхана ісінің мазмұнын, даму кезеңдерін зерттейтін кітапханатану ғылымының бір бөлігі:

- A) Библиография
- B) Кітапхана ісінің тарихы
- C) Кітаптану
- D) Кітапханатану
- E) Психология

2. Кітапхана ісінің теориясын, методологиясын, әдістемесі мен технологиясын зерттейтін ғылыми пән:

- A) Педагогика
- B) Библиография
- C) Кітапханатану
- D) Тарих
- E) Психология

3. Кітапхана ісінің тарихымен салалас пән:

- A) Педагогика
- B) Библиография
- C) Полиграфия
- D) Социология
- E) Психология

4. Кітапханатану терминді алғаш рет ғылыми айналымға енгізген:

- A) М.Шретингер
- B) Н.А.Рубакин
- C) М.Н. Куфаев
- D) А.М.Ловягин
- E) В.И. Соболев

5. Кітапханалар жазба ескерткіштердің қоғамдық қоймасы ретінде ерте заманда пайда болды:

- A) IV ғ.
- B) б.э.д. VII ғ. ортасында
- C) V ғ.
- D) VI ғ.
- E) VIII ғ.

6. Көне кітапханалардың ішінде әлемге әйгілі болған:

- A) Мерв кітапханалары
- B) Александрия кітапханасы
- C) Бұхара
- D) Самарканд кітапханасы
- E) Алтай

7. Ежелгі Грецияның Александрияда орналасқан бірегей кітапханасының иесі:

- A) Аристотель
- B) Птоломей
- C) Дж. Бруно
- D) Демосфен
- E) Иордан

8. XI-XII ғасырларда кітапхана қорын ұйымдастырып әлемге танылған жер:

- A) Отырар
- B) Тараз
- C) Сайрам
- D) Мерв
- E) Хива

9. ҚР ұлттық кітапханасындағы араб тіліндегі Құран қашан жазылған?

- A) X ғасырда
- B) XII ғасырда
- C) XIII ғасырда
- D) XIV ғасырда
- E) XX ғасырда

10. Ы. Алтынсарин 1882 жылдың 15 қыркүйегіндегі «Торғай облысының училищелерінде оқытушы және оқушыларға кітапхана ұйымдастыру үшін 700 сом ақша жинадым» - хатын кімге жазды?

- A) И.И. Ильминский
- B) А.Ф. Катанов
- C) В.В. Григорьев
- D) В.Н. Павлов
- E) Н.Ушинский

11. «Егер Шоқан қырғыз халқының ішінде оқырман ортаға тап болса, ол өз халқының данышпанына айналып, өз туыстарының әдеби қайта өрлеуінің негізін қалаған болар едің» - деп ерекше аталған:

- A) Н.И. Веселовский
- B) В.Н. Потанин
- C) П.М. Мелиоранский
- D) В.В. Григорьев
- E) А.Крылов

11. «...Шоқанға басшылардың іргелі кітапханаларынан кітап алуға рұқсат бергені мен үшін үлкен бақыт еді»... кімнің естеліктерінен:

- A) В.Н. Потанин
- B) П.М. Мелиоранский
- C) Н.И. Веселовский
- D) В.В. Григорьев
- E) А.Крылов

12. Қазақстанда мектеп пен училище кітапханаларын алғаш ұйымдастырушы:

- A) М.С. Бабажанов
- B) А. Құнанбаев
- C) Ы. Алтынсарин
- D) С. Жантөрин
- E) С. Мұқанов

13. Торғай облысындағы мектептер мен кітапхана ұйымдастыруда Ы. Алтынсариннің идеясын қолдаған:

- A) Қалалық дума
- B) Бастауыш білім беру қамқорлық қоғамы
- C) Дербісалы Беркімбаев
- D) П.М. Мелиоранский
- E) Әкімшілік

14. Семей қоғамдық кітапханасының А.И.Зверев құрастырған екінші жүйелеген каталогы (1884 ж.) туралы хабарлама жарияланды:

- A) «Түркістан уалаятының» газеті
- B) «Дала уалаятының» газеті
- C) «Қазак»
- D) «Семипалатинские областные ведомости»
- E) «Вечерние новости»

15. Самара және Орынбор генерал-губернаторы кеңесінің жанындағы кітапхана туралы Ережені құрастырушы:

- A) В.Н. Павлов
- B) П.Е. Маковецкий
- C) П.Е. Михаэлис
- D) В.В. Григорьев, И.Б. Залесский
- E) А.С.Пушкин

16. Американ журналисі Дж. Кенан «Сибирь и ссылка» деген еңбегінде қай кітапхананы атайды?

- A) Семей қоғамдық кітапханасын
- B) Орал әскери көпшілік кітапханасы
- C) Өскемен қалалық қоғамдық кітапханасы
- D) Павлодар қалалық қоғамдық кітапханасы
- E) Экибастуз қалалық кітапханасы

17. Орал облысының кітапханасының ашылған жылы?

- A) 1870 ж.
- B) 1900 ж.
- C) 1871 ж.

- D) 1800 ж.
- E) 1901ж.

18. Семей қоғамдық кітапханасымен бір мезгілде жұмыс істей бастаған:

- A) Архив
- B) Өлекетану мұражайы
- C) Мектеп
- D) Театр
- E) Кинозалы

19. Семей қоғамдық кітапханасымен өлкетану мұражайды басшылығына алған:

- A) Статистикалық комитет
- B) Қалалық дума
- C) Бастауыш білім беру қамқорлық қоғамы
- D) Ағарту министрлігі
- E) Орта мектеп

20. Павлодар қалалық көпшілік кітапханасының ашылған жылы:

- A) 1950 ж.
- B) 1892 ж.
- C) 1917 ж.
- D) 1941 ж.
- E) 1950 ж.

21. Верный қаласында көпшілік-кітапхана оқу залы ашылған жылын көрсетіңіз?

- A) 1900 ж.
- B) 1905 ж.
- C) 1910 ж.
- D) 1915 ж.
- E) 1950 ж.

22. Л.Н.Толстой атындағы кітапханасының 1913-1915 жылдардағы баспа түріндегі каталогын құрастырушы:

- A) Б. Понамарева
- B) И. Никольский

- C) П.Э. Михаэлис
- D) П.Е. Маковецкий
- E) Н.Ушинский

23. Жетісу облысының естелік кітапшасы (Верный қаласы) деген басылымның құрастырушысы және редакторы:

- A) В.Е. Недзвецкий
- B) А.И. Флеров
- C) Н. Пантусов
- D) О. Баум
- E) О.П.Коршунов

24. Төменде көрсетілген кітапханалардың ең алғашқысын көрсетіңіз?

- A) Қызылорда облыстық кітапханасы
- B) Абай атындағы Семей облыстық кітапханасы
- C) Оңтүстік Қазақстан облысының кітапханасы
- D) Орда селолық кітапханасы
- E) А.П.Чехов атындағы кітапхана

25. 1919 жылы орталық кітапхана кеңесі Қазақстанның қай аймағында болды:

- A) Орынборда
- B) Ақмолада
- C) Жетісуда
- D) Алматыда
- E) Талғарда

26. 1926 жылы Қызылорда қаласында ұйымдастырылған кітапхана:

- A) Балалар кітапханасы
- B) Жасөспірім кітапханасы
- C) Орталық өлкелік кітапханасы
- D) Ауылшаруашылық кітапханасы
- E) Медицина кітапханасы

27. Қазақстанда село еңбекшілерін кітаптармен қамтамасыз ететін көшпелі кітапхана жұмыс істеді:

- A) 1920 ж.

- B) 1921 ж.
- C) 1900 ж.
- D) 1990 ж.
- E) 1991 ж.

28. 20-30 жылдардағы көшпелі аудандарда мәдениеттің басты ошағы саналған:

- A) Көшпелі қызыл отаулар
- B) Ақылы кітапханалар
- C) Жекеменшік кітапханалар
- D) Клубтар
- E) Кинотеатрлар

29. Оқу үйлер мен қызыл отаулардың шұғылданған жұмыстары:

- A) Лекция оқу
- B) Саяси ағарту жұмыстарымен қатар күнделікті мерзімді басылымдарды беру
- C) Мамандар күнін өткізумен
- D) Ашық есік күндер өткізумен
- E) Көрме ұйымдастырумен

30. 1920 жылы Республикадағы кітапхана ісін басқару жүктелген орын:

- A) Аудандық әкімшілік
- B) Саяси ағарту бас басқармасының үгіт бөліміне
- C) Қазақ өлкелік комитетіне
- D) Ресей ағарту басқармасына
- E) Алматы әкімшілігіне

31. 1920 – 1940жж. кітапханалар насихаттаған білім салалары:

- A) Агротехникалық және зоотехникалық
- B) Экономика
- C) Өнер
- D) Техникалық
- E) Медициналық

32. 20-30 жж. курстар мен үйірмелердің сабақтарына пайдаланылған негізгі әдістемелік құралы:

- A) «Красный библиотекарь» журналы
- B) Библиотековедение
- C) Библиография
- D) Кітапхана әлемі
- E) Балдырған

33. 1931 ж. Алматы округтік кітапханасының жаңа аты:

- A) Жасөспірімдер кітапханасы
- B) Балалар кітапханасы
- C) Республикалық ауыл шаруашылық кітапханасы
- D) Республикалық мемлекеттік көпшілік кітапханасы
- E) А.П. Чехов атындағы көпшілік кітапхана

34. 1931ж. Қызылорда қаласында саяси ағарту кеңесінде қаралған мәселелер:

- A) Кітапханаға ақылы қызмет енгізу
- B) Ұйымдық мәселелер
- C) Балалар кітапханасын ашу
- D) Кадрлар даярлау
- E) Қызыл отаулар құру

35.1931 ж. Республикалық мемлекеттік көпшілік кітапханасына берілген аты:

- A) Қазақстанның 10жылыдғы
- B) ҚР академиялық кітапханасы
- C) Орталық ғылыми кітапхана
- D) ҚР Ұлттық кітапханасы
- E) Ғылыми арнайы кітапхана

36.Мемлекеттік көпшілік кітапханасының салтанатты ашылған күні:

- A) 1931 ж. 5 мамырда
- B) 1935 ж. 8 қазанда
- C) 1956 ж. 6 сәуірде
- D) 1999 ж. 4 шілдеде
- E) 2001 ж. 3 қаңтарда

37. Мемлекеттік көпшілік кітапханасының салтанатты ашалуына қатысқандар:

- A) С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Мұқанов
- B) А. Байтұрсынов, М. Тынышбаев
- C) Х. Досмухамедов
- D) С. Смағұлов
- E) Ә. Бөкейханов

38. Мемлекеттік көпшілік кітапханасын ұйымдастырушы және алғашқы директоры:

- A) А. Байтұрсынов
- B) Ә. Бөкейханов
- C) С. Смағұлов
- D) О. Жандосов
- E) Б. Майлин

39. 1937 жылы Мемлекеттік кітапханасына орыстың ұлы ақынның аты берілді?

- A) Ю.М. Лермонтов
- B) А.С. Пушкин
- C) С. Есенин
- D) М. Лермонтов
- E) А. Некрасов

40. 1932 ж. Алматыда ашылған ғылыми кітапхана:

- A) Аудандық ғылыми кітапхана
- B) Қалалық ғылыми кітапхана
- C) Орталық ғылыми кітапхана
- D) Жасөспірімдер ғылыми кітапханасы
- E) Студенттер ғылыми кітапханасы

41. Қазақ кітапхана техникумы жұмыс істей бастады:

- A) 1930 жылы 1 қараша
- B) 1931 жылы 1 қараша
- C) 1934 жылы 1 қараша
- D) 1935 жылы 1 қараша
- E) 1936 жылы 1 қараша

42. 1935 ж. мемлекеттік көпшілік кітапханасында әдістемелік кабинет құрылып міндет атқарды:

- A) Кітапханашылардың жалақысын көтеру
- B) Жұмыс күн тәртібін узарту
- C) Оқырмандарға ақылы қызмет көрсету
- D) Республика кітапханаларына көмек көрсету
- E) Бағдарлама дайындау

43. Республикада кітапхана мамандығын даярлау басталды:

- A) 6 айлық және 1 жылдық курстар арқылы
- B) 1 жылдық курстар арқылы
- C) Стажировка арқылы
- D) Мамандақта көтеру арқылы
- E) Институт арқылы

44. Қазақ КСР Ғылым Академиясының құрылуына байланысты ашылған кітапханалар:

- A) Қазақ мемлекеттік университетінің кітапханасы
- B) Республикалық ғылыми техникалық,
- C) А.П.Чехов отындағы қалалық кітапханасы
- D) Қыздар педагогикалық институтының кітапханасы
- E) Республикалық ауылшаруашылық кітапханалары

45. 1931 жылы Алматыда Мемлекеттік кітапханамен қатар ұйымдастырылған кітапхана:

- A) Орталық Ғылым кітапхана
- B) Республикалық ғылыми техникалық кітапхана
- C) А.П.Чехов атындағы кітапхана
- D) Университет кітапханасы
- E) Институт кітапханасы

46. 1919 жылы – ... көпшілік кітапхананың жанынан балалар бөлімі құрылды:

- A) Жетісу
- B) Орынбор
- C) Семей
- D) Павлодар
- E) Алматы

47. Ұлы Отан соғысы жылдары кітапхана қызметкерлері жүргізген жұмысы:

- A) Курстар ұйымдастырылды
- B) Кітапхана процесін механизациялау
- C) Әскери білімді насихаттау, санитарлық, қорғаныс туралы арнайы жұмыстар
- D) Ақылы қызмет көрсетті
- E) Кітапханашыларды дайындады

48. 1959 жылы кітапхана ісі туралы қабылданған қаулы:

- A) Елімізде кітапхана ісінің жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы
- B) Көпшілік оқырманды кітапханамен қамтамасыз ету
- C) РСФСР да кітапхана ісін орталықтандыру туралы
- D) СССР да кітапхана ісі туралы Ереже
- E) Мемлекеттік Ұлттық кітапхананы ұйымдастыру туралы

49. 1921 жылы Орынборда кітапханалық губерниялық конференцияда қаралған мәселелер:

- A) Кітапхана жүйесін құру
- B) Ғылыми зерттеу
- C) Кітапханаларды орталықтандыру
- D) Кітапханалық менеджмент
- E) Кітапханалық маркетинг

50. Губерниялық және қалалық уездік кітапханалардың жүргізген жұмысы:

- A) Саяси-тәрбиелік маңызы бар жұмыстар
- B) Әдістемелік жұмыстар
- C) Библиографиялық көрсеткіштер құрастырды
- D) Курстар ұйымдастырды
- E) Анкета таратты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абрамов, К.И., Дергачева М.Д. История библиотечного дела: состояние и перспективы развития, проблемы [Текст]. -В кн.: библиотекведение в 1970-1972 гг. – М., 1973. – С. 47-63.
2. Айтбаев, Е.С. Из истории библиотечного строительства в Казахстане (1917–1925 гг.) [Текст] : ученые записки. – Алма-Ата, 1976. – Вып. 9. – 47 с.
3. Библиотечное дело в Казахстане 1946–1975 [Текст] / сост. Н.С. Шакирова // Сб док. и мат. – Алма-Ата, 1991. – 342 с.
4. Библиотечное дело в Казахстане 1976-1991 [Текст] [Мәтін]: сб. документов. – Алматы. – 2004. – С. 203.
5. Библиотечное строительство в Советском Казахстане [Текст] // Казахстанская правда. –1940. – 13 ноябрь. – С. 2.
6. Боканов, Р. Исторический опыт подготовки и воспитания кадров сельских учреждений культуры Казахстана (1946–1960 гг.) [Текст]: автореф. ... к.и.н. – Алма-Ата, 1992. – 22 с.
7. Большаков, В.О. История халифата [Текст]. –Т. 2. –2000. –122 с.
8. Буров, А.К. В Казахстане [Текст] // Красный библиотекарь. – 1931. – № 3. – С.73 –74.
9. Ведомости Верховного Совета и Правительства Казахской ССР [Текст]. – Алма-Ата, 1959. – № 18. – 30 июня. – С. 25–26.
10. Вопросы истории Компартии Казахстана [Текст]. - Вып.3. - Алма-Ата: Казахстан, 1965.- 218 с.
11. Галиев, В.З. Библиотеки дореволюционного Семиречья [Текст]. – Алматы: Нац. б-ка РК.- 2003. – 250 с.
12. Галиев, В.З. Библиотечное дело в Казахстане (Вторая половина XIX-начало XX веков) [Текст].- Алматы, 1998. – 136 с.
13. Дәулетова, Н., Нұрахметова К. Қазақстандағы кітапхана тарихы [Мәтін].-Алматы, 1994.-88 б.
14. Декреты Советской власти [Текст]. – М.: Госиздат, 1957. – Т. 1. – 625 с.
15. Директивы ВКП(б) и постановление Советского правительства о народном образовании [Текст]: сб. документов за 1917–1947 гг. – М–Л, 1947. – Вып. 2. – 303 с.
16. История Казахской ССР [Текст]: С древнейших времен до наших дней: в 5 т. –Алма – Ата: Наука, 1977. – Т.4. – 639 с.

17. КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898-1975 гг.) [Текст].- 8-е изд. доп.: в 14 т. Т.2. - М.: Политиздат, 1970. - 49 с.
18. Культурное строительство Казахской ССР [Текст]: сб статей. – Алма – Ата, 1960. – С. 94–97.
19. Культурное строительство в Казахстане 1918–1932 гг. [Текст] // Сб. документов. – Алма–Ата: Казахстан, 1965. – Т. 1.–566 с.
20. Культурное строительство в Казахстане (1933–1941 гг.) [Текст]: в 2 т. – Алма–Ата: Казахстан, 1985. – Т. 2. – 173 с.
21. Ленин және кітапхана ісі туралы [Мәтін] /құраст. Н.Дәулетова. – Алматы, 1968. – 182 б.
22. Народное хозяйство Казахстана [Текст]: сборник. – Алма–Ата: Казахстан, 1968. – С. 346–347.
23. О работе культурно–просветительных учреждений республики” (февраль 1948 г.) [Текст] // Большевик Казахстана. – 1948. – № 3. – С. 45 – 47.
24. Отырар [Мәтін] // Кітап патшалығы. -2009. - № 1. – Б. 30-35.
25. Революционное движение в Казахстане в 1905-1907 гг. [Текст] - Алма-Ата, 1965. - 289 с.
26. Резолюция первого съезда политработников Туркестанского фронта. [Текст]. –Ташкент, 1920. – 22 с.
27. Резолюция III Всетуркестанского съезда инспекторов Наркомпроса и II съезда политпросветов Туркестанской ССР, 1923 г. [Текст]. –Ташкент, 1923. – С. 5.
28. Республиканский институт повышение квалификации работников культуры Министерства культуры КазССР [Текст]: учеб. планы за 1975 г. – Алма–Ата, 1975. – С. 1–5.
29. Решение партии и правительства по хозяйственным вопросам [Текст]. – Т.5. –М., 1963. – С. 75., Собрание Постановлений Правительства СССР [Текст]. - № 25. – М.. 1966. – С. 551.
30. Руководящие материалы по библиотечному делу [Текст]. – М.: Книга, 1968. – С. 11-15.
31. Рысбай, К. Қазақстан Республикасының тарихы [Мәтін]. – Алматы, 2005. – 368 б.
32. Сулейменов, Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов [Текст]: история

- строительства Советской культуры Казахстана (1917– 1967 гг.). – Алма–Ата: Наука, 1967. – 424 с.
33. Сулейменов, Р.С. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане [Текст]. – Алма–Ата: Наука, 1972. – 491 с.
34. Табылдиев, Х.Б. Сауатсыздыктан білім шыңына [Мәтін]. – Алматы: Өлке, 1997. – 188 б.
35. Талдыбаева Б. Зағиптың да көзі ашық [Мәтін]: Соқырлар кітапханасында кемтар адамдарға қызмет көрсетуі жайлы // Сақшы.- 2005.- 29 қыркүйек (№ 36).- 5 б.
36. Урашев, С.А. Верный на рубеже XIX и XX –го веков [Текст]: исторические очерки. – Алматы: Каз Гос пед университет, 2006. – 274 с.
37. Урашев, С.А. Родники просвещения (о культурно-просветительных учреждениях дореволюционного Казахстана) [Текст]: научно-популярное издание.- Алматы,1997.-Ч.1. -64 с.
38. Шмелева, Е.Н. Библиотечное строительство в Казахстане в 1917–1945 гг. [Текст] // Библиотековедение в Казахстане. – Алма–Ата, 1979. – С. 25–34.
39. Шоқай, М. Таңдамалы трактаттары [Мәтін]. - А., 1976. – Б. 335-339.
40. Эльбурх, Г. Машины приходят на помощь [Текст] // Библиотекарь. – 1975. - № 7. – С. 69.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| КІРІСПЕ | 3 |
| Алғашқы көне заманғы кітапханалар | 3 |
| Александрия кітапханасы..... | 5 |
| Отырар кітапханасы..... | 9 |
| Қазақстандағы кітапхана ісінің құрылуы және дамуы | 15 |
| Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы кітапхана істерінің жағдайы (1838-1916 жж.)..... | 15 |
| Кітапхана ісі саласындағы қазақ ағартушылары..... | 16 |
| Орал облысының кітапханалары..... | 20 |
| Семей облысының кітапханалары..... | 23 |
| Н.В. Гоголь атындағы ақысыз кітапхана..... | 25 |
| Өскемен, Павлодар қалаларындағы кітапханалар..... | 26 |
| Торғай облысының кітапханалары..... | 28 |
| Жетісу кітапханалары..... | 29 |
| Қоғамдық кітапханалар..... | 36 |
| Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңіндегі Қазақстандағы кітапхана ісі (1917-1920 жж.) | 36 |
| Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі кітапханалардың қалыптасу ерекшеліктері..... | 44 |
| Коммунистік партияның мәдени-ағарту және кітапхана жұмысындағы міндеті мен рөлі..... | 46 |
| Кітапхана мамандарын даярлауды ұйымдастыру..... | 56 |
| Қазақстандағы халық шаруашылығын қалпына келтіру және индустриялық дамуы жылдарындағы кітапхана ісі (1921-1929 жж.) | 60 |
| Кітапхана жүйесін нығайту және одан әрі дамыту барысындағы шаралар..... | 60 |
| Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) жағдайындағы кітапханалардың жұмысы..... | 68 |
| Өкімет пен партияның кітапхана ісін көтерудегі шаралары..... | 76 |
| Кітапханалардың материалдық базасын нығайту және кітапхана мамандарын даярлау ісінің қиыншылықтары..... | 88 |
| Сауатсыздықты жою жылдарындағы мәдени-ағарту мекемелері | 115 |
| Кітапхана қызметкерлерінің халықтың мәдениетін көтеру және сауатсыздықты жою жолындағы қызметі..... | 115 |
| Сауатсыздықты жою жолындағы қызыл отаулардың қызметі..... | 128 |
| Сауатсыздықты жою жолындағы мәдени жорық қызметі..... | 137 |
| Өкімет пен партияның сауатсыздықты жою жолындағы шаралары..... | 143 |
| Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандағы кітапхана ісі (1941-1945 жж.) | 143 |
| Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанда кітапханалардың дамуы..... | 143 |
| Соғыс кезеңі жағдайындағы кітапханалар жұмыстарының ерекшеліктері..... | 151 |
| Кітапхана жүйелерін қайта қалпына келтірудің бастамасы..... | 159 |
| Соғыстан кейінгі кезеңдегі (1946–1960 жж.) Қазақстанда кітапхана ісі | 169 |
| Кітапхана жүйелерінің қайта құрылуы..... | 169 |
| Соғыстан кейінгі кезеңдегі кітапхана мамандарын даярлау курстарының жұмысы..... | 175 |
| Кітапхана жұмысының идеялық-теоретикалық деңгейін көтеру шаралары..... | 178 |
| Кітапхана қызметкерлерінің кәсіби және қоғамдық белсенділігінің артуы..... | 204 |
| Социализмнің кемелденген жағдайындағы кітапхана ісі (1960-1990 жж.) | 217 |
| Әмбебап ғылыми кітапханалар – Қазақстанның кітапханалар жүйесіндегі жетекші буыны..... | 217 |
| Ғылыми кітапханалардағы кітапхана қорлары..... | 223 |
| Кітапханаларды орталықтандыру-уақыт әмірі..... | 228 |
| Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің жұмысын жетілдірудегі ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуі және әдістемелік қамтамасыз ету көмегі..... | 233 |

| | |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Қазақстан кітапханалары – ғылыми-техникалық прогреске жәрдем беретін қуатты фактор | 245 |
| А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы | 245 |
| Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының республика кітапханалары қорын толықтыруға көмегі..... | 252 |
| Қазақ КСР А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету жүйесі..... | 256 |
| Халықаралық кітапханалық Ассоциациялары мен мекемелерінің федерациясы (IFLA-ИФЛА)..... | 268 |
| Білім, ғылым және мәдениет саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымы(ЮНЕСКО)..... | 269 |
| ҚазКСР ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасы | 270 |
| С. Бегалин атындағы Мемлекеттік балалар кітапханасы..... | 273 |
| Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана (РҒТК)..... | 274 |
| Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана..... | 275 |
| Жамбыл атындағы Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасы..... | 279 |
| БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР | 283 |
| ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ | 284 |
| ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР | 295 |

Б.С.Асанова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІТАПХАНА ІСІНІҢ ТАРИХЫ

(көне дәуірден 1990 жылдың басына дейін)

Оқу құралы

Редакторы: Б.Е.Ахметова

Компьютерлік қалыптаушы: С.Е.Смағұлова

Басуға 05.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/16.

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 8,1

Таралымы 100 дана.

Тапсырыс № 151

«Қыздар университеті» баспасы .
050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй

